- agree** [ə ɡri:] *v* келісіп шешу; **to ~ with (have same opinion)** келісу; (*correspond*) сәйкес келу; **it was ~d that** деп шешілген болатын; **the price is still to be ~d** баға жөнінде әлі де келісіп бір шешімге келу керек; **I ~ (with you) мен (сізбен) келісемін;** **to ~ (with) (LING) қиысу;** **garlic doesn't ~ with me** мен сарымсақты ұнатпаймын; **to ~ on sth** бірдене жөнінде келісу; **they ~d on this** олар осыған келісті; **they ~d on a price** олар баға жөнінде келісті; **to ~ to sth/to do** бірдене келісу; ♦ *adj* ~able [ə'ɡri:əbl] (*pleasant*) (*news*) жағымды; (*person*) сүйкімді; (*willing*) келіскен; **are you ~able to this?** сіз бұған келісесіз бе?; **~d** [ə'ɡri:d] уәделескен; ♦ *n* ~ment [ə ɡri:mənt] (*consent*) келісім; (*arrangement*) келісім; келісімшарт; **in ~ment with** келісіп; **we are in complete ~ment** біздің арамызда толық өзара түсіністік; **by mutual ~ment** өзара келісім бойынша.
- agriculture** [ˈæɡrɪkʌltʃə] *n* ауылшаруашылық; ♦ *adj* ~(e)al [ægrɪ'kʌltʃrəl] ауылшаруашылық; **~(e)al land** пайдаланылатын жер.
- aground** [ə ɡraʊnd] *adv* қайраңда; **to run ~** қайырға соғу; қайраңдап қалу.
- ahead** [ə'hed] *adv* алдыда; (*direction*) алдыға; **~ of (more advanced than)** алдында; (*earlier than*) бұрын; **~ of time** мезгілінен бұрын; **go right/straight ~** алдыға/түзу жүру; **go ~!** (*giving permission*) ал бастай бер!; **they were (right) ~ of us** олар (дәл) біздің алдымызда болды.
- aid** [eɪd] *n* (*assistance*) көмек; (*device*) құрылғы; ♦ *v* көмектесу; **with the ~ of** көмегімен; **in ~ of** көмек ретінде; **to ~ and abet (LAW)** айдап салу; ♦ *n* ~e [eɪd] көмекші.
- aide-de-camp** [eɪddə'ka:mp] *n* адъютант.
- ail** [ˈeɪl] сырқаттық; дімкәстік; ♦ *adj* ~ing [ˈeɪlɪŋ] (*person*) сырқат; **an ~ing**

- economy** құлдыраған экономика; ♦ *n* ~ment ['eilmənt] дерт; кесел.
- aim** [eɪm] *n* (*objective*) мақсат; ♦ *v* көздеу; **to ~ (at) (gun)** кезеу; (*camera*) қарату; (*missile, blow*) бағыттау; (*remark*) қатысты айту; **to ~ at** көздеу; **to ~ to do** мақсат ету; **he has a good ~** ол – мерген; ♦ *adj* ~less ['eɪmləs] мақсатсыз; нысанасыз; ♦ *adv* ~lessly ['eɪmləsli] мақсатсыз.
- air** [eə] *n* ауа; (*tune*) әуен; (*appearance*) түр; ♦ *v* (*room, bedclothes*) желдету; (*views*) жариялау; (*currents, attack*) әуе; **to throw sth into the ~** бірдеңені аспанға лақтыру; **by ~** ұшақпен; **everything's still very much in the ~** бәрі әлі белгісіз; **on the ~** эфирде; **to go on the ~** эфирге шығу; ~ **Force** әскери әуе күштері; ~ **freight** әуе жүгі; ~ **freshener** хош иістендіргіш; ~ **gun** үрмелі мылтық; ~ **hostess (BRIT)** жолсерік; ~ **base** әуе базасы; ~ **bed (BRIT)** үрленетін матрас; ~ **cargo** әуе жүгі; ~ **cargo** әуе жүгі; ~ **rage** ұшақ бортында агрессивті мінез-құлық; ~ **rifle** пневматикалық мылтық; ~ **raid** әуе шабуылы; ~ **pocket** әуе шұңқыры; ~ **terminal** *n* аэровокзал; ~ **time** эфирдегі уақыт; ~ **mail ~** әуе поштасы; ~ **traffic controller** әуе диспетчері; ~ **waybill** әуе жүгіне арналған көлік құжаты; ~ **conditioning** ауа баптау; ~ **cushion** ауа жастығы; ~ **letter (BRIT)** әуе хаты; ♦ *n* ~ing ['eəriŋ] желдету; аэрация; **to give an ~ing to (ideas, views)** жариялау.
- airbag** ['eɪrbæɡ] *n* апат болған жағдайда автоматы түрде рульмен жүргізушінің арасында үрленетін ауа жастығы.
- airborne** ['eəbɔ:n] *adj* әуе; (*troops*) әуе-десант; (*particles*) ұшқыш; **as soon as the plane was ~** ұшақ көкке көтерілісімен.
- air-conditioned** ['eəkəndɪʃnd] *adj* желдетілген ауа.
- air-cooled** [eəku:ld] *adj* ауамен салқындатылатын.
- aircraft** ['eəkra:ft] *n* ұшақ.
- airfield** ['eəfi:ld] *n* аэродром; ұшу алаңы.
- airily** ['eəri] *adv* оңай; жайбарақат.
- airlift** ['eəlift] *n* әуе арқылы басқа жерге ауыстыру; ♦ *v* әуе арқылы басқа жерге ауыстыру.
- airline** ['eəleɪn] *n* әуе компания; ~r ['eəleɪnə] жолаушылар авиалайнері.
- airlock** ['eələk] *n* ауа тығыны.
- airplane** ['eəpleɪn] *n* (US) ұшақ.
- airport** ['eəpɔ:t] *n* әуежай.
- airsick** ['eəsɪk] *adj* ұшақпен ұшу кезінде жүрегі айнитын; ♦ *n* ~ness ұшақпен ұшу кезінде тербелістің әсерінен болатын сырқат.
- airspace** ['eəspeɪs] *n* әуе кеңістігі.
- airspeed** ['eəspɪd] *n* әуе жылдамдығы; ауадағы жылдамдық.
- airstrip** ['eəstri:p] *n* ұшып қонатын алаң.
- airtight** ['eətaɪt] *adj* герметикалық.
- airway** ['eəweɪ] *n* әуе трассасы.
- airy** ['eəri] *adj* кең; (*manner*) бейқам.
- aisle** [aɪl] *n* өтетін жол.
- ajar** [ə'dʒɑ:] *adj* сәл ашылған.
- akin** [ə'kɪn] *adj* тектес.
- alabaster** ['æləbə:stə] *n* алебастр.
- ala carte** [ə'lɑ:'kɑ:t] *adv* таңдауға ұсынылатын; **dinner ~** тағам мәзірі бойынша тағамдарға тапсырыс беретін түскі ас.
- alacrity** [ə'lækrəti] *n* әзірлік; **with ~** әзірлікпен.
- alarm** [ə'lɑ:m] *n* (*anxiety*) мазасыздық; (*device*) дабыл; ♦ *v* (*person*) мазалау; дабыл қағу; (*car, house*) сигнал жабындығын орнату; ~ **call** дабыл қоңырауы; **I would like an ~ call for 6 a.m.** сағат 6-да қоңырау шалып, мені

- оятыңызшы; ~ **clock** оятқыш сағат;
 ♦ *adj* ~**ed** [ə'la:md] мазасы кеткен;
his car is ~ed оның машинасында
 сигнал жабдығы бар; ~**ing** [ə'la:miŋ]
 мазасыз; ♦ *n* ~**ist** [ə'la:mist] дүрлік-
 тіруші.
- alas** [ə'læs] *excl* әттеген-ай; қайран;
 қап!.
- Alaska** [ə'læskə] *n* Аляска.
- Albania** [æl'beɪniə] *n* Албания; ♦ *adj*
 ~**ian** [æl'beɪniən] албандық.
- albatross** ['ælbətrɒs] *n* (ZOOLOG) альба-
 трос (*теңіздегі ірі құстың бір түрі*).
- albeit** [ə'l bi:it] *conj* әйтсе де.
- album** ['ælbəm] *n* альбом.
- albumen** ['ælbjumin] *n* ақуыз.
- alchemy** ['ælkəmi] *n* алхимия.
- alcohol** ['ælkəhɒl] *n* алкоголь; ішімдік;
 ~**ism** ['ælkəhɒlizəm] маскүнемдік;
 ♦ *adj* ~**ic** [ælkə'hɒlik] алкогольды;
 маскүнем.
- alcove** ['ælkəʊv] *n* қуыс.
- alderman** ['ɔ:ldəməŋ] *n* муниципали-
 тет басшысы.
- ale** [eɪl] *n* сыра; эль.
- alert** [ə'lɜ:t] *adj* (*attentive*) зейінді; (*to*
danger) сақ; ♦ *n* (*alarm*) дабыл; ♦ *v*
 (*police*) хабарлау; **to be on the ~** (*also*
MIL) сақ болу; **to ~ sb to sth** біреуге
 бір нәрсе жөнінде ескерту; **to ~ sb**
to the dangers of sth біреуді қауіптен
 сақтандыру.
- Aleutian** [ə'lu:ʃən] *n* Алеут; ~ **Islands**
 Алеут аралдары.
- alfresco** [æl'freskəʊ] *adv* ашық аспан
 астында.
- algebra** ['ældʒɪbrə] *n* алгебра.
- Algeria** [æl'dʒɪəriə] *n* Алжир; ♦ *adj* ~**n**
 [æl'dʒɪəriən] алжирлік.
- Algiers** [æl'dʒɪəz] *n* Алжир (*қала*).
- algorithm** ['ælgə'pθəm] *n* алгоритм.
- alias** ['eɪliəs] *n* (*of criminal*) жалған ат;
 (*of writer*) бүркеншік ат.
- alibi** ['ælibaɪ] *n* алиби; куәгерлік.
- alien** ['eɪliən] *n* жат; (*foreigner*) ше-
 телдік; (*extra terrestrial*) өзге пла-
 неталық; ♦ *adj* (**to**) жат; **pity was ~**
to his nature жанашырлық сезімі
 оған мүлдем жат; ♦ *v* ~**ate** ['eɪliəneɪt]
 (*person*) иелігінен шығару; без-
 діру; ♦ *n* ~**ation** [eɪliə'neɪtʃn] шетте-
 тушілік; бездіру.
- alight** [ə'laɪt] *adj* жарықтандырылған;
to be ~ жану; (*eyes, face*) жайнау; **to**
set ~ жағу; ♦ *v* (*bus, train*) шығу; **to ~**
on қону; **to ~ from** (*boat*) түсу.
- align** [ə'laɪn] *v* (*objects*) түзету; **to**
 ~ **oneself with** қосылу; ♦ *n* ~**ment**
 [ə'laɪnmənt] одақ; (*POL*) альянс; **out**
of ~ment түзу емес.
- alike** [ə'laɪk] *adj* ұқсас; ♦ *adv* бірдей;
they look ~ олар бір-біріне ұқсайды;
winter and summer ~ қысы-жазы.
- alimony** ['æliməni] *n* алимент (*ажы-
 расқан жағдайда әке тарапынан*
төленетін ақша).
- alive** [ə'laɪv] *adj* тірі; (*place*) абыр-са-
 быр; (*active*) (*person*) еті тірі; ~ **with**
 толы; **to be ~ to sth** бірдеңені ұғыну.
- alkali** ['ælkəlaɪ] *n* сілті; ♦ *adj* ~**ne**
 ['ælkələn] сілтілі.
- all** [ɔ:l] *adj* барлық; бәрі; ~ **day** күні
 бойы; ~ **night** түні бойы; ~ **men are**
equal барлық адамдар тең; ~ **five**
stayed бесеуі де қалды; ~ **the books**
 барлық кітаптар; ~ **the time** үнемі;
 ~ **his life** өмір бойы; **I ate it ~, I ate**
all of it мен бәрін жеп қойдым; ~
of us stayed біз бәріміз қалдық; **we**
 ~ **sat down** біз бәріміз отырдық; **is**
that ~? барлығы осы ма? (*in shop*)
 болды ма?; (*in phrases*) **above** ~
 алдымен; **after** ~ ақырында; ~ **in** ~
 жалпы алғанда; **not at ~** (*in answer*
to question) мүлдем олай емес; тіпті
 де олай емес; (*in answer to thanks*)
 оқасы жоқ; ♦ *adv* мүлде; **I'm not at ~**

- tired** мен мүлде шаршаған жоқпын; **I am ~ alone** мен мүлде жалғызбын; **I did it ~ by myself** мен барлығын өзім жасадым; **it's not as hard as ~ that** бұл сондай қиын емес; **~ the more/ the better** оның үстіне/тіпті жақсы; **I have ~ but finished** мен аяқтайын деп қалдым; **~ clear** тоқтау; **the score is two ~** есеп екі де екі; **~ right** жақсы; қалыпты; (*as answer*) (*in agreement*) жарайды.
- allay** [ə'leɪ] *v* (*fears*) сейілту.
- allegation** [ˌælə'geɪʃn] *n* айыптау; **according to his ~s** оның мәлімдеуі бойынша.
- allege** [ə'ledʒ] *v* (*claim*) айту; **he is ~d to have said that** ол солай айтты деп мәлімделді; ♦ *adj ~d* [ə'ledʒd] күдікті; ♦ *adv ~dly* [ə'ledʒɪdli] секілді; сияқты; тәрізді; іспетті; -мыс.
- allegiance** [ə'li:dʒəns] *n* (*to people*) адалдық; (*to ideas*) берілгендік.
- allegory** [ˈæləgəri] *n* аллегория.
- all-embracing** [ˈɔ:lɪm'breɪsɪŋ] *adj* барлығын қамтитын.
- allergy** [ˈælədʒɪ] *n* (*MED*) аллергия; ♦ *adj ~(y)ic* [ə'li:dzɪk] аллергиялық; **he is ~ to** оның аллергиясы бар.
- alleviate** [ə'li:vieɪt] *v* жеңілдету.
- alley** [ˈæli] *n* (*street*) тұйық көше.
- alleyway** [ˈæliwei] *n* шолақ көше.
- alliance** [ə'laɪəns] *n* одақ; (*POL*) альянс.
- allied** [ˈælaɪd] *adj* (*POL, MIL*) одақтас; (*industries*) байланысты.
- alligator** [ˈæliɡeɪtə] *n* қолтырауын; аллигатор.
- all-important** [ɔ:lɪm'pɔ:tnt] *adj* маңызды.
- all-in** [ˈɔ:lɪ'nɪn] *adj* (*BRIT*) (*cost*) жалпы; **it cost me 100 ~** бұл, жалпы алғанда, маған 100-ге түсті; **~ wrestling** еркін күрес.
- alliteration** [əˌlɪtə'reɪʃn] *n* аллитерация.
- all-night** [ˈɔ:lnaɪt] *adj* (*cafe, cinema*) түнгі.
- allocate** [ˈæləkeɪt] *v* (*money, time, room*) бөлу; (*tasks*) беру; ♦ *n ~(e)ion* [ælə'keɪʃn] (*of responsibility*) үлестіру; (*of money*) қаржы бөлу.
- allot** [ə'lɒt] *v* ауытқу; бөліну; **to ~ (to)** бөлу; **in the ~ted time** бөлінген уақытта; ♦ *n ~ment* [ə'lɒtmənt] (*share*) үлес; (*garden*) (жер) телімі.
- all-out** [ɔ'laut] *adj* (*effort*) барынша көп; (*attack*) бастырмалатқан; (*strike*) жалпыға ортақ; ♦ *adv* толығымен; **to go ~ (for)** аянбай барлық күшін салу.
- allow** [ə'laʊ] *v* (*permit*) рұқсат беру; (*claim, goal*) жарамды деп мойындау; (*set aside*) (*sum*) бөлу; (*concede*): **to ~ that** солай болсын делік; **to ~ sb to do** біреуге рұқсат беру; **he was ~ed to...** оған ...рұқсат берілді; **smoking is not ~ed** темекі тартуға рұқсат етілмейді; **we must ~ 3 days for the journey** біз жолға 3 күн қалдыруымыз керек; **~ for fus** есепке алу.
- allowance** [ə'laʊəns] *n* (*company expenses*) шығындарды өтеу ақшасы; (*pocket money*) қалта ақша; (*welfare payment*) жәрдем ақы; (*tax allowance*) салықтық жеңілдік; **to make ~s for sb/sth** біреуге/бірдеңе үшін жеңілдік жасау.
- alloy** [ˈæləɪ] *n* қорытпа.
- all-rounder** [ɔ:l'raʊndə] *n* жан-жақты.
- allspice** [ˈɔ:lspaɪs] *n* хош иісті бұрыш.
- all-time** [ˈɔ:ltaɪm] *adj* (*record*) үздік; **inflation is at an ~ low** инфляция бұрын-соңды болмаған төмен деңгейде.
- allude** [ə'lu:d] *v* ишаралау; мензеу; тұспалдау **to ~ to** шет жағалап айту.

ALLURING

- alluring** [ə'luəriŋ] *adj* еліктіргіш.
- allusion** [ə'lu:zən] *n* тұспалдап айту; (*literature*) аллюзия.
- alluvium** [ə'lu:viəm] *n* тасынды; шөгінді тұнба.
- ally** ['ælaɪ] *n* одақтас; ♦ *v* [æ'laɪ] одақтасу.
- almighty** [ɔ:l'maɪti] *adj* (*omnipotent*) құдіретті; (*tremendous*) зор.
- almond** ['ɑ:mənd] *n* бадам.
- almost** ['ɔ:lməʊst] *adv* дерлік; (*all but*) қала жаздау; **he ~ fell** ол құлап қала жаздады.
- alms** [ɑ:mz] *n* қайыр; садақа.
- aloft** [ə'lɔft] *adv* (*hold, carry*) төбесінде.
- alone** [ə'ləʊn] *adj* жалғыз; ♦ *adv to leave sb ~* біреуді жайына қалдыру; **let ~** оны айтпағанда.
- along** [ə'lɔŋ] *prep* (*motion*) бойымен; ♦ *adv* (*position*) бойында; **is he coming ~ (with us)?** ол бізбен бара ма?; **he was limping ~** ол ақсаңдап келе жатты; **~ with** бірге; **all ~** ең басынан бастап.
- alongside** [əlɔŋ saɪd] *prep* (*position*) жанында; бойында; (*motion*) қарай; ♦ *adv* жанында; **we brought our boat ~** біз қайығымызды жағаға әкелдік.
- aloof** [ə'lu:f] *adj* самарқау; ♦ *adv* алшақ; **to stand ~** алшақ тұру; ♦ *n* **~ness** [ə'lu:fnəs] самарқаулық.
- aloud** [ə'laʊd] *adv* (*read, speak*) дауыстап.
- alphabet** [ælfəbet] *n* әліпби; ♦ *adj* **~ical** [ælfə'betɪkl] алфавиттік; **in ~ical order** әліпби бойынша.
- alphanumeric** [ælfənju:merɪk] *adj* әріптік-сандық.
- alpine** ['ælpaɪn] *adj* биік таулы; альпілік.
- Alps** [ælpz] *n* Альпі таулары.
- already** [ɔ:l'redɪ] *adv* енді; әлдеқашан.
- Alsace** [æ'l'sɑ:s] *n* Эльзас.
- Alsatian** [æ'l'seɪʃn] *n* (*BRIT*) (*dog*) неміс овчаркасы; (*person*) эльзастық.
- also** ['ɔ:lsəʊ] *adv* (*moreover*) оның үстіне; одан басқа; (*referring to subject*) да, де, та, те; (*referring to object*) да, де, та, те; **he ~ likes apples** ол да алманы жақсы көреді; **he likes apples ~** ол алманы да жақсы көреді.
- altar** ['ɔ:ltə] *n* мейраб.
- alter** ['ɔ:ltə] *v* өзгерту; өзгеру.
- alteration** [ɔ:ltə'reɪʃn] *n* өзгеріс; **~s** (*sewing*) қайта жөндеу; **to make ~s to a building** ғимаратты қайта салу.
- altercation** [ɔ:ltə'keɪʃn] *n* қасарысу.
- alternate** [ɔ:l'tɜ:nət] *v* алмастыру; кезектестіру; **to ~ (with)** алмасу; ♦ *adj* ['ɔ:ltɜ:neɪt] алмасатын; (*US*) (*alternative*) баламалы; **on ~ days** күнара; ♦ *n* **~(e)or** ['ɔ:ltəneɪtə] (*AUT*) айнымалы ток генераторы; ♦ *adj* **~(e)ing** айнымалы ток; ♦ *adv* **~(e)ly** [ɔ:l'tɜ:nətli] кезек-кезек; ♦ *adj* **~(e)ive** [ɔ:l'tɜ:nətɪv] баламалы; балама; **~(e)ive medicine** дәстүрлі емес медицина; ♦ *adv* **~(e)ively** [ɔ:l'tɜ:nətɪvli] сонымен бірге; **~(e)ively one could** тағы да былай істеуге болады.
- although** [ɔ:l'dəʊ] *conj* -ғанмен, -генмен, -қанмен, -кенмен.
- altitude** ['æltɪtju:d] *n* (*of plane*) биіктік; (*of place*) теңіз деңгейінен жоғары биіктік.
- altogether** [ɔ:ltə'geðə] *adv* (*completely*) әбден; (*in all*) жалпы алғанда; **how much is that ~?** барлығы қанша болады?.
- altruism** ['æltruɪzəm] *n* альтруизм.
- altruistic** [æltruɪstɪk] *adj* (*action*) альтруистік; (*person*) альтруист.
- aluminium** [æljə'mɪniəm] *n* (*BRIT*) алюминий.

- always** ['ɔ:lweiz] *adv* үнемі; әрқашан.
- Alzheimer's disease** ['æltshaiməz dizi:z] *n* Альцгеймер ауруы.
- a.m.** *adv abbr (ante meridiem)* тал түске дейін.
- amalgam** [ə'mælgəm] *n* амальгама (сынапқа қосылған металл қоспасы); қоспа (түрлі нәрселердің, идеяның қоспасы); ♦ *v* ~ate [ə'mælgəmeɪt] қосылу; тұтасу; араластыру; ♦ *n* ~ation [ə'mælgə'meɪʃn] (of companies) бірігу.
- amass** [ə'mæs] *v* жинақтау.
- amateur** ['æmətə] *n* әуесқой; ~ **sport/dramatics** әуесқой спорт/театр; ~ **photographer** әуесқой фотограф; ♦ *adj* ~ish ['æmətəriʃ] (work, efforts) кәсіби емес.
- amaze** [ə meɪz] *v* таңғалдыру; таңырқату; I was ~d (at) мен қатты таңғалдым; ♦ *n* ~ment [ə'meɪzmənt] таңырқаушылық; ♦ *adj* ~(e)ing [ə meɪzɪŋ] (surprising) таңғаларлық; (fantastic) тамсанарлық; керемет; ♦ *adv* ~(e)ingly [ə meɪzɪŋli] таңғаларлықтай.
- Amazon** ['æməzən] *n* (river) Амазонка; (woman) амазонка; the ~ basin Амазонка өзенінің бассейні; the ~ jungle Амазонка джунглиі; ♦ *adj* ~ian [æmə'zəʊniən] амазондық.
- ambassador** [æm'bæsədə] *n* елші.
- amber** ['æmbə] *n* кәріптас (янтартасы); the lights were at ~ бағдаршамның сары түсі жанып тұрды.
- ambidextrous** [æmbi'dekstrəs] *adj* оң қолымен де, сол қолымен де бірдей жұмыс істей алатын.
- ambience** ['æmbiəns] *n* атмосфера.
- ambiguity** [æmbi'gju:əti] *n* екіұштылық; көмескілік.
- ambiguous** [æm'bigjuəs] *adj* екіұшты; анық емес.
- ambition** [æm'bɪʃn] *n* (quality) (positive) атаққұмарлық; (negative) амбиция; (aim) мақсат; to achieve one's ~ өз мақсатына жету.
- ambitious** [æm'bɪʃəs] *adj* атаққұмар; мансапқұмар.
- ambivalence** [æm'bɪvələns] *n* (indecision) екіұшты көзқарас; (ambiguity) сәйкессіздіктер.
- ambivalent** [æm'bɪvələnt] *adj* (attitude) екіұшты; (person) қарама-қайшы.
- amble** ['æmbl] *v* қыдыру.
- ambulance** ['æmbjələns] *n* жедел жәрдем.
- ambush** ['æmbuʃ] *n* торуыл; ♦ *v* торуылдау.
- ameliorate** [ə mi:lɪəreɪt] *v* (situation) жақсарту.
- amen** [ɑ: men] *excl* аминь.
- amenable** [ə mi:nəbl] *adj* көнбіс; ~ to көңгіш; he's ~ to advice ол кеңестерге құлағын түреді; ~ to the law заң алдында бағынатын.
- amend** [ə mend] *v* қайта қарау; (habits) жөндеу; жөнделу; to make ~s айыбын жуып-шаю; ♦ *n* ~ment [ə mendmənt] түзету.
- amenity** [ə mi:nəti] *n* қолайлылық; ~(y)ies [ə mi:nətɪz] қолайлы жағдайлар.
- America** [ə'merɪkə] *n* Америка; ♦ *adj* ~n [ə merɪkən] американдық; ♦ *v* ~nize [ə'merɪkənaɪz] американдандыру.
- amethyst** ['æməθɪst] *n* аметист; күлгінтас.
- amiable** ['eɪmiəbl] *adj* жылы шырайлы; ♦ *adv* ~(e)y ['eɪmiəbli] жылы шыраймен.
- amicable** ['æmɪkəbl] *adj* (relationship) достық; (divorce) бейбіт; ♦ *adv* ~(e)y ['æmɪkəbli] достар сияқты; бейбіт жолмен.

AMID(ST)

- amid(st)** [ə mid(st)] *prep* арасында; ішінде.
- amiss** [ə 'mis] *adj* орынсыз; жарамсыз; қате; **to take sth ~** бірдеңені қате түсіну; **there's sth ~** бірдеңе дұрыс емес.
- ammeter** ['æmi:tə] *n* амперметр.
- ammonia** [ə məʊniə] *n* (*gas*) аммиак; (*liquid*) мұсатырлы спирт.
- ammunition** [æmjʊ niʃn] *n* (*MIL*) оқ-дәрі; (*for gun*) оқтар; (*fig*) қару; ~ **dump** оқ-дәрі қоймасы.
- amnesia** [æm'ni:ziə] *n* амнезия; естен айырылу.
- amnesty** ['æmnəsti] *n* рақымшылық; **to grant an ~ to** рақымшылық жариялау.
- amoeba** [ə mi:bə] *n* амёба.
- amok** [ə mɔk] *adj* дес бермейтін; бақылаудан шығып кеткен; **to run ~** (*people*) желігу; (*animals*) құтыру.
- among(st)** [ə mlŋ (st)] ішінде; (*between*) арасында.
- amoral** [ei mɔrəl] *adj* өнегесіз; адамгершілікке жат.
- amorous** ['æmərəs] *adj* сүйіспеншілік; ғашық болғыш.
- amorphous** [ə mɔ:fəs] *adj* аморфты.
- amortization** [æmɔ:tai'zeiʃn] *n* (*COMM*) амортизация.
- amount** [ə maʊnt] *n* сан; (*sum of money*) сома; ♦ *v* (*total*) құрау; **this ~s to a refusal** бұл қабылдамаумен бірдей; **the total ~** (*of money*) жалпы сома.
- amp(ere)** [æmp(eə)] *n* ампер.
- ampersand** ['æmpərəsænd] *n* “&” (*және*) деген белгі.
- amphetamine** [æm'fetəmi:n] *n* амфетамин.
- amphibia** [æm'fibiə] *n* (*ZOOL*) қосмекенді; амфибия; ♦ *adj* ~(*a*)ous [æm'fibiəs] (*animal*) қосмекенді; (*vehicle*) амфибиялық; ~(*a*)ous tank танк-амфибия.
- amphitheatre** ['æmfithiətə] (*US*) *n* амфитеатр.
- ample** ['æmpl] *adj* (*large*) үлкен; (*abundant*) мол; (*enough*) жеткілікті; **to have ~ time** уақыты жеткілікті болу; **this is ~** осы әбден жеткілікті; ♦ *v* ~(*e*)ify ['æmplɪfaɪ] күшейту; ♦ *n* ~(*e*)ifier ['æmplɪfaɪə] күшейткіш.
- amply** ['æmplɪ] *adv* әбден.
- ampoule** ['æmpu:l] *n* ампула.
- amputate** ['æmpjuteɪt] *v* ампутациялау; ♦ *n* ~(*e*)ion [æmpju'teɪʃn] ампутация.
- amputee** [æmpju'ti:] *n* мүгедек.
- Amsterdam** ['æmstədəm] *n* Амстердам.
- amuse** [ə 'mju:z] *v* көңіл көтеру; **to ~ oneself with sth** бірдеңемен көңілін көтеру; **he was ~d at this** бұл оның көңілін көтерді; **he was not ~d** оның күлуге мұршасы болмады; ♦ *n* ~ment [ə mju:zmənt] (*mirth*) ләззат; (*pastime*) ойын-сауық; **much to my ~ment** маған қатты ұнағаны; ~ment arcade ойын аппараттары орналасқан павильон; ♦ *adj* ~(*e*)ing [ə mju:ziŋ] күлкілі; қызық.
- anachronism** [ə nəkrənɪzəm] *n* анахронизм.
- anaemia** [ə 'ni:miə] *n* анемия; қан аздық; ♦ *adj* ~(*a*)c [ə ni:mɪk] (*MED*) қаны аз; (*fig*) әлсіз.
- anaesthetic** [ænəs'θetɪk] (*US*) *n* наркоз; **under the ~** наркозбен; **local/general ~** жергілікті/жалпы жансыздандыру.
- anaesthetist** [ə ni:sθətɪst] *n* (*US*) анестезиолог.
- anagram** ['ænəgræm] *n* анаграмма.
- analgesic** [ænəl'dʒi:zɪk] *adj* ауруды сездірмейтін; ауруды сездірмейтін құрал.
- analogy** [ə nələdʒɪ] *n* аналогия; **to draw an ~ between** арасында ұқсас-

- тық табу; **by** ~ ұқсастық бойынша; **~(y)ue** ['ænələg] (*COMPUT*) аналог; ♦ *adj* **~(y)ous** [ə'nələgəs] ұқсас; тақылеттес.
- analyse** ['ænəlaɪz] (*US*) *v* талдау; (*PSYCH*) **to** ~ **sb** біреуге психоанализ жасау; ♦ *n* **~(e)is** [ə'nələsɪs] талдама; (*PSYCH*) психоанализ; **in the last ~(e)is** ақыр-аяғында; ♦ *n* **~(e)t** ['ænəlist] (*political*) талдаушы; (*ECON*) сарапшы; (*US*) (*psychiatrist*) психиатр.
- analytic(al)** [æ'nə'litɪk (l)] *adj* талдағыш.
- anarchy** ['ænəkɪ] *n* бейбастақтық; ♦ *adj* **~(e)ic** [æ'nɑ:kɪk] анархиялық; бейбастық; ♦ *n* **~(e)ist** ['ænəkɪst] анархист.
- anathema** [ə'næθəmə] *n* анафема; **that is ~ to him** бұл ол үшін мүлдем мүмкін емес.
- anatomy** [ə'nætəmi] *n* анатомия; (*body*) ағза; ♦ *adj* **~(y)ical** [æ'nə'tɒmɪkəl] анатомиялық.
- ancestor** ['ænsestə] *n* арғы ата.
- ancestry** ['ænsəstri] *n* тегі; ♦ *adj* **~(y)al** [æ'n sestrəl] рулық; **~(y)al home** атадан қалған жер.
- anchor** ['æŋkə] *n* зәкір; **to drop** ~ зәкір тастау; **to weigh** ~ зәкірді көтеру; ~ **man** бағдарлама жүргізушісі.
- anchorage** ['æŋkəɪdʒ] *n* зәкір тастайтын орын.
- anchovy** ['æntʃəvi] *n* анчоус.
- ancient** ['eɪnfənt] *adj* (*civilization, person*) ежелгі; (*monument*) көне; ~ **monument** көне заман ескерткіші.
- ancillary** [æ'n sɪləri] *adj* қосымша.
- and** [ænd] *conj* және; (*with pronouns*) мен, бен, пен; **you** ~ **I** менімен сіз; **my father** ~ **I** әкем мен мен; **bread** ~ **butter** нан мен май; ~ **so on** тағы сол сияқты; тағысын-тағылар; **try** ~ **come** келуге тырысыңыз; **he talked** ~ **talked** ол көп сөйлей берді.
- Andes** ['ændi:z] *n* Анд таулары.
- anecdote** ['ænikdəʊt] *n* күлкілі оқиға.
- anemone** [ə'neməni] *n* (*BOT*) ұлпа гүл; анемона.
- anew** [ə'nju:] *adv* қайтадан.
- angel** ['eɪndʒəl] *n* періште; ~ **dust** (*drug*) періште тозаңы; ♦ *adj* **~ic** [æ'n'dʒelɪk] періштедей.
- anger** ['æŋgə] *n* ашу; ыза; ♦ *v* ашуландыру; ызаландыру.
- angina** [æ'n dʒaɪnə] *n* жүректің талма ауруы.
- angle** ['æŋgl] *n* (*corner*) бұрыш; (*viewpoint*) **from their** ~ олардың пікірінше; ♦ *v* бұгу; қисайту; **the idea is ~d towards** идея бағытталады; ♦ *n* ~r ['æŋglə] балықшы.
- Anglican** ['æŋglɪkən] *adj* англикандық.
- anglicize** ['æŋglɪsaɪz] *v* ағылшындандыру.
- angling** ['æŋglɪŋ] *n* балық аулау.
- anglo-** ['æŋgləʊ] *prefix* англо-; **~Saxon** англо-саксон; (*LING*) көне ағылшын.
- Angola** [æŋ'gəʊlə] *n* Ангола; ♦ *adj* ~n [æŋ'gəʊlən] анголалық.
- angry** ['æŋgri] *adj* ашулы; ызалы; (*wound*) асқынған; **to be** ~ **with sb/at sth** біреуге/бірдеңеге ашулану; **to get** ~ ашулану; ызалану; **he gets** ~ **easily** оны ашуландыру оңай; **to make sb** ~ біреуді ашуландыру; ♦ *adv* **~(y)ily** [æŋgrəli] ашумен; ызаланып.
- anguish** ['æŋgwɪʃ] *n* азап; ♦ *adj* **~ed** ['æŋgwɪʃt] қайғылы.
- angular** ['æŋgjuələ] *adj* (*person, features*) сикысыз.
- animal** ['æniml] *n* жануар; (*wild animal*) аң; (*person*) айуан; ~ **rights** жануарлар құқықтары; **the** ~ **rights**

- movement** жануар құқықтары үшін қозғалыс.
- animate** ['ænimət] *v* тірілту; жандандыру; ♦ *adj* ['ænimɪt] тірі; қызу; (*LING*) жанды; **~d** ['ænimetɪd] қызу; еті тірі; (*film*) мультипликациялық; ♦ *n* **~(e)ion** [æni'meɪʃn] (*cinema*) мультипликация; (*enthusiasm*) қызу.
- animosity** [æni'mɒsəti] *n* өшпенділік.
- Ankara** ['æŋkərə] *n* Анкара.
- ankle** ['æŋkl] *n* жіліншік; **~ sock** ұйық.
- annex** ['æneks] *n* (*pl annexes*) (*BRIT*) жапсыра салынған; (*separate building*) жеке корпус; ♦ *v* аннексиялау; ♦ *n* **~ation** [ænek'seɪʃn] аннексия.
- annihilate** [ə'naɪəleɪt] *v* жою; ♦ *n* **~(e)ion** [ənaɪə'leɪʃn] жою.
- anniversary** [ˌæni'vɜ:səri] *n* жылдық мереке.
- Anno Domini** ['ænəu'dɑ:məni] *adv* біздің дәуіріміздің.
- annotate** ['ænəteɪt] *v* аннотациялау; мазмұндау; ♦ *n* **~(e)ion** аннотация.
- announce** [ə'naʊns] *v* (*decision, engagement*) жариялау; (*birth, death*) хабарлау; **he ~d that he wasn't going** ол бармайтынын айтты; ♦ *n* **~ment** [ə'naʊnsmənt] жарияланым; (*in newspaper*) мәлімдеме; (*in letter*) хабарлама; **I'd like to make an ~ment** мен мәлімдеме жасағым келеді; **~r** [ə'naʊnsə] (*radio, TV*) диктор.
- annoy** [ə'noɪ] *v* ызаландыру; **I am ~ed with him** ол менің ызамды келтіреді; **don't get ~ed!** ашуланбаңыз!; ♦ *n* **~ance** [ə'noɪəns] (*feeling*) ашу; ыза; ♦ *adj* **~ed** [ə'noɪd] ызалы; **~ing** [ə'noɪŋ] (*noise*) мазалайтын; (*mistake, event*) өкінішті; **he is ~ing** ол менің жынымды келтіреді.
- annual** ['ænjuəl] *adj* (*meeting*) жыл сайынғы; (*income*) жылдық; (*BOT*) бір жаздық өсімдік; (*book*) жылна-
- ма; **~ general meeting** (*BRIT*) жыл сайынғы жалпы жиналыс; **~ report** жылдық есеп; ♦ *adv* **~ly** ['ænjuəli] жыл сайын.
- annuity** [ə'nju:əti] *n* рента; **life ~** өмірлік рента.
- annul** [ə'nʌl] *v* (*contract*) күшін жою; (*marriage*) бұзу; (*LAW*) жою; ♦ *n* **~ment** [ə'nʌlmənt] күшін жоюшылық; бұзушылық.
- anode** ['ænəʊd] *n* анод.
- anodyne** ['ænəʊdaɪn] *adj* ауырғанды басатын; тыныштандыратын.
- anoint** [ə'noɪnt] *v* жағу.
- anomaly** [ə'nɒməli] *n* аномалия; ♦ *adj* **~(y)ous** [ə'nɒmələs] аномалды.
- anonym** [ænə'nɪm] *n* аноним; **~ity** [ænə'nɪməti] анонимдік; ♦ *adj* **~ous** [ə'nɒnɪməs] анонимдік; (*place*) ұсқынсыз; **to remain ~ous** анонимдік сақтау.
- anorak** ['ænərək] *n* анорак (*капюшоны бар куртка*).
- anorexia** [ænə'reksɪə] *n* анорексия; ♦ *adj* **~(a)c** [ænə'reksɪk] анорексиямен ауыратын; тәбеті жоқ; **she is ~(a)c** ол анорексиямен ауырады.
- another** [ə'nʌðə] *pron* басқа; **~ book** (*additional*) тағы бір кітап; (*different*) басқа кітап; **I waited ~ week** мен тағыда бір апта күттім; **~ drink?** тағы құяйын ба?; **in ~ 5 years** тағы бір бес жылдан кейін.
- answer** ['ɑ:nsə] *n* жауап; (*to problem*) шешім; ♦ *v* (*letter, question*) жауап беру; **in ~ to your letter** сіздің хатыңызға жауап ретінде; **to ~ the phone** телефонға жауап беру; **to ~ the bell/the door** есік ашу; **our prayers were ~ed** біздің тілегеніміз қабыл болды; **~ back** жауап қайтару; **~ for** бір нәрсе үшін жауап беру; **~ to fus** (*description*) сәйкес келу; ♦ *adj* **~able** ['ɑ:nsərəbl] жауапты; есеп беруші

- ~able to sb for sth** біреудің алдында бір нәрсе үшін жауапты; **I am ~able to no one** мен ешкімге жауапты емеспін; **~ing** ['ɑ:nʒɪŋ] жауап беретін; **~ing machine** авто жауап беруші.
- ant** [ænt] *n* құмырсқа; **~ hill** құмырсқаның илеуі.
- antagonism** [æn'tæɡə'nɪzəm] *n* антагонизм.
- antagonist** [æn'tæɡə'nɪst] *n* қарсылас; ♦ *adj* **~ic** [æntæɡə'nɪstɪk] (*feelings*) қас; **he is ~ic to the government** ол үкіметке қарсы.
- antagonize** [æn'tæɡə'nəɪz] *v* кедергі жасау; қарсылық көрсету; **to ~ sb** біреудің өшпенділігін тудыру.
- Antarctic** [æn'tɑ:k'tɪk] *adj* антарктикалық; **the ~ Circle** Оңтүстік поляр шеңбері; ♦ *n* **~a** [æn'tɑ:k'tɪkə] Антарктида.
- ante** ['æntɪ] *n* ұтыс тігу; **to up the ~** тәуекел ету; *prefix* дейінгі; алдыңғы.
- anteater** ['ænt.i:tə] *n* құмырсқа коректі.
- antecedent** [æntɪ si:dnt] *n* алдыңғы; (*ancestor*) арғы ата.
- antechamber** ['æntɪtʃeɪmbə] *n* ауыз үй; кіре беріс.
- antelope** ['æntɪləʊp] *n* бөкен.
- antenatal** [æntɪ'neɪtl] *adj* босану алдындағы; **~ clinic** әйелдер консультациясы.
- antenna** [æn'tenə] (*pl antennae*) *n* мұртша; (*TV*) антенна.
- anteroom** ['æntɪru:m] *n* қабылдау бөлмесі.
- anthem** ['ænthəm] *n* әнұран; **national ~** мемлекеттік әнұран.
- anthology** [æn'θɒlədʒɪ] *n* антология.
- anthropology** [ænθrə'pɒlədʒɪ] *n* антропология; **~(y)ist** [ænθrə'pɒlədʒɪst] антрополог.
- anti-** ['æntɪ] *prefix* анти-; қарсы.
- anti-aircraft** [æntɪ'eəkra:ft] *adj* (*missile*) әуе шабуылына қарсы; **~ defence** әуе шабуылына қарсы қорғаныс.
- antiballistic** [æntɪbə'lɪstɪk] *adj* (*missile*) антибаллистикалық.
- antibiotic** [æntɪbaɪ'ɒtɪk] *n* (*MED*) антибиотик.
- antibody** ['æntɪbɒdɪ] *n* антидене.
- anticipate** [æn'tɪsɪpeɪt] *v* (*expect*) күту; (*foresee*) болжау; (*look forward to*) асыға күту; (*forestall*) алдын ала білу; **this is worse than I ~d** бұл мен күткеннен де жаман; **as ~d** күткендей; ♦ *n* **~(e)ion** [æntɪsɪ'peɪʃn] (*expectation*) күту; (*eagerness*) асыға күту; **thanking you in ~(e)ion** алдын ала сізге алғысымды білдіремін.
- anticlimax** [æntɪ'klaɪmæks] *n* басылу; бәсеңсу; антиклимакс.
- anticlockwise** [æntɪ'klɒkwaɪz] *adv* (*BRIT*) сағат тіліне қарсы.
- antics** [æntɪ'klɒkwaɪz] *n* (*of animal, child*) тентектік; (*of politicians*) орынсыз қылықтар.
- anticyclone** [æntɪ'saɪkləʊn] *n* антициклон.
- antidote** ['æntɪdəʊt] *n* (*fig*) уға қарсы.
- antifreeze** ['æntɪfri:z] *n* антифриз.
- antihistamine** [æntɪ'hɪstəmi:n] *n* антигистамин.
- Antilles** [æn'tɪlɪz] *n* Антиль аралдары.
- antipathy** [æn'tɪpəθɪ] *n* жаратпау.
- antiperspirant** [æntɪ'pɜ:spɪrənt] *n* дезодорант.
- antipode** [æn'tɪpəd] *n* антипод; қарама-қайшылық; **the ~s** Австралия және Жаңа Зеландия; ♦ *adj* **~an** [æntɪpə'di:ən] антиподтық (*әдетте Австралия және Жаңа Зеландия тұрғындары жөнінде*).
- antiquarian** [æntɪ'kwɛəriən] *n* антиквар; ♦ *adj* антикварлық; **~ bookshop** букинистік дүкен.

antique [æn'ti:k] *n* көне зат; ♦ *adj* (*furniture*) антикварлық; (*pre-medieval*) антикалық; ~ **dealer** антиквар; ~ **shop** антикварлық заттар дүкені; ♦ *n* ~(**e**)**ity** [æn'tikwəti] көнелік; ♦ *adj* ~(**e**)**ated** ['æntikweitɪd] көнерген.

anti-Semitism [ænti'semitizəm] *n* антисемитизм.

antiseptic [ænti'septɪk] *n* антисептик; ♦ *adj* антисептикалық.

antisocial [ænti'səʊʃl] *adj* (*behaviour*) қоғамға қарсы; (*person*) тұйық.

antitank [ænti'tæŋk] *adj* танкіге қарсы.

antithesis [æn'tiθəsis] (*pl antitheses*) *n* антитеза.

antitrust [ænti'trʌst] *adj* монополияға қарсы; ~ **legislation** антимонополиялық заңнама.

antlers ['æntləz] *n* бұғы мүйізі.

Antwerp ['æntwɜ:p] *n* Антверпен.

anus ['eɪnəs] *n* көтеншек.

anvil ['ænvɪl] *n* төс.

anxiety [æŋ'zaɪəti] *n* (*also MED*) үрей; ~ **to do** ұмтылыс.

anxious ['æŋkʃəs] *adj* (*person*) мазасыз; (*expression*) мазаланған; (*worrying*) үрейленген; (*keen*) **to be ~ to do** көксеу; **to be ~ about** уайымдау; **I'm very ~ about you** мен сіз үшін қатты уайымдаймын; ♦ *adv* ~**ly** ['æŋkʃəsli] мазасызданып; үрейленіп.

any ['eni] *adj* (*in questions*) кез келген; қандай да бір; **have you ~ children?** балаларыңыз бар ма?; **do you have ~ questions?** сіздің сұрағыңыз бар ма?; **if there are ~ tickets left** егер билет қалса; (*with negative*) **I haven't got ~ books** менде кітап жоқ; **I didn't buy ~ newspapers** мен ешқандай газет сатып алған жоқпын; (*no matter which*) кез келген; ~ **colour** кез келген түс; **choose ~ book you like** өзіңізге ұнаған кез келген кітап-

ты таңдаңыз; (*in phrases*) **in ~ case** қандай жағдай болмасын; ~ **day now** қазір қай күні болсын; **at ~ moment** кез келген уақытта; **at ~ rate** қандай да болмасын; (*anyhow*) қайткен күнде де; ~ **time** (*at any moment, whenever*) кез келген уақытта; (*in answer to thanks*) ешқашан; **I need some black leather boots have you ~?** маған қара тері етік керек – сіздерде бар ма?; **I have run out of sugar, you don't have ~?** менде қант бітіп қалыпты, сізде болмай ма?; *pron* (*in questions*) **I need some money, have you got ~?** маған ақша керек, сізде бар ма?; **can ~ of you sing?** сіздердің қайсыңыз өлең айта аласыздар?; (*with negative*) ешқандай; **I haven't ~ (of those)** менде мұндай жоқ; (*no matter which one(s)*) кез келген; **take ~ you like** өзіңізге ұнағанын алыңыз; ♦ *adv* (*in questions*) **do you want ~ more soup?** тағы сорпа ішесіз бе?; **are you feeling ~ better?** сіз тәуір болдыңыз ба?; (*with negative*) **I can't hear him ~more** мен оны естіп отырғаным жоқ; **don't wait ~ longer** енді күтпеңіз; **he isn't ~ better** оның қалы еш жақсармады.

anyhow ['enihaʊ] *adv* (*at any rate*) қалайда; **the work is done a ~** жұмыс қалай болса солай істелген; **I shall go ~** бәрібір табамын; **she leaves things just ~** ол киімдерді қалай болса солай тастайды.

anyone ['eniwʌn] *pron* (*in questions*) әрбір адам; (*with negative*) ешкім; (*no matter who*) кез келген адам; **can you see ~?** сіз біреуді көріп тұрсыз ба?; **I can't see ~** мен ешкімді көріп тұрғаным жоқ; ~ **could do it** мұны кез келген адам жасай алады; **you can invite ~** сіз кез келген адамды шақыра аласыз.

- anything** ['eniθɪŋ] *pron* (in questions) бірдеңе; **can you see ~?** сіз бірдеңе көріп тұрсыз ба?; (*with negative*) ештеңе; **I can't see ~** мен ештеме көріп тұрғаным жоқ; (*no matter what*) не болса сол; **~ (at all) will do** бәрі келеді; **he'll eat ~** ол не берсең соны жейді.
- anyway** ['eniweɪ] *adv* (at any rate) қандай жағдай болса да; **I will be there ~** мен бәрібір сол жерде боламын; **~, I couldn't stay even if I wanted to** мен қалғым келген күннің өзінде қала алмас едім; **why are you phoning, ~?** сіз не үшін қоңырау шалып тұрсыз?.
- anywhere** ['eniweə] *adv* (in questions) (position) басқа бір жерге; (motion) бір жерге; **can you see him ~?** сіз оны көріп тұрсыз ба?; **did you walk ~ yesterday?** сіз кеше бір жерге бардыңыз ба?; (*with negative*) (position) еш жерде; (motion) ешқайда; **I can't see him ~** мен оны еш жерден көріп тұрған жоқпын; **I'm not walking ~ today** мен ешқайда бармаймын; (*no matter where*) (position) бір жерге; (motion) қайда болса сонда; **~ in the world** әлемнің қай жеріне болсын; **put the books down ~** кітапты кез келген жерге қойыңыз.
- apace** [ə'reɪs] *adv* шапшаң.
- apart** [ə'pa:t] *adv* (position) жеке; (*separately*) бөлек; **they are a long way ~** олар бір-бірінен қашықта тұрады; **they are living ~** олар бөлек тұрады; **they jumped ~** олар бір бүйірге қарай секірді; **with one's legs ~** аяқтарын алшақтатып; **to take ~** бөліп алу; талап алу; **~ from** одан басқа.
- apartheid** [ə'pa:theit] *n* апартеид.
- apartment** [ə'pa:tmənt] *n* (US) пәтер; (room) бөлме; **~ building** (US) көп пәтерлі үй.
- apathy** ['æpəθi] *n* бейжайлық; ♦ *adj* **~(y)etic** [æpə'θetɪk] дел-сал; бейжай; апатиялық.
- ape** [eɪp] *n* (ZOOLOGY) адам тәріздес маймыл; ♦ *v* біреудің істегенін қайталау; келемеждеу.
- aperitif** [æpərə'ti:f] *n* аперитив.
- aperture** ['æpətʃə] *n* тесік; (PHOTO) диафрагма.
- apex** ['eɪpeks] *n* (fig) шың.
- aphid** ['eɪfɪd] *n* құрт.
- aphorism** ['æfə'rɪzəm] *n* нақыл сөз; афоризм.
- apiece** [ə'pi:s] *adv* (each person) әр біреуіне; (each thing) әр данаға.
- aplomb** [ə'plɒm] *n* өз-өзіне сенімділік; өз-өзін танытушылық.
- apocalypse** [ə'pɒkəlɪps] *n* (end of world) ақырзаман; (destruction) апат.
- apolitical** [eɪpə'lɪtɪkəl] *adj* бейсаясат; бейсаясаттылық (*саясаттан тыс, саяси өмірге қатысудан бас тартқан*).
- apology** [ə'pɒlədʒi] *n* кешірім; **to send one's ~(y)ies** кешірім өтіну; **please accept my ~(y)ies** маған кешірім етіңіз; ♦ *adj* **~(y)etic** [ə'pɒlədʒetɪk] (tone) кешірім сұрайтын; (person, expression) кінәлі; **~(y)etic letter** кешірім хат; **he's very ~(y)etic about** ол өзінің кешірімін білдіреді; ♦ *v* **~(y)ize** [ə'pɒlədʒaɪz] кешірім сұрау.
- apoplectic** [æpə'plektɪk] *adj* (MED) апоплексиялық; (fig) **~ with rage** ызалы.
- apoplexy** ['æpə'pleksɪ] *n* апоплексия.
- apostle** [ə'pɒsl] *n* апостол.
- apostrophe** [ə'pɒstrəfi] *n* апостроф.
- apotheosis** [ə.pəθi əʊsɪs] *n* (deification) құдай деп тану; (fig) апофеоз.
- appal** [ə'pɒ:l] *v* қорқыту; **to be ~led by** қорқу; ♦ *adj* **~ling** [ə'pɒ:lɪŋ] (awful)

- қорқынышты; (*shocking*) қорқытатын; **she's an ~ling cook** ол тамақты нашар жасайды.
- Appalachian** [ˌæpəˈleɪtʃən] *n* Аппалач; **the ~ Mountains** Аппалач таулары.
- apparatus** [æpəˈreɪtəs] *n* апаратура; гимнастикалық снаряд; (*organization*) аппарат.
- apparel** [əˈpærəl] *n* (US) киім-кешек.
- apparent** [əˈpærənt] *adj* (*seeming*) көрінетін; (*obvious*) анық; **it is ~ that** бұл анық; ♦ *adv* ~ly [əˈpærəntli] сірә.
- apparition** [ˌæpəˈrɪʃn] *n* елес; аруак.
- appeal** [əˈpi:l] *v* (LAW) шағымдану; ♦ *n* (*attraction*) тартымдылық; (LAW) шағым; **to ~ (to sb) for (help, funds)** біреуден көмек сұрау; (*calm, order*) біреуді шақыру; **to ~ to (be attractive to)** біреуді өзіне тарту; ұнау; **to ~ to sb for mercy** біреуге жаны ашу; **the idea doesn't ~ to me** бұл жоспар мені қызықтырмайды; **right of ~** шағымдануға құқығы болу; **on ~** (LAW) шағым бойынша; ♦ *adj* ~ing [əˈpi:lɪŋ] (*attractive*) тартымды; (*touching*) аянышты (*pleading*) жалына.
- appear** [əˈpiə] *v* (*come into view, develop*) пайда болу; (*seem*) көріну; (*be published*) шығу; **to ~ in court** соттың алдына шығу; **to ~ on TV** теледидардан көріну; **to ~ in "Hamlet"** "Гамлетте" ойнау; **it would ~ that** болуы мүмкін; ♦ *n* ~ance [əˈpiərəns] (*arrival*) пайда болу; (*look, aspect*) сыртқы бітім; (*in public, on TV*) сөйлеу; **to put in/make an ~ance** шығу; **cast by order of ~ance** (THEAT) сахнаға шығу ретіне қарай орындаушылар құрамы; **to keep up ~ances** ережені сақтау; **to/by all ~ances** айтуға қарағанда.
- appease** [əˈpi:z] *v* (*person, country*) ынтымақтастыру; ♦ *n* ~ment [əˈpi:zmənt] (POL) ынтымақтастық.
- append** [əˈpend] *v* (COMPUT) қосу; ♦ *n* ~age [əˈpendɪdʒ] қосымша.
- appendicitis** [əˈpendəsaɪtɪs] *n* соқыр ішек; аппендицит.
- appendix** [əˈpendɪks] (*pl* **appendices**) *n* қосымша; (ANAT) аппендикс; **he had his ~ out** оның соқыр ішегін алып тастады.
- appetite** [ˈæpɪtaɪt] *n* тәбет; (*fig*) құмарлық; **that walk has given me an ~** бұл жаяу жүріс менің тәбетімді ашты.
- appetizer** [ˈæpɪtaɪzə] *n* (*food*) жеңіл тамақ; (*drink*) аперитив.
- appetizing** [ˈæpɪtaɪzɪ] *adj* (*smell*) тәбетті ашатын.
- applaud** [əˈplɔ:d] *v* (*clap*) қошемет көрсету; қол соғу; қол шапалақтау; (*praise*) мақұлдау.
- applause** [əˈplɔ:z] *n* (*clapping*) қол шапалақтау.
- apple** [ˈæpl] *n* алма; **he's the ~ of her eye** ол оның көзінің қарасы; ~ **tree** алма ағашы; ~ **turnover** алма қосылған қаттама нан.
- appliance** [əˈplaɪəns] *n* (*electrical, domestic*) құрал.
- applicable** [əˈplɪkəbl] *adj* қолданылатын; **the law is ~ from January** заң күшіне қаңтардан бастап енеді.
- applicant** [ˈæplɪkənt] *n* (*for job, scholarship*) кандидат; (*for college*) талапкер.
- application** [æplɪˈkeɪʃn] *n* (*for a job, a grant*) өтініш; (*hard work*) тырысу; (*of cream, paint*) жағу; **on ~** (*of rule, knowledge*) өтініш бойынша; (*of methods*) қолданыс; ~ **form** өтініш-анкета; ~ **program** (COMPUT) қолданбалы бағдарла-

ма; **~s package** (*COMPUT*) қолданбалы бағдарлама жиынтығы.

apply [ə plai] *v* (*paint, make up*) жағу; (*bandage*) салу; (*theory, LAW*) қолдану; **to ~ to** (*be applicable*) қолданылу; (*ask*) өтінішпен бару; **to ~ the brakes** тежегішті басу; **to ~ oneself to** назарын аудару; **to ~ for a grant** шәкіртақыға өтініш беру; ♦ *adj* **~(y) ied** [ə plaid] (*science, art*) қолданбалы.

appoint [ə pɔɪnt] *v* тағайындау; ♦ *adj* **~ed** [ə pɔɪntɪd] тағайындалған; белгіленген; **at the ~ed time** белгіленген уақытта; ♦ *n* **~ee** [ə pɔɪn'ti:] тағайындалған адам; **~ment** [ə pɔɪntmənt] (*of person*) тағайындау; (*post*) қызмет; (*arranged meeting*) қабылдау; **to make an ~ment (with sb)** біреумен кездесу уақытын белгілеу; **I have an ~ment with the director** мен директордың қабылдауына жазылдым; **to make an ~ment with the doctor** дәрігердің қабылдауына жазылу; **by ~ment** жазба бойынша.

apportion [ə pɔːʃn] *v* бөлу; **to ~ sth to sb** біреуді бөліп тастау; **to ~ blame to sb** кінәні біреуге арту.

apposition [ə pə zɪʃn] *n* (*LING*) қосымша.

appraise [ə preɪz] *v* бағалау; ♦ *n* **~(e)al** [ə preɪzl] баға.

appreciable [ə priːʃəbl] *adj* айтулы; ♦ *adv* **~(e)y** [ə priːʃəbli] белгілі бір дәрежеде.

appreciate [ə priːʃiət] *v* (*value*) бағалау; (*understand*) түсіну; (*COMM*) бағасы өсу; **I ~ your help.** мен сіздің көмегіңізді бағалаймын; **he ~s good cooking** ол ас дайындауды жақсы бағалайды; ♦ *n* **~(e)ion** [ə priːʃi'eɪʃn] (*understanding*) түсіністік; (*gratitude*) алғыс; (*COMM*) бағаның өсуі; ♦ *adj* **~(e)ive** [ə priːʃiətɪv] (*person, au-*

dience) бағалайтын; (*comment*) қолдайтын.

apprehend [æprɪ'hend] *v* (*arrest*) қамауға алу; (*understand*) түсіну.

apprehension [æprɪ'hensɪʃn] *n* қауіптенушілік; (*of criminal*) ұстау.

apprehensive [æprɪ'hensɪv] *adj* (*glance*) қауіптенетін; **to be ~ about sth** бірдеңе үшін қауіптенуші.

apprentice [ə prentɪs] *n* шәкірт; **to be ~d to sb** шәкірті болу; **~ship** [ə prentɪʃɪp] шәкірттік; **to serve one's ~ship** арнайы дайындықтан өту.

approach [ə prəʊtʃ] *v* жақындау; (*ask, apply to*) көмек сұрау; (*come to*) жақындау; (*consider*) ойлау; (*advance*) (*also fig*) жақындау; (*access*) (*on foot*) жаяу бару (*by transport*) көлікпен бару; (*to problem, situation*) мәселені ойластыру; **to ~ sb about sth** бірдеңе жайлы біреуге іспен бару; **~ road** өтетін жол; ♦ *adj* **~able** [ə prəʊtʃəbl] (*person, place*) қолжетімді.

approbation [æprə'beɪʃn] *n* сынау; апробация.

appropriate [ə prəʊpɪət] *adj* (*behaviour*) жарасымды; (*remarks*) орынды; (*tools*) қолайлы; лайықты; **it would not be ~ for me to comment.** менің тарапымнан сынау орынсыз болады; **it is not ~ for you to behave like that** сізге өзіңізді осылай ұстау жараспайды; ♦ *adv* **~ly** [ə prəʊpɪətli] тиісті; орынды; ♦ *n* **~(e)ion** [ə prəʊpɪ'eɪʃn] беру; **~(e)ion account** құнды қағаздар шоты.

approve [ə pruːv] *v* (*motion, decision*) мақұлдау; (*publication, product*) бекіту; **~ of fus** қабыл алу; ♦ *n* **~(e)al** [ə pruːvl] (*permission*) келісім; **on ~(e)al** (*COMM*) бекітілім бойынша; ♦ *adj* **~d** [ə pruːvd] бекітілген; **~d school** (*BRIT*) (*formerly*) түзеу

APPROXIMATE

- мектебі; ♦ *adv* ~(e)ingly [ə prɜ:vɪŋli] мақұлдаған.
- approximate** *adj* [ə prɒksɪmət] жуық; ♦ *v* жуықтау; **to ~ to** жақындау; ♦ *adv* ~ly [ə 'prɒksɪmətli] шамамен; ♦ *n* ~(e)ion [əprɒksɪ meɪʃn] жақындау.
- apricot** ['eɪprɪkət] *n* өрік.
- April** ['eɪprəl] *n* сәуір; ~ **fool!** (бірінші сәуір) алдау күні!; ~ **Fool's Day** күлкі күні.
- apron** ['eɪprən] *n* (clothing) алжапқыш.
- apt** [æpt] *adj* (suitable) (comment, description) орынды; ~ **to do** бейім; ♦ *adv* ~ly ['æptli] орынды; (accurately) нақ; ♦ *n* ~itude ['æptɪtju:d] бейімдік; ~itude test бейімдікке тексеру тесті.
- aqualung** ['ækwələŋ] *n* акваланг.
- aquarium** [ə'kwɛəriəm] *n* аквариум.
- Aquarius** [ə'kwɛəriəs] *n* (zodiac) Сүкүйғыш; **he is ~** ол Сүкүйғыш.
- aquatic** [ə'kwætɪk] *adj* сулы.
- aqueduct** ['ækwɪdʌkt] *n* акведук; сужетек.
- Arab** ['æɾəb] *n* араб; ~ia [ə'reɪbiə] Арабия; ♦ *adj* ~ian [ə'reɪbiən] арабтық; **the ~ian Desert** Араб шөлі; **the ~ian Sea** Араб теңізі; ♦ *adj* ~ic ['æɾəbɪk] араб.
- arable** ['æɾəbl] *adj* (land) егіндік.
- Aral Sea** ['a:əl si:] *n* Арал теңізі.
- arbiter** ['a:bitə] *n* арбитр; төреші.
- arbitrary** ['a:bitrəri] *adj* ерікті; ықтиярлы.
- arbitrate** ['a:bitreit] *v* шешім шығару; ♦ *n* ~(e)ion [a:bi'treitʃn] (of quarrel) сот; (industry) арбитраж; **the dispute went to ~** талас арбитражға берілді.
- arbitrator** ['a:bitreitə] *n* сот арбитр.
- arc** [a:k] *n* (MATH) доға.
- arcade** [a:'keɪd] *n* (round a square) аркада; (shopping mall) пассаж.
- arch** [a:tʃ] *n* арка; (of foot) күмбез; ♦ *v* (back) бүгу; ♦ *adj* (playful) қуақы; (knowing) көп мағыналы; *prefix* архи-.
- archaeology** [a:ki'ələdʒi] *n* археология; ♦ *adj* ~(y)ical [a:kiə'lədʒɪkl] археологиялық; ♦ *n* ~(y)ist [a:ki'ələdʒɪst] археолог.
- archaic** [a:'keɪk] *adj* көне.
- Archangel** ['a:keɪndʒəl] *n* Архангельск; архангел.
- archbishop** [a:tʃ'biʃəp] *n* архиепископ.
- arch-enemy** [a:tʃ'enəmi] *n* жау.
- archery** ['a:tʃəri] *n* садақ ату.
- archetype** [a:ki'taɪp] *n* архетип; ♦ *adj* ~(e)al [a:ki'taɪpl] байырғы.
- archipelago** [a:ki'pelɪgəʊ] *n* архипелаг.
- architect** [a:ki'tekt] *n* (of building) сәулетші; ~ure ['a:kɪtektʃə] архитектура; сәулет өнері; ♦ *adj* ~ural [a:ki'tektʃrəl] архитектуралық.
- archive** ['a:kaɪv] *n* архив; ~ file (COMPUT) архив файлы; ~(e)ist ['a:kɪvɪst] архивариус; мұрағатшы (мұрағат қызметкері).
- archway** ['a:tʃwei] *n* аркадан өтетін жол.
- Arctic** ['a:ktɪk] *adj* арктикалық; ♦ *n* **the ~** Арктика; **the ~ Circle** Солтүстік полярлық шеңбер; **the ~ Ocean** Солтүстік мұзды мұхит.
- ardent** ['a:dnt] *adj* ынттық.
- ardour** ['a:də] *n* жігер.
- arduous** ['a:djuəs] *adj* қиын; ауыр.
- area** ['eəriə] *n* (of country, knowledge) сала; (part of place) участок (of room) бөлік; (GEOM) аудан; **in the London ~** Лондонның ауданында; ~ code аймақ.
- arena** [ə'ri:nə] *n* (also fig) арена.
- Argentina** [a:dʒən'ti:nə] *n* Аргентина.
- argue** ['a:gju:] *v* (quarrel) дауласу; (reason) көзін жеткізу; талқылау; **to ~ that** бір нәрсені ұқтыру; **to ~ about**

- sth** бір нәрсе жайлы таласу; **to ~ against sth** бір нәрсеге қарсы пікір айту; ♦ *adj* **~(e)able** ['ɑ:gjuəbl] даулы; **it is ~(e)able** бұл даулы мәселе; ♦ *adv* **~(e)ably** ['ɑ:gjuəbli] мүмкін; **he is ~(e)ably the best in his profession** ол өз саласындағы жақсы маман деп айтуға болады.
- argument** ['ɑ:gjumənt] *n* (*quarrel*) дау; (*reasons*) аргумент; (*debate*) талқылау; **~ for/against** дәлелге қарсы/қарсы емес; ♦ *adj* **~ative** [ɑ:gju mentətiv] дәлелді; (*person*) дауқес; жанжалшыл; (*voice*) еліктіретін.
- aria** ['ɑ:riə] *n* ария.
- arid** ['ærid] *adj* сусыз; (*fig*) құрғақ; ♦ *n* **~ity** [ə'ridəti] құрғақтық.
- Aries** ['eəri:z] *n* (*zodiac*) Тоқты; **he is ~** ол - Тоқты.
- arise** [ə'raiz] (*pt* *arose*) (*pp* *arisen*) *v* (*occur*) пайда болу; **to ~ from** әсерінен пайда болу; **should the need ~** егер қажеттілік болса.
- aristocracy** [æri'stɒkrəsi] *n* ақсүйектік.
- aristocrat** ['æristəkræt] *n* ақсүйек; ♦ *adj* **~ic** [æristə'krætik] (*family*) ақсүйектік.
- arithmetic** [ə'pθmətik] *n* (*MATH*) арифметика; (*calculation*) есеп; ♦ *adj* **~al** [ə'pθmətik] арифметикалық.
- ark** [ɑ:k] *n* кеме; **Noah's ~** Нұқ кемесі.
- arm** [ɑ:m] *n* қол; (*of chair*) тұтқа; (*of clothing*) жең (*of organization*) бөлім; ♦ *v* қаруландыру; ♦ *n* **~s** (*MIL*) қорғаныс; (*heraldry*) елтаңба; **~ in ~** қол ұстасып; **~s control** қорғаныс бақылауы; **~s race** қорғаныс жарысы; ♦ *adj* **~ed** [ɑ:md] қаруланған; **the ~ed forces** қорғаныс күші; **~ed robbery** қарулы тонау; ♦ *n* **~aments** ['ɑ:məmənts] қару-жарак.
- armband** ['ɑ:mbænd] *n* қолды таңатын мата.
- armchair** ['ɑ:mtʃeə] *n* кресло.
- Armenia** [ɑ: mi:njə] *n* Армения; ♦ *adj* **~n** [ɑ: mi:njən] армян; армяндық.
- armful** ['ɑ:mfʊl] *n* құшақ.
- armistice** ['ɑ:mistis] *n* бітім; татуластық.
- armour** ['ɑ:mə] *n* сауыт; **~ plating** танк қаптайтын құрыш; ♦ *adj* **~ed** ['ɑ:məd] құрышты; **~ed car** бронемашина; ♦ *n* **~y** ['ɑ:məri] (*also fig*) әскер.
- armpit** ['ɑ:mpit] *n* қолтық.
- armrest** ['ɑ:mrest] *n* шынтақ.
- army** ['ɑ:mi] *n* (*also fig*) әскер.
- aroma** [ə'gəʊmə] *n* хош иіс.
- aromatherapy** [ə'gəʊmə'θerəpi] *n* аромотерапия.
- aromatic** [æ'gə'mætik] *adj* хош иісті.
- around** [ə'raʊnd] *adv* айнала; *prep* (*encircling*) маңында; (*near, about*); **Is he ~?** ол осында ма?; **~ 5 o'clock** 5 сағат мөлшерінде; **~ here** осы жақын маңда.
- arouse** [ə'raʊz] *v* (*sleeping person*) ояту; (*interest, passions*) қызығушылығын ояту; ♦ *n* (*e*)al [ə'raʊz] түрткі.
- arpeggio** [ɑ:'pedʒiəʊ] *n* арпеджио.
- arrange** [ə'reindʒ] *v* (*organize*) ұйымдастыру; (*put in order*) ретімен қою; (*MUS*) аранжировка жасау; **we have ~d for a car to pick you up** сізді көлік келіп алып кетеді деп келістік; **it was ~d that** деп келісілген; **to ~ to do** орындауға келісу; ♦ *n* **~ment** [ə'reindʒmənt] (*agreement*) келісім; (*MUS*) аранжировка; (*order, layout*) жоспар; **~ments** (*preparations, plans*) дайындық; **to come to an ~ment with sb** біреумен келісімге келу; **home deliveries by ~ment** келісім бойынша үйге жеткізу қызметі.

ARRANT

- arrant** [ˈærənt] *adj* алаяқ.
- array** [ə reɪ] *n* (*MATH, COMPUT*) массив; ~ **of** көпшілік.
- arrears** [ə ˈrɪəz] *n* қарыз; **to be in ~ with one's rent** пәтер ақы бойынша қарызы болу.
- arrest** [ə ˈrest] *v* (*criminal*) тұтқындау; (*sb's attention*) бір нәрсеге зер салу; ♦ *n* қамау; **under ~** қамауда; ♦ *adj* ~**ing** [ə ˈrestɪŋ] әсерлі; тартымды.
- arrive** [ə ˈraɪv] *v* (*traveller*) жету; (*letter, news*) келу; (*baby*) туу; ~ **at fus** (*fig*) келіп тоқтау; ♦ *n* ~**(e)al** [ə ˈraɪvl] келу; (*COMM*) әкелу; **new ~(e)al** (*person*) жаңа келген; (*baby*) жаңа туған.
- arrogance** [ˈærəɡəns] *n* тәкаппарлық.
- arrogant** [ˈærəɡənt] *adj* тәкаппар.
- arrow** [ˈærəʊ] *n* (*weapon*) жебе; (*sign*) тіл.
- arsenal** [ˈɑːsənl] *n* арсенал; қару қоймасы.
- arsenic** [ˈɑːsnɪk] *n* күшәлә.
- arson** [ˈɑːsn] *n* өрт қою.
- art** [ɑːt] *n* өнер; **Fine ~** бейнелеу өнері; ~**s** гуманитарлық ғылымдар; **work of ~** өнер туындысы; ~ **gallery** (*national*) сурет галереясы; (*private*) галерея; ~ **school** көркем өнер училищесі; ♦ *adj* ~**less** [ˈɑːtləs] табиғи; жасанды емес.
- artefact** [ˈɑːtɪfækt] *n* көркем бұйым; қолдан жасалған зат.
- artery** [ˈɑːtəri] *n* (*also fig*) күре тамыр; артерия; ♦ *adj* ~**(y)ial** [ɑː ˈtɪəriəl] (*ANAT*) күре тамырлық; артериялық; ~**(y)ial road** магистраль.
- artful** [ˈɑːtfl] *adj* епті.
- arthritic** [ɑː ˈθrɪtɪk] *adj* шорбуындық.
- arthritis** [ɑː ˈθraɪtɪs] *n* шорбуын.
- artichoke** [ˈɑːtɪtʃəʊk] *n* бөрікгүл; **Jerusalem ~** жер алмұрты.
- article** [ˈɑːtɪkl] *n* (*object, item*) зат; (*LING*) артикль; (*in newspaper*) мақала; (*in document*) пункт; ~**s** (*BRIT*) (*LAW*) адвокаттарды кәсіби дайындау курсы; ~**s of clothing** киім-кешек бұйымдары; ~**s of association** (*COMM*) акционерлік компания жарғысы.
- articulate** *adj* [ɑː ˈtɪkjələt] (*speech, writing*) түсінікті; ♦ *v* (*fears, ideas*) айтып жеткізу; **to ~ well/badly** анық/анық емес сөйлеу; **she is very ~** ол өз ойын анық жеткізеді; ~**d lorry** (*BRIT*) тіркемесі бар жүк машинасы; ♦ *n* ~**(e)ion** буындалу; артикуляция.
- artifice** [ˈɑːtɪfɪs] *n* (*trick*) қулық; жасандылық; ♦ *adj* ~**(e)ial** [ɑː ˈtɪ ˈfiʃl] жасанды; (*affected*) жалған; ~**(e)ial insinuation** жасанды ұрықтану; ~**(e)ial intelligence** жасанды интеллект; ~**(e)ial respiration** қолдан демалдыру.
- artillery** [ɑː ˈtɪləri] *n* (*MIL*) (*corps*) артиллерия.
- artisan** [ɑː ˈtɪ zæn] *n* қолөнерші.
- artist** [ˈɑːtɪst] *n* суретші; (*performer*) әртіс; ♦ *adj* ~**ic** [ɑː ˈtɪstɪk] көркем; өнерлі; **an ~ic person** өнерпаз адам; ♦ *n* ~**ry** [ˈɑː ˈtɪstri] шеберлік.
- artwork** [ˈɑːtwɜːk] *n* безендіру.
- as** [æz] *conj* (*referring to time*) кезде; уақытта; ~ **the years went by** жылдар өткен сайын; **he came in ~ I was leaving** ол мен кетіп бара жатқан кезде кірді; ~ **from tomorrow** ертеңнен бастап; (*in comparisons*): ~ **big** ~ сияқты үлкен; **twice ~ big** ~ екі есе үлкен; ~ **white ~ snow** аппақ қардай; ~ **much money** ~ қанша болса, сонша ақша; ~ **soon ~** сол сәтте, бірден; ~ **soon ~ possible** мүмкіндігінше тезірек; (*since, because*) сондықтан; (*referring to manner, way*) -дай, -дей, -тай, -тей; **do ~ you wish** өзіңіз қалағаныңыздай істеміз; ~ **she said** ол айтқандай; (*concerning*) ~ **for/to** келетін болсақ; ~ **if/though** сияқты; секілді; **he looked ~ if he had been ill** ол

- ауру адам сияқты көрінді; *prep* (*in the capacity of*) **he works ~ a driver/waiter** ол жүргізуші/даяшы болып жұмыс істейді; ~ **chairman of the company** компания басшысы ретінде.
- asbestos** [æs'bestəs] *n* таскендір.
- ascend** [ə'send] *v* (*hill*) шығу; (*stairs*) жоғары көтерілу; (*throne*) отыру; ♦ *n* ~**ancy** [ə'sendənsɪ] үстемдік; ~**ancy over sb** біреуге үстемдік; ♦ *adj* ~**ant** [ə'sendənt] үстемдік ететін; **to be in the ~ant** үстем болу.
- ascension** [ə'senʃn] *n* (*REL*) Иса найгамбардың жер бетінен көкке көтерілуі.
- ascent** [ə'sent] *n* (*slope*) көтерілу; (*climb*) өрмелеп шығу.
- ascertain** [æ'sə'teɪn] *v* анықтау.
- ascetic** [ə'setɪk] *adj* аскеттік; ♦ *n* ~**ism** [ə'setɪsɪzəm] тақуалық.
- ascribe** [ə'skraɪb] *v* қосып жазу; **to ~ sth to** бірдеңені телу.
- ash** [æʃ] *n* (*of fire, of cigarette*) күл; (*wood, tree*) шетен.
- ashamed** [ə'ʃeɪmd] *adj* ұялған; **to be ~ (of)** ұялу; **I'm ~ of myself for having done that** мен оны істегеніме ұяламын.
- ashen** ['æʃn] *adj* (*face*) бозарыңқы.
- ashore** [ə'ʃɔ:] *adv* (*be*) жағада; (*swim, go*) жағалау.
- ashtray** ['æʃtreɪ] *n* күл сауыт.
- Asia** ['eɪdʒə] *n* Азия; ~ **Minor** Кіші Азия; ♦ *adj* ~**n** ['eɪdʒn] азиялық; ~**tic** [ˌeɪdʒɪ'ætɪk] азиат.
- aside** [ə'saɪd] *adv* әрі қарай; ♦ *n* реплика; *prep* ~ **from** басқа; **to brush objections ~** қарсылықты жоққа шығару.
- ask** [ɑ:sk] *v* (*inquire*) сұрау; (*invite*) шақыру; **to ~ sb for sth** біреуден бірдеңе сұрау; **to ~ sb the time** біреуден уақыт сұрау; **to ~ about the price** баға жөнінде сұрау; **to ~ (sb) a question** (біреуге) сұрақ қою; **to ~ sb out to**
- dinner** біреуді асқа шақыру; ~ **after** (*person*) туралы сұрау; ~ **for** *fus* (*request*) өтіну; (*look for*) (*trouble*) тілеу; **he's just ~ing for trouble** ол тек басына бәле тілеп жүр; ♦ *adj* ~**ing** ['ɑ:skɪŋ] сұралған; **the ~ing price** сұралған баға.
- askance** [ə skæns] *adv* қиғаш; қиыс; **to look ~ at sb** біреуге күмәндана қарау.
- askew** [ə'skju:] *adv* (*clothes*) қисық; қиғаш.
- asleep** [ə'sli:p] *adj* ұйқыдағы: **to be ~** ұйықтау; **to fall ~** ұйықтап қалу.
- asp** [æsp] *n* аспид.
- asparagus** [ə'spærəgəs] *n* қояншөп; ~ **tips** қояншөп бастары.
- aspect** ['æspekt] *n* (*element*) аспект; жақ; (*quality, air*) түр; **a room with a southern ~** оңтүстік жаққа қарайтын бөлме.
- aspersions** [ə'spɜ:fnz] *n* жала; ғайбат; **to cast ~ on** (*integrity, ability*) жала жабу; (*person*) қаралау.
- asphalt** ['æsfælt] *n* асфальт.
- asphyxiate** [əs'fɪksɪeɪt] *v* тұншықтыру; ♦ *n* ~**(e)ion** [əs'fɪksɪ'eɪʃn] буыну.
- aspire** [ə'spaɪə] *v* ұмтылу; ♦ *adj* ~**(e)ing** [ə'spaɪərɪŋ] бастаушы; ♦ *n* ~**(e)ations** [æspə'reɪʃnz] ұмтылыс; талап; ♦ *v* ~**(e)ate** ['æspəreɪt] қырылдап айту; ♦ *n* қырылдаған дауыс.
- aspirin** ['æsprɪn] *n* аспирин.
- ass** [æs] *n* (*also fig*) есек.
- assail** [ə'seɪl] *v* (*person*) шабуыл жасау; (*fig*) **he was ~ed by doubts** ол қатты күмәнданды; ♦ *n* ~**ant** [ə'seɪlənt] ұрыс бастаушы; шабуылшы.
- assassin** [ə'sæsɪn] *n* (саяси) кісі өлтіруші; ~**ation** [əsæsɪ'neɪʃn] саяси себептермен кісі өлтіру; ♦ *v* ~**ate** [ə'sæsɪneɪt] қастандық жасау; өлтіруге әрекет жасау.

ASSAULT

- assault** [ə 'sɔ:lt] *n* (*MIL, fig*) шабуыл; (*MIL*) шабуыл жасау; (*sexually*) озбырлық көрсету; ~ **and battery** (*LAW*) әрекетпен қорлау.
- assemble** [ə 'seɪbl] *v* жинау; жиналу.
- assembly** [ə 'seɪbl] *n* (*meeting*) жиналыс; (*institution*) ассамблея; заң шығару жиналысы; (*construction*) құрастыру; **General ~ of the UN БҰҰ Бас Ассамблеясы**; ~ **language** (*COMPUT*) ассамблея тілі; ~ **line** құрастыру конвейері.
- assent** [ə 'sent] *n* келісім; ♦ *v* келісу.
- assert** [ə 'sɜ:t] *v* (*opinion, authority*) мәлімдеу; (*rights, innocence*) қорғау; **to ~ oneself** өз құқықтарын қорғау; ♦ *n* ~**ion** [ə 'sɜ:ʃn] (*claim*) пайым; пікір; ♦ *adj* ~**ive** [ə 'sɜ:tɪv] өзіне аса сенімді.
- assess** [ə 'ses] *v* бағалау; **to ~ for tax** салық салу мақсатында құнын анықтау; ♦ *n* ~**ment** [ə 'sesmənt] баға; **tax ~ment** салық салу мақсатында құнын анықтау; ~**or** [ə 'sesə] (*LAW*) сарапшы-кеңесші.
- asset** ['æset] *n* (*useful quality*) артықшылық; ~**s** (*property, funds*) активтер; (*COMM*) теңгерім активі; **he's an ~ to the company** ол компания үшін аса маңызды адам.
- assiduous** [ə 'sɪdʒuəs] *adj* (*care, work*) ынталы.
- assign** [ə 'saɪn] *v* (*task*) тапсыру; бұйрық беру; (*significance*) тапсырма беру; (*resources, role*) бөліп беру; **to ~ a date for a meeting** отырыс күнін белгілеу; ♦ *n* ~**ment** [ə 'saɪnmənt] (*task*) жазбаша өкім; (*SCOL*) тапсырма.
- assimilate** [ə 'sɪməleɪt] *v* (*ideas*) игеру; (*immigrants*) **to be ~d** ассимиляциялану; ♦ *n* ~**(e)ion** [ə 'sɪmə'leɪʃn] игеру; (*of immigrants*) ассимиляция.
- assist** [ə 'sɪst] *v* көмектесу; (*financially*) көмек көрсету; ♦ *n* ~**ance** [ə 'sɪstəns] көмек; (*financial*) көмек көрсету; ~**ant** [ə 'sɪstənt] көмекші; (*in office*) көмекші; (*BRIT*) **shop ~ant** сатушы; **laboratory ~ant** лаборант; ~**ant manager** меңгерушінің орынбасары.
- assizes** [ə 'saɪzɪz] *n* (*BRIT*) (*LAW*) алқа билер сотының көшпелі сессиясы.
- associate** *n* [ə 'səʊsɪət] (*colleague*) әріптес; серіктес; ♦ *adj* (*member, professor*) көмекші; ♦ *v* [ə 'səʊʃɪet] (*mentally*) ассоциациялау; **to ~ with sb** біреумен араласу; ~**d company** еншілес кәсіпорын; ♦ *n* ~**(e)ion** [ə 'səʊʃɪ eɪʃn] (*group, PSYCH*) ассоциация; (*involvement*) байланыс; **in ~(e)ion with** ынтымақтастықта.
- assorted** [ə 'sɔ:tɪd] *adj* әртүрлі; **hats in ~ sizes** әртүрлі өлшемдегі шляпалар.
- assortment** [ə 'sɔ:tmənt] *n* (*of clothes, colours*) ассортимент; (*of books, people*) іріктеу.
- assuage** [ə 'swɛɪdʒ] *v* (*grief, pain*) басу; (*thirst, hunger*) қандыру.
- assume** [ə 'sju:m] *v* (*suppose*) болжау; ұйғару; (*responsibilities*) өзіне алу; (*command, appearance, air*) қабылдау; (*power*) алу; ♦ *adj* ~**d** [ə 'sju:mɪd] жалған; ~**d name** жалған ат; ♦ *n* ~**(e)ption** [ə 'slɪmpʃn] (*supposition*) жорамал; (*of control, responsibility*) өз мойнына алу; ~**(e)ption of power** билікке келу; **on the ~(e)ption that** деген болжаммен.
- assure** [ə 'ʃɔ:] *v* (*reassure*) сендіру; (*guarantee*) қамтамасыз ету; ♦ *adj* ~**d** [ə 'ʃɔ:d] (*voice*) сенімді; (*success*) сөзсіз; ♦ *n* ~**(e)ance** [ə 'ʃɔ:rəns] (*promise*) кепілдік; (*confidence*) сенімділік; (*insurance*) сақтандыру; **I can give you no ~(e)ances** мен сізге ешқандай кепілдік бере алмаймын.

- asterisk** [ˈæstərɪsk] *n* жұлдызша белгі; «*».
- astern** [əˈstɜːn] *adv* (NAUT) (on ship) (position) кемеңің артқы жағында; **to move ~** кері жүру.
- asteroid** [ˈæstərɔɪd] *n* астероид.
- asthma** [ˈæsmə] *n* демікпе; ♦ *adj* ~**tic** [æsˈmætɪk] (breathing) деміккен; демікпемен ауыратын; ~**tic attack** демікпенің қозуы.
- astigmatism** [əˈstɪgmətɪzəm] *n* астигматизм.
- astir** [əˈstɜː] *adv* ұйқыдан тұрған.
- astonish** [əˈstɒnɪʃ] *v* таңғалдыру; таңдандыру; ♦ *adj* ~**ing** [əˈstɒnɪʃɪŋ] таңғаларлық; **I find it ~ing** мен таңғалдырарлық деп ойладым; ♦ *adv* ~**ingly** [əˈstɒnɪʃɪŋli] таңғаларлық; **the play ~ingly was successful** пьеса таңғаларлықтай сәтті шықты; ♦ *n* ~**ment** [əˈstɒnɪʃmənt] таңғалу; таңдану; **to my ~ment** мені таңғалдырып.
- astound** [əˈstaʊnd] *v* таңдандыру; таңғалдыру; ♦ *adj* ~**ed** [əˈstaʊndɪd] таңырқаған; таңғалған; ~**ing** [əˈstaʊndɪŋ] керемет; таңырқатушы.
- astray** [əˈstreɪ] *adv* адасып; **to go ~** (letter) жоғалып кету; (fig) жолдан таю; **to lead ~** (fig) жолдан тайдыру; **to go ~ in one's calculations** есептен жаңылысу.
- astride** [əˈstraɪd] *adv* үстінде.
- astrigent** [əˈstrɪndʒənt] *adj* ауыз қуыратын; бырыстыратын.
- astrology** [əˈstrɒlədʒi] *n* астрология; ~**(y)er** [əˈstrɒlədʒə] астролог.
- astronaut** [ˈæstrɒnɔːt] *n* астронавт; ғарышкер.
- astronomy** [əˈstrɒnəmi] *n* астрономия; ♦ *adj* ~**(y)ical** [æstrəˈnɒmɪkl] астрономиялық; ♦ *n* ~**(y)er** [əˈstrɒnəmə] астроном.
- astrophysics** [æstrəʊˈfɪzɪks] *n* астрофизика.
- astute** [əˈstjuːt] *adj* (person) зерделі; (decision) көреген.
- asunder** [əˈsʌndə] *adv* бөлшек-бөлшек; **to tear ~** быт-шытын шығару.
- asylum** [əˈsaɪləm] *n* (refuge) пана; (mental hospital) жындыхана; **to seek political ~** саяси пана іздеу.
- asymmetrical** [eɪsɪˈmetrɪkl] *adj* асимметриялық.
- at** [æt] *prep* (referring to position); ~ **the top** үстінде; ~ **home** үйде; ~ **school** мектепте; ~ **the theatre** театрда; ~ **the baker's** нан дүкенінде; ~ **a concert** концертте; ~ **the station** станцияда; **they are sitting ~ the table** олар үстел басында отыр; ~ **my friend's (house)** менің досымның үйінде; ~ **the doctor's** дәрігерде; (referring to direction); **to look ~ sb** біреуге қарау; **to throw sth ~ sb** (several objects) біреуге бір нәрсе лақтыру; (referring to time): ~ **four o'clock** сағат төртте; ~ **half past two** екі жарымда; ~ **a quarter to two** екіге он бес қалғанда; ~ **a quarter past two** үштен он бес кеткенде; ~ **dawn** таң атқанда; ~ **night** түнде; ~ **Christmas** Рождествода; ~ **lunch** түскі ас кезінде; ~ **times** андасанда; (referring to rates): ~ **a kilo** килограммына 1 фунт; **two ~ a time** екі-екіден; екеуін бірақ; ~ **fifty km/h** сағатына елу км жылдамдықпен; ~ **full speed** бар жылдамдықпен; (referring to manner): ~ **a stroke** бірден; лезде; ~ **peace** бейбітшілікте; (referring to activity): **to be ~ home/work** үйде/жұмыста болу; **to play ~ cowboys** ковбой болып ойнау; **to be good ~ doing sth** бірдеңені жақсы істей алу; (referring to cause) **shocked ~ sth** бірдеңеге аң-таң; **I am surprised ~ you** сіз мені таңғалдырасыз; **I stayed ~ his suggestion** мен оның ұсынысын қолдадым.

- atheism** [ˈeɪθiɪzəm] *n* атеизм.
- atheist** [ˈeɪθɪst] *n* атеист.
- Athenian** [əˈθiːniən] *adj* афиналық.
- Athens** [ˈæθɪnz] *n* Афина.
- athlete** [ˈæθli:t] *n* спортшы; ♦ *adj* ~**(e)**ic [æθˈletɪk] спорттық; (*physique*) атлетикалық; шымыр; ♦ *n* ~**(e)**ics [æθˈletɪks] жеңіл атлетика.
- Atlantic** [ətˈlæntɪk] *adj* атлантикалық; **the ~ Ocean** Атлант мұхиты.
- atlas** [ˈætləs] *n* атлас; **the ~ Mountains** Атлас таулары.
- atmosphere** [ˈætməsfiə] *n* атмосфера; (*air*) ауа; ♦ *adj* ~**(e)**ic [ætməsˈferɪk] атмосфералық; ♦ *n* ~**(e)**ics [ætməsˈferɪks] (*radio*) атмосфералық кедергілер.
- atoll** [ˈætɒl] *n* атолл.
- atom** [ˈætəm] *n* атом; ♦ *adj* ~**ic** [əˈtɒmɪk] атомдық; ~**ic bomb** атом бомбасы.
- atomizer** [ˈætəmaɪzə] *n* (*for perfume*) бүркiгiш.
- atone** [əˈtəʊn] *v* өтеу; ♦ *n* ~**ment** [əˈtəʊnmənt] өтеушілік.
- atrocious** [əˈtrəʊʃəs] *adj* қорқынышты.
- atrociousness** [əˈtrəʊʃəs] *n* қорқыныштылық.
- atrocities** [əˈtrɒsətɪ] *n* (*act*) айуандық.
- atrophy** [ˈætrəfi] *n* сему; семіп қалу.
- attach** [əˈtætʃ] *v* тағу; (*document, letter*) қоса тіркеу; **to be ~ed to** (*fond of*) жақсы көру; (*connected with*) байланысты болу; **to ~ importance** маңызды деп есептеу; **the ~ed letter** қоса тіркелген хат; ♦ *n* ~**ment** [əˈtætʃmənt] (*fastening*) бекіткіш; (*device*) құрылғы; саптама; сұғындырма; (*love*) ~**ment to sb** біреуді жақсы көру.
- attachie** [əˈtæʃeɪ] *n* атташе; ~ **case** дипломат (*портфель*).
- attack** [əˈtæk] *v* (*MIL, fig*) шабуыл жасау; (*tackle*) (*problem*) жігерлене кірісу; ♦ *n* (*criticism, MIL*) шабуыл; (*of illness*) ұстама; **heart ~** жүрек ұстауы; ~**er** [əˈtækə] шабуыл жасаушы.
- attain** [əˈteɪn] *v* (*happiness, success*) жету; қолы жету; (*knowledge*) алу; ♦ *n* ~**ments** [əˈteɪnmənts] жетістіктер.
- attempt** [əˈtempt] *n* (*try*) талпыныс; ♦ *v* (*try*) талпыну; тырысу; **to make an ~ on sb's life** біреуді өлтіруге әрекет жасау; **he made no ~ to help** ол көмек көрсетуге мүлде талпынған жоқ; ♦ *adj* ~**ed** [əˈtemptɪd] әрекет жасайтын; ~**ed murder** өлтіруге әрекет жасайтын; ~**ed suicide** өзін-өзі өлтіруге әрекет жасайтын; өзіне қол салатын; ~**ed burglary** тонауға әрекет жасайтын.
- attend** [əˈtend] *v* (*school, church, lectures*) қатысу; (*patient*) күту; (*course*) тыңдау; ~ **to fus** (*needs, patient*) айналысу; (*customer*) қызмет көрсету; ♦ *n* ~**ance** [əˈtendəns] қатысу; (*in school*) қатысым; (*sport*) (*gate*) матчтағы жанкүйерлер саны; ~**ant** [əˈtendənt] қатысушы; (*in garage*) қызметші; *adj* (*dangers, risks*) қосымша; ілеспе.
- attention** [əˈtenʃn] *n* (*concentration*) зейін; (*care*) күтім; *excl* (*MIL*) тік тұр!; ~**s** (*acts of courtesy*) ілтипат белгілері; **for the ~ of** (*ADMIN*) арналған; **it has come to my ~ that** маған сондай хабар жетті; **to stand to/at ~** (*MIL*) тік тұру.
- attentive** [əˈtentɪv] *adj* (*audience*) ықыласты; (*polite*) ілтипатты; (*kind*) қамқор; ♦ *adv* ~**ly** [əˈtentɪvli] ықыласпен; қамқорлықпен.
- attenuate** [əˈtenjuət] *v* бәсеңдету; бәсеңдеу.
- attest** [əˈtest] *v* куәландыру; **to ~ to** (*demonstrate*) дәлелі болу; (*LAW*) куәлік беру.
- attic** [ˈætɪk] *n* (*living space*) мансарда; (*storage space*) шатырдың асты.

- attire** [ə'taɪə] *n* киім-кешек.
- attitude** ['ætɪtʃu:d] *n* көзқарас; (*view, behaviour*) ~ (to/towards) қатынас; (*posture*) дене қалпы.
- attorney** [ə'tɜ:nɪ] *n* (US) (*lawyer*) заңгер; (*having proxy*) сенімді өкіл; **power of** ~ сенім хат; ~ **General** (BRIT) әділет министрі; (US) бас прокурор.
- attract** [ə'trækt] *v* тарту; ♦ *n* ~ion [ə'træktʃn] (*charm, appeal*) тартымдылық; (*amusements*) ~ions аттракциондар; (PHYS) тартылыс; (*fig*) (*towards sb, sth*) әуестік; ♦ *adj* ~ive [ə'træktiv] тартымды.
- attribute** ['ætrɪbjʊ:t] *n* белгі; атрибут; ♦ *v* [æ'trɪbjʊ:t] қосып беру; **to** ~ *sth* **to** (*cause*) бірдеңені есебіне жатқызу; (*painting, quality*) бірдеңені телу; ♦ *n* ~(e)ion [ætrɪ'bjʊ:ʃn] attribution (*бірдеңенің елеулі белгілері, ажырағысыз қасиеті*).
- attrition** [ə'trɪʃn] *n*: **war of** ~ әбден қажыту соғысы.
- atypical** [eɪ'tɪpɪkl] *adj* тән емес.
- aubergine** ['əʊbədʒɪ:n] *n* (*vegetable*) кәді; баялды; (*colour*) күлгін түсті.
- auburn** ['ɔ:bən] *adj* (*hair*) сұрғылт жи-рен.
- auction** ['ɔ:kʃn] *n* аукцион; ♦ *v* аукционнан сату; ~ **room** аукцион залы; ♦ *n* ~eer [ɔ:kʃə'niə] аукционист; жарыс саудашы.
- audacious** [ɔ:'deɪʃəs] *adj* (*behaviour*) әдепсіз; өрескел.
- audacity** [ɔ:'dæsəti] *n* әдепсіздік.
- audible** ['ɔ:dəbl] *adj* естілегін.
- audience** ['ɔ:diəns] *n* аудитория; халық; (*with queen*) аудиенция; ресми қабылдау.
- audio** ['ɔ:diəʊ] *n* аудио; ~ **typist** фономашинист; ~-**visual** (*materials, equipment*) аудио-визуалды; ~-**visual aids** техникалық оқу құралдары.
- audit** ['ɔ:dit] *v* (COMM) тексеріс жүргізу; ♦ *n* тексеріс; аудит; ~-**or** ['ɔ:ditə] тексеруші; аудитор.
- audition** [ɔ:'dɪʃn] *n* (*cinema, THEAT*) тыңдау; **to** ~ (**for**) тыңдаудан өту.
- auditorium** [ɔ:di'tɔ:piəm] *n* зал.
- augment** ['ɔ:gment] *v* (*income*) ұлғайту.
- augur** ['ɔ:gə] *v* алдын ала білдіру.
- August** ['ɔ:gəst] *n* тамыз; ♦ *adj* (*figure, building*) үлкен.
- aunt** [ɑ:nt] *n* тәте; туыс әпке.
- au pair** ['əʊ peə] *n* (**au pair girl**) отбасында балаға қараушы жас шетелдік.
- aura** ['ɔ:rə] *n* (*fig*) (*air*) бүркіт.
- auspice** ['ɔ:spɪs] *n* жақсылық нышаны; ~s қамқорлық; **under the ~s of** қамқорлығында; ♦ *adj* ~(e)ious [ɔ:'spɪʃəs] қолайлы.
- austere** [ɔ:stɪə] *adj* (*room*) суық; (*person, manner*) қатал; ♦ *n* ~(e)ity [ɔ:'sterət] (*simplicity*) қаталдық; (ECON) (*hardship*) айырылу.
- Australasia** [ɔstrə'leɪzə] *n* Австралия және Жаңа Зеландия; ♦ *adj* ~n [ɔstrə'leɪzən] австралиялық-азиаттық.
- Australia** [ɔstreɪliə] *n* Австралия; ♦ *adj* ~n [ɔ'streɪliən] австралиялық.
- Austria** ['ɔ:striə] *n* Австрия; ♦ *adj* ~n ['ɔ:striən] австриялық.
- authentic** [ɔ:'θentɪk] *adj* түпнұсқа; ♦ *v* ~ate [ɔ:'θentɪkeit] түпнұсқалығын дәлелдеу; ♦ *n* ~ity [ɔ:θen'tɪsəti] түпнұсқалық.
- author** ['ɔ:θə] *n* (*of text, plan*) автор; (*profession*) жазушы; ~**ship** ['ɔ:θəʃɪp] авторлық.
- authority** [ɔ:'θɔ:rəti] *n* (*power*) билік; (*government body*) басқарма; (*expert*) бедел; (*official permission*) өкілеттік; **the** ~(y)ies (*ruling body*)

AUTHORIZE

- билік басындағылар; **to have the ~ to do** өкілеттігі болу; ♦ *adj* **~(y)arian** [ɔ:'θɔ:ɡɪ'teəriən] (*attitudes, conduct*) авторитарлық; **~(y)ative** [ɔ:'θɔ:ɡɪtətɪv] беделді.
- authorize** [ɔ:'θɔ:ɡaɪz] *v* санкциялау; **to ~ sb to do** біреуге өкілеттілік ету; ♦ *adj* **~d** [ɔ:'θɔ:ɡaɪzd] өкілетті; **~d capital** (COMM) жарғылық капиталы; ♦ *n* **~(e)ation** [ɔ:'θɔ:ɡaɪ zeɪʃn] санкция; авторизация.
- autistic** [ɔ:'tɪstɪk] *adj* (*person*) аутизмнан зардап шегуші.
- auto** [ɔ:'təʊ] *n* (US) (*inf*) авто.
- autobiography** [ɔ:təʊbaɪ'ɔ:ɡrəfi] *n* өмірбаян; ♦ *adj* **~(y)ical** [ɔ:təʊbaɪə'græfɪkəl] өмірбаяндық.
- autocracy** [ɔ:'tɔ:kɹəsi] *n* автократия.
- autocratic** [ɔ:tə'krætɪk] *adj* автократтық.
- autocue** [ɔ:'təʊkjʊ:] *n* телесуфлёр.
- autograph** [ɔ:'tɔ:ɡrɑ:f] *n* қолтаңба; ♦ *v* қолтаңба беру (жазу).
- auto-immune** [ɔ:'təʊɪ'mju:n] *adj* аутоиммундық.
- automat** [ɔ:'tɔ:mæt] *n* (*vending machine*) автомат; ♦ *adj* **~ic** [ɔ:tə'mætɪk] автоматты; *n* (US) (*gun*) (өзі зарядталатын) пистолет; (*car*) жылдамдық автоматты түрде қосылатын автокөлік (*washing machine*) кір жуатын машина-автомат; ♦ *adv* **~ically** [ɔ:tə'mætɪkli] автоматты; ♦ *n* **~ion** [ɔ:'tə'meɪʃn] автоматизация.
- automate** [ɔ:'tɔ:meɪt] *v* автоматтандыру; ♦ *adj* **~d** [ɔ:'tɔ:mætɪd] автоматтандырылған.
- automaton** [ɔ:'tɔ:mətən] (*pl automata*) *n* автомат.
- automobile** [ɔ:'tɔ:məʊbi:l] *n* (US) автомобиль.
- autonomy** [ɔ:'tɔ:nəmi] *n* (*of organization, country*) автономия; дербестік;
- ♦ *adj* **~(y)ous** [ɔ:'tɔ:nəməs] (*region*) автономдық; (*person, organization*) дербес.
- autopsy** [ɔ:'tɔ:psɪ] *n* кесу (*mәйіттің*).
- autumn** [ɔ:'təm] *n* күз; **in ~** күзде; ♦ *adj* **~al** [ɔ:'tɔ:mənəl] күзгі.
- auxiliary** [ɔ:'gɔ:zɪliəri] *adj* қосымша; көмекші.
- avail** [ə'veɪl] *n* пайда; ♦ *v* пайдалы болу; **to ~ oneself of** пайдалану; ♦ *adj* **~able** [ə'veɪləbl] (*article, service*) қол жетімді; (*person, time*) бос; **every ~able means** барлық қол жетімді құралдар; **is the manager ~able?** меңгеруші бос па?; **to make sth ~able to sb** бірдеңені біреуге алуға мүмкіндік жасау; ♦ *n* **~ability** [ə'veɪlə'bɪləti] (*supply*) қолжетімділік.
- avalanche** [ɔ:'ævələ:ntʃ] *n* көшкін.
- avant-garde** [ɔ:vəŋ'gɑ:d] *adj* авангардтық.
- avarice** [ɔ:'ævərɪs] *n* ашқарақтық; ♦ *adj* **~(e)ious** [ɔ:və'ri:əs] ашқарақ.
- avenge** [ə'vendʒ] *v* өш алу.
- avenue** [ɔ:'ævənju:] *n* (*street*) көше; (*means, solution*) жол.
- average** [ɔ:'ævərɪdʒ] *n* орта; ♦ *adj* орташа; ♦ *v* орташаға қол жеткізу (қол жеткізу) орта есеппен құрастыру (құрастыру); **on ~** орташа алғанда; **above/below (the) ~** жоғары/төменгі орта деңгей; **to a ~ out at** орташаға теңелу.
- averse** [ə'vez:s] *adj* құлықсыз; **to be ~ to sth/doing** бірдеңеге қарсы болу; **I wouldn't be ~ to a drink** мен бірдеңе ішуге қарсы емеспін; ♦ *n* **~(e)ion** [ə'vez:ʃn] ұнатпау; **to have an ~ to sb/sth** біреуді/бірдеңені ұнатпау.
- avert** [ə'vez:t] *v* (*accident, war*) алдын алу; (*blow, eyes*) көзін әкету.
- aviary** [ɔ:'eɪvəri] *n* құстың торы; қау-мал.

aviation [eɪvɪ eɪʃn] *n* авиация.

avid ['ævɪd] *adj* (*supporter, viewer*)
ынтық; ♦ *adv* ~ly ['ævɪdli] ынтыға.

avocado [ævə'kɑ:dəʊ] *n* (BRIT) авокадо.

avoid [ə'vɔɪd] *v* қашу; құтылу; ♦ *adj*
~able [ə'vɔɪdəbl] (*death, accident*) алдын алатын; ♦ *n* ~ance [ə'vɔɪdəns] (*of tax, issue*) жалтарушылық.

avowed [ə'vaʊd] *adj* ашық.

avuncular [ə'vʌŋkjʊlə] *adj* (*expression, tone*) әкелік; (*person*) қамқор.

await [ə'weɪt] *v* күту; ~ing *delivery* (COMM) күтуде; long ~ed ұзақ күткен.

awake [ə'weɪk] (*pt awoke*) (*pp awoken/awaked*) *v* ояту; ояну; ♦ *adj* ояу; he is ~ ол ояу; to be ~ to (*dangers, possibilities*) түсіну; he was still ~ ол әлі ұйықтамаған; ♦ *n* ~ning [ə'weɪkənɪŋ] (*also fig*) ояну.

award [ə'wɔ:d] *n* сыйлық; (LAW) төлеу; ♦ *v* сыйлық беру; мадақтау; (LAW) беру.

aware [ə'weə] *adj* хабардар; білетін; to be ~ (of) (*realize*) түсіну; to become ~ of sth/that бірденені түсіну; politically ~ саяси түсінігі бар; I am fully ~ that мен оны толығымен түсінемін; ♦ *n* ~ness [ə'weənəs] ұғынушылық; to develop people's ~ness of қоғамдық түсінік қалыптастыру.

awash [ə'wɒʃ] *adj* су басқан; (*fig*) ~ with су алып кеткен.

away [ə'weɪ] *adv* (*movement*) жаққа; (*position*) алыста; (*far away*) алыс; (*in time*) the holidays are two weeks ~ демалысқа екі апта қалды; two kilometres ~ from the town қаладан екі шақырым; two hours ~ by car көлікпен екі сағаттық жер; he's ~ for a week ол бір аптаға жол жүріп кетті; he's ~ in Milan ол Миланға кет-

кен; to take ~ (from) (*remove*) алып кету; (*subtract*) тартып алу; he is working ~ ол жұмысын жалғастырды; to fade ~ (*colour*) өңі түсу; (*enthusiasm, light*) сөнуге; ~ game (*sport*) шығу ойыны.

awe [ɔ:] *n* қастерлеу.

awe-inspiring ['ɔ:ɪnspaɪrɪŋ] *adj* (*person, thing*) қастерлейтін.

awesome ['ɔ:səm] *adj* қастерлейтін.

awestruck ['ɔ:stɹʌk] *adj* қамтылған.

awful ['ɔ:fl] *adj* сұмдық; an ~ lot (of) өте көп; ♦ *adv* ~ly ['ɔ:fli] сұмдық.

awhile [ə'waɪl] *adv* аз уақытқа; wait ~ біраз күтіңіз.

awkward ['ɔ:kwəd] *adj* (*clumsy*) епсіз; (*inconvenient*) ыңғайсыз; (*embarrassing*) епсіз; ♦ *n* ~ness ['ɔ:kwəd-nəs] епсіздік; ыңғайсыздық.

awl [ɔ:l] *n* біз.

awning ['ɔ:nɪŋ] *n* (*of tent*) қалқа; (*of shop, hotel*) тент.

awry [ə'raɪ] *adv* (*crooked*) қисық; to go ~ (*plan*) шатасу.

axe [æks] (US) (ax) *n* балта; ♦ *v* (*employee*) жұмыстан шығару; (*project*) алып тастау; (*jobs*) қысқарту; to have an ~ to grind (*fig*) пайдақорлық ойы болу.

axiom ['æksɪəm] *n* аксиома; ♦ *adj* ~atic [ˌæksɪə'mætɪk] аксиомалық.

axis ['æksɪs] (*pl axes*) *n* белдік.

axle ['æksl] *n* (AUT) белдік.

aye [aɪ] *excl* иә!; құп!; ♦ *n* the ~s қолдап дауыс берушілер.

azalea [ə'zeɪlə] *n* азалия.

Azerbaijan [ɑ:zərbaɪ'dʒɑ:n] *n* әзербайжан; ♦ *adj* ~i [ɑ:zərbaɪ'dʒɑ:ni] (*person*) әзербайжандық.

Azores [ə'zɔ:z] *n* ~ Азор аралдары.

Aztec ['æztek] *n* ацтек; ♦ *adj* ацтектік; ~ civilization ацтектердің мәдениеті.

azure ['æzə] *adj* көкшіл.

B, b

B, b [bi:] *n* (letter) ағылшын әліпбиінің 2-ші әрпі; (school mark) жақсы; ~ road (BRIT) (AUT) тас жол (екінші категориялы); (MUS) си.

babble ['bæbl] *v* былдырлау; *a* ~ of voices у-шу.

babe [beɪb] *n* (inf) балақай.

baboon [bə'bu:n] *n* бабуин.

baby ['beɪbi] *n* бала; (US) (inf) балақай; ~ carriage (US) бесік; ~hood ['beɪbi-hud] нәрестелік шақ; ♦ *adj* ~ish ['beɪbiʃ] балалық.

baby-minder ['beɪbi maɪndə] *n* (BRIT) бала күтуші (балаларға өз үйінде қарайтын).

baby-sit ['beɪbisɪt] *v* бала күту; ♦ *n* ~ter ['beɪbisɪtə] келіп кететін бала күтуші.

bachelor ['bætʃələ] *n* бойдақ; бакалавр; ~ of Science degree жаратылыс ғылымдарының бакалавры дәрежесі; ~ party (US) бойдақ жігіттер отырысы; ~ of Law заңтану бакалавры; ~ of Letters әдебиеттану бакалавры; ~ of Literature әдебиеттану бакалавры.

bachelorhood ['bætʃələhʊd] *n* бойдақтық шақ.

back ['bæk] *n* (of person, animal, chair) арқа; the ~ of the hand алақанның сыртқы жағы; he has his ~ to the wall (fig) ол тығырыққа тірелді; (of house, car) артқы жағы; (of page) екінші жағы; (back cover) (of book) теріс жағы; ~ to front алдын артына қаратып; to break the ~ of a job (BRIT) жұмыстың негізгі бөлігін істеу; at the ~ (of crowd) артқы қатарда; (of book) аяғында; (football) қорғаушы; ~ pay өткен күнмен төлеу; ♦ *v* (candidate) қолдау көрсету; (financially)

(person) қаржыландыру; қаржылай көмек көрсету; (horse) ұтыс тігу; he ~ed the car into the garage ол кері жүріп машинаны гаражға қойды; (car) кері жүру; ~ down кері шегіну; ~ on to the house ~s on to a park үйдің артында саябақ бар; ~ out (of promise) бұзу; ~ up (person, theory) қолдау; (COMPUT) резервтеу; ♦ *adv* (not forward) кері; he ran ~ ол артқа жүгірді; (returned) he's ~ ол қайтып келді; when will you be ~? сіз қашан қайтасыз?; (restitution) to throw the ball ~ допты кері лақтыру; can I have the pen ~? қаламымды қайтарып беріңізші; (again) to call ~ (TEL) қайтадан қоңырау соғу; (visit again) қайтадан соғу; (payment) кейіннен; (AUT) (seat, wheels) артқы; (room, garden) ішкі; to take a ~ seat (fig) тек сыртынан бақылау.

backache ['bækeɪk] *n* шаншу; белі ауыру.

backbencher [ˌbæk'bentʃə] *n* (BRIT) кейінгі қатарда отырушы.

backbiting ['bækbɪtɪŋ] *n* ғайбат.

backbone ['bækbəʊn] *n* омыртқа желісі; he's the ~ of the organization ол – бүкіл ұжымның ұйтқысы.

backchat ['bæktʃæt] *n* (BRIT) (inf) қасарыспалық.

backcloth ['bæk kləθ] *n* (BRIT) (THEAT) декорация.

backcomb ['bækkəʊm] *v* (BRIT) түтіп тарау.

backdate [ˌbæk'deɪt] *v* (pay rise) кейінірек өткізу; (letter) өткен күнмен белгілеу; ~d pay rise (of 20%) жалақыны (20%-ға) өткен күнмен өсіру.

- backer** ['bækə] *n* (COMM) қаржыландырушы.
- backfire** ['bækfaɪə] *v* (AUT) от алу; тұтану; **his plan ~d** оның жоспары өзіне қарсы бағытталды.
- backgammon** ['bækgæmən] *n* триктрак.
- background** ['bækgraʊnd] *n* (of picture) (COMPUT) фон; (of events) бұрынғы жайт; (experience) тәжірибе; (noise, music) бөтен; **he's from a working class ~** ол – жұмысшылар отбасынан; **against a ~ of** фонында; **~ reading (on)** қосымша оқу.
- backhand** ['bækhænd] *n* (tennis) сол жақтан соққы.
- backhanded** ['bækhændɪd] *adj* (fig) екі ұшты.
- backhander** ['bæk'hændə] *n* (BRIT) (inf) пара.
- backing** ['bækɪŋ] *n* (support) қолдау; (COMM) қаржыландыру; (MUS) сүйемелдеушілік.
- back issue** *n* ескі нөмір.
- backlash** ['bæklæʃ] *n* (fig) кері реакция.
- backlog** ['bæklɒg] *n* ~ of work жасалмаған жұмыс.
- backpack** ['bækpræk] *n* арқа қоржын; **~er** ['bækprækə] арқа қоржынмен саяхатқа шыққан адам.
- backpedal** [bæk'pedl] *v* (fig) кері тарту.
- backseat** [bæksi:t] *n* артқы орын; **~ driver жүргізушіге кеңес бергіш жолаушы.**
- backside** ['bæksaɪd] *n* (inf) артқы жақ.
- backslash** ['bækslæʃ] *n* сол жаққа қарай қисық сызық.
- backslide** ['bækslaɪd] *v* ескі әніне басу.
- backspace** ['bækspeɪs] *v* бір позицияға оралу.
- backstage** [bæk'steɪdʒ] *adv* сахна артында.
- backstreet** ['bækstri:t] *n* шет; жасырын; **~ abortionist жасырын түсік жасайтын адам.**
- backstroke** ['bækstrəʊk] *n* арқамен жүзу; **to do the ~** арқамен жүзу.
- backtrack** ['bæktræk] *v* (fig) кері тарту.
- backup** ['bækʌp] *adj* (train, plane) қосымша; (COMPUT) резервті; ♦ *n* (support) қолдау; **~ disk** иілгіш дисктің көшірмесі.
- backward** ['bækwəd] *adj* (movement) кері; (person, country) артта қалған; ♦ *adj* ~s ['bækwədz] *adv* кері; (in reverse order) керісінше; (fall) шалқасынан; **to know sth ~ and forwards** бірдеңені басынан аяғына дейін білу; **to walk ~** кері шегіну.
- backwater** ['bækwɔ:tə] *n* (fig) сазбатпақ.
- backyard** [bæk'jɑ:d] *n* (of house) артқы аула.
- bacon** ['beɪkən] *n* бекон.
- bacteria** [bæk'tɪəriə] *n* бактерия.
- bacteriology** [bæktɪəri'ɒlədʒi] *n* бактериология.
- bad** [bæd] *adj* жаман; (mistake) үлкен; (injury, crash) ауыр; (food) иістенген; **his ~ leg** оның жарақаттанған аяғы; **to go ~(food)** иістену; бұзылу; (milk) ашу; **she's having a ~ time of it** ол басынан ауыр кезең өткеруде; **I feel ~ about it** мен өзімді кінәлі сезінемін; **in ~ faith** шын жүректен емес; **~ debt** есептен шығарылған қарыз (қарыздардың төлеуге шамасы жоқ жағдайда); **~-mannered** әдепсіз; **~tempered (by nature)** ашуланшак; (on one occasion) ашулы; ♦ *adv* ~ly ['bædli] жаман; **~ly wounded** ауыр жарақат алған; **he needs it ~ly** бұл оған аса қажет; ♦ *n* ~dy ['bæ-

- di] (*inf*) жағымсыз кейіпкер (*book, film*).
- badge** [bædz] *n* белгі; (*of policeman*) қаңылтыр белгі; (*sew-on*) жапсырма; (*fig*) нышан.
- badger** ['bædzə] *n* борсық; ♦ *v* мазақ ету.
- baffle** ['bæfl] *v* қайран қалдыру; ♦ *adj* ~(*e*)*ing* ['bæflɪŋ] таңғаларлық; I find his behaviour ~ оның мінез-құлқы мені қайран қалдырады.
- badminton** ['bædmɪntən] *n* бадминтон.
- bag** [bæg] *n* сөмке (*paper, plastic*) қап; (*handbag*) қол сөмке; (*satchel*) арқаға асатын сөмке; (*case*) портфель; (*of hunter*) аңшылық қоржын; (*pej*)(*woman*) мыстан; ~*s of* (*inf*) есепсіз көп; to pack one's ~*s* шабадан жинау; ~*s under the eyes* көздің асты күлдіреу; ~ *lady* (*US*) үй-жайы жоқ қаңғыбас; ~*-snatcher* (*BRIT*) сөмке ұрлайтын ұрлықшы; ♦ *adj* ~*ful* ['bægful] (*of flour*) қап (толы); (*of shopping*) сөмке толы.
- baggage** ['bæɡɪdʒ] *n* (*US*) жүк; ~ *car* (*US*) жүк тиейтін вагон; ~ *claim* (*US*) жүк қайтару.
- baggy** ['bæɡi] *adj* қолпылдаған.
- Baghdad** [bæɡ dæd] *n* Бағдад.
- Bahamas** [bə'hɑ:məz] *n* Багам; the ~ Багам аралдары.
- Baikal** [ba'ka:l] *n* Байкал; Lake ~ Байкал.
- bail** [beɪl] *n* (*payment*) кепілдік; ♦ *v* кепілдікке босату; he was released on ~ ол кепілдікке босатылған; ~ out (*LAW*) кепілдікке ақша төлеу; (*boat*) суды сарқып алу; (*firm, friend*) құтқару; парашютпен секіру.
- bailiff** ['beɪlɪf] *n* (*LAW*) (*BRIT*) сот үкімін орындаушы; (*US*) шериф көмекшісі; (*BRIT*) (*of estate*) үй-жай басқарушысы.
- bait** [beɪt] *n* (*for fish*) жемтік; (*for animal, criminal*) тұзақ; ♦ *v* (*hook, trap*) жемтік шаншу; (*person*) мазақтау.
- baize** [beɪz] *n* (жасыл) шұға.
- bake** [beɪk] *v* (пешке) пісіру; (*clay*) күйдіру; (*bread*) пісу; (*make cakes*) бәліш пісіру; ♦ *adj* ~*d* [beɪkt] пісірілген; ~*d beans* консервіленген үрме бұршақ; ~(*e*)*ing* ['beɪkɪŋ] пісіруші; пісіретін; she does her ~(*e*)*ing* once a week ол аптасына бір рет пешке пісіреді; ~(*e*)*ing powder* жұмсартқыш ұнтақ; ~(*e*)*ing tin* (*for cake, meat*) қалып; ~(*e*)*ing tray* қаңылтыр таба; it's ~(*e*)*ing* hot today бүгін күйіп тұр; ♦ *n* ~*r* ['beɪkə] наубайшы; the ~*s* нан дүкені; ~*s dozen* сайтан алғыр он үш; ~*ry* ['beɪkəri] (*factory*) наубайхана; (*shop*) нан дүкені.
- Baku** ['bæku:] *n* Баку.
- balaclava** [bælə'klɑ:və] *n* дулығаның астынан киетін жұмсақ телпек; ~ *helmet* тоқылған шлем.
- balance** ['bæləns] *n* (*equilibrium*) тепе-теңдік; (*COMM*) (*in account*) баланс; (*remainder*) қалдық; (*scales*) таразы; ~ *sheet* құрама баланс; ♦ *v* (*budget, account*) теңгеру; (*make equal*) тең ұстау; on ~ ақыл таразысына салып; ~ *of trade* сауда балансы; ~*carried forward* көшірілетін баланс; көшірілген қалдық; ~ *brought forward* көшірілген; to ~ the books кітаптарды теңгеру; to ~ the pros and cons ұтымды жақтарымен кемшіліктерін ақыл таразысына салу; ♦ *adj* ~*d* ['bælənst] тепе-тең; (*report*) ақылға сыятын; (*diet*) үйлесімді; (*personality*) салмақты.
- balcony** ['bælkəni] *n* балкон.
- bald** [bɔ:ld] *adj* (*head*) қасқа; (*tyre*) қажалған; (*statement*) тура; ♦ *n* ~*ness* [bɔ:ldnəs] бастың қасқалығы.

- bale** [beɪl] *n* (of hay) тең; (of papers) бума.
- Balearic** [bæli ærik] *n* Балер; the ~ Islands Балер аралдары.
- baleful** ['beɪfl] *adj* (glance) қаһарлы.
- balk** ['bɔ:k] *v* елемей; назар аудармау; he ~ed at the idea ол бұл идеяны елемеді; (*subj*) (horse): to ~ (at) бас тарту.
- Balkan** ['bɔlkən] *n* Балкан; the ~s Балқан.
- ball** [bɔ:l] *n* (for football, tennis, golf) доп; (of wool, string) шумақ; (dance) бал; to set the ~ rolling (*fig*) істі бастап жіберу; to play ~ (with sb) (*fig*) (біреуді) қоштау; to be on the ~ (*fig*) бәрінен хабардар болу; the ~ is in their court (*fig*) енді олардың кезегі.
- ballad** ['bæləd] *n* баллада.
- ballast** ['bæləst] *n* балласт.
- ballcock** ['bɔ:lkɔk] *n* шар тәрізді клапан.
- ballerina** [bælə'ri:nə] *n* балерина.
- ballet** ['bæleɪ] *n* балет; ~ dancer балет бишісі.
- ballistic** [bə'listɪk] *adj* баллистикалық; ~ missile баллистикалық снаряд; ♦ *n* ~s [bə'listɪks] баллистика.
- balloon** [bə'lu:n] *n* әуешары; hot air ~ аэростат; (in comic strip) комикс кейіпкерлерінің сөздері жазылатын шар тәріздес пішін; ~ist [bə'lu:nɪst] аспанкез.
- ballot** ['bælət] *n* дауыс беру; дауысқа салу; ~ box сайлау жәшігі; ~ paper сайлау бюллетені.
- ballpark** ['bɔlpa:k] *n* (US) бейсбол алаңы; ~ figure (*inf*) шамалап есептеу.
- ballpoint** ['bɔ:lpɔɪnt] *n* шарикті қалам.
- ballroom** ['bɔ:lru:m] *n* бал залы.
- balls** [bɔ:lz] *adj* (nonsense) түкке тұрғысыз.
- balm** [bɑ:m] *n* бальзам; дауа; шипа; ♦ *adj* ~y ['bɑ:mi] *adj* (breeze) жұмсақ; хош иісті; (*day*) жылы.
- balsam** ['bɔ:lsəm] *n* бальзам.
- balsa** ['bɔ:lsə] *n* бальза ағашы.
- Baltic** ['bɔ:ltɪk] *n* Балтық теңізі; ♦ *adj* the ~ States Балтық жағалауы елдері.
- balustrade** [bælə'streɪd] *n* балюстрада.
- bamboo** [bæm'bu:] *n* бамбук.
- bamboozle** [bæm'bu:zl] *v* (*inf*) ақымақ қылу.
- ban** [bæn] *v* (prohibit) тыйым салу; (suspend, exclude) шеттету; ♦ *n* (prohibition) тыйым; (suspension) ~ from шеттету; he was ~ned from driving (BRIT) ол жүргізуші куәлігінен айырылды.
- banal** [bə'na:l] *adj* (remark, idea) нәрсіз.
- banana** [bə'na:nə] *n* банан.
- band** [bænd] *n* (group) (of people, rock musicians) топ; (of jazz, military musicians) оркестр; (strip)(of light, colour) жолақ; (of cloth) лента; (range) диапазон; ♦ *v* бірігу.
- bandage** ['bændɪdʒ] *n* таңғыш; ♦ *v* (wound, leg) таңу; (person) байлау.
- bandaid** ['bænded] *n* (US) жабысқақ пластырь.
- bandit** ['bændɪt] *n* қарақшы.
- bandstand** ['bændstænd] *n* эстрада.
- bandwagon** ['bændwæɡən] *n* көпшілік қозғалысы; to jump on the ~ жеңімпаз жағына шығып кету/жаңа ағымға қосылып кету.
- bandy** ['bændi] *v* (jokes, ideas) бір-біріне айту; ~ about жөнінде қайта-қайта айту; ~-legged (person) талтақ.
- bane** [beɪn] *n* қасірет; it is the ~ of my life бұл менің өмірімнің қасіреті.
- bang** [bæŋ] *n* тарсыл; (explosion) атыс; (blow) соққы; ♦ *excl* тарс; ♦ *v* (door) тарс ете түсу; (one's head) соғып

- алу; (*door*) тарс жабылу; (*fireworks*) тарсылдау; ♦ *adv* ~ **on time** (*BRIT*) (*inf*) дәл уақытында; **to** ~ **at the door** есікті тарсылдату; **to** ~ **into sth** бірдеңеге соқтығып қалу; ♦ *n* ~**er** ['bæŋə] (*BRIT*) (*inf*) ескі кәлік; (*sausage*) сосиска; (*firework*) сакпан.
- Bangkok** [bæŋ'kɔk] *n* Бангкок.
- Bangladesh** [bæŋglə deʃ] *n* Бангладеш; ♦ *adj* ~**i** [bæŋglə deʃi] (*person*) бангладештік.
- bangle** ['bæŋgl] *n* білезік.
- bangs** ['bæŋz] *n* (*US*) кекіл.
- banish** ['bæniʃ] *v* қуу.
- banister** ['bænistə] *n* қанат.
- banjo** ['bændzəʊ] (*pl* **banjoes/banjos**) *n* банджо.
- bank** [bæŋk] *n* банк; (*of river, lake*) жаға; (*of earth*) үйінді; (*of switches*) панель; ♦ *v* (*AVIAT*) қисаю; (*COMM*) **they** ~ **with Pitt's** олар ақшасын Питт банкісінде сақтайды; ~ **rate** банктің есептеу мөлшерлемесі; ~ **on fus** сену; ~ **account** банк шоты; ~ **balance** банк шотындағы ақша көлемі; ~ **card** банк карточкасы; ~ **charges** (*BRIT*) банк қызметі үшін алынатын ақы; ~ **draft** банк траттасы; ~ **loan** банктан алынатын қарыз; ~ **manager** банк бастығы; ~ **statement** банк шотының көшірмесі; ~ **holiday** (*BRIT*) демалыс күні (*әдетте дүйсенбі*); ♦ *n* ~**er** ['bæŋkə] *n* банкир; (*BRIT*) **bank card**; ~**er's order** (*BRIT*) банк тапсырысы; ~**ing** [bæŋkiŋ] *n* банк ісі; ~**ing hours** банктің жұмыс уақыты.
- banknote** ['bæŋknəʊt] *n* банкнот.
- bankroll** ['bæŋkrɔl] *v* ақшамен қамтамасыз ету; ♦ *n* (*esp US*) қаржылық қор.
- bankrupt** ['bæŋkrɔpt] *adj* банкроттық; ♦ *n* банкрот; **to go** ~ банкроттану; **I am** ~ мен банкротпын; ~**cy** [ˈbæŋkrɔptsi] (*COMM*) банкроттық; қарызға белшесінен бату.
- banner** ['bænə] *n* транспарант; ~ **headline** (*newspaper*) тақырыпша.
- banns** [bænz] *n* шіркеуде некеге тұргандардың аттарын жариялау.
- banquet** ['bæŋkwit] *n* банкет.
- bantamweight** ['bæntəmweɪt] *n* (*boxing*) жеңіл салмақты боксшы.
- banter** ['bæntə] *v* қалжыңдау.
- baptism** ['bæptɪzəm] *n* шоқындыру.
- baptist** ['bæptɪst] *n* баптист.
- baptize** [bæp'taɪz] *v* шоқындыру.
- bar** [ba:] *n* (*pub*) бар; (*counter*) үлдірік; (*rod*) шыбық; (*cake*) (*of soap*) кесек; (*of chocolate*) тақта; (*obstacle*) бөгет; (*prohibition*) тыйым; (*MUS*) такт; ~ **chart** гистограмма; ~ **code** код-сызықша; ♦ *v* (*door, way*) кесе-көлденең тұру; (*road*) бөгет болу; (*person*) кіргізбеу; (*activity*) тыйым салу; ~ **stool** бардың қасындағы биік орындық; ~**s** (*on window*) тор; **behind** ~**s** абақтыда; **the** ~ адвокатура; ~ **none** бірі қалмай.
- barbaric** [ba:'bæɪk] *adj* тағы; жабайы.
- barbarous** ['ba:bərəs] *adj* тағы.
- barbecue** ['ba:bɪkjʊ:] *n* барбекю.
- barber** ['ba:bə] *n* шаштараз.
- barbiturate** [ba:'bɪtʃʊrət] *n* барбитурат.
- Barcelona** [ba:'sɪ'ləʊnə] *n* Барселона.
- bare** [beə] *adj* (*body*) жалаңаш; (*trees*) жалаңаштанған; ♦ *v* (*one's body*) жалаңаштау; (*teeth*) ақситу; **in/with** ~ **feet** жалаңаяқ; **the** ~ **essentials** аса қажеті заттар; ~ **minimum** тек минимум; **to** ~ **one's soul** сырын ашу.
- bareback** ['beəbæk] *adv* ер тоқымсыз.
- barefaced** [ˌbeə'feɪst] *adj* беті ашылған; ұятсыз.
- barefoot** ['beəfʊt] *adj* жалаңаяқ; ♦ *adv* жалаңаяқпен.
- bareheaded** [beə'hedɪd] *adj* жалаңбас.

barely ['beəli] *adv* әрең.

Barents ['berənts si:] *n* Баренц; **the ~ Sea** Баренц теңізі.

bargain ['bɑ:ɡɪn] *n* келісім; (*good buy*) пайдалы сатып алу; ♦ *v* (біреумен) саудаласу; **into the ~ соған қоса**; **he got more than he ~ed for** ол күткенінен көбірек алды; ♦ *n* ~ing ['bɑ:ɡɪnɪŋ] саудаласу; ~ing position келісім шарттарымен талаптары басталатын позиция.

barge [bɑ:dʒ] *n* баржа; ♦ *v* (*enter*) басып кіру; (*interrupt*) кірігу; ~ **into fus** (*person*) соқтығысып қалу.

bargepole ['bɑ:dʒpəʊl] *n* баржаны итеретін таяқ; **I wouldn't touch him with a ~** мен бұның маңына да жоламаймын.

baritone ['bæritəʊn] *n* баритон.

barium [beəriəm mi:l] *n* (*CHEM*) барий; ~ **meal** барий микстурасы.

bark [bɑ:k] *n* (*of tree*) қабық; ♦ *v* (*dog*) ұру; **she's ~ing up the wrong tree** ол керек адаммен сөйлесіп тұрған жоқ.

barley ['bɑ:li] *n* арпа; ~ **sugar** мұз кәмпит.

barmaid ['bɑ:meɪd] *n* буфетші әйел.

barman ['bɑ:mən] *n* бармен.

barmy ['bɑ:mi] *adj* (*BRIT*) (*inf*) (*person*) жынды; (*idea*) қисынсыз.

barn [bɑ:n] *n* қамба; ~ **owl** *n* жапалақтың бір түрі.

barnacle ['bɑ:nəkl] *n* моллюск.

barometer [bə rəmitə] *n* барометр.

baron ['bærən] *n* барон; (*of press, industry*) алпауыт; ~**ess** ['bærənəs] баронесса; ~**et** ['bærənɪt] баронет.

barracking ['bærəkiŋ] *n* жаратпаушылық; қолдамаушылық.

barracks ['bærəks] *n* (*MIL*) казарма.

barrage ['bærɑ:ʒ] *n* (*MIL*) бөгеуші от; (*dam*) бөгет; (*fig*) лек-лек.

barrel ['bærəl] *n* (*of wine, beer*) бөшке; (*of oil*) баррель; (*of gun*) оқпан;

ұңғы; ~ **organ** шарманка; *арқаға асып жүретін музыкалық қобдиша.*

barren ['bærən] *adj* (*land*) өнімсіз.

barricade [bæri'keɪd] *n* бөгет; ♦ *v* бөгеттеу; **to ~ oneself in** бөгет болу.

barrier ['bæriə] *n* (*at entrance*) барьер; (*at frontier*) шлагбаум; (*BRIT*) **crash ~ жолда және тас жолдағы қорғаныс бөгеті**; (*fig*) (*to progress*) кедергі; бөгет; ~ **cream** (*BRIT*) қорғаныс кремі.

barring ['bɑ:riŋ] *prep* қоспағанда.

barrister ['bæristə] *n* (*BRIT*) адвокат.

barrow ['bærgəʊ] *n* төбе; оба; **wheel ~ арба**; (*cart*) екі доңғалақты арба.

base [beɪs] *n* негіз; (*of monument*) іргетас; (*of make up*) негізі; (*MIL*) база; (*for organization*) орналасқан жері;

♦ *adj* төмен; ♦ *v* (*opinion, belief*) негізін қалау; **to be ~d at** негізделу; **the film is ~d on the book** фильм кітап негізінде түсірілді; **I'm ~d in London for now** мен қазір Лондондамын; **a Paris-based firm** Париждік фирма; **computer~d teaching** компьютер көмегімен оқыту; ~ **camp** негізгі лагерь; ~ **rate** тарифті ставка.

baseball ['beɪsbɔ:l] *n* бейсбол.

baseboard ['beɪsbɔ:d] *n* (*US*) ернеулік.

baseline ['beɪsləɪn] *n* (*sport*) беру линиясы; (*starting point*) бастапқы ерекшелік.

basement ['beɪsmənt] *n* жертөле.

bash [bæʃ] *v* тоқпақтау; **I'll have a ~ (at it)**; (*BRIT*) мен тырысып көрейін; ~ **up** (*car*) соғу; (*BRIT*) (*person*) ұру.

bashful ['bæʃfl] *adj* ұялшақ.

basic ['beɪsɪk] *adj* (*fundamental*) негізгі; (*elementary*) бастапқы; (*primitive*) оңай; (*COMPUT*) бағдарламау тілі; ~ **rate** негізгі ставка; **the ~s** негіздер; ♦ *adv* ~**ally** ['beɪsɪklɪ] айтарлықтай; (*on the whole*) негізінен.

basil ['bæzl] *n* райхан.

- basin** ['beɪsn] *n* шылапшын; (*BRIT*) (*for food*) тегене; **wash~** қолжуғыш; (*GEO*) бассейн; хауыз.
- basis** ['beɪsɪs] (*pl* *bases*) *n* негіз; **on a part-time ~** жарты ставкада; **on a trial ~** сынау мерзімі; **on the ~ of what you've said** сіздің айтқаныңыз бойынша.
- bask** [bɑːsk] *v* қыздырыну; жылыну; **to ~ in the sun** күншуақтау.
- basket** ['bɑːskɪt] *n* себет.
- basketball** ['bɑːskɪtbɔːl] *n* баскетбол; ~ **player** баскетболист.
- Basque** [bæsk] *adj* басктық; ♦ *n* баск.
- bass** ['beɪs] *n* (*fish*) алабұға; (*MUS*) бас (*жуан дауыс*); ~ **clef** бас кілті.
- bassoon** [bə suːn] *n* (*MUS*) фагот (*үрлемелі музыкалық аспап*).
- bastard** ['bɑːstəd] *n* некесіз бала; бейшара.
- baste** [beɪst] *v* (*CULIN*) шырын немесе майды шашырату; көктеп тігу.
- bastion** ['bæstɪən] *n* (*fig*) тірек.
- bat** [bæt] *n* (*ZOOL*) жарғанат; (*SPORT*) сақа; (*BRIT*)(*table tennis*) ракетка; ♦ *v* көзді жыпылықтату; кірпік қағу; **he didn't ~ an eyelid** ол кірпік қақпады; **off one's own ~** өз бастамасы бойынша.
- batch** [bætʃ] *v* топтастыру; біріктіру; ♦ *n* (*of papers*) буда; (*of applicants, goods*) партия; ~ **processing** (*COMPUT*) өңдеу (*мәліметтер*).
- bated** ['bæɪtɪd] *adj* жасырын; іште сақталған; **with ~ breath** демін ішіне тарта.
- bath** [bɑːθ] *n* ванна; ♦ *v* шомылдыру; **to have a ~** ваннаға түсу; ~ **mat** ванна кілемшесі; ~ **towel** монша орамалы; ~**er** ['beɪðə] суға түсуші; ♦ *adv* ~**ing** ['bɑːθɪŋ] шомылуға арналған; ~**ing cap** шомылу бас киімі; ~**ing costume**; ♦ *n* ~**s** [bɑːðz] бассейн; **swimming ~s** жүзу бассейні; ♦ *v* ~**e** [beɪð] (*swim*) жүзу; (*wound*) жуу.
- bathrobe** ['bɑːθrəʊb] *n* шомылу халаты.
- bathroom** ['bɑːθruːm] *n* ванна.
- bathtub** ['bɑːθtʌb] *n* ванна.
- batman** ['bætɪmən] *n* (*BRIT*) қосшы.
- baton** ['bætən] *n* (*MUS*) дирижёр таяқшасы; (*athletics*) эстафета таяқшасы; (*police*) жуан таяқ.
- battalion** [bə'tæljən] *n* батальон.
- batten** ['bætɪn] *n* (*carpentry*) білте тақтайша; (*NAUT*) дінгек; келтек; ♦ *v* май басу; семіру; ~ **down** қатты етіп жауып тастау; (*NAUT*) **to ~ down the hatches** люкты қайыру.
- batter** ['bætə] *v* (*child, wife*) ұру; (*subj*) (*wind, rain*) ұрғылау; ♦ *n* (*CULIN*) сұйық қамыр; ♦ *adj* ~**ed** ['bætəd] (*hat*) мыжылған; (*pan*) қайқиған; ~ **wife** соққыға жығылатын әйел; ~**ing ram** таран.
- battery** ['bætri] *n* (*of torch*) батарея; (*AUT*) аккумулятор; (*of tests, reporters*) қатар; ~ **charger** қуаттау құрылғысы; ~ **farm** құс фабрикасы; ~ **hens** инкубатор тауықтар.
- battle** ['bætl] *n* ұрыс; ♦ *v* күресу; шайқасу; **we're fighting a losing ~** (*fig*) біз тектен-тек күресудеміз; ~ **dress** жорық киімі.
- battlefield** ['bætlfiːld] *n* шайқас алаңы.
- battlements** ['bætlmənts] *n* ұрыс кезіндегі қабырға.
- battleship** ['bætlʃɪp] *n* әскери кеме.
- batty** ['bæti] *adj* (*inf*) жынданған.
- bauble** ['bɔːbl] *n* алқа.
- baud** [bɔːd] *n* (*COMPUT*) бод; *байланыс желісі бойынша ақпарат тарту жылдамдығын өлшеу бірлігі*; ~ **rate** (*COMPUT*) беру жылдамдығы.
- bauxite** ['bɔːksaɪt] *n* боксит.

Bavaria [bə'veəriə] *n* Бавария; ♦ *adj* ~*n* [bə'veəriən] баварлық.

bawdy ['bɔ:di] *adj* (*joke, song*) әдепсіз.

bawl [bɔ:l] *v* айкайлау.

bay I [beɪ] *n* шығанақ; (*smaller*) айлақ; мүйіс; (*horse*) торы ат; **parking** ~ (*BRIT*) автокөлікті қою орны; **loading** ~ жүк тиеу алаңы; **to hold sb at** ~ біреуді қашықтықта ұстау.

bay II *n* лавр; ~ **leaf** лавр жапырағы; ~ **tree** лавр ағашы.

bayonet ['beɪənət] *n* найза.

bazaar [bə'zɑ:] *n* (*market*) базар; (*fete*) қайырымдылық базары.

bazooka [bə'zu:kə] *n* базука; граната атқыш.

be [bi] (*am, is are*) (*pt was, were*) (*pp been*) *aux v* болу; бар; ~ **careful!** абай болыңыз!; ~ **quiet!** тыныш!; (*in present tense*) **I am tired** мен шаршадым; **he/she is English** ол ағылшындық; **we/you/they are late** біз/сіз/сіздер/олар кешігуде; (*forming continuous tenses with present participle*) **what are you doing?** сіз не істеп отырсыз?; **it is raining** жаңбыр жауып тұр; **they're working tomorrow** олар ертең жұмыс істейді; **the house is being built** үй салынып жатыр; **I've been waiting for you for ages** мен сізді күткеніме көп болды; (*with pp*) (*forming passives*) **he was deceived** ол алданып қалды; **the box had been opened** жәшік ашылды; **the thief was nowhere to be seen** ұры еш жерден көрінбеді; (*in tag questions*) солай емес пе; **she's back again, is she?** ол келді ме?; **she is pretty, isn't she?** ол әдемі ғой; солай ма?; (*complement*) (*in past*) болу; **I was cold** маған суық болды; **he was a doctor** ол дәрігер болған; **it was very windy yesterday** кеше желді болды; (*in future tense*) **it will be sunny tomorrow** ертең күн жылы бо-

лады; **she is going to be very tall** ол өте биік болады; **he is going to be an actor** ол әртіс болады; (*of health*) **how are you feeling?** сіз өзіңізді қалай сезінесіз?; **he's very ill** ол қатты науқас; **I'm better now** мен тәуірмін; (*of age*) **how old are you?** сіз неше-десіз?; **I'm sixteen (years old)** мен он алтыдамын; **I was only 5 (years old) then** мен ол кезде 5 те едім; (*cost*) **how much is the wine?** шарап қанша тұрады?; **that'll be £5.75; please** сізден £5.75.; (*exist*) болу; **there is one drug that** оған бір дәрі бар; (*occur*) болу; **there are frequent accidents on this road** бұл жолда апат жиі болады; (*referring to place*) **I won't be here tomorrow** мен ертең болмаймын; **the book is on the table** кітап үстелдің үстінде; **there are pictures on the wall** қабырғада суреттер бар; **there is someone in the house** үйде біреу бар; **we've been here for ages** біз бұл жерде бұрыннан бері тұрамыз; (*referring to movement*) болу; **where have you been?** сіз қайда болдыңыз?; **I've been to the post office** мен поштада болдым; *impers v* (*referring to time*) **it is five o'clock now** қазір бес; **it is the 28th of April today** бүгін 28-інші сәуір; (*referring to distance, weather*) (*in present tense*) **it's 10 km to the village** ауылға дейін 10 шақырым; - (*emphatic*) **it is me postman** бұл мен хат тасушымын; **it was Maria who paid the bill** шотты төлеген Мария болатын.

beach [bi:tʃ] *n* (*stony*) теңіз жағалауы; (*sandy*) жағажай; ♦ *v* (*boat*) жағаға шығару; ~ **buggy** жағажай көлігі.

beachcomber ['bi:tʃkəʊmə] *n* шыбыртқы.

beachwear ['bi:tʃweə] *n* жағажай киімі.

- beacon** ['bi:kən] *n* (*lighthouse*) шамшырақ; (*marker*) сигнал шамы; **radio** ~ радиомаяк.
- bead** [bi:d] *n* моншақ; (*of sweat*) тамшы; ~s (*necklace*) алқа; ♦ *adj* ~y ['bi:di] ~y **eyes** моншақ көз.
- beagle** ['bi:gl] *n* жегетін (ит).
- beak** [bi:k] *n* тұмсық.
- beaker** ['bi:kə] *n* (*cup*) өлшейтін стакан.
- beam** [bi:m] *n* (*ARCHIT*) бөрене; (*of light*) сәуле; (*radio*) радиосигнал; ♦ *v* (*smile*) күлімсіреу; (*signal*) беру; **to drive on full** ~ алысқа түсетін фарды жағып жүргізу; ♦ *adj* ~ing ['bi:miŋ] күлімсіреген.
- bean** [bi:n] *n* боб; **French** ~ бұршақ; **runner** ~ фасоль; **coffee** ~ кофе түйіршегі.
- beanpole** ['bi:nprəʊl] *n* мұнара (өрт бақылап тұратын); (*fig*) бойы ұзын адам.
- beansprouts** ['bi:nsprauts] *n* бұршақтың домалауы.
- bear** [beə] (*pt bore*) (*pp borne*) *n* аю; (*stock exchange*) (курстың төмендеуінен пайда табатын адам); ♦ *v* (*responsibility, cost*) алып жүру; (*weight*) өлшеу; (*examination, scrutiny*) шыдау; (*situation, person*) төзу; (*traces, signs*) өзімен алып жүру; (*children*) туу; (*fruit*) әкелу; (*COMM*) **to ~ interest** пайыз әкелу; **to ~ right/left** (*AUT*) оң/сол жақ қиылысты ұстау; **to ~ the responsibility of** жауапты болу; **to ~ comparison with** салыстыру; **I can't ~ him** оны жек көремін; **the road ~s to the right/left** жол оңға/солға қарай; **to bring pressure to ~ on sb** біреуге қысым көрсету; ~ **out** қолдау; ~ **up** ұстау; **he ~s up well** ол өзін жақсы ұстайды; ~ **with fus** шыдау; ~ **with me a minute** сәл шыдаңыз; ♦ *adj* ~able ['beəəbl]
- шыдамды; ♦ *n* ~er ['beəgə] (*of letter*) беруші; (*of news*) ізденіс; (*of cheque, passport*) кожайын; (*of title*) алып жүруші; ~ing ['beəgiŋ] *n* (*manner*) өзін-өзі ұстау әдеті; (*connection*) қарым-қатынас; (*TECH*) мойын тірек; ~s (**ball ~s**) шарикті мойын тірек; **to take a ~** бағытты ұстау; **to get one's ~s** жол табу.
- beard** [biəd] *n* мұрт; ♦ *adj* ~ed ['biədɪd] мұртты.
- beast** [bi:st] *n* (*inf*) жыртқыш аң; айуан; ♦ *adv* ~ly ['bi:stli] айуандықпен; айуанша.
- beat** [bi:t] (*pt beat*) (*pp beaten*) *n* (*of heart*) соғыс; (*MUS*) (*rhythm*) ырғақ (*in bar*) такт; (*POLICE*) бөлімше; ♦ *v* (*wife, child*) ұру; (*eggs*) араластыру; (*opponent, record*) жеңу; (*drum, heart*) соғу; (*rain, wind*) сабау; **to ~ time** тактісіне келтіру; ~ **it!** (*inf*) жоғал!; **that ~s everything** бұл шектен шығу; **to ~ about the bush** босқа сөйлеу; **off the ~en track** соқпақ жолмен; ~ **down** (*door*) сындыру; (*price*) түсіру; (*seller*) түсірту; (*rain*) құйып жабу; (*sun*) күйдіру; ~ **off** тартып алу; ~ **up** (*person*) соққыға жығу; (*eggs*) араластыру; ♦ *adj* ~-up ['bi:t'ʌp] (*inf*) соғылған; ♦ *n* ~er ['bi:tə] қол тоқпақ; ~ing ['bi:tiŋ] (*thrashing*) соққы; **to take a ~ing** (*fig*) жеңіліске ұшырау.
- beautician** [bju:'tiʃn] *n* косметика салатын қорапша.
- brassiere** ['bræziə] *n* төстартқыш; көкірекше.

- brat** [bræt] *n* тұқым.
- bravado** [brə'vɑ:dəu] *n* батырсыну; даңғойлық.
- brave** [breiv] *adj* батыл; ♦ *v* батылдықыпен қарсы алу; ♦ *n* ~*ry* ['breivəri] батылдык; ♦ *adv* ~*ly* ['breivli] батылдықыпен.
- bravo** [brɑ:vəu] *excl* жарайсың.
- brawl** [brɔ:l] *n* төбелес; ♦ *v* төбелесу.
- brawn** [brɔ:n] *n* (*strength*) бұлшық еттер; (*meat*) шошқа еті; ♦ *adj* ~*y* ['brɔ:ni] бұлшық етті.
- bray** [brei] *v* (*donkey*) ақыру; ♦ *n* есектің дауысы.
- brazen** ['breizn] *adj* жезден жасалған; (*woman*) бетсіз; ♦ *v* дөрекі қылық таныту; **to ~ it out** ысылып шығып кету.
- brazier** ['breizɪə] *n* қуыруға арналған тұтқалы таба; мұржасыз темір пеш; шок салатын ыдыс.
- Brazil** [brə zil] *n* Бразилия; ♦ *adj* ~*ian* [brə zilɪən] бразилиялық; ~ **nut** американдық жаңғағы.
- breach** [bri:tʃ] *v* (*defence, wall*) бұзу; ~ **of contract** келісім-шарттың бұзылуы; ~ **of the peace** қоғамдық тәртіпті бұзу; ~ **of trust** сенімді ақтамау; ойық жасау; ♦ *n* (*gap*) ойық.
- bread** [bred] *n* (*food*) нан; күнкөріс; **to earn one's daily ~** нәпақа табу; **to know which side one's ~ is buttered (on)** өзінің пайдасын білу; ~ **and butter** нан мен май.
- breadbin** ['bredbɪn] *n* (*BRIT*) нан салғыш.
- breadboard** ['bredbɔ:d] *n* нан тақтайы.
- breadbox** ['bredbɔ:ks] *n* (*US*) нан салатын ыдыс.
- breadcrumbs** ['bredkrəmz] *n* нанның ұсағы; (*CULIN*) қатқан нан.
- breadline** ['bredlain] *n* жұмыссыздар кезегі; **on the ~** қайыршы күйде.
- breadth** [bredθ] *n* (*of cloth*) ені; (*fig*) (*of knowledge, subject*) өріс.
- breadwinner** ['bredwɪnə] *n* асыраушы.
- break** [breik] (*pt broke*) (*pp broken*) *v* (*cup, glass*) сындыру; (*leg, arm*) шығару; (*promise, law*) бұзу; (*record*) соғу; (*crockery*) сыну; (*storm*) аяқ астынан пайда болу (*weather*) бұзылу (*dawn*) сәуле шашу; (*story, news*) айту; ~ **down** (*figures*) бап бойынша бөлу; (*door*) сындыру; (*machine, car*) сыну; ~ **in** (*horse*) ауыздықтау; (*burglar*) бұзу; (*interrupt*) араласу; ~ **into** *fus* (*house*) бұзып кіру; ~ **off** (*branch*) сыну; (*speaker*) үзілу; (*talks*) үзу; (*engagement*) бұзу; ~ **open** бұзып кіру; ~ **out** (*begin*) туу; (*escape*) қашу; **to ~ out in spots** бөртпе қаптап кету; ~ **through** *fus* арасынан шығу; ~ **up** (*ship*) қирау; (*crowd, meeting*) тараяу; (*marriage, partnership*) құлау; демалысқа жабылу; (*rocks*) сындыру; (*journey*) үзу; (*fight*) тоқтату; (*meeting*) жіберу; (*marriage*) бұзу; ♦ *n* (*fracture*) сынық; (*rest*) демалыс; (*interval*) үзіліс; (*playtime*) ауысым; (*chance*) мүмкіндік; (*holiday*) демалыс; **to ~ the news to sb** біреге жаңалық айту; **to ~ even** (*COMM*) шығынсыз аяқтау; **to ~ with sb** біреумен айырылысу; **to ~ free/loose** бостандыққа шығу; **to take a ~** (*few minutes*) аз уақытқа үзіліс жасау; (*holiday*) демалыс алу; **without a ~** үзіліссіз; **a lucky ~** бақытты жағдай; ♦ *adj* ~*able* ['breikəbl] сынатын; ~*s* сынатын заттар.
- breakage** ['breikɪdʒ] *n* (*act of breaking*) сыру; (*object*) сынған зат; **to pay for ~s** сынған заттар үшін төлеу.
- break-dancing** ['breikda:nsɪŋ] *n* брейк.
- breakdown** ['breikdaʊn] *n* (*AUT*) апат; (*in communications*) ашылу; (*of mar-*

riage) бұзылу; (*of statistics*) бөлу; **nervous** ~ жүйкенің жұқаруы; ~ **service** *n* (*BRIT*) апат қызметі; ~ **van** (*BRIT*) апат қызметінің фургоны.

breaker ['breikə] *n* білік.

breakeven ['brei.kivən] *n* залалсыздық; зиянсыздық (*кәсіпорынның шаруашылық қызметтен алынатын табысының жұмсалған шығыннан асып түсуі не соған тең болуы*) ~ **chart** рентабелділік графигі; ~ **point** залалсыздық нүктесі.

breakfast ['brekfəst] *n* таңғы ас; ♦ *v* таңғы ас ішу; ~ **cereal** таңғы ас ботқасы.

breakthrough ['breikθru:] *n* (*fig*) (*in technology*) аса маңызды жетістік.

breakwater ['breikwə:tə] *n* толқын тосқы; мол.

breast [brest] *n* кеуде; (*of meat*) төс; (*of poultry*) ақжем; ~ **feed** емізу; ~ **pocket** (*of jacket*) жан қалта; төс қалта; ~ **stroke** басс.

breath [breθ] *n* (*breathing*) дем; **to go out for a ~ of air** таза ауаға шығу; **to be out of ~** ендігу; **to get one's ~ back** демалу; тыныстау; ~ **test** демді алкогольге тексеру; ~ **er** ['bri:ðə] дем алу құралы; ~ **ing** ['bri:ðɪŋ] дем алыс; ~ **ing space** (*fig*) дамылдау; ♦ *adj* ~ **less** ['breθləs] (*from exertion*) ендіккен; (*after illness*) тынысы тарылған; **he was ~ less with excitement** оның толқығаннан жүрегі алқымына тығылды; ♦ *v* ~ **e** [bri:ð] дем алу; **I won't ~e a word about it** мен бұл жөнінде тіс жармаймын; ~ **e in** демді ішке тарту; ~ **e out** дем шығару.

breathalyse ['breθəlaiz] *v* демінен алкоголь құрамын тексеру; ♦ *n* ~ **r** ['breθəlaizə] спиртометр.

breathtaking ['breθteɪkɪŋ] *adj* әсерлі; еліктіруші.

bred [bred] (*pt, pp of breed*) *adj* тәрбиеленген; **well-~** [bred] тәрбиелі; **ill-~** тәрбиесіз.

breed [bri:d] (*pt, pp bred*) *v* (*animals, plants*) өсіру; (*fig*) (*give rise to*) туғызу; көбею; ♦ *n* (*ZOOL*) тұқым; (*type, class*) сорт; түр; ~ **er** ['bri:də] (*person*) селекционер; (*PHYS*) ~ **reactor** реактор-көбейткіш; **cattle** ~ мал өсіруші; ~ **ing** ['bri:dɪŋ] тәрбие; ~ **ing ground** көбейту орны; (*fig*) ұя; орда.

breeze [bri:z] *n* самал жел; ~ **block** (*BRIT*) цемент пен құм араластырып жасалған бетон кірпіш; ♦ *adj* ~ **(e)y** ['bri:zi] (*manner, tone*) көңілді; (*weather*) салқын.

Breton ['bretən] Бретон; ♦ *adj* бретондық.

brevity ['breviti] *n* ықшамдық; қысқалық.

brew [bru:] *v* (*tea*) демдеу; (*beer*) қайнату; (*beer*) ашытылу; (*storm*) жақындау; (*fig*) (*trouble*) төну; ♦ *n* ~ **er** ['bru:ə] сырашы; ~ **ery** ['bruəri] сыра қайнату зауыты.

briar ['braiə] *n* (*thorny bush*) тікенекті бұта; (*wild rose*) итмұрын.

bribe [braɪb] *n* пара; ♦ *v* параға сатылу; (*person*) пара беру; ♦ *n* ~ **ry** ['braɪbəri] паракорлық.

bric-a-brac ['brɪk ə bræk] *n* ұсақ-түйек әшекейлер.

brick [brɪk] *n* кірпіш; (*of ice cream*) брикет.

bricklayer ['brɪkleɪə] *n* тас қалаушы.

brickwork ['brɪkwɜ:k] *n* кірпіш қалау жұмысы.

bridal ['braɪdl] *adj* некелік.

bride [braɪd] *n* қалыңдық.

bridegroom ['braɪdgrʊm] *n* күйеу жігіт.

bridesmaid ['braɪdzmeɪd] *n* қыз жолдас.

- bridge** [brɪdʒ] *n* (*TECH, ARCHIT, dentistry*) көпір; (*cards*) бридж ойыны; (*of nose*) кеңсірік; ♦ *v* (*fig*) (*gap, gulf*) жеңу; өту; **to ~ a river** өзеннің үстінен көпір салу; **~(e)ing loan** (*BRIT*) (*COMM*) аралық қарыз.
- bridle** ['braɪdl] *n* жүген; **~ path** соқпақ жол; ♦ *v* (*horse*) жүгендеу; жүген салу; **to ~ at** артқы аяқтап тік тұру; тік шапшу.
- brief** [bri:f] *adj* (*period of time*) қысқа; (*description*) қысқаша; ♦ *n* (*LAW*) істің мазмұны; (*task*) тапсырма; **~s** (*for men, women*) іш киім; **in ~** қысқасы ♦ *v* (*inform*) таныстыру; (*MIL*) **to ~ sb (about)** біреуге нұсқау беру; ♦ *n* **~ing** ['bri:fiŋ] нұсқаулық; (*press*) брифинг; ♦ *adv* **~ly** ['bri:flɪ] (*glance, smile*) тез; (*visit*) қысқа уақытқа; (*explain*) қысқаша; **to glimpse ~ly** жанап көз тастау.
- briefcase** ['bri:fkeɪs] *n* портфель.
- brigade** [brɪ'geɪd] *n* (*MIL*) бригада.
- brigadier** [brɪgə'dɪə] *n* бригадир.
- bright** [braɪt] *adj* (*light, colour, room*) жарық; (*future*) жарқын; (*clever*) (*person, idea*) тамаша; (*lively*) (*person*) ширақ; көңілді; **to look on the ~ side** жағымды жағын көру; ♦ *v* **~en** ['braɪtn] (*room, event*) жандандыру; (*person*) қуанту; (*weather*) ашылу; (*person*) көңілдену; (*face*) жадырау; (*prospects*) жақсару; ♦ *adv* **~ly** ['braɪtli] (*shine*) жарқырап; (*smile, talk*) көңілденіп.
- brill** [brɪl] (*inf*) *adj* тамаша.
- brilliance** ['brɪljəns] *n* жарқыл; жылтыр; (*fig*) (*of person*) кемеңгерлік.
- brilliant** ['brɪljənt] *adj* жарқыраған; (*sunshine, light*) жарқын; (*inf*) (*holiday*) тамаша; ♦ *adv* **~ly** ['brɪljəntli] жалтырап; жарқырап.
- brim** [brɪm] *n* (*of cup*) шет; (*of hat*) жиек; ♦ *adj* **~ful** [brɪm'fʊl] (*fig*) толы.
- brine** [braɪn] *n* (*CULIN*) тұздық.
- bring** [brɪŋ] (*pt, pp brought*) *v* (*thing*) әкелу; (*person*) (*on foot*) жетектеп әкелу; (*by transport*) көлікпен әкелу; **to ~ sth to an end** бірдеңені аяқтау; **I can't ~ myself to tell him** мен оған оны хабарлай алмадым; **~ about** (*cause*) (*unintentionally*) ояту; тудыру; (*intentionally*) жүзеге асыру; **~ back** (*restore*) қалпына келтіру; (*return*) қайтару; **~ down** (*government*) құлату; (*plane*) атып түсіру; (*price*) төмендету; **~ forward** (*meeting*) ертерек уақытқа жылжыту; (*proposal*) алға тарту; келесі бетке көшіру; **~ in** (*money*) әкелу; (*person, legislation*) енгізу; (*verdict*) шығару; **~ off** (*task, plan*) орындау; (*deal*) жасау; **~ out** алып шығу; (*meaning*) анықтау; (*publish*) шығару; **~ round** (*MED*) есін жиғызу; **~ up** (*carry up*) үстіне әкелу; (*educate*) тәрбиелеу; (*question*) көтеру; (*vomit*) **he ~s up his food** ол құсады; **~ and buy sale** қайырымдылық мақсатта ұйымдастырушылар арасында заттар сатылымы.
- brink** [brɪŋk] *n* (*of disaster, war*) шет; **on the ~ of doing** істеуге шақ қалу; **she was on the ~ of tears** ол көз жасын әрең тыйды.
- brisk** [brɪsk] *adj* (*tone*) үздік-создық; (*person, trade*) қызу; **business is ~** жұмыс қызу жүріп жатыр.
- bristle** ['brɪsl] *n* қыл; қылшық; ♦ *v* (*in anger*) ашулану; **~(e)ing with** толы; ♦ *adj* **~(e)y** ['brɪsli] қылшықты; сақалды; **your chin's all ~(e)y** сенің иегіңе сақал өсіп кетіпті.
- Britain** ['brɪtn] *n* (**Great ~**) Британия; **in ~** Британияда.
- British** ['brɪtɪʃ] *adj* британ; британдық; **the ~ Isles** Британ аралдары.
- Briton** ['brɪtn] *n* британдық.

BRITTLE

brittle ['brɪtl] *adj* нәзік; сынғыш.

broach [brəʊtʃ] *v* (*subject*) мәселе көтеру.

broad [brɔ:d] *adj* (*wide*) кең; (*general*) жалпы; (*strong*) күшті; *in ~ daylight* тапа тал түсте; *~ hint* айқын тұспал; *~ bean* үрме бұршақ; *~-minded* ой-өрісі кең; ♦ *v ~en* ['brɔ:dn] кеңейту; кеңею; *to ~en one's horizons* ой-өрісін кеңейту; ♦ *adv ~ly* ['brɔ:dli] жалпы.

broadcast ['brɔ:dkɑ:st] *n* (*RADIO*) радиохабар; (*TV*) телехабар; ♦ *v* радио/теледидар арқылы беру; трансляциялау; трансляциялану; ♦ *n ~ter* ['brɔ:dkɑ:stə] радио/теле-журналист; *~ing* ['brɔ:dkɑ:stɪŋ] трансляция; *~ing station* радиостанция; телестанция.

broadsheet ['brɔ:dʃi:t] *n* (*advertisement*) жарнамалық плакат; (*news-paper*) бір бет қағазға басылған газет.

broccoli ['brɔ:kəli] *n* брокколи.

brochure ['brɔ:ʃə] *n* брошюра; кітапша.

brogue [brəʊg] *n* (*accent*) провинциялық акцент (*әсіресе ирландық немесе шотландық*); (*shoe*) кебіс.

broil [brɔɪl] *v* қуыру; ♦ *n ~er* ['brɔɪlə] бройлер (*емі үшін өсірілетін тауық*).

broke [brəʊk] (*pt of break*) *adj* (*inf*) соқыр тиынсыз; *to go ~* қайыршылық күйге түсу.

broken ['brəʊkən] (*pp of break*) *adj* (*window, cup*) сынған; (*promise, vow*) бұзылған; *a ~ leg* сынған аяқ; *a ~ marriage* бұзылған неке; *a ~ home* ажырасқан отбасы; *in ~ English* бұрмаланған ағылшын тілінде; *~-down* (*car*) сынған; (*house*) қираған; *~-hearted* қайғы басқан; жүрегі жаралы.

broker ['brəʊkə] *n* (*COMM*) (*in shares*) делдал; (*in insurance*) сақтандыру агенті; ♦ *n ~age* ['brəʊkərɪdʒ] (*COMM*) (*commission*) брокераж; (*business*) делдалдық агенттік.

broolly ['brɔ:li] *n* (*BRIT*) (*inf*) қолшатыр.

bronchitis [brɔŋ'kaɪtɪs] *n* бронхит.

bronze [brɔnz] *n* (*metal*) қола; (*sculpture*) қола мүсін; ♦ *adj ~d* [brɔnzd] (*person, body*) күнге күйген; қолдан.

brooch [brəʊtʃ] *n* әшекей түйреуіш.

brood [bru:d] *n* балапан; ♦ *v* (*hen*) жұмыртқа басы; (*person*) ойла-нып-толғану; *~ on/over* қайғыру/ ойға шому; ♦ *adj ~y* ['bru:di] (*thoughtful, moody*) түнерген; *~y hen* ұябасар тауық.

brook [brʊk] *n* жылға; бұлақ.

broom [bru:m] *n* сыпырғыш; (*BOT*) бұта.

broomstick ['bru:mstɪk] *n* (*broom handle*) сыпырғыш сабы.

broth [brɒθ] *n* көже.

brother ['brʌðə] *n* аға; (*in association*) әріптес; ♦ *adj ~ly* ['brʌðəli] туыс.

brotherhood ['brʌðəhʊd] *n* туыстық.

brother-in-law ['brʌðəɪnlɔ:] *n* (*sister's husband*) күйеу бала; (*wife's brother*) балдыз; (*husband's brother*) қайнаға.

brought ['brɔ:t] (*pt, pp of bring*) *adj* әкелінген; *~ forward* келесі бетке ауыстырылған.

brow [braʊ] *n* (*forehead*) маңдай; *eye~* қас; (*of hill*) жота.

browbeat ['braʊbi:t] *v* қорқыту; басы; *to ~ sb (into doing)* біреуді қорқыту.

brown [braʊn] *adj* қоңыр; (*hair*) қоңыр; (*tanned*) күнге күйген; (*colour*) қоңыр түс; *~ bread* қара нан; *~ paper* орауыш қағаз; *~ rice* тазаланбаған күріш; *~ sugar* тазаланбаған қант; ♦ *v* (*CULIN*) қызартып күйдіру; *to go ~* (*person*) күнге күйю; (*leaves*) сарғаю.

- brownie** ['braʊni] *n* (US) (cake) жаңғақ қосылған шоколад тәттісі.
- browse** [braʊz] *v* (in shop) анықтап қарау; үңіле қарау; (animal) жайылым шөбімен қоректену; **to have a ~ (around)** анықтап қарау; **to ~ through a book** кітапты парақтап шығу; ♦ *n* ~r ['braʊzə] (COMPUT) браузер.
- bruise** [bru:z] *n* (on face) көгерген жер; (on fruit) жаншылған жер; ♦ *v* жарақаттап алу; (fruit) мыжу; (fruit) мыжылу; ~**(e)ing** ['bru:ziŋ] көгерген жер.
- brunch** [brʌntʃ] *n* кешірек ішетін таңғы ас.
- brunette** [bru:ˈnet] *n* қараторы.
- brunt** [brʌnt] *n*: **to bear the ~ of** бар ауыртпалығын өз мойнына алу.
- brush** [brʌʃ] *n* (for cleaning) щётка; (for painting) бояу жаққыш; (for shaving) жаққыш; (quarrel) қақтығыс; ♦ *v* (sweep) сыпыру; (groom) щёткамен тазалау; **to have a ~ with sb (verbally)** біреумен керісіп қалу; (physically) біреумен төбелесу; **to have a ~ with the police** полициямен қақтығысып қалу; ~ **aside** (criticism, emotion) ысырып тастау; ~ **past** жанынан зымырап өту; ~ **up** (subject, language) өңдеу; (knowledge) жаңарту; **to give sb the ~ off** біреуді тастап кету; ♦ *adj* ~**ed** [brʌʃt] (steel, chrome) тегіс; (nylon, denim) түкті.
- brushwood** ['brʌʃwʊd] *n* шырпы.
- brusque** [bru:sk] *adj* ожар; дөрекі.
- Brussels** ['brʌslz] *n* Брюссель; ~ **sprout** брюссель қырыққабаты.
- brute** [bru:t] *n* айуан; ♦ *adv* күшпен **by ~ force** қара күшпен; ♦ *adj* ~**(e)al** ['bru:təl] (person) қатыгез; (actions) мейірімсіз; (honesty, frankness) қатаң; ♦ *n* ~**(e)ality** [bru:ˈtælɪtɪ] қаталдық; айуандық; ♦ *v* ~**(e)alize** ['bru:təlaɪz] өшіктіру; ♦ *adj* ~**(e)ish** ['bru:tɪʃ] айуанша; малша.
- bubble** ['bʌbl] *n* көпіршік; ~ **bath** көпіршікті ванна; ~ **gum** сағыз; ♦ *v* (liquid) көпіршу; (fig) **to ~ with laughter** ішек-сілесі қатып күлу; ~ **jet printer** бүріккіш принтер (компьютер принтері түрі); ~ **pack** блистерлі қаптама; ♦ *adj* ~**(e)y** ['bʌblɪ] (girl) ширақ; (mineral water) көпіршікті; газдалған; көпіршікті сусын.
- Bucharest** [bu:kə'rest] *n* Бухарест.
- buck** [bʌk] *n* (rabbit) үй қояны; (deer) бұғы еркегі; (US) (inf) бакс; ♦ *v* (horse) тебіну; тарпу; **to pass the ~ (to sb)** (біреуге) жауапкершілікті арту; ~ **up** (cheer up) сергу; (hurry up) асығу; **to ~ one's ideas up** түзелу.
- bucket** ['bʌkɪt] *n* шелек; ♦ *v* (BRIT) (inf) **the rain is ~ing (down)** жаңбыр шелектеп жауып тұр.
- buckle** ['bʌkl] *n* айылбас; тоға; ♦ *v* (shoe, belt) салу; (wheel) деформациялау; деформациялану; (bridge, support) майысу; (knees, legs) бүгілу; **to ~ down** жігерлене кірісу.
- bud** [bʌd] *n* (of tree) бүршік; (of flower) гүлдің түйнегі; ♦ *v* (flower) шешек ату; **the trees are ~ding** ағаштар бүршік жарып жатыр; **to nip in the ~** түбірімен жою; ♦ *adj* ~**ding** ['bʌdɪŋ] көп үміт күтерлік.
- Budapest** [bju:də'pest] *n* Будапешт.
- Buddha** ['budə] *n* Будда; ~**(a)ism** ['budɪzəm] буддизм; ♦ *adj* ~**(a)ist** ['budɪst] буддийстік; ♦ *n* буддист.
- buddy** ['bʌdɪ] *n* (US) жолдас.
- budge** [bʌdʒ] *v* (object) орнынан қозғалу; (fig) (person) көндіру; орнынан қозғалу.
- budgerigar** ['bʌdʒə'ɪgɑ:] *n* толқынды тоты құс.
- budget** ['bʌdʒɪt] *n* бюджет; ♦ *v* қаржы бөлу; **I'm on a tight ~** менің қаржылық жағдайым нашар; **she works out her**

BUENOS

~ **every month** ол ай сайын өз бюджетін жоспарлап қояды.

Buenos Aires ['bweɪnəs aɪrɪz] *n* Буэнос-Айрес.

buff [bʌf] *n* қалың бұқа терісі; *adj* бұқа терісінен жасалған; ♦ *v* тегістеу; теріні жұмсарту; ♦ *n* әуесқой; жанкүйер.

buffalo ['bʌfələʊ] *n* (BRIT) енеке (сиыр тұқымдас жануар); (US) (bison) бизон.

buffer ['bʌfə] *n* буфер; ~ **state** буферлік мемлекет; ~ **zone** буферлік аймақ; ~**ing** ['bʌfəriŋ] (COMPUT) буферлеу; буфер қолдану.

buffet I ['bʊfeɪ] *n* (BRIT) (in station) буфет; (food) ~ **lunch** швед үстелі; ~ **car** (BRIT) (RAIL) вагон-мейрамхана.

buffet II ['bʌfɪt] *v* (subj) (wind, sea) лақтыру; жүлқылау.

buffoon [bə'fu:n] *n* сайқымазақ.

bug [bʌg] *n* (esp US) (insect) жәндік; (COMPUT) (of program) қателік; (fig) (germ) вирус; жұқпалы ауру; (hidden microphone) микрофон; жасырын тыңдайтын құрылғы; ♦ *v* (inf) (annoy) ызаландыру; (bother) мазасын алу; (room) жасырын тыңдау; **I've got the travel** ~ (fig) мен саяхатты ес-түссіз жақсы көремін.

bugbear ['bʌgbɛə] *n* үрей тудыратын зат; құбыжық; бас қатыратын мәселе.

buggy ['bʌɡɪ] *n* жиналмалы бесік.

bugle ['bju:ɡl] *n* керней.

build [bɪld] (*pt, pp built*) *n* (of person) дене бітімі; ♦ *v* салу; ~ **on fus** (fig) пайдалану; ~ **up** (forces, production) ұлғайту; (morale) көтеру; (stocks) жинақтау; (business) жасау; **don't ~ your hopes up too soon** алдын ала қуанудың қажеті жоқ; ~**up** (of gas) жиналған; (publicity) **to give sb a good ~** біреуді жақсы жарнамамен

қамтамасыз ету; ♦ *n* ~**er** ['bɪldə] құрылысшы; ~**ing** ['bɪldɪŋ] (industry, construction) құрылыс; (structure) салу; (residential, offices) ғимарат; ~**ing contractor** құрылыс мердігері; ~**ing industry** құрылыс өнеркәсібі; ~**ing site** құрылыс орны; ~**ing society** (BRIT) құрылыс-жинақ қассасы.

built [bɪlt] (*pt, pp of build*) *adj* салынған; ~**in** қоса салынған; **well~ person** дене бітімі келісті адам; ~**in obsolescence** жоспарланған ескіру; ~**up area** елді мекен.

bulb [bʌlb] *n* (BOT) бадана; (ELEC) лампа; ♦ *adj* ~**ous** ['bʌlbəs] қарны шыққан; (nose) қоңқақ.

Bulgaria [bʌl'ɡeəriə] *n* Болгария; ♦ *adj* ~**n** [bʌl'ɡeəriən] бұлғарлық.

bulge [bʌldʒ] *n* (bump) дөңестік; (in birth rate) уақытша өсу; ♦ *v* (stomach) томпайып тұру; (pocket, file) жырттылуға шақ қалу; **her purse is ~(e)ing with money** оның әмияны ақшаға лық толы.

bulimia [bʌ'limiə] *n* мешкейлік.

bulimic [bju:'li:mɪk] *adj* мешкей; **he is ~** ол мешкейлікке шалдыққан.

bulk [bʌlk] *n* алып; **in ~** көп мөлшерде; **the ~ of** басым бөлігі; ~ **buying** көтерме сауда жасау; ~ **carrier** жүк таситын кеме; құрғақ жүк таситын кеме; ♦ *adj* ~**y** ['bʌlki] арбиған.

bulkhead ['bʌlkhed] *n* қалқа.

bull [bul] *n* (ZOO) бұқа; (male) (whale) еркек кит; (elephant) піл; (stock exchange) биржада бағаның өсуін өз пайдасына асыратын алыпсапар; (REL) булла.

bulldog ['bʌldɔɡ] *n* бульдог.

bulldoze ['bʌldəʊz] *v* (flatten) бульдозермен тазалау; (knock down) бульдозермен қирату; **I was ~d into it** (fig) (inf) мені бұны істеуге мәжбүр етті; ♦ *n* ~**r** ['bʌldəʊzə] бульдозер.

- bullet** ['bulɪt] *n* оқ.
- bulletin** ['bulɪtɪn] *n* (*journal*) бюллетень; **news** ~ жаңалықтар жиынтығы; ~ **board** (*COMPUT*) электрондық хабарламалар тақтасы.
- bulletproof** ['bulɪtpru:f] *adj* оқ өткізбейтін.
- bullfight** ['bulfaɪt] *n* бұқалар сайысы; ~**er** ['bulfaɪtə] тореадор; ~**ing** ['bulfaɪtɪŋ] бұқалар ұрысы.
- bullion** ['buljən] *n* кесек.
- bullock** ['bulək] *n* өгіз.
- bullring** ['bulrɪŋ] *n* бұқалар ұрысы өтетін алаң.
- bull's-eye** ['bulzai] *n* (*on a target*) нысанның ортасы.
- bullshit** ['bulʃɪt] (*inf!*) *n* сандырақ; ♦ *v* сандырақтау.
- bully** ['bulɪ] *n* тентек; сотқар; қуғыншы; ♦ *v* қудалау; ізіне түзу; (*frighten*) қинау; ♦ *n* ~**ing** ['bulɪŋ] күштеушілік.
- bum** [bʌm] *n* (*inf*) (*backside*) құйрық; (*esp US*) (*tramp*) қайыршы; (*good-for-nothing*) жалқау; ♦ *v* бос жүру; ~ **around** (*inf*) қаңғыру.
- bumblebee** ['bʌmblbi:] *n* түкті ара.
- bumf** [bʌmf] *n* (*inf*) ұсақ қағаздар.
- bump** [bʌmp] *n* (*minor accident*) қақтығыс; (*jolt*) соққы; (*swelling*) ісік; (*on road*) соқпақ; ♦ *v* (*strike*) соқтығысу; соғу; **he ~ed his head on the door** ол басын есікке соқты; ~ **along** селкілдеу; ~ **into** соғылып қалу; ♦ *n* ~**er** ['bʌmpə] (*AUT*) бампер; ~**er crop/harvest** бұрын болмаған өнім; ~**er cars** (*US*) аттракционды электромобиль; ~**er sticker** бамперге арналған жапсырма; ♦ *adj* ~**y** ['bʌmpi] (*road*) соқпалы; **it was a ~y flight** жол соғып тастады.
- bumptious** ['bʌmpʃəs] *adj* өзіне сенімді.
- bun** [bʌn] *n* (*CULIN*) тоқаш; (*of hair*) жиналған/түйілген шаш; ~ **fight** (*BRIT*) (*inf*) (*official function*) банкет; (*tea party*) шай ішу кеші.
- bunch** [bʌntʃ] *n* (*of flowers*) шок; (*of keys*) бай; (*of people*) топ; ~**es** (*in hair*) жиналған шаш; ~ **of grapes** жүзім шоғы.
- bundle** ['bʌndl] *n* (*of clothes*) түйін; (*of sticks*) бума; (*of papers*) бума; ♦ *v* түйю; (*put*) **to ~ sth into** бірдеңені тығу; ~ **off** жіберу; ~ **out** тез кетіп қалу.
- bung** [bʌŋ] *n* тығын; ♦ *v* (*BRIT*) (*throw*) тығындау; ~ **up** (*pipe, hole*) тығындау; бітеу; **my nose is ~ed up** менің мұрным бітеліп қалды.
- bungalow** ['bʌŋgələʊ] *n* бунгало.
- bungle** ['bʌŋgl] *v* бүлдіру.
- bunion** ['bʌnjən] *n* күс.
- bunk** [bʌŋk] *n* (*bed*) төсек; ~ **beds** екі қабатты төсек.
- bunker** ['bʌŋkə] *n* бункер; (*GOLF*) (*гольф алаңында*) құм толтырылған шұңқыр.
- bunny** ['bʌni] *n* қоян; көжек; ~ **girl** (*BRIT*) қоянның құйрығы мен құлағын тағып, тыртысқан киім киген, түнгі клубтағы даяшы; ~ **hill** тайыз бассейн.
- bunting** ['bʌntɪŋ] *n* жалаулар.
- buoy** [bɔɪ] *n* қалқыма белгі; ♦ *v* қалқыма белгі қою; ~ **up** (*fig*) еңсесін көтеру; ♦ *n* ~**ancy** ['bɔɪənsɪ] жүзгіштік; ♦ *adj* ~**ant** ['bɔɪənt] (*ship*) жүзбелі; (*economy, market*) жанданған; (*prices, currency*) тұрақты; (*fig*) (*person*) жарқын.
- burden** ['bɜ:dn] *n* (*responsibility*) масыл; (*load*) ауыртпалық; ♦ *v* ауыртпалық ету; **to be a ~ to sb** біреуге масыл болу.
- bureau** ['bjʊəgəʊ] (*pl bureaux*) *n* (*BRIT*) бюро; (*US*) комод; тартпа.

BUREAUCRACY

- bureaucracy** [bjuə' rɒkrəsi] *n* (POL, COMM) кеңсешіл топ; (system) кеңсешілдік.
- bureaucrat** ['bjuə'rəkræt] *n* кеңсешіл; ♦ *adj* ~ic [bjuə'rə'krætɪk] кеңсешілдік.
- burgeon** ['bə:dʒən] *v* (fig) гүлдену.
- burger** ['bə:gə] *n* бургер.
- burgle** ['bə:gl] *v* (door, window) бұзып кіріп, тонау; ♦ *n* ~(e)ar ['bə:glə] (есік, терезе т.б.) бұзып түсетін ұры; ~(e)ar alarm сигнализация; дабыл; ♦ *v* ~(e)arize ['bə:gləraɪz] (US) бұзып түсіп ұрлау; ♦ *n* ~(e)ary ['bə:gləri] (crime) ұрлау; (act) бұзушылық.
- Burgundy** ['bə:gəndi] *n* (GEO) Бургундия.
- burial** ['berɪəl] *n* жерлеу; ~ ground жерлеу орны.
- burlesque** [bə:'lesk] *n* пародия.
- burly** ['bə:li] *adj* мығым.
- Burma** ['bə:mə] *n* Бирма; ♦ *adj* ~(a)ese [bə:'mi:z] бирмалық.
- burn** [bə:n] (*pt, pp* burned/burnt) *v* жағу; (arson) өртеу; (house, wood) жану; өртену; (cakes) кюю; ~ down түк қалдырмай өртеу; ~ out әбден титықтау; the fire ~t itself out от жанып бітті; ♦ *n* күйік; the cigarette ~ a hole in her dress темекі оның көйлегін күйдіріп; тесіп тастады; she always burns the meat оның дайындаған еті әрқашан күйіп кетеді; I've ~ myself! мен күйіп қалдым!; ♦ *n* ~er ['bə:nə] жанарғы; ♦ *adj* ~ing ['bə:nɪŋ] (building, forest) жанып жатқан; (sand, desert) күйдіретін; (issue, ambition) өзекті; ~t күйдірілген ~t sugar (BRIT) күйдірілген қант.
- burnish** ['bə:nɪʃ] *v* жылтырату; өңдеу.
- burp** [bə:p] *n* кекірік; ♦ *v* кекіру.
- burrow** ['bʌrəʊ] *n* ін; ♦ *v* (dig) ін қазу; (rummage) қазбалау.
- bursar** ['bə:sə] *n* қазынашы; ~y ['bə:səri] (BRIT) шәкірт ақы.
- burst** [bə:st] (*pt, pp* burst) *v* (bag) жырту; (pipe) жарылу; (tyre, balloon) жарылу; the river has ~ its banks өзен арнасынан тасып кетті; to ~ into flames лап ету; to ~ into tears кенеттен жылап жіберу; to ~ out laughing ішегі қатып күлу; to ~ into a room бөлмеге басып кіру; ~ blood vessel жарылған қан тамыр; the room is ~ing with people бөлмеде адам лық толы; to be ~ing with (pride, anger) ашудан жарылып кете жаздау; ~ into fus (room) басып кіру; ~ open (door) айқара ашылу; ♦ *n* (of gunfire) дүркін; ~ pipe жарылыс; a ~ of energy күш-жігердің тасуы; ~ of applause ду қол шапалақтау; ~ of machine gun fire пулеметтің атыс кезегі.
- bury** ['berɪ] *v* (object) көму; (person) жерлеу; many people were ~(y)ied in the rubble көптеген адамдар үйінділердің астында көміліп қалды; to ~ one's face in one's hands бетін басы; to ~ one's head in the sand (fig) басын құмға тығу; to ~ the hatchet (fig) ұрыс-керісті ұмыту; татуласу.
- bus** [bʌs] *n* автобус; (double decker) екі қабатты автобус; ~ boy (US) үстелдегі пайдаланылған ыдыстарды жинайтын даяшы көмекшісі; ~ lane (BRIT) автобустардың жүруіне арнайы белгіленген жол бөлігі; ~ shelter автобус аялдамасы (қалқаланған); ~ station автобус стансасы; автобекет; ~-stop автобус аялдамасы.
- bush** [buʃ] *n* бұта; (scrubland) бұталар өсетін жерлер; to beat about the ~ айналсоқтау; ~ fire ормандағы өрт; ♦ *adj* ~ed [buʃt] (*inf*) әбден титықтаған; ~y ['buʃɪ] (tail) мамық; (hair, eyebrows) қалың; (plant) бұталы.
- bushel** ['buʃl] *n* бушель.

business [ˈbɪznɪs] *n* (*matter*) іс; (*trading*) бизнес; кәсіпкерлік; (*firm*) кәсіпорын; фирма; (*occupation*) жұмыс; **to be away on** ~ іссапарда болу; **I'm here on** ~ мен мұнда жұмыспен келдім; **he's in the insurance** ~ ол сақтандыру бизнесінде жұмыс істейді; **to do** ~ **with sb** біреумен істес болу; **it's my** ~ менің міндетім; **it's none of my** ~ менің бұған қатысым жоқ; **he means** ~ ол қалжындап тұрған жоқ; ~ **address** фирманың мекенжайы; ~ **card** визит карточкасы; ~ **trip** іссапар; ♦ *adj* ~like [ˈbɪznɪslɪk] іскер; ♦ *n* ~man бизнесмен; кәсіпкер; ~woman кәсіпкер әйел.

busker [ˈbʌskə] *n* (*BRIT*) көше музыканты.

bust [bʌst] *n* (*ANAT*) кеуде; төс; (*measurement*) омырау өлшемі; (*sculpture*) мүсін; *adj* (*inf*) (*broken*) сынған; ♦ *v* (*inf*) (*arrest*) қамауға алу; **to go** ~ (*company*) тақырға отыру; күйреу; ♦ *adj* ~y [ˈbʌstɪ] (*inf*) омырауы үлкен.

bustle [ˈbʌsl] *n* (*activity*) абыржу; әбгерге түсу; ♦ *adj* ~(e)ing [ˈbʌslɪŋ] (*place*) шулы; адам көп.

bust-up [ˈbʌstʌp] *n* (*BRIT*) (*inf*) жанжал; ұрыс-керіс.

busy [ˈbɪzi] *adj* (*person*) қолы бос емес; (*street*) шулы; (*TEL*): **the line is** ~ желі бос емес; ~ **signal** (*US*) (*TEL*) қысқа сигналдар; ♦ *v* айналысу; **he's a** ~ **man** (*normally*) ол қолы бос емес адам; **he's** ~ (*temporarily*) оның қолы бос емес; **it's usually a very** ~ **shop** әдетте бұл дүкенде адам көп; ♦ *adv* ~(y)ily [ˈbɪzɪli] (*actively*) белсенді; жігерлі; **to be** ~(y)ily **doing sth** бірденемен белсенді түрде айналысу.

busybody [ˈbɪzɪbɒdi] *n* біреудің ісіне көп араласатын адам.

but [bʌt] *conj* (*yet*) бірақ; (*in contrast*) ал; **he's not very bright**; ~ **he's**

hard-working ол аса ақылды емес; бірақ ынталы; **I'm tired**, ~ **Paul isn't** мен шаршадым, ал Пол шаршаған жоқ; (*however*) алайда; **I'd love to come**, ~ **I'm busy** мен қуана-қуана барар едім, алайда менің қолым бос емес; (*showing disagreement, surprise*) қой; ғой; ~ **that's fantastic!** бұл керемет қой!; *prep* (*apart from, except*) **no-one** ~ **him can do it** одан басқа ешкім мұны істей алмайды; **nothing** ~ **trouble** кілең келеңсіздіктер; ~ **for your help** сіздің көмегіңіз болмаса; **I'll do anything** ~ **that** одан басқа не болса да, істеймін; ♦ *adv* (*just, only*) **she's** ~ **a child** ол тек қана бала ғой; **had I** ~ **known** мен білгенде ғой; **I can** ~ **try** мен, әрине, тырысып көре аламын; **the work is all** ~ **finished** жұмыс аяқталайын деп қалды.

butane [ˈbjuːteɪn] *n* бутан.

butch [bʊtʃ] *adj* (*pej*) ер мінезді; **he's very** ~ ол нағыз ер.

butcher [ˈbʊtʃə] *n* қасапшы; (*pej*) (*murderer*) жендет; ♦ *v* (*cattle*) сою; (*prisoners*) аяусыз өлтіру; ~'s (*shop*) ет дүкені.

butler [ˈbʌtlə] *n* сарай қызметкері.

butt [bʌt] *n* (*large barrel*) бөшке; (*thick end*) жуан жағы; (*of rifle*) дүм; (*of pistol*) сап; (*of cigarette*) темекі тұқылы; (*BRIT*) (*of teasing*) сайқымазақ; күлкі; (*of criticism*) нысан; ♦ *v* (*goat*) сүзу; ~ *in* қыстырылысу.

butter [ˈbʌtə] *n* сары май; ~ **dish** май сауыт; ♦ *v* (*bread*) май жағу.

buttercup [ˈbʌtəkʌp] *n* сарғалдақ.

butterfingers [ˈbʌtəfɪŋgəz] *n* (*inf*) олақ.

butterfly [ˈbʌtəflaɪ] *n* көбелек.

buttocks [ˈbʌtəks] *n* жамбас.

button [ˈbʌtn] *n* (*on clothes*) түйме; (*US*) (*badge*) белгі; ♦ *v* (~ *up*) түйме салу.

BUTTONHOLE

buttonhole ['bʌtnəʊl] *n* ілгек; ілмек;

♦ *v* біреуге сөйлеп жабысып алу.

buttness ['bʌtrɪs] *n* контрфорс.

buxom ['bʌksəm] *adj* (*woman*) аршын төс.

buy [baɪ] (*pt, pp bought*) *v* сатып алу; (*COMM*) алу; сатып алу; *n* сатып алу; **to ~ sth from sb** біреуден бірдеңе сатып алу; **to ~ sb a drink** біреуге ішімдік әперу; **that was a good ~** бұл сәтті сатып алу болды; **~ back** қайта сатып алу; **~ in** (*BRIT*) көп мөлшерде сатып алу; **~ into fus** (*BRIT*) белгілі бір бөлігін сатып алу; бірге үлеске кіру; **~ off** пара беру; **~ out** сатып алу; **~up** көптеп сатып алу; **~-out жекеменшік фирманы сол фирманың әкімшілік мүшелері иегерінен сатып алуы;** ♦ *n* **~er** ['baɪə] сатып алушы; (*COMM*) сатып алушы; **~er's market** сатып алушыға тиімді рынок.

buzz [bʌz] *n* ызың; ♦ *v* (*insect, saw*) ызыңдау; (*inf*)(*place*) гуілдеу; (*call on intercom*) ішкі телефон арқылы қоңырау шалу; (*with buzzer*) шылдырлату; (*AVIAT*) гуілдеп ұшу; **to give sb a ~** (*inf*) (*TEL*) біреуге қоңырау шалу; **my head is ~ing** басым гуілдеп кетті; **~ off** (*inf*) қарасын батыру; **~ word** (*inf*) кең қолданыстағы сөз; ♦ *n* **~er** ['bʌzə] зуммер; қоңырау.

buzzard ['bʌzəd] *n* қаршыға тәріздес жыртқыш құс; сәтсіз түсірілген кадр; (*ZOOL*) ақсары.

by [baɪ] *prep* (*referring to cause, agent*) **he was killed ~ lightning** ол найзағай түсіп өлді; **a painting ~ Van Gogh** Ван Гог суреті; **it's ~ Shakespeare** бұл Шекспирдікі; (*referring to manner, means*) **~ bus** автобуспен; **~ car** машинамен; **~ phone** телефонмен; **to pay ~ cheque** чек арқылы төлеу; ~

moonlight ай жарығында; **~ candle-light** майшам жарығында; **~ working constantly**; тоқтаусыз жұмыс істегендіктен; (*via, through*) арқылы *perf*; **~ land** құрлық арқылы; **~ the back door** артқы есіктен; (*close to*) жанында; **the house is ~ the river** үй өзен жанында орналасқан; **a holiday ~ the sea** теңіз жағасындағы демалыс; (*past*) жаны; қасы; **she rushed ~ me** ол менің жанымнан өте шықты; (*not later than*) таман; **~ four o'clock** сағат төртке таман; **~ the time I got here it was too late** мен мұнда жеткен кезде; тым кеш болды; (*during*) **~ day** күндіз; **~ night** түнде; (*amount*) **to sell ~ the kilo** килограмдап сату; **she is paid ~ the hour** оған әр сағатына төлейді; (*MATH, measure*) **to divide ~ three** үшке бөлу; **a room three metres ~ four** бөлменің үлкендігі – үш те төрт; (*according to*) сәйкес; бойынша; **to play ~ the rules** ережеден ауытқымау; **it's all right ~ me** мен қарсы емеспін; **~ law** заң бойынша; **~ oneself** (*alone*) мүлдем жалғыз; (*unaided*) өзі; өз бетімен; **I did it all ~ myself** мен барлығын өзім істедім; **he was standing ~ himself in the corner** ол жалғыз/өз бетімен бұрышта тұрды; **~ the way** айтпақшы; **this wasn't my idea ~ the way** айтпақшы; бұл менің ойым емес еді; ♦ *adv* **~ and ~** көп кешікпей; **~ and large** жалпы алғанда.

bye [baɪ] *excl* сау бол.

bye-law ['baɪlə:] *n* жергілікті үкіметтің қаулысы.

by-election ['baɪɪlekʃən] *n* (*BRIT*) қосымша сайлау.

Byelorussia [bjeləʊ rʌʃə] *n* Белоруссия.

bygone ['baɪɡən] *adj* өтіп кеткен; өткен; ♦ *n* **let ~s be ~s** болар іс болды; бояуы сіңді.

bypass ['baɪpɑ:s] *n* (*AUT*) айналма жол; (*MED*) айналма шунттау (*әдетте кардиохирургияда*); ♦ *v* (*town*) айналып өту; (*fig*) айналып өту.

by-product ['baɪprɒdʌkt] *n* (*of industrial process*) қосымша өнім; (*of situation*) жанама әсер.

byre ['baɪə] *n* (*BRIT*) сиыр қора.

bystander ['baɪstændə] *n* куәгер.

byte [baɪt] *n* (*COMPUT*) байт.

byway ['baɪweɪ] *n* (*in country*) ауыл арасы жолы; (*in city*) тар көше.

byword ['baɪwə:d] *n* бірдеңенің символы.

C, c

C, c [si:] *n* (*letter*) ағылшын әліпбиінің 3-і әрпі; ~ (*MUS*) до.

cab [kæb] *n* такси; (*of truck*) кабина; ~ **driver** такси жүргізуші.

cabaret ['kæbərəɪ] *n* кабаре.

cabbage ['kæbɪdʒ] *n* қырыққабат.

cabbie ['kæbi] *n* таксист.

cabin ['kæbɪn] *n* (*on ship*) каюта; (*on plane*) кабина; (*house*) там; ~ **cruiser** жолаушылар кемесі.

cabinet ['kæbɪnət] *n* шкаф; (*POL*) (министрлер) кабинет; ~ **minister** министрлер кабинетінің мүшесі; ~-**maker** ағаш ұста.

cable ['keɪbl] *n* (*strong rope*) арқан; (*metal*) трос; (*ELEC, TEL, TV*) кабель; ~**gram** каблограмма; жеделхат; ♦ *v* (*message*) жеделхат жіберу; (*money*) телеграфпен жіберу; ~ **car** аспалы жол; ~ **railway** фуникулёр; ~ **television** кабельді теледидар.

cache [kæʃ] *n* құпия қойма; **a ~ of food** азық-түлік қоры.

cackle ['kækəl] *v* (*person*) мырс-мырс күлу; (*hen*) қытқылдау.

cactus ['kæktəs] (*pl cacti*) *n* кактус.

caddie ['kædi] *n* (*golf*) гольф ойыншысының көмекшісі.

cadence ['keɪdəns] *n* (*of voice*) интонация; екпін.

cadet [kə'det] *n* курсант; **police ~** полиция мектебінің курсанты.

cadge [kædʒ] *v* (*inf*) тілемсектену; ♦ *n* ~-**r** ['kædʒə] (*BRIT*) (*inf*) сұрамшақ адам.

cadre ['kɑ:də] *n* кадрлар.

caesarean ['keɪsəri:n] *n* кесарь операциясы (*әйелдің дұрыс босана алмаған кезінде баланы іш жарып алатын операция*).

cafe ['kæfeɪ] *n* дәмхана.

cafeteria [kæfə'tɪəriə] *n* кафетерий.

caffeine [kæfeɪn] *n* кофеин.

cage [keɪdʒ] *n* (*of animal*) тор; (*of lift*) кабина; ♦ *v* торға қамау.

cagey ['keɪdʒi] *adj* (*inf*) (*person*) тұйық; (*answer*) жалтармалы.

cagoule [kə'gu:l] *n* жауын өткізбейтін куртка.

cahoots [kə'hu:ts] *n* біреумен ымыраласу.

Cairo ['kaɪrəʊ] *n* Каир.

cajole [kə'dʒəʊl] *v* алдап-сулап көндіру; алдау; алдандыру.

cake [keɪk] *n* (*large*) торт; (*of soap*) кесек; **it's a piece of ~** (*inf*) бұл болмашы жұмыс; **his books sell like hot ~s** оның кітаптарын талап алып кетеді; ~ **shop** ұн тағамдары дүкені ♦ *adj* ~**d** [keɪkt] жабыстырылған.

calamine ['kæləmaɪn] *n* каламин; ~ **lotion** каламин лосьоны.

calamity [kə'læmɪti] *n* апат; ♦ *adj* ~(**y**) **ous** [kə'læmɪtəs] апатты.

calcium ['kælsɪəm] *n* кальций.

CALCULATE

- calculate** ['kælkjuleit] *v* (*work out*) (*numbers, cost*) санау; (*distance*) есептеу; (*estimate*) бағалау; **to ~ on** сенім арту; ♦ *adj ~d* ['kælkjuleitid] біле тұра; **a ~d risk** біле тұра тәуекелге бару; **~(e)ing** ['kælkjuleitiŋ] үнемшіл; сақ; ♦ *n ~(e)ion* ['kælkjuleiʃn] санақ; есептеу; есеп; **~(e)or** ['kælkjuleitə] калькулятор.
- calculus** ['kælkjuləs] *n* есептеу; **integral** ~ интегралды есеп.
- Calcutta** [kæl'kltə] *n* Калькутта.
- calendar** ['kælində] *n* күнтізбе; **~ month/year** күнтізбелік ай/жыл.
- calf** [kɑ:f] (*pl calves*) *n* (*of cow*) бұзау; (*of elephant, seal*) төл; **~skin** бұзау терісі; (*ANAT*) балтыр.
- calibre** ['kælibə] *n* (*of gun, person*) калибр; ♦ *v ~(e)ate* ['kælibreit] калибрлеу; калибрін өлшеу.
- calico** ['kælikəʊ] *n* (*BRIT*) миткаль; (*US*) шыт.
- California** [kæli'fɔ:njə] *n* Калифорния.
- call** [kɔ:l] *n* (*name, label*) атау; (*shout, cry*) айқай; (*TEL*) қоңырау; ♦ *v* (*TEL*) қоңырау шалу; (*summon, arrange*) шақыру; (*announce*) жариялау; (*shout*) айқайлау; (*telephone*) шылдырлау; (*visit*) **~ in**, **~ round** кіріп шығу; (*demand*) шақыру; (*summons*) (*for flight*) жариялау; мәлімдеу; (*fig*) (*lure*) еліктіру; **the mountain is ~ed Ben Nevis** тау Бен Невис деп аталады; **to ~ sb as a witness** біреуді куәгер ретінде шақыру; **who is ~ing?** (*TEL*) бұл кім?; **please give me a ~ at 7** маған сағат 7-де қоңырау шалыңызшы; **to make a ~** қоңырау шалу; **to pay a ~ on sb** біреуге кіріп шығу; **there's not much ~ for these items** мына заттарға көп сұраныс жоқ; **to be on ~** (*nurse, doctor*) кезекшілік атқару; (*army, fire brigade*) дайын болу; **~ at fus** (*ship*) кіру; (*train*) тоқтау; **~ back** (*return*) қайта соғу; (*TEL*) қайта шылдырлау; (*TEL*) қайта қоңырау шалу; **~ for fus** (*demand*) шақыру; **~ in** (*doctor*) шақыру; (*visit*) соғу **to ~ sth in** (*books, stock*) бірдеңені қайтарып алу; **~ off** болдырмау; кейінге қалтыру; **the strike was ~ed off** ереуіл кейінге қалтырылды; **~ on fus** (*visit*) соғу; (*appeal to*) шақыру; **to ~ on sb to do** біреуді шақыру; **~ out** айқайлау; (*doctor, police*) шақыру; **~ up** (*MIL*) шақыру (әскер қатарына); (*TEL*) қоңырау шалу; **~ box** (*BRIT*) телефон будкасы; **~ centre** көп мөлшерде телефон қоңырауларын қабылдау орталығы; ♦ *n ~er* ['kɔ:lə] (*visitor*) келуші; (*TEL*) қоңырау шалушы; **hold the line, ~!** телефон тұтқасын қоймаңыз!; **~ing** ['kɔ:lɪŋ] бейімділік; **~ing card** (*US*) визит карточкасы.
- callipers** ['kælipəz] *n* (*MATH*) штангенциркуль.
- callous** ['kæləs] *adj* (*heartless*) мейірімсіз; қайырымсыз; ♦ *n ~ness* ['kæləsənəs] мейірімсіздік.
- callow** ['kæləʊ] *adj* тәжірибесіз; қауырсыны қатпаған; **~ youth** балғын шақ.
- calm** [kɑ:m] *adj* сабырлы; (*place*) тыныш; (*weather*) тынық; тыныштық; (*at sea*) тымық; ♦ *v* тыныштандыру; **~ down** (*person, animal*) тыныштандыру; (*person*) тынышталу; ♦ *adv ~ly* ['kɑ:mlɪ] тыныш; ♦ *n ~ness* ['kɑ:mənəs] тыныштық.
- calorie** ['kæləri] *n* калория; **low~ product** төмен калориялы өнім.
- calve** [kɑ:v] *v* (*cow*) бұзаулау; (*elephant, seal*) төлдеу.
- camber** ['kæmbə] *n* көлденең еңіс.
- Cambodia** [kæm'bəʊdiə] *n* Камбоджа; ♦ *adj ~n* [kæm'bəʊdiən] камбоджиялық.

- Cambridge** ['keɪmbɪdʒ] *n* Кембридж.
- camcorder** ['kæmkɔːdə] *n* бейнекамера.
- camel** ['kæməl] *n* түйе.
- cameo** ['kæmiəʊ] *n* (*jewellery*) тастан жасалған өрнекті әшекей; (*THEAT, literature*) миниатюра.
- camera** ['kæməɾə] *n* (*PHOT*) фотоаппарат; **movie** ~ кинокамера; **35 mm** ~ 35-мм таспаға арналған кинокамера; **in** ~ (*LAW*) бөтендерсіз; жабық есіктің ар жағында.
- cameraman** ['kæməɾəməɳ] *n* (*cinema*) кино оператор; (*TV*) теле оператор.
- camomile** ['kæməmaɪl] *n* түймедағы; ~ **tea** түймедағы шайы.
- camouflage** ['kæməflɑːʒ] *n* (*MIL*) камуфляж; жасырыну; (*ZOOL*) байқатпайтын рең; ♦ *v* (*MIL*) жасыру.
- camp** [kæmp] *n* лагерь; (*MIL*) әскери қалашық; ♦ *v* (*set up camp*) лагерь құру; (*go camping*) шатырда өмір сүру; ♦ *adj* (*effeminate*) әйел іспеттес; ~ **bed** (*BRIT*) жиналмалы керует; ♦ *n* ~**er** ['kæmpɾə] (*person*) турист (*шатырда тұратын*); (*vehicle*) фургон (*саяхат кезінде өмір сүруге қолайлы*); ~**ing** ['kæmpɪŋ] кемпинг; **to go** ~**ing** жаяу саяхатқа шығу.
- campaign** [kæmˈpeɪn] *n* науқан; ♦ *v* (қарсы/үшін) науқан жүргізу; ♦ *n* ~**er** [kæmˈpeɪnə] (қарсы/үшін) күрескер.
- campus** ['kæmpəs] *n* студенттер қалашығы.
- camshaft** ['kæmʃɑːft] *n* жұдырықша білік.
- can** I [kæn] *n* (*for food stuffs*) консерві банкасы; (*for oil, beer*) банка; ♦ *v* консервілеу; **a** ~ **of beer** сыра банкасы; **he had to carry the** ~ (*BRIT*) (*inf*) оған барлығы үшін қиналуға тура келді; ♦ *adj* ~**ned** [kænd] (*fruit, vegetables*) консервіленген; (*music*) жазылған; (*BRIT*) (*inf*) (*drink*) банкадағы; (*drunk*) удай мас.
- can-opener** ['kænpəʊnə] *n* консервілік пышақ/ашқыш.
- can** II [kæn] (*conditional, pt could*) *aux v* (*be able to*) істей алу; **you** ~ **do it** сіз мұны істей аласыз; **I'll help you all** I ~ мен сізге қолымнан келгенше көмектесемін; **I** ~**'t go on any longer** мен әрі қарай жалғастыра алмаймын; **I** ~**'t see/hear you** мен сізді көріп/естіп тұрған жоқпын; (*know how to*) қолынан келу; **I** ~ **swim** мен жүзе аламын; ~ **you speak English?** сіз ағылшынша сөйлей аласыз ба?; (*may*) рұқсат; ~ **I use your phone?** сіздің телефоннан қоңырау шалуға рұқсат па?; **you** ~ **smoke if you like** қаласаңыз, темекі тартуыңызға болады; ~ **I help you with that?** сізге бұл істе көмектесе аламын ба?; (*expressing disbelief, puzzlement*): **it** ~**'t be true!** мүмкін емес!; **what** ~ **he want?** оған не керек?.
- Canada** ['kænədə] *n* Канада; ♦ *adj* ~(**a**) **ian** [kəˈneɪdɪən] канадалық.
- canal** [kəˈnæl] *n* канал.
- canary** [kəˈneəri] *n* шымшық.
- Canberra** ['kænbərə] *n* Канберра.
- cancel** ['kænsəl] *v* болдырмау; (*contract, cheque, visa*) күшін жою; (*words, figures*) сызып тастау; (*stamp*) өшіру; ~ **out** бас тарту; ♦ *n* ~**lation** [kænsəˈleɪʃn] болдырмау; жою.
- cancer** ['kænsə] *n* (*MED*) обыр; (*fig*) бәле; ~ (*zodiac*) Шаян; **he is** ~ ол – Шаян; ~ **patient** обырмен ауыратын адам; ~ **research** онкологиялық зерттеулер; ♦ *adj* ~**ous** ['kænsərəs] қатерлі ісік.
- candid** ['kændɪd] *adj* шынайы; ақ жүрек.
- candidacy** ['kændɪdəsi] *n* кандидатура.

CANDIDATE

- candidate** ['kændidət] *n* (for job) үміткер; (in exam) емтихан тапсырушы; (POL) кандидат.
- candle** ['kændl] *n* май шам; шырақ.
- candlelight** ['kændllaɪt] *n* май шам жарығы.
- candlestick** ['kændlstɪk] *n* шам қоятын шамдал.
- candour** ['kændə] *n* адалдық.
- candy** ['kændi] *n* (US) кәмпит; **sugar~** карамель мұз кәмпит; ~ **store** (US) кондитерлік дүкен; ~ **apple** (US) алма қағы; ♦ *adj* ~**(y)ied** ['kændɪd] қантталған; шекерленген; ~**(y)ied fruit** цукат; қақ.
- candyfloss** ['kændɪflɒs] *n* (BRIT) тәтті мақта.
- cane** [keɪn] *n* (BOT) құрақ; (stick) шыбық; (for walking) таяқ; ♦ *v* (BRIT) дүре соғу.
- canine** ['keɪnaɪn] *adj* итке арналған.
- canister** ['kænistə] *n* (for tea) қаңылтыр банка; (pressurized container) баллон; (of chemicals) канистр.
- cannabis** ['kænpəbɪs] *n* (drug) наша; ~ **plant** сора.
- cannibal** ['kænbəl] *n* (animal) жыртқыш; (person) қаныпезер; жалмауыз; ♦ *n* ~**ism** ['kænbəlɪzəm] жыртқыштық; қаныпезерлік.
- cannon** ['kænən] (*pl* **cannon/-s**) *n* (gun) зеңбірек; ~ **fodder** соғыс құрбаны.
- cannonball** ['kænpənbɔ:l] *n* зеңбірек оғы.
- canny** ['kæni] *adj* тапқыр.
- canoe** [kə nu:] *n* (boat) қайық; (for competition) каноэ; ~**ing** [kə nu:ɪŋ] каноэмен есу.
- canon** ['kænən] *n* (clergyman) каноник; (rule) қағида; (standard) белгі; өлшем; ♦ *v* ~**ize** ['kænənaɪz] (process) қағидаға айналдыру; (person) беделіне бас ию.
- canopy** ['kænpəri] *n* (above bed) балдахин шымылдык; (of leaves) күмбез.
- cant** [kænt] *n* екіжүзділік.
- cantankerous** [kæn'tæŋkərəs] *adj* қазымыр; міншіл.
- canteen** [kæn'ti:n] *n* асхана; (mobile) жорық асханасы; (BRIT) ~ **of cutlery** жолда ас ішуге қажет керек-жарақтарды салатын жәшік.
- canter** ['kæntə] *v* шоқырақтау; ♦ *n* шоқырақ.
- cantilever** ['kæntilɪ:və] *n* консоль; кронштейн; ~ **bridge** консоль көпір.
- canvas** ['kænvəs] *n* (fabric, also art, NAUT) кенеп; (for tents) брезент; ♦ *adj* (shoes, bag) кенеп; **under ~** (camping) шатыр ішінде.
- canvass** ['kænvəs] *v* үгіттеу; (opinions) жақтастарын жинау; ♦ *n* ~**er** ['kænvəsə] үгітші; ~**ing** ['kænvəsɪŋ] сайлау алды үгіт-насихат.
- canyon** ['kænjən] *n* арна.
- cap** [kæp] *n* (hat) кепка; (of uniform) фуражка; (of pen) қалпақша; (of bottle) қақпақ; (for toy gun) пистон; (football) ерекшелік белгісі ретінде кепка алған футбол ойыншысы; **swimming ~** шомылғанда киетін бас киім; ♦ *v* (outdo) асып түсу; (sport) **he was ~ped ten times** ол елдің құрама командасында он рет ойнаған; **to be ~ped with** табысты аяқталу; **and to ~ it all** ақыры соңында.
- capability** [,keɪpə'bɪlɪti] *n* (competence) қабілет; (MIL) әлеует.
- capable** ['keɪpəbl] *adj* (person) қабілетті; ~ **of sth** (person, object) бірденеге қабілетті.
- capacious** [kə peɪʃəs] *adj* сыйымды.
- capacity** [kə pæsɪti] *n* (of container, ship, theatre) сыйымдылық; (of lift) көтеру мүмкіндігі; (of person) (capability) қабілет; (role) рөл; (of factory) өндірістік қабілет; **filled to ~** лық толтырылған; **in his ~ as** ретінде; **in an advisory ~** кеңесшісі ретінде;

- this work is beyond my ~** бұл жұмыс менің қызмет бабыма жатпайды; **to work at full ~** бар қуатымен жұмыс істеу.
- cape** [keɪp] *n* (*GEO*) мүйіс; (*cloak*) плащ.
- caper** [ˈkeɪpə] *n* (*CULIN*) *каперс өсімдігінің бүршігінен жасалған тамақ; (prank) алдап соғу.*
- capital** [ˈkæpɪtəl] *n* астана; (*money*) капитал; ~ **letter** бас әріп; ~ **account** капитал қозғалысының балансы; ~ **allowance** негізгі капитал инвестицияларына қатысты салықтық жеңілдік; ~ **assets** негізгі капитал; негізгі қорлар; ~ **employed** қолданыстағы капитал; ~ **expenditure** қаражат жұмсау; ~ **gains tax** капиталдың қолданылған өсіміне салынатын салық; ~ **goods** капитал тауарлары; құралдар; өндірістер; ~-**intensive** капитал қабылдауға бейім; ~ **investment** қаражат жұмсау; ~ **punishment** өлім жазасы; ~ **transfer tax** (*BRIT*) капиталды аудару салығы; ♦ *v* ~**ize** [ˈkæpɪtəlaɪz] (*COMM*) капиталға айналдыру; **to ~ on** пайда түсіру; ♦ *n* ~**ism** [ˈkæpɪtəlɪzəm] капитализм; ♦ *adj* ~**ist** [ˈkæpɪtəlɪst] капиталистік; ♦ *n* капиталист.
- Capitol** [ˈkæpɪtəl] *n* Капитолий.
- capitulate** [kəˈpɪtjuˈleɪt] *v* тізе бүгу; берілу; ♦ *n* ~(**e**)**ion** [kəˈpɪtjuˈleɪʃ(ə)n] тізе бүгушілік.
- capricious** [kəˈprɪʃəs] *adj* (*person*) ерке; бапшыл.
- Capricorn** [ˈkæprɪkɔːn] *n* (*astrology*) Тауешкі; **he is ~** ол – Тауешкі.
- capsize** [kæp saɪz] *v* төңкеру; төңкерілу.
- capstan** [ˈkæpstən] *n* (*NAUT*) кабестан.
- capsule** [ˈkæpsjuːl] *n* капсула.
- captain** [ˈkæptɪn] *n* (*of ship, plane*) командир; (*of team, army*) капитан; ♦ *v* (*ship*) басқару; (*team*) капитан болу.
- caption** [ˈkæpʃn] *n* атауы; қол.
- captive** [ˈkæptɪv] *adj* тұтқындаулы; тұтқындағы адам; ♦ *n* ~(**e**)**ity** [kæpˈtɪvɪti] тұтқындық; **in ~** (*animal*) торда; (*person*) тұтқында; ♦ *v* ~(**e**)**ate** [ˈkæptɪveɪt] тұтқындау.
- captor** [ˈkæptə] *n* (*unlawful*) ұрлаушы; (*lawful*) тұтқынға алушы.
- capture** [ˈkæptʃə] *v* (*animal*) аулау; (*person*) ұстап алу; (*city, COMM*) басып алу; (*attention*) аудару; ♦ *n* (*of person*) ұстап алу; (*of town*) басып алу; (*of animal*) ұстау; (*COMPUT*) **data ~** ақпарат жинау; **to ~ the screen** (*COMPUT*) экрандағы бейнені бекіту.
- car** [kɑː] *n* автомобиль; машина; (*rail*) вагон; **by ~** автомобильмен; **dining ~** (*BRIT*) вагон-ресторан; ~ **boot sale** тауарларды машина үстінен сататын базар; ~ **bomb** машинаға қойылған бомба; ~ **park** (*BRIT*) көлік тұрақ; ~ **phone** радио-телефон (*көлікте*); ~ **ferry** автокөлік паромы; ~ **hire** (*BRIT*) көлікті жалға алу; ~ **rental** көлікті жалға алу.
- Caracas** [kəˈrækəs] *n* Каракас.
- carafe** [kəˈræf] *n* графин.
- caramel** [ˈkærəməl] *n* (*sweet*) карамель; (*burnt sugar*) күйдірілген қант.
- carat** [ˈkærət] *n* (*of diamond, gold*) карат; **24 ~ gold** саф алтын.
- caravan** [ˈkærəvæn] *n* (*BRIT*) адам тұратын автотіркеме; (*in desert*) керуен; ~ **site** (*BRIT*) адам тұратын автотіркемелер тұрағы.
- caraway** [ˈkærəweɪ] *n* зире (*хош иісті ұрығы бар өсімдік*); ~ **seeds** зире.
- carbohydrate** [kɑːbəˈhaɪdreɪt] *n* көмірсу.

carbolic [kɑ:'bɒlɪk] *n* карбол; ~ acid карбол қышқылы.

carbon ['kɑ:bən] *n* көміртегі; ~ copy көшірме (*көшіргі қағаз арқылы жасалған*); ~ dioxide көмір қышқыл газы (көміртекті қос тотық); ~ monoxide иісті газ; ~ paper көшіргі қағаз; ~ ribbon таспа (*жазу машинкасы немесе принтер үшін*); ♦ *adj* ~ated ['kɑ:bəneɪtɪd] (*drink*) газдалған.

carburettor [kɑ:bə'retə] *n* карбюратор.

carcass ['kɑ:kəs] *n* қанқа; тірек; тұтас ет.

carcinogenic [kɑ:sɪnə'dʒenɪk] *adj* канцерогендік.

card [kɑ:d] *n* (*material*) картон; қатырма; record ~ карточка; membership ~ мүшелік билет; playing ~ (ойын) карта; greetings ~ ашықхат; business ~ визит карточкасы; to play ~s карта ойнау; ~ game карта ойыны; ~ index картотека; ~ vote (*BRIT*) мандаттық дауыс беру.

cardamom ['kɑ:dəməm] *n* кардамон.

cardboard ['kɑ:dbɔ:d] *n* картон; қалың қатырма қағаз; ~ box картон жәшік; ~ city (*inf*) қалада картон жәшіктерде тұратын үйсіз адамдардың районы; ~-carrying member саяси ұйымның толық құқылы мүшесі.

cardiac ['kɑ:dɪæk] *adj* кардиологиялық.

Cardiff ['kɑ:dɪf] *n* Кардифф.

cardigan ['kɑ:dɪgən] *n* кеудеше (*тоқылған*).

cardinal ['kɑ:dɪnl] *adj* түпкілікті; түбегейлі; ~ number есептік сан есім; (*sin*) ажалды; (*principle, importance*) кардинал.

cardsharp ['kɑ:dʃɑ:pə] *n* шулер; алаяқ.

care [keə] *n* (*worry*) уайым; (*of the ill*) қамқорлық; (*attention*) назар;

♦ *v* ~ about (*person, animal*) бағу; күту (қарау); in sb's ~ біреудің қарамағында болу; the child has been taken into ~ бала балалар үйінің қарамағына берілді; to take ~ қарау; to take ~ of (*patient, child*) (біреуді) бағып-қағу; (*problem, situation*) айналысу; ~ of беру үшін; he ~s about environmental issues оны қоршаған ортаның мәселесі толғандырады; would you ~ to/for? қаламайсыз ба?; I wouldn't ~ to repeat the experience менің осыны қайтадан басымнан өткергім келмейді; I don't ~ маған бәрі бір; I couldn't ~ less мен үшін бәрі бір; ~ for (*look after*) қамқорлық жасау; ♦ *adj* ~ful ['keəfʊl] (*cautious*) сақ; (*thorough*) тиянақты; (be) ~full абай бол!; he is ~ful with his money ол үнемшіл; ~less ['keələs] (*negligent*) ұқыпсыз; (*casual*) (*remark*) немқұрайды; (салақ); (*untroubled*) бейқам; ~(e)ing ['keəɪŋ] қамқор; ♦ *adv* ~fully ['keəfəli] сақ; ұқыпты; ~lessly ['keələsli] қалай болса солай; немқұрайды; алаңсыз; ♦ *n* ~lessness ['keələsnəs] (*negligence*) ұқыпсыздық; (*casualness*) салақтық; (*lack of concern*) қамсыздық.

career [kə'ɪə] *n* мансап; ♦ *v* мансап қуу; my school ~ (*life*) менің мектептегі жылдарым; ~s officer кәсіби бағыт бойынша кеңесші; ~ woman іскер әйел.

carefree ['keəfri:] *adj* бейқам.

carer ['keəgə] *n* бағушы адам.

caress [kə'res] *n* мейірім; ♦ *v* мейірім көрсету.

caretaker ['keəteɪkə] *n* (*of building*) шаруашылық меңгерушісі; ~ government (*BRIT*) уақытша үкімет.

cargo ['kɑ:gəʊ] (*pl* cargoes) *n* жүк; ~ boat жүк кемесі; ~ plane жүк ұшағы.

Caribbean [kə'ɪbiən] *adj* карибтік; the ~ (Sea) Кариб теңізі.

- caricature** [kəˈrɪbiən] *n* карикатура; сықақ; ~ **of the truth** шындықты көрсететін карикатура.
- carjack** [ˈkɑːdʒæk] *n* домкрат; ауыр нәрсені кішкене биікке көтеру үшін қолданылатын механизм.
- carnage** [ˈkɑːnɪdʒ] *n* қырғын.
- carnal** [ˈkɑːnl] *adj* тән; дене.
- carnation** [kɑːˈneɪʃn] *n* қалампыр.
- carnival** [ˈkɑːnɪvl] *n* карнавал; (US) (*funfair*) аттракцион қалашығы.
- fortune** ['fɔ:tʃən] *n* (*wealth*) жағдай; **good ~** бақыттылық; сәттілік; **bad/ill ~** бақытсыздық; сәтсіздік; **to make a ~** жағдайын жөндеу; **to tell sb's ~** біреудің тағдырын айтып беру; ♦ *adj* ~(e)ate ['fɔ:tʃənɪt] (*person*) бақытты; (*event*) сәтті; **he is/was ~(e)ate** оның жолы болғыш/жолы болды; ♦ *adv* ~(e)ately ['fɔ:tʃənɪtli] бақытына орай; сәтін салғанда.
- fortune-teller** ['fɔ:tʃəntələ] *n* көріпкел.
- forty** ['fɔ:ti] *num* қырық; ~(y)ieith ['fɔ:tiθ] қыркыншы.
- forum** ['fɔ:rəm] *n* форум.
- forward** ['fɔ:wəd] *adv* алға; *n* (*sport*) шабуылшы; ♦ *v* (*letter, parcel*) қайтадан жіберу; (*career*) алға бастыру; ♦ *adj* (*position*) алдыңғы; (*not shy*) батыл; (*COMM*) (*delivery, sales*) күні бұрынғы; **to move ~ (progress)** ілгерілеу; ~ **movement** алға қарай жылжу; ~ **planning** алдын ала жоспарлау; ~ **contract** жедел келісім-шарт; ~ **rate** жедел валюталық мәміле жасалатын валюталық бағам; ♦ *adv* ~s ['fɔ:wədz] алға.
- fossil** ['fɔsl] *n* тасқа айналу; қазба; ~ **fuel** тасқа айналған отын.
- foster** ['fɔstə] *v* (*child*) қарауына алу; (*activity*) көтермелеу; (*hope*) болу; **to ~ an idea** бір ойды жан-жақты қарастыру; ~ **child** асыранды бала; ~ **mother** асырап алған шеше.
- foul** [faʊl] *adj* жиіркенішті; (*language*) әдепсіз; (*temper*) ашуланшак; ♦ *n* (*sport*) ережені бұзу; ♦ *v* (*dirty*) ластау; (*entangle*) (*anchor, propeller*)

- оралып қалу; ~ **play** (*LAW*) қылмыстық әрекеттер; ~ **is not suspected** қылмыстық әрекеттер жөнінде күдік жоқ.
- found** [faʊnd] (*pt, pp of find*) *v* (*establish*) негізін салу; іргетасын қалау; ♦ *n* ~**ation** [faʊn'deɪʃən] (*act*) негізін қалау; (*base*) негіз; (*fig*) негіз; қағидалар; (*organization*) қоғам; қор; ~**ation cream** негіз-крем; ~**ations** (*of building*) іргетас; **the rumours are without ~ation** сыбыстардың еш негізі жоқ; **to lay the ~ations** (*fig*) негізін салу; ♦ *n* ~**er** ['faʊndə] (*of firm, college*) негізін қалаушы; ♦ *v* ~**er** (*ship*) бату; ~**er member** құрылтайшы-мүше.
- foundry** ['faʊndrɪ] *n* құю цехы.
- fount** [faʊnt] *n* қайнар бұлақ; (*TYP*) әріп жинағы.
- fountain** ['faʊntɪn] *n* субұрқак; ~ **pen** сия қалам.
- four** [fɔ:] *num* төрт; **on all ~s** төрт аяқтап; ~**some** ['fɔ:səm] төрт адамнан тұратын топ; ♦ *adj* ~**th** ['fɔ:θ] төртінші; (*AUT*) ~**th gear** төртінші жылдамдық.
- four-poster** ['fɔ: 'pəʊstə] *n* шымалдығы бар төсек.
- fourteen** ['fɔ: 'ti:n] *num* он төрт; ♦ *adj* ~**th** ['fɔ: 'ti:nθ] он төртінші.
- four-wheel** ['fɔ:wi:l] *adj* төрт дөңгелекті; ~**drive** (*AUT*) жол талғамайтын машина; **with ~** төрт дөңгелегі де тартатын.
- fowl** [faʊl] *n* құс; (*wild*) жабайы құс.
- fox** [fɒks] *n* түлкі; (*person*) қу; айлакер; зәлім; ♦ *v* алдау; ептілікпен әрекет ету; абдырату; ♦ *adj* ~**y** ['fɒksɪ] түлкіге тән; ~**y lady** сұлу әйел.
- foxglove** ['fɒks glʌv] *n* (*BOT*) оймақша.
- fox-hunting** ['fɒkshʌntɪŋ] *n* түлкі аулау.
- foxtrot** ['fɒkstrɒt] *n* (*dance*) фокстрот.
- foyer** ['fɔɪeɪ] *n* фойе.
- fracas** ['fræka:] *n* жанжал.
- fraction** ['frækʃən] *n* (*portion*) кішкене бөлік; (*MATH*) бөлшек; **a ~ of a second** бір сәт; ♦ *adv* ~**ally** ['frækʃnəli]: ~**ally smaller** сәл ғана кішірек.
- fractious** ['frækʃəs] *adj* ештеңені жақтырмайтын; қыңыр; **she was ~** ол қыңырланды.
- fracture** ['fræktʃə] *n* (*of bone*) сынық; ♦ *v* (*bone*) сындыру.
- fragile** ['frædʒaɪl] *adj* сынғыш.
- fragment** ['frægmənt] *n* фрагмент; үзінді; (*of stone, glass*) жарықшақ; сынық; ♦ *adj* ~**ary** ['frægməntəri] (*evidence, knowledge*) үздік-создық; бытыраңқы.
- fragrance** ['freɪgrəns] *n* хош иіс.
- fragrant** ['freɪgrənt] *adj* хош иісті.
- frail** [freɪl] *adj* (*person*) әлсіз; (*structure*) сынғыш; осал.
- frame** [freɪm] *n* (*of building, structure*) құрылыс; (*of car, human, animal*) қаңқа; (*of picture, door, window*) рама; (*of spectacles*) жиек; ♦ *v* көмкеру; жиектеу; (*reply, law, theory*) тұжырымдау; ~ **of mind** көңіл күй; **to ~ sb** (*inf*) біреуге жала жабу.
- framework** ['freɪmwɜ:k] *n* (*structure*) қаңқа; (*fig*) шеңбер.
- France** [frɑ:ns] *n* Франция.
- franchise** ['fræntʃaɪz] *n* (*POL*) дауыс беру құқығы; (*COMM*) франшиза; ♦ *n* ~**e** [fræntʃaɪ'zi:] франшизаны пайдаланушы; ~**r** ['fræntʃaɪzə] франшиза беруші.
- frank** [fræŋk] *adj* (*discussion, person*) ашық; (*look*) тура; ♦ *v* (*letter*) жеткізу үшін алдын ала төлеу; ♦ *n* ~**ness** ['fræŋknɪs] ашықтық; ♦ *adv* ~**ly** ['fræŋkli] ашық.
- Frankfurt** ['fræŋkfɜ:t] *n* Франкфурт.
- frankfurter** ['fræŋkfɜ:tə] *n* шұжық.
- frantic** ['fræntɪk] *adj* (*distraught*) есінен адасқан; (*hectic*) мазасыз; (*desper-*

FRATERNAL

- ate* (*need, desire*) ессіз; (*cry*) қаһарлы; **we were ~ with worry** алаңдаймыз деп әбден есіміз шықты; ♦ *adv ~ally* ['fræntɪklɪ] аласұрып.
- fraternal** [frə'tə:nl] *adj* туысқан.
- fraternity** [frə'tə:nɪtɪ] *n* (*feeling*) туыстық; (*club*) достастық.
- fraternize** ['frætənaɪz] *v* достық қарым-қатынаста болу.
- fraud** [frɔ:d] *n* (*crime*) алаяқтық; (*person*) алаяқ.
- fraudulent** ['frɔ:djulənt] *adj* (*scheme, claim*) алдамшылық.
- fraught** [frɔ:t] *adj* (*person*) ашушан; ~ **with** (*danger, problems*) қолайсыздыққа ұшырататын.
- fray** [freɪ] *v* тозып кету; ♦ *n* (*battle, fight*): **the ~** шайқас; ұрыс; төбелес; **to return to the ~** шайқасуға қайта ұмтылу; **her nerves were ~ed** оның жүйкесі әбден тозған.
- freak** [fri:k] *adj* (*event, accident*) оғаш; ♦ *n* (*person*) (*in appearance*) кемтар; азғын; (*in attitude, behaviour*) **he is a ~** оның оғаш қылықтары көп; (*fanatic*) **she's an aerobics ~** ол аэробика десе ішкен асын жерге қояды; ~ **out** (*on drugs*) делебесі қозу; ♦ *adj ~ish* ['fri:kɪʃ] оғаш.
- freckle** ['frekl] *n* секпіл; ♦ *adj ~ed* ['freklɪd] секпілді.
- free** [fri:] *adj* бос; еркін; (*costing nothing*) тегін; ♦ *v* (*prisoner*) босату; бостандыққа шығару; (*jammed object*) босатып алу; шығарып алу; **to give sb a ~ hand** біреуге толық еркіндік беру; ~ **and easy** айрықша еркін; **admission ~** кіру тегін; ~ **of charge** ақысыз; **for ~** тегін; ~ **of tax** салық төлемінен босатылған; ~ **agent** өз еркі өзіндегі тұлға; **he's a ~ agent** оның өз билігі өзінде; ~ **enterprise** еркін кәсіпкерлік; ~ **gift** сыйлық; ~ **kick** (*football*) еркін соққы; ~ **speech** сөз бостандығы; ~ **trade** шектелмеген бажсыз сауда; ~ **will** ерік бостандығы; **of one's own ~** өз еркімен; ♦ *adv ~ly* ['fri:lɪ] (*without restriction*) еркін; (*liberally*) мол.
- freebie** ['fri:bi] *n* (*gift*) сыйлық.
- freedom** ['fri:dəm] *n* бостандық; ~ **fighter** азаттық күрескері; ~ **of association** ассоциацияға бірігу бостандығы.
- freefone** ['fri:fəʊn] *n* белгілі ұйымдарға тегін қонырау шалуға мүмкіндік беретін жүйе.
- free-for-all** ['fri:fə:ɔ:l] *n* (*fight*) төбелес.
- freehold** ['fri:həʊld] *n* (*of property*) иелікке толық құқық.
- freelance** ['fri:lɑ:ns] *adj* штаттан тыс, келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін; ~ **work** келісім-шарт бойынша жұмыс.
- freeloader** ['fri:ləʊdə] *n* арамтамақ.
- free-market** ['fri: mɑ:kɪt] *n* еркін нарық; ~ **economy** нарықтық экономика.
- freepost** ['fri:pəʊst] *n* (*BRIT*) ақысыз пошта.
- free-range** ['fri: reɪndʒ] *adj* (*animals, bird*) иесіз; босатылып кеткен; ~ **eggs** бос жүрген тауықтардың жұмыртқалары.
- freesia** ['fri:ziə] *n* фрезия.
- freestyle** ['fri:stɑɪl] *n* еркін стиль; шектеулер аз қойылатын жарыстар; ~ **swimming** құлаштап жүзу; ~ **wrestling** еркін күрес.
- freeway** ['fri:wei] *n* (*US*) (*AUT*) жоғары жылдамдықпен жүретін автострада.
- freewheel** [fri: wi:l] *v* (*on bicycle*) сырғу; (*in car*) өзі жүру.
- freeze** [fri:z] (*pt froze*) (*pp frozen*) *v* (*weather*) салқындау; (*liquid, pipe, person*) қату; (*person*) (*stop moving*) қатып қалу; қатыру; ♦ *n* (*weather*)

- суық; (*on arms, wages*) қолдануға тыйым салу; ~ **over** қатып қалу; ~ **up** қату; ♦ *n* ~**r** ['fri:zə] мұздатқыш; ♦ *adj* ~(**e**)**ing** ['fri:ziŋ] мұздай; **it's** ~(**e**)**ing** қатты суық; ~(**e**)**ing cold** тастай суық; **23 degrees below** ~(**e**)**ing** минус 23 градус аяз; **I'm** ~(**e**)**ing** мен тоңып кеттім; ~(**e**)**ing point** қату температурасы.
- freeze-dry** ['fri:zdraɪ] *v* тез қатырып, вакуумда кептіру; ♦ *adj* ~(**y**)**ied** қатыру-кептіру әдісімен өңделген.
- freight** [freɪt] *n* фрахт; ~**forward** жүкті түсіру портында төленетін фрахт; ~ **inward** келген кезде төленетін фрахт; ~ **car** (US) жүк таситын вагон; ~ **train** (US) тауарлық пойыз; ~ **forwarder** экспедитор; ♦ *n* ~**er** ['freɪtə] (NAUT) жүк таситын кеме; (AVIAT) жүк таситын ұшақ.
- french** [frɛntʃ] *adj* француз; ♦ *n* (LING) француз тілі; **the** ~ (*people*) француздар; ~ **bean** (BRIT) үрме бұршақ; ~ **dressing** өсімдік майы және сірке суынан жасалған салат тұздығы; ~ **fried potatoes** чипсы; ~ **stick** ұзыншақ батон; ~ **window** еденге дейін жететін жарма терезе; ~ **Canadian** француз тілді канадалық.
- frenetic** [frə'netɪk] *adj* жанталасқан.
- frenzy** ['frenzi] *n* (*of violence*) долылық; бұлқан-талқан болу; ~ **of joy** қатты қуану; ~ **of excitement** қатты толқу; **to drive sb into a** ~ біреудің зығырданын қайнату; біреудің ашуын келтіру; **to be in a** ~ бұлқан-талқан болу; ♦ *adj* ~(**y**)**ied** ['frenzɪd] *adj* (*person*) долы; (*behaviour*) зығырданы қайнаған.
- frequency** ['fri:kwənsɪ] *n* (*also radio*) жиілік; ~ **modulation** жиілік модуляциясы.
- frequent** *adj* ['fri:kwənt] *v* [frɪ'kwent] жиі; ♦ *v* (*pub, restaurant*) жиі барып тұру; ♦ *adv* ~**ly** ['fri:kwəntli] (*often*) жиі-жиі.
- fresco** ['freskəʊ] *n* фреска.
- fresh** [frɛʃ] *adj* балғын; жаңа; (*instructions, approach*) жаңа; (*cheeky*) (*person*) арсыз; әдепсіз; **to make a** ~ **start** жаңадан қайта бастау; ~ **in one's mind** естен кетпейді; ♦ *n* ~**er** ['frɛʃə] (BRIT) бірінші курс студенті; ♦ *adv* ~**ly** ['frɛʃli] су жаңа; ~**ly made** жаңа жасалған; ~**ly painted** жаңа ғана сырланған; ♦ *n* ~**ness** ['frɛʃnis] балғындық; ♦ *v* ~**en** ['frɛʃən] (*wind, air*) салқындау; ~**en up** (*person*) сергу; ♦ *n* ~**ener** ['frɛʃnə] тазартқыш; **skin** ~**ener** теріні сергітетін лосьон; **air** ~**ener** ауа тазартқыш.
- freshwater** ['frɛʃwɔ:tə] *adj* (*lake*) тұщы; (*fish*) тұщы сулы.
- fret** [frɛt] *v* мазасыздану; ♦ *adj* ~**ful** ['frɛtful] (*child*) мазасыз.
- freudian** ['frɔɪdiən] *adj* фрейдистік; ~ **slip** Фрейд бойынша жаңылыс сөз.
- friar** ['fraɪə] *n* сопы.
- friction** ['frɪkʃən] *n* үйкеліс; (*fig*) алауыздық; ~ **feed** (*on printer*) білікше арқылы қағазды беру.
- Friday** ['fraɪdɪ] *n* жұма.
- fridge** [frɪdʒ] *n* (BRIT) тоңазытқыш.
- fridge-freezer** ['frɪdʒ'fri:zə] *n* мұздатқыш бөлігі үлкен тоңазытқыш.
- friend** [frɛnd] *n* (*male*) дос; (*female*) құрбы; **to make** ~**s with** достасу; ♦ *adj* ~**ly** ['frɛndli] (*person, smile*) жылы шырайлы; (*government, country*) достық пиғылдағы; (*place, restaurant*) қолайлы; (*game, match*) жолдастық; ~**ly match** жолдастық кездесу; **to be** ~**ly with** дос болу; **to be** ~**ly to sb** біреуге достық пейіл таныту; ~**ly fire** өз жағынан оқ жаудыру; ~**ly society** өзара көмек қоғамы; ♦ *n* ~**liness** ['frɛndlɪnis] (*of person*)

- достық пейіл; жылы шырай; ~ship ['frɛndʃɪp] достық.
- frieze** [fri:z] *n* фриз; жиек.
- frigate** ['frɪɡɪt] *n* фрегат.
- fright** [fraɪt] *n* қорқыныш; үрей; **to take** ~ қорқу; үрей; **she looks a ~** оның түрі қорқынышты; ♦ *v* ~en ['fraɪtn] қорқыту; шошыту; ~en away (*birds, children*) үркіту; ♦ *adj* ~ened ['fraɪnd] (*afraid*) қорыққан; **I am ~ened** мен қорқамын; **to be ~ened (of)** (бір нәрседен) қорқу; **he is ~ened by change** ол өзгерістерден қорқады; ~ening ['fraɪnɪŋ] (*experience, prospect*) қорқынышты; ~ful ['fraɪtful] (*dreadful*) қорқынышты; үрейлі; ♦ *adv* ~fully ['fraɪtəli] қатты; **I'm ~fully sorry** мен қатты ұялып тұрмын.
- frigid** ['frɪdʒɪd] *adj* (*woman*) суық; құмарлыққа құштар емес; (*zone*) қатты суық белдеу; суық аймақ.
- frill** [frɪl] *n* (*of dress, shirt*) бүрме; желбіреуік; **without ~s** (*fig*) әдемілемей; ештеңе қоспай; ♦ *adj* ~y ['frɪli] бүрмелі.
- fringe** [frɪndʒ] *n* (*BRIT*) (*of hair*) кекіл; (*on shawl, lampshade*) шашақ; (*of forest*) шет; шет жақ; ~ **benefits** қосымша жеңілдіктер; ~ **theatre** эксперименттік театр.
- frisk** [frɪsk] *v* (*search*) тінту; (*animal*) секектеу; ♦ *adj* ~y ['frɪski] ойнақы.
- fritter** ['frɪtə] *n* (*CULIN*) майға шыжғырылып пісірілген тағамның тілімі; ♦ *v* ұсақ бөліктерге бөлу; ~ **away** (*money*) ұсақ-түйекке жұмсау; (*time*) босқа өткізу.
- frivolity** [frɪ'vɒlɪti] *n* жеңілтектік.
- frivolous** ['frɪvələs] *adj* (*conduct, person*) жеңілтек; (*object, activity*) түкке тұрмайтын.
- frizzy** ['frɪzi] *adj* (*hair*) бұйра.
- fro** [frəʊ] *adv*: **to and ~** әрі-бері.
- frock** [frɒk] *n* көйлек.
- frog** [frɒɡ] *n* бақа; **to have a ~ in one's throat** қырылдау.
- frogman** ['frɒgmən] *n* сүңгуір; сүңгуші.
- frogmarch** ['frɒgmɑ:tʃ] *v* (*BRIT*): **to ~ sb in/out** біреуді қолынан сүйреп кіргізу/шығару.
- frolic** ['frɒlɪk] *v* (*animals*) ойнақ салу; (*children*) ойнақтау; ♦ *n* көңіл көтеру.
- from** [frɒm] *prep* (*indicating starting place, origin*): **where do you come ~?** сіз қайдансыз?; ~ **London to Glasgow** Лондоннан Глазгоуға; **a letter ~ my sister** әпкемнен келген хат; **quotation ~ Dickens** Диккенстен алынған дәйек сөз; (*indicating movement*) (*from inside, away from, off*); (*from behind*) артынан; **she ran ~ the house** ол үйден жүгіріп шықты; **the car drove away ~ the house** машина үйден әрі қарай жүріп кетті; **he took the magazine ~ the table** ол үстел үстінен журналды алды; **they got up ~ the table** олар үстелден тұрды; (*indicating time*) : ~ **two o'clock to/ until/till three** сағат екіден үшке дейін; ~ **January to August** Қаңтардан Тамызға дейін; (*indicating distance*) (*position*), (*motion*): **the hotel is 1 km ~ the beach** қонақ үй жаға жайдан 1 километр қашықтықта; **we're still a long way ~ home** біз үйден әлі алыстамыз; (*indicating price, number*), (*range, change*): **prices range ~ £10 to £50** бағалар £10-тан £50-қа дейін; **the interest rate was increased ~ nine percent to ten percent** пайыздық салымдардың пайызын тоғыздан онға көтерді; (*indicating difference*): **to be different ~ sb/sth** біреуден/бір нәрседен өзгешелеу болу; (*because of, on the basis of*): ~ **what he says** оның айтқанынан; ~ **what I understand** менің білуімше; **to act ~ conviction** өз ұста-

- нымына сәйкес әрекет жасау; **he is weak ~ hunger** ол аштықтан әлсіреп қалды.
- frond** [frɒnd] *n* бұтақ пішіндес жапырақ; **palm ~** пальма жапырағы.
- front** [frʌnt] *n* (*of house, also fig*) қасбет; (*of dress*) алды; (*of train, car*) алдыңғы жақ; (*promenade*) жағалау; (*MIL*) алдыңғы шеп; (*meteorology*) фронт; ♦ *adj* алдыңғы; ♦ *v* қарсы тұру; **to ~ on to sth** қарсы жаққа (бетке) өту; **in ~ алға; in ~ of** алдында; **on the political ~** саяси майданда; **~ desk (US) (in hotel)** администратордың үстелі; (*in doctor's surgery*) тіркеу бөлімі; **~ door** алдыңғы жақтағы есік; **~ page** бірінші бет (*gazet-тің*); **~ room** қонақ бөлмесі; ♦ *adj* **~al** ['frʌntl] (*attack*) тікелей; дәл алдынан жасалатын; **~al view** алдындағы көрініс.
- frontage** ['frʌntɪdʒ] *n* қасбет.
- frontier** ['frʌntɪə] *n* шекара.
- frontrunner** ['frʌntɹʌnə] *n* (*fig*) үміткер.
- front-wheel** *n* (*AUT*) алдыңғы доңғалақ; **~ drive** алдыңғы доңғалағы тартатын.
- frost** [frɒst] *n* аяз; қырау; ♦ *adj* **~y** ['frɒsti] (*weather, night*) аязды; (*welcome, look*) суық; (*window*) қырау басқан; қатып қалған; **~ed** ['frɒstɪd] *мұздатылған*; (*glass*) күңгірт; (*esp US*) (*cake*) жылтыр көзшелермен әшекейленген; ♦ *n* **~ing** ['frɒstɪŋ] (*esp US*) (*on cake*) көзше; әйнекей.
- frostbite** ['frɒstbaɪt] *n* үсу.
- froth** [frɒθ] *n* (*on liquid*) көбік; ♦ *adj* **~y** ['frɒθi] (*liquid*) көбікті.
- frown** [fraʊn] *n* қабақ түю; ♦ *v* тұнжырау; **~ on (fig)** жақтырмай қарау.
- frozen** ['frəʊzn] (*pp of freeze*) *adj* (*food*) қатырылған; (*COMM*) (*assets*) уақытша пайдалануға тыйым салынған.
- frugal** ['fru:gl] *adj* (*person*) үнемді; құнтты; (*meal*) мардымсыз.
- fruit** [fru:t] *n* (*AGR, BOT*) жеміс; (*fig*) (*results*) нәтиже; еңбектің жемісі; **~ fly** жеміс шіркейі; дрозифила; **~ juice** жеміс шырыны; **~ salad** жеміс салаты; ♦ *n* **~er** ['fru:tərə] жеміс сатушы; **~ion** [fru:'ɪʃən] нәтижелілік; **to come to ~ion** іске асу; жүзеге асу; ♦ *adj* **~ful** ['fru:tful] жемісті; **~less** ['fru:tɪs] (*fig*) нәтижесіз; ♦ *adj* **~y** ['fru:ti] жемісті; (*voice, laugh*) ащы.
- frump** [frʌmp] *n* (*woman*) өте нашар киінген әйел.
- frustrate** [frʌs'treɪt] *v* (*person*) көңілін қалдыру; (*plan, attempt*) бұзу; ♦ *adj* **~d** [frʌs'treɪtɪd] (*person*) көңілі қалған; (*plan, attempt*) іске аспаған; **~d artist/poet** болмай қалған суретші/ақын; **~(e)ing** [frʌs'treɪtɪŋ] (*day*) сәтсіз; **I find this job very ~(e)ing** мына жұмысқа менің мүлдем көңілім толмайды; ♦ *n* **~(e)ion** [frʌs'treɪʃən] (*irritation*) ыза; өкініш; көңілі қалу; (*thwarting*) іске аспау.
- fry** [fraɪ] (*pt, pp fried*) *v* қуыру; ♦ *n* **~ing** қуырғыш; **~ing pan** таба; ♦ *adj* **~(y)ied** қуырылған.
- fuchsia** ['fju:ʃə] *n* фуксия.
- fuddled** ['fʌldd] *adj* есеңгіреген.
- fuddy-duddy** ['fʌdɪdɪdɪ] *n* кәрі мылжың.
- fudge** [fʌdʒ] *n* бос сөз; жалған; алаяқ; қаймақтан жасалған кәмпит; ♦ *v* боямалау; бұрмалау; алдау; (*issue, problem*) қашу.
- fuel** ['fjuəl] *n* (*for heating*) отын; (*for plane, car*) жанармай; ♦ *v* (*furnace*) жағу; (*aircraft, ship*) құю; **~ oil** мазут; **~ pump** жанармай насосы; **~ tank** жанармай ыдысы; (*in car*) жанармай құятын бак.
- fug** [fʌg] *n* (*BRIT*) қапырық.

FUGITIVE

fugitive [ˈfjuːdʒɪtɪv] *n* қашқын.

fulfil [fulˈfɪl] (*US*) *v* (*function*) орындау; (*ambition*) жүзеге асыру; ♦ *adj* ~ed [fulˈfɪld] (*person*) қалыптасқан; (*life*) толы; ♦ *n* ~ment [fulˈfɪlmənt] (*US*) (*of promise, desire*) орындау; (*satisfaction*) қанағат; (*of ambitions*) орындалу.

full [ful] *adj* толы; (*skirt*) кең; (*life*) толы; (*maximum*): **at ~ volume/power** толық дауысына/күшіне; ♦ *adv* толықтай; толығымен; **to know ~ well that** толықтай білу; **I'm ~ (up)** мен тойдым; **he is ~ of hope** оның үміті зор; ~ **details** бүге-шігесіне дейін; ~ **marks** жақсы бағалар; **at ~ speed** барлық жылдамдықпен; **a ~ two hours** бақандай екі сағат; **in ~** толығымен; ~ **employment** толық жұмыс; ~ **moon** толған ай; ♦ *adv* ~y [ˈfʊli] (*completely*) толығымен; (*at least*) ~y **as big as** аз дегенде соншалықты көлемде; ~y **fledged** (*teacher, barrister*) толық қалыптасқан; (*citizen, member*) тең құқылы; (*bird*) қанаттанған; ~y **paid share** толық төленген акция; ♦ *n* ~ness [ˈfʊlnɪs]: **in the ~ness of time** уақытында; уақыттың барында.

fullback [ˈfʊlbæk] *n* (*sport*) қорғаушы.

full-blooded [ˈfʊlˈblʌdɪd] *adj* қызуқанды.

full-cream [ˈfʊlˈkri:m] *adj*: ~ **milk** (*BRIT*) қаймақты сүт.

full-grown [ˈfʊlˈgrəʊn] *adj* (*animal, person*) ересек; (*plant*) өскен.

full-length [ˈfʊlˈleŋθ] *adj* (*film, novel*) толық метражды; (*coat*) ұзын; (*portrait*) боймен бірдей.

full-page [ˈfʊlpeɪdʒ] *adj* (*advertisement, picture*) толық параққа.

full-scale [ˈfʊlskeɪl] *adj* (*model*) толық өлшемді; (*attack, war, search*) кең масштабты.

full-sized [ˈfʊlˈsaɪzd] *adj* (*portrait*) толық көлемдегі.

full-time [ˈfʊlˈtaɪm] *n* толық жұмыс күні; ♦ *adj* (*worker*) толық жұмыстайтын; ♦ *adv* (*study*) күндізгі бөлімде; (*work*) толық жүктемедегі.

fulsome [ˈfʊlsəm] *adj* (*praise*) шектен шыққан.

fumble [ˈfʌmbəl] *v* қармалану; тіміскілеу; **to ~ the ball** допты ұстауға тырысу; **to ~ in** (*pocket*) ақтары; **she ~d for the switch in the dark** ол жарық қосқышты қараңғыда қолымен қармалап іздеді.

fume [fju:m] *v* түтіндету; **he was ~(e)ing** ол бәрінен айырылды.

fumes [fju:mz] *n* бу.

fumigate [ˈfju:mɪgeɪt] *v* тұтату; булау.

fun [fʌn] *n* көңіл көтеру; сауық-сайран; қалжың; **what ~!** қандай көңілді!; **to have ~** көңіл көтеру; **he's good ~ (to be with)** онымен көңілді; **for ~** қызық үшін; **it's not much ~** бұл қызықсыз; **to make ~ of** қалжыңдау; **to poke ~ at** мазақтау.

function [ˈfʌŋkʃən] *n* (*also MATH*) қызмет; функция; (*product*) жасалған; (*social occasion*) қабылдау; ♦ *v* (*operate*) басты қызмет атқару; ~ **key** (*COMPUT*) функционалдық перне; ♦ *adj* ~al [ˈfʌŋkʃənəl] (*operational*) әрекетшіл; (*practical*) функционалдық.

fund [fʌnd] *n* (*of money*) қор; (*of knowledge*) қор; ~s (*money*) ақшалай қор; ~ **raising** қор жинау; ♦ *n* ~ing [ˈfʌndɪŋ] қаржыландыру.

fundamental [fʌndəˈmentl] *adj* негізгі; іргелі; ♦ *n* ~ism [fʌndəˈmentəlɪzəm] негізгі ереже; ~ist [fʌndəˈmentəlɪst] негізін қалаушы; ♦ *adv* ~ly [fʌndəˈmentəli] өз негізінде; **they are ~ly different** олар бір-бірінен түбегейлі айырмашылықта.

funeral [ˈfju:nərəl] *n* жерлеу; ~ **director** жерлеуді ұйымдастырушы; ~ **par-**

- four** жерлеу ұйымы; ~ **service** жерлеу рәсімі.
- funereal** [fju: piəpəl] *adj* қара жамылған.
- funfair** [ˈfʌnfɛə] *n* (BRIT) жәрмеңке.
- fungus** [ˈfʌŋgəs] (*pl* fungi) *n* (*plant*) саңырауқұлақ; (*mould*) өнез.
- funicular** [fju: nikjulə] *n* фуникулёр.
- funky** [ˈfʌŋki] *adj* қатты ырғақты әуен жайлы; (*inf*) керемет.
- funnel** [ˈfʌnl] *n* (*for pouring*) түтікше; (*of ship*) мұржа.
- funny** [ˈfʌni] *adj* (*comical*) күлкілі; (*amusing*) қызықты; (*strange*) оғаш; ~ **bone** шынтақ сүйегі; ♦ *adv* ~(*y*)ily [ˈfʌnili] (*strangely*) қызық; ~(*y*)ily **enough** соншалықты қызық.
- fur** [fə:] *n* тері (BRIT); ~ **coat** тері тон.
- furious** [ˈfjuəriəs] *adj* (*person*) құтырынған; жынданған; (*exchange, argument*) қарқынды; (*effort, speed*) қаһарлы; I am ~ **with her** мен оған қатты ашулымын; ♦ *adv* ~ly [ˈfjuəriəslɪ] қаһарлана; ашулана.
- furl** [fə:l] *v* орау.
- furlong** [ˈfə:lɒŋ] *n* фарлонг (201,168 метрге тең болатын ағылшындардың қашықтық өлшемі).
- furlough** [ˈfə:ləʊ] *n* (MIL) жұмыстан шығару.
- furnace** [ˈfə:nɪs] *n* пеш.
- furnish** [ˈfə:nɪʃ] *v* (*room, building*) жабдықтау; (*supply*): to ~ sb with sth бір нәрсемен қамтамасыз ету; ~ed flat apartment жиһазды пәтер; ♦ *n* ~ings [ˈfə:nɪʃɪŋz] жиһаз бұйымы.
- furniture** [ˈfə:nɪtʃə] *n* жиһаз; piece of ~ жиһаздың бөлігі; ~ **polish** жиһазды жылтырататын зат.
- furore** [fjuə rə:ri] *n* (*protests*) наразылық.
- furrier** [ˈfʌriə] *n* (*fur seller*) тері сатушы; (*artisan*) тері илеуші.
- furrow** [ˈfʌrəʊ] *n* атыз; ♦ *v*: to ~ one's brow қабағын түю.
- furry** [ˈfə:ri] *adj* мамық; үлпілдеген.
- further** [ˈfə:ðə] *adj* (*additional*) қосымша; ♦ *adv* (*farther*) әрі қарай; (*more-over*) сонымен қатар; ♦ *v* (*career, project*) бірге әрекет ету; **until ~ notice** алдағы уақытта білу үшін; **how much ~ is it to the station?** вокзалға дейін қанша қашықтық?; ~ **to your letter of (formal)** сіздің хатыңызға сүйене отырып; **to ~ one's interests** өз қызығушылығын қудалау; ~ **education (BRIT)** кәсіби-техникалық білім.
- furthermore** [fə:ðə mɔ:] *adv* (*more-over*) сонымен қатар.
- furthestmost** [ˈfə:ðəməʊst] *adj* ең алыс.
- furtive** [ˈfə:tɪv] *adj* жасырын істелген; байқатпай жасалған; ~ **glance/movement** жасырын қарау/қимыл; ♦ *adv* ~ly [ˈfə:tɪvli] жасырын; ұрлана; байқатпай.
- fury** [ˈfjuəri] *n* (*anger, rage*) ашу; ыза; **to be in a ~** қатты ашулану.
- fuse** [fju:z] *n* (ELEC) сақтандырғыш; (*on bomb*) фитиль; ♦ *v* (*metal*) балқыту; (*ideas, systems*) біріктіру; балку; бірігу; **a ~ has blown** сақтандырғыш жанып кетті; **to ~ the lights (BRIT)** қысқа тұйықталуға себеп болу; ~ **box** сақтандырғыш блогы; ~ **wire** сақтандырғыштың сымы.
- fuselage** [ˈfju:zələ:ʒ] *n* фюзеляж.
- fusillade** [fju:ziˈleɪd] *n* дүркіндете ату.
- fusion** [ˈfju:zən] *n* (*of ideas, qualities*) біріктіру; түрлі тағамдарды біріктіру; **nuclear ~** ядерлік синтез.
- fuss** [fʌs] *n* (*excitement*) әбігерлік; (*anxiety*) мазасыздық; (*trouble*) шу; ♦ *v* мазасыздану; ығырын шығару; **to kick up a ~** шу көтеру; **to make a ~ of sb** біреудің асты-үстіне түсу; ~ **over (person)** дірілдеу; ♦ *adj* ~y [ˈfʌsi] (*nervous*) мазасыз; (*choosy*)

- ұсақ; (*clothes, room*) астарлы; I'm not ~y маған бәрібір.
- fusspot** ['fʌspɒt] *n* әбігер.
- fusty** ['fʌsti] *adj* (*archaic*) ескі көзқарастағы; (*musty*) борсыған.
- futile** ['fju:tail] *adj* (*attempt*) үстірт; ат үсті; қалай болса солай; (*comment, existence*) пайдасыз; ♦ *n* ~(e)ity [fju: 'tɪlɪti] үстірттілік; пайдасыздық.
- futon** ['fu:tɒn] *n* футон (*жапон матрасы*).
- future** ['fju:tʃə] *n* болашақ; (*LING*) ~ tense келер шақ; in (the) ~ болашақта; be more careful in ~ болашақта абай болыңыз; in the near/ immediate ~ алыс/жақын болашақта.
- futuristic** [fju:tʃə'ɪstɪk] *adj* футуристикалық.
- fuzz** [fʌz] *n* (*police*): the ~ менттер; ♦ *adj* ~y ['fʌzi] *adj* (*thoughts, PHOT*) түсініксіз; (*hair*) бұйра.

G, g

- G, g** [dʒi:] *n* (*letter*) ағылшын әліпбиінің 7-ші әрпі; (*MUS*) соль.
- gab** [gæb] *n* (*inf*) сөзқұмарлық; he has the gift of the ~ ол тіл мен жағына сүйенген.
- gabble** ['gæbl] *v* судырлау.
- gaberdine** [gæbə'di:n] *n* шұға; габардин.
- gable** ['geɪbl] *n* фронтон.
- gad** [gæd] *n* (*inf*) ~ about бос сандалып жүру.
- gadget** ['gædʒɪt] *n* құрылғы; ~y ['gædʒɪtri] құрылғылар.
- Gaelic** ['geɪlɪk] *adj* гэль; ♦ *n* (*LING*) эль тілі.
- gaff** [gæf] *n* (*NAUT*) гафель; ілгек (*илгекті ұзын таяқ*); (*inf*) (*nonsense*) he made a real ~ ол аңдамай ағат сөз айтып қойды.
- gaffe** [gæf] *n* жаңсақтық.
- gaffer** ['gæfə] *n* (*inf*) (*supervisor*) бастық; (*fellow*) шал.
- gag** [gæg] *n* (*on mouth*) тығын; (*joke*) қалжын; ♦ *v* аузын тығындау; аузын байлау; (*fig*) аузын жабу; the smell made him ~ мына иістен ол демала алмай қалды.
- gaga** ['gɑ:gɑ:] *adj* есенгіреген; he is ~ оның басы істемейді.
- gaiety** ['geɪəti] *n* сауық-сайран.
- gaily** ['geɪli] *adv* көңілді; (*coloured*) ашық.
- gain** [geɪn] *n* (*increase*) көбею; (*profit*) пайда; ♦ *v* (*experience*) жинау; (*confidence*) ие болу; (*speed*) қосу; (*clock, watch*) алдыға шығу; (*benefit*): to ~ from sth бірденеден пайда табу; to do sth for ~ бірденені пайда табу мақсатында істеу; what will you ~ by that? мұны мен сіз не табасыз?; to ~ ground кең таралу; to ~ 3 pounds (*in weight*) 3 фунт қосу; to ~ on sb біреуді қуып жету; ♦ *adj* ~ful ['geɪnful] (*employment*) табысты; ♦ *adv* ~fully ['geɪnfəli] кірісті; пайдалы; ~fully employed ақылы негізде.
- gainsay** [geɪn'seɪ] *v* жоққа шығару.
- gait** [geɪt] *n* қадам; to walk with a slow confident ~ баяу/сенімді жүріспен жүру.
- gala** ['gɑ:lə] *n* (*festival*) той-думан; swimming ~ судағы мейрам.
- galaxy** ['gæləksɪ] *n* галактика.
- gale** [geɪl] *n* (*wind*) қатты жел; ~ force ten он балдық жел екпіні.
- gall** [gɔ:l] *n* (*ANAT*) өт; (*fig*) (*impudence*) бетпақтық; ♦ *v* ашуландыру; ~ bladder өт қалтасы; ♦ *adj* ~ing ['gɔ:lɪŋ] ашуландыратын.

- gallant** ['gælənt] *adj* (*brave*) айбынды; (*chivalrous*) сыпайы.
- gallantry** ['gæləntri] *n* айбын; сыпайылық.
- galleon** ['gæliən] *n* галеон.
- gallery** ['gæləri] *n* галерея; (*in hall, church, theatre*) балкон.
- galley** ['gæli] *n* (*ship's kitchen*) камбуз; (*ship*) галера; ~ **proof** гранка.
- gallon** ['gæln] *n* галлон (4,5 *lump*).
- gallop** ['gæləp] *n* шоқырақ; ♦ *v* (*horse*) шоқырақтау; текіректеу; (*person*) жүгіру.
- gallows** ['gæləuz] *n* сый.
- gallstone** ['gə:lstəun] *n* өт тасы.
- galore** [gə'lə:] *adv* молшылықта.
- galvanize** ['gælvənaiz] *v* (*person*) қоздыру; (*support*) қамтамасыз ету; **to ~ sb into action** біреуді іс-әрекетке итермелеу.
- gambit** ['gæmbit] *n* гамбит (*шабуылды тездету үшін шахмат ойынының басында бір тасын, не бір фигурасын беру, жегізу*); **opening** ~ алғашқы жүріс.
- gamble** ['gæmbl] *n* қауіп; қатер; қауіпті іс; ♦ *v* (*money*) салу; (*take a risk*) тәуекелге бару; (*bet*) құмар ойындарын ойнау; **to ~ on the Stock Exchange** биржада ойнау; **to ~ on sth** тәуекелге бел байлау; ♦ *n* ~r ['gæmblə] ойыншы; ~(e)ing ['gæmblɪŋ] құмар ойындары.
- gambol** ['gæmbl] *v* ойнақтау.
- game** [geɪm] *n* ойын; (*match*) матч; (*tennis*) гейм; **board** ~ үстел ойыны; (*CULIN, hunting*) түз құсы; **big** ~ (*lions, tigers*) ірі аң; ~ **reserve** аңшылық қорық; ~s спорт ойындары; **a ~ of football/tennis** футбол/теннис матчы; **a ~ of chess** шахмат партиясы; ♦ *adj* (*willing*) дайын; ♦ *adv* ~(e)ly ['geɪmli] батыл; ♦ *n* ~(e)ing ['geɪmɪŋ] құмар ойындары.
- gamekeeper** ['geɪmki:pə] *n* аңшылар қараушысы.
- gamesmanship** ['geɪmzmənʃɪp] *n* ойынпаздық.
- gammon** ['gæmən] *n* (*bacon*) шошқаның сан еті; (*ham*) шошқа шұжығы.
- gamut** ['gæmət] *n* (*range*) гамма; **to run the ~ of emotions** түрлі сезім билеу.
- gander** ['gændə] *n* қаз.
- gang** [gæŋ] *n* қарақшылық топ; (*of friends*) компания; (*of workmen*) команда; ♦ *v* қарақшылық топқа қосылу; **to ~ on sb** бірігіп біреуге қарсы шығу.
- Ganges** ['gændʒi:z] *n* Ганг.
- gangland** ['gæŋlənd] *adj* (*boss, killers*) мафиялық.
- gangling** ['gæŋglɪŋ] *adj* ұзын тұра.
- gangplank** ['gæŋplæŋk] *n* басқыш.
- gangrene** ['gæŋgrɪ:n] *n* гангрена.
- gangster** ['gæŋstə] *n* гангстер.
- gangway** ['gæŋwei] *n* (*from ship*) басқыш; (*BRIT*) (*in cinema, bus*) қатар арасындағы жол.
- gantry** ['gæntri] *n* (*for crane*) портал; (*for railway signal*) сигнал беру көпіршесі; (*for rocket*) ракеталық қондырғы.
- gap** [gæp] *n* (*space*) аралық; (*between teeth*) кетік; (*in time*) интервал; (*in market, records*) бос жер; (*difference*) келіспеушілік; **generation** ~ ұрпақтар арасындағы келіспеушілік.
- gape** [geɪp] *v* (*person*) таңғалып аузын ашу; есінеу; (*hole*) үңірею; (*shirt*) ашылып қалу; ♦ *adj* (*hole*) ~(e)ing ['geɪpɪŋ] үңірейген; (*shirt*) алды ашық.
- garage** ['gæɑ:ʒ] *n* гараж; (*petrol station*) жанармай бекеті.
- garb** [gɑ:b] *n* киім.
- garbage** ['gɑ:bidʒ] *n* (*US*) (*rubbish*) қоқыс; (*nonsense*) шатпақ; (*fig*) (*film, book*) түкке тұрғысыз; ~ **can** қоқыс

GARBLED

- жәшігі; (US) ~ **collector** қоқыс жинаушы; ~ **disposal (unit)** қоқыс лақтыратын құрылғы; ~ **truck** қоқыс жинайтын машина.
- garbled** ['gɑ:bld] *adj* (*account, message*) шатасқан.
- garden** ['gɑ:dn] *n* бақша; ~ **centre** бақша жабдықтары дүкені; ~ **city** жасыл қала; көкке оранған қала; ~s (*park*) саябақ; ♦ *v* бағбаншылықпен айналысу; ♦ *n* ~er ['gɑ:dnə] бағбан; ~ing ['gɑ:dnɪŋ] бағбаншылық; **she was busy ~ing** ол бақшада жұмыс істеді;
- gargle** ['gɑ:gl] *v* тамақты шаю; ♦ *n* шаю.
- gargoyle** ['gɑ:gɔɪl] *n* (ARCHIT) горгулья.
- garish** ['gɛəʃ] *adj* (*light*) көз шағылыстыратын; (*dress, colour*) алабажақ.
- garland** ['gɑ:lənd] *n* гүл тізбек.
- garlic** ['gɑ:lik] *n* сарымсақ.
- garment** ['gɑ:mənt] *n* (*dress*) киім.
- garner** ['gɑ:nə] *v* (*support*) табу; (*information*) жинау.
- garnish** ['gɑ:nɪʃ] *v* безендіру.
- garret** ['gærit] *n* үйшік.
- garrison** ['gærɪsn] *n* гарнизон (қалада немесе қорғанда тұрған әскери бөлімдер).
- garrulous** ['gæruləs] *adj* сөзуар; мылжың.
- garter** ['gɑ:tə] *n* байлам жіп; ~ **belt** белбеу (байлам жіптермен).
- gas** [gæs] *n* газ; (US) (*gasoline*) бензин; (*as anaesthetic*) ингаляциялық анестетик; ~ **cooker** (BRIT) газ плита; ~ **fire** (BRIT) газ камин; ~ **cylinder** газ баллоны; ~ **mask** газқағар; ~ **meter** газ санауыш; ~ **ring** конфорка; ~ **station** (US) бензин колонкасы; ~ **stove** (*cooker*) газ плита; ~ **tank** бензин багы; ♦ *v* (*kill*) тұншықтыру; (MIL) газбен уландыру; ♦ *adj* ~eous ['gæsiəs] газ тәрізді.
- gas-fired** ['gæsfaɪəd] *adj* газбен жұмыс істейтін.
- gash** [gæʃ] *n* (*wound*) ауыр жарақат; (*cut, slash*) қатты кесіп алу; ♦ *v* (*person*) ауыр жарақаттау; (*object*) сөгу; қатты кесу.
- gasket** ['gæskɪt] *n* (AUT) төсем.
- gasoline** ['gæsəli:n] *n* (US) бензин.
- gasp** [gɑ:sp] *n* (*breath*) демін ішке тарту; ♦ *v* (*pant*) еңтігіп демалу; (*in surprise*) күрсіну; **I am ~ing for a smoke** темекі тартқым келіп тұр; ~ **out** айтып салу.
- gassy** ['gæsi] *adj* (*beer*) газдалған.
- gastric** ['gæstrɪk] *adj* асқазан; ~ **ulcer** асқазан жарасы.
- gastroenteritis** ['gæstrəʊentə'raɪtɪs] *n* асқазан-аш ішек қабынуы.
- gastronomy** [gæs'trɒnəmi] *n* аспаздық өнер.
- gasworks** ['gæswə:ks] *n* газ зауыты.
- gate** [geɪt] *n* (*single*) есік; (*double*) қақпа; (*at airport*) шығатын есік; (*of lock, level crossing*) шлагбаум.
- gateau** ['gætəʊ] (*pl gateaux*) *n* торт.
- gate-crash** ['geɪtkræʃ] *v* (BRIT) шақырусыз келу; **to ~ a party** кешке шақырусыз келу; ♦ *n* ~er ['geɪtkræʃə] (*to party*) тосын қонақ.
- gatehouse** ['geɪthaus] *n* қақпаның жанындағы күзетшінің үйі.
- gateway** ['geɪtweɪ] *n* (*also fig*) қақпа.
- gather** ['gæðə] *v* жинау; (*understand*) түсіну; (*sewing*) қатару; жиналу; (*clouds*) топталу; (*dust*) жиналып қалу; **to ~ from sb** біреуден біліп алу; **as far as I can ~** менің түсінуімше; **to ~ speed** жылдамдық қосу; ♦ *n* ~ing ['gæðəɪŋ] жиналыс.
- gauche** [gəʊʃ] *adj* ебедейсіз.
- gaudy** ['gɔ:di] *adj* ала.
- gauge** [geɪdʒ] *n* (*instrument*) өлшеуіш аспап; (*rail*) теміржол табанының ені; **petrol ~, fuel ~, gas ~** бензин

- денгейінің көрсеткіші; ♦ *v* (*amount, quantity*) өлшеу; (*fig*) (*feelings, character*) бағалау; жөнінде ойын қалыптастыру; **to ~ the right moment** қолайлы сәт таңдау.
- gaunt** [gə:nt] *adj* (*haggard*) әбден әлсіреген; (*bare, stark*) түнерген.
- gauntlet** ['gɔ:ntlɪt] *n* қолғап; (*fig*): **to run the ~** орынсыз тиісуге тап болу; **to throw down the ~** жекпе-жекке шақыру.
- gauze** [gɔ:z] *n* (*fabric*) дәке.
- gavel** ['gævl] *n* балға (*жиналыс төрағасының, соттың немесе аукционшының*).
- gawk** [gɔ:k] *v* бақырайып қарау; ♦ *adj* ~*y* ['gɔ:ki] епсіз; ысылмаған.
- gaze** [geɪz] *n* (*look, stare*) көзқарас; ♦ *v* бірдеңеге қарау.
- gazelle** [gə'zel] *n* кара құйрық.
- gazette** [gə'zet] *n* (*newspaper*) газет; (*official publication*) орган; ~*er* [gæzə'tiə] географиялық анықтама кітап.
- gazump** [gə'zʌmp] *v* үстінен баға қосу; ♦ *n* ~*ing* [gə'zʌmpɪŋ] соңғы сәтте үйдің бағасының күрт өсуі.
- gear** [giə] *n* (*equipment, belongings*) керек-жарақ; (*for hunting*) жабдықтар; (*for fishing*) құрал-сайман; (*TECH*) тісті доңғалақ; (*AUT*) жылдамдық; **top/high/low/ bottom ~** жоғары/төмен/ең кіші жылдамдық; **in ~** жылдамдықта; қосылған; **out of ~** жылдамдықта емес; қосылмаған; ~ **lever/shift** жылдамдықты ауыстырып қосқыш; ♦ *v* (*fig*): **to ~ sth to** бірдеңені лайықтау; **our service is ~ed to meet the needs of the disabled** біздің қызметіміз мүгедектердің қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған; ~ **up** дайындалу/қамдану.
- gearbox** ['giəbɒks] *n* (*TECH, AUT*) беріліс қорабы.
- geek** [gi:k] *n* (*inf*) қияли; қатты берілген.
- geezer** ['gi:zə] *n* (*inf*) жігіт.
- gel** [dʒel] *n* (*also CHEM*) гель.
- gelatin(e)** ['dʒeləti:n] *n* желатин.
- gelignite** ['dʒeɪɡnaɪt] *n* гелигнит.
- gem** [dʒem] *n* (*stone*) асыл тас; жарқырауық тас; (*fig*) асыл қазына.
- gen** [dʒen] *n* (*BRIT*) ақпарат; (*inf*): **to give sb the ~ on sth** біреуге бірдеңені үстіртін сипаттау.
- gender** ['dʒendə] *n* (*sex*) жыныс; (*LING*) тек (*род категориясы*).
- gene** [dʒi:n] *n* ген; тұқым; ~*alogy* [dʒi:ni'ælədʒi] генеалогия; шежіре.
- general** ['dʒenərəl] *n* (*MIL*) генерал; ♦ *adj* жалпы; (*movement, interest*) жалпыға ортақ; **in ~** жалпы алғанда; **the ~ public** жалпы халық; ~ **audit** (*COMM*) аудиторлық тексеріс; ~ **anaesthetic** жалпы наркоз; ~ **election** жалпы сайлау; ~ **manager** бас меңгеруші; ~ **practitioner** терапевт дәрігер; ~ **strike** жалпыға ортақ ереуіл; ♦ *adv* ~*ly* ['dʒenərəli] жалпы; әдетте; **it is ~ly accepted that** баршаға мәлім; әдетте деп саналады; **to become ~ly available** барлығы қол жеткізе алатындай болу; ♦ *v* ~*ize* ['dʒenərəlaɪz] жалпылау; ♦ *n* ~*ization* ['dʒenərəlaɪ'zeɪʃən] жалпылау.
- generate** ['dʒenəreɪt] *v* (*power, electricity*) шығару; (*excitement, interest*) тудыру; (*jobs*) жасау; ♦ *n* ~(*e*)*ion* [dʒenə'reɪʃən] ұрпақ; буын; (*of electricity*) жасап шығару; **for ~()ions** ұрпақтан ұрпаққа; ~(*e*)*or* ['dʒenəreɪtə] генератор.
- generic** [dʒi'netɪk] *adj* жалпы.
- generosity** [dʒenə'gɜ:sɪti] *n* жомарттық; (*of spirit*) кеңпейілдік.
- generous** ['dʒenərəs] *adj* (*person*) (*lavish*) жомарт; (*unselfish*) кең пейілді; (*amount of money*) бірталай.

- genesis** ['dʒɛnɪsɪs] *n* генезис; бастау; **the ~ of an idea** идеяның пайда болуы.
- genetic** [dʒɪ nɛtɪk] *adj* генетикалық; гендік; ~ **engineering** гендік инженерия; ~ **fingerprinting** адамның жеке басын оның генетикалық ерекшеліктері арқылы анықтау (ДНК); ♦ *adv* ~**ally** [dʒɪ'nɛtɪkəli] генетикалық; ~**ally modified** генетикалық жағынан өзгертілген; трансгендік; ♦ *n* ~**s** [dʒɪ'nɛtɪks] генетика.
- Geneva** [dʒɪ ni:və] *n* Женева.
- genial** ['dʒɪ:niəl] *adj* (*smile, expression*) жайдары; (*host*) қонақ жайлы; (*climate*) жайлы.
- genitive** ['dʒɛnɪtɪv] *n* (*LING*) ілік септігі.
- genius** ['dʒɪ:niəs] *n* дарын; (*person*) данышпан.
- genocide** ['dʒɛnəʊsaɪd] *n* геноцид.
- genteel** [dʒɛn'ti:l] *adj* (*family*) асыл текті; (*person*) бекзат.
- gentle** ['dʒɛntl] *adj* нәзік; (*breeze*) самал; (*movement, landscape, nature*) жұмсақ; **a ~ hint** нәзік ишара; ♦ *n* ~**ness** ['dʒɛntlnɪs] нәзіктік; жұмсақтық; ♦ *adv* ~(e)**y** ['dʒɛntlɪ] (*smile, treat*) нәзік; (*curve, slope, move*) ақырын; (*speak*) жылы.
- gentleman** ['dʒɛntlmən] *n* (*man*) джентельмен; (*referring to social position*) ақсүйек; ~'s **agreement** джентельмен келісімі; ♦ *adj* ~**ly** ['dʒɛntlmənli] джентельмендік.
- gentry** ['dʒɛntri] *n* ақсүйектік.
- gents** [dʒɛnts] *n* ерлер әжетханасы.
- genuine** ['dʒɛnjʊn] *adj* (*person, feeling*) шынайы; (*painting*) нағыз; ♦ *adv* ~**ly** ['dʒɛnjʊnli] (*sincerely*) шын жүректен; (*truly*) шынында.
- geography** [dʒɪ ɔgrəfi] *n* география; ~(**y**)**er** [dʒɪ ɔgrəfə] географ; ♦ *adj* ~(**y**)**ical** [dʒɪə'græfɪk(l)] географиялық.
- geology** [dʒɪ ɔlədʒɪ] *n* геология; ♦ *adj* ~(**y**)**ical** [dʒɪə'lɔdʒɪk(l)] геологиялық; ♦ *n* ~(**y**)**ist** [dʒɪ ɔlədʒɪst] геолог.
- geometry** [dʒɪ ɔmətri] *n* геометрия; ♦ *adj* ~(**y**)**ic(al)** [dʒɪə'mɛtrɪk(l)] геометриялық.
- geranium** [dʒɪ'reɪniəm] *n* қазтамақ.
- geriatric** [dʒɛrɪ ætrɪk] *adj* гериатрикалық; ♦ *n* қаусаған адам.
- germ** [dʒə:m] *n* (*MED*) микроб; (*BOT, fig*) ұрық; **the ~ of an idea** идеяның бастамасы; ~ **warfare** бактериологиялық соғыс.
- German** ['dʒə:mən] *n* неміс; ♦ *adj* германдық; ~ **measles** (*BRIT*) қызамық.
- germane** [dʒə:'meɪn] *adj* қатысты.
- germinate** ['dʒə:mɪneɪt] *v* (*BOT*) өсіп шығу; (*fig*) бүршік ату; ♦ *n* ~(**e**)**ion** [dʒə:mɪ'neɪʃən] (*BOT*) өну; өсу.
- gerrymander** ['dʒɛrɪmændər] *n* белгілі бір партияға қолдау көрсету мақсатында сайлау бөлімшесін өзгерту.
- gestation** [dʒɛs'teɪʃən] *n* жүктілік; өнімнің пісіп-жетілуі.
- gesticulate** [dʒɛs'tɪkjuleɪt] *v* ымдау.
- gesture** ['dʒɛstjə] *n* (*movement, token*) ым; **as a ~ of friendship** достық белгісі ретінде.
- get** [gɛt] *v* (*US*) (*become, be*) болу; **it's ~ting late** кеш болды; **to ~ old** қартаю; **to ~ tired** шаршай; (*go*) бару; жету; **to ~ to/from** дейін жету; **to get home** үйге келу; (*begin*) бастау **to ~ to know sb** (*become acquainted*) біреумен танысу; **to ~ to know sb well** біреумен жақын танысу; **to ~ the dishes done** ыдысты жуу; **to ~ the car started /to start** машинаны оталдыру; **to ~ sb to do** біреуді мәжбүрлеу; **to ~ sb ready** біреуді жинастыру; **to ~ sth ready** бірденені дайындау; (*obtain*) (*permission, results*) алу; (*money*) табу; (*find*) (*job, flat*) табу; (*person*) (*call*) шақыру; (*pick up*) алып кету; (*call*

out (*doctor, plumber*) шақырту; (*object*) (*carry*) әкелу; (*buy*) сатып алу; I'll ~ **the car** мен машинаны әкелейін; (*receive*) алу; **to ~ a reputation for sth** жаман атқа қалу; **what did you ~ for your birthday?** сіздің туған күніңізге не сыйлады?; (*grab*) ұстау; **the bullet ~ him in the leg** оның аяғына оқ тиді; I'll ~ **you there somehow** мен сізді ол жерге реті келгенде апарамын; (*catch, take*) ұстау; **we ~ a taxi** біз такси ұстадық; **did she ~ her plane?** ол ұшаққа үлгерді ме?; (*understand*) түсіну; (*hear*) есту; (**do you**) ~ **it?** (*inf*) түсінікті ме?; (*have, possess*) ие болу; ~ **about** (*after illness*) жүру; (*news*) таралу; **I don't ~ about much now** (*go to places*) мен қазір көп ешқайда бармаймын; ~ **across** (*subj*) (*speaker*) түсіндіру; **it's important to ~ this message across to them** олардың түсінгені өте маңызды; ~ **along** (*agree*) тіл табысу; ~ **at** (*criticize*) мін табу; (*reach*) бірдеңеге жету; **what are you ~ting at?** сіздің не айтқыңыз келеді?; ~ **away** (*leave*) кету; (*on holiday*) бір жерге кету; (*escape*) қашу; ~ **away with** құтылу; *істеген іске жауапкершілік алмау*; **he ~ everything** оның қолынан бәрі келеді; **he'll never ~ it!** ол жазасын алады!; ~ **back** (*return*) қайту; (*book, car*) қайтарып алу; ~ **back!** ары тұрыңыз!; ~ **back to** (*return to*) қайтып келу; (*contact again*) байланысу; **to ~ back to sleep** қайтадан ұйықтау; ~ **by** (*pass*) (*on foot*) өту; **to ~ by without** бірдеңесіз өту; ~ **down** бірдеңеден түсу; (*depress*) шаршату; (*write*) жазып алу; (*swallow*) жұту; **to ~ down on your hands and knees** төрт аяқтап тұру; ~ **down to** (*work, business*) жұмысты бастау; ~ **in** (*train*) келу; (*arrive home*) (*on foot*) үйге келу; (*by*

transport) жету; (*be elected*) сайлану; **he ~ in by ten votes** оны он артық дауыспен сайлады; **as soon as the bus pulled up we all ~ in** автобус келгенде біз оған отырдық; **we queued for a long time for the concert but couldn't ~ in** кезекте ұзақ тұрғанмен, концертке кіре алмадық; (*harvest*) жинау; (*coal, supplies*) дайындау; (*shopping*) сатып алу; (*into conversation*) сөз арасына қыстыру; ~ **into** (*building*) бірдеңеге кіру; (*subj*) (*train*) келу; (*vehicle*) бірдеңеге отыру; (*clothes*) кию; (*fight, argument*) кірісу; (*university, college*) түсу; **to ~ into bed** ұйықтауға жату; **I can't ~ into this skirt** мына юбка маған сыймайды; ~ **off** (*escape*) құтылу; қашу; **to ~ off lightly/with sth** жеңіл құтылу; (*clothes*) шешу; (*stain*) шығару; (*letter*) жіберу; (*train, bus*) шығу; (*horse, bicycle*) түсу; **to ~ off and walk** (*bicycle*) түсіп жаяу жүру; **you should ~ off at the next station** сізге келесі аялдамада түсу керек; **to ~ off to a good/poor start** (*fig*) жақсы/жаман бастау; ~ **on** (*age*) қартаю; (*progress*) табысқа жету; **how are you ~ting on?** жұмысың жүріп жатыр ма?; **to ~ on** (*with*) (*agree*) келісу; (*manage*) қолынан келу; (*train, bus*) отыру; (*horse, bicycle*) үстіне отыру; **time is ~ting on** уақыт зымырайды; ~ **on to** (*from one subject to another*) ауысу; (*person*) байланысу; **how did we ~ on to this?** біз осыған қалай келдік?; ~ **out** (*leave*) (*building, vehicle*) шығу; (*by transport*) кіру; (*city*) кету; (*socialize*) қатынасу; (*stain*) шығару; (*object*) қол жеткізу; (*report*) жариялау; ~ **out!** жоғал!; **the news ~ out that** жайлы белгілі болды; **the news ~ out in the end** жаңалықтар аяғында жетті; ~ **out of** (*duty*) құтылу; ♦ *v* (*plea-*

- sure, satisfaction*) алу; (*money*): **to ~ out of (from bank)** бірдеңеден алу; (*from account*) шешу; **I couldn't ~ a word out of him** мен оның аузынан сөз ала алмадым; **~ over (illness)** сауығу; **to ~ sth over with** бірдеңені аяқтау; **to ~ the message over that** жайлы түсіндіру; **~ round (law, rule)** бағынбау; (*fig*)(*person*) өз дегеніне жету; **~ round to doing** жиналу; **~ through (TEL)** телефонмен хабарласу; (*work, book*) аяқтау; **~ together (several people)** жиналу; (*two people*) кездесу; (*project, plan*) құру; **~ up тұру**; (*person*) тұрғызу; **I can't ~ up any enthusiasm for it** бұл жөнінде ешқандай қалауым жоқ; **~ up to (BRIT) (prank)** айналысу; **they're always ~ting up to mischief** олар әрдайым тентектік жасайды.
- getaway** ['getəweɪ] *n* қашу; **to make a ~** қашып кету; **~ car** қашуға қолданылатын машина.
- get-together** ['gettəgeðə] *n* (meeting) бейресми жиналыс; (*party*) кеш.
- get-up** ['getʌp] *n* (inf) жасау.
- get-well** [get'wel] *n*: **~ card** сауығу жөнінде жіберілетін карточка.
- geyser** ['gi:zə] *n* гейзер; (*BRIT*) (*water heater*) газ колонкасы.
- ghastly** ['gɑ:stli] *adj* (horrible) (*person, situation*) сұмпайы; (*building, appearance, behaviour*) ұсқынсыз; (*pale*) (*complexion*) түссіз; **you look ~!** сізде өң жоқ!
- gherkin** ['gə:kɪn] *n* тұздауға арналған ұсақ қияр.
- ghetto** ['getəʊ] *n* гетто; **~ blaster** [getəʊ'bla:stə] алып жүретін радио магнитофон.
- ghost** [gəʊst] *n* (spirit) аруақ; **~ town** елсіз қала; ♦ *v* жасырын автор болу; **to give up the ~ (fig)** ұзақ өмір сүруге бұйрық беру.
- ghostwriter** ['gəʊstraɪtə] *n* жасырын-белгісіз автор.
- ghoul** [gu:l] *n* (ghost) аруақ; ♦ *adj* ~ish ['gu:lɪʃ] (*tastes*) нашар.
- giant** ['dʒaɪənt] *n* (*in myths, stories*) дәу; (*fig*) (*large company*) алып; ♦ *adj* үлкен.
- gibber** ['dʒɪbə] *v* түсініксіз сөйлеу; ♦ *n* ~ish ['dʒɪbəriʃ] мағынасыз сөз.
- gibe** [dʒaɪb] *n* мазақ; ♦ *v* мазақ қылу.
- giblets** ['dʒɪblɪts] *n* (*of chicken*) ішек-қарын.
- Gibraltar** [dʒɪ'brɔ:ltə] *n* Гибралтар.
- giddy** ['gɪdɪ] *adj* (*height*) бас айналатын (*dizzy*); **I feel ~** менің басым айналып тұр; **~ with success** сәттіліктен басы айналу; ♦ *n* ~(*y*)iness ['gɪdnɪs] бас айналу.
- gift** [gɪft] *n* (*present*) сыйлық; (*donation*) сый; **~ token** сыйлық купоны; (*ability*) дарын; **to have a ~ for sth** дарынды болу; ♦ *adj* ~ed ['gɪftɪd] алғыр.
- gig** [gɪg] *n* (inf) (*concert*) концерт (*рок немесе поп-топтың*).
- gigabyte** ['dʒɪgəbaɪt] *n* компьютердің есте сақтау күштілігін өлшейтін бірлік.
- gigantic** [dʒaɪ'gæntɪk] *adj* үлкен.
- giggle** ['gɪgl] *v* мырсылдап күлу; ♦ *n* күлкі; **it was just a ~!** бұл күлкілі болды!; **to do sth for a ~** күлдіру үшін жасау.
- gild** [gɪld] *v* алтын жалату.
- gill** [dʒɪl] *n* сұйықтық өлшемі.
- gills** [gɪlz] *n* (*of fish*) желбезек.
- gilt** [gɪlt] *adj* алтындатылған; ♦ *n* жалатылған алтын.
- gilt-edged** ['gɪltɛdʒd] *adj* жоғары дәрежелі; **~ securities** жоғары дәрежелі құнды қағаздар (*сенімді акциялар*).
- gimlet** ['gɪmlɪt] *n* бұрғы.
- gimmick** ['gɪmɪk] *n* (*sales*) әдіс; (*electoral*) айла.
- gin** [dʒɪn] *n* джин.

ginger ['dʒɪndʒə] *n* (*spice*) зімбір; ♦ *adj* (*in colour*) сары; ~ **ale** зімбір сырасы; ~ **group** (*BRIT*) батыл қадамдарды талап ететін, ұйым ішіндегі топ мүшелері; ♦ *adv* ~**ly** ['dʒɪndʒəli] сескене.

gingerbread ['dʒɪndʒəbrɛd] (*cake*) зімбір пирогы; (*biscuit*) зімбір печеньеі.

ginger-haired ['dʒɪndʒə'hɛəd] *adj* жи-рен шашты.

gingham ['gɪŋəm] *n* мақтадан тоқылған мата.

ginseng ['dʒɪnsɛŋ] *n* женьшень тамыр дәрі.

gipsy ['dʒɪpsɪ] *n* сыған; ~ **caravan** сығандар көші.

giraffe [dʒɪ'ra:f] *n* керік.

girder ['gə:də] *n* металл арқалық.

girdle ['gə:dl] *n* (*corset*) корсет; ♦ *v* (*encircle*) орап байлау.

girl [gɜ:l] *n* (*child*) қыз бала; (*daughter*) қызы; **this is my little ~** мынау менің қызым; **an English ~** ағылшындық қыз; ~**friend** ['gɜ:lfrɛnd] құрбы; ♦ *adj* ~**ish** ['gɜ:lɪʃ] қызға тән.

giro ['dʒaɪrəʊ] *n* (*bank giro*) банк арқылы ақша жіберу; (*post office*) пошта арқылы ақша жіберу; (*BRIT*) (*welfare cheque*) жұмыссыздыққа берілетін әлеуметтік жәрдемақы.

girth [gɜ:θ] *n* (*circumference*) кеуде айналымы; (*of horse*) айыл.

gist [dʒɪst] *n* (*of speech, programme*) мән.

give [gɪv] *v* (*hand over*) беру; **to ~ sb sth/sth to sb** біреуге бірденені беру; **to ~ a sigh** күрсіну; **to ~ a push** итеру; **to ~ a shrug** иығын көтеру; **to ~ a speech** сөз сөйлеу; **to ~ a lecture** дәріс оқу; **to ~ three cheers** “алақай” деп үш рет айқайлау; (*tell, deliver*) (*news*) хабарлау; (*advice*) ақыл айту; **let me ~ you some advice** сізге ақыл

беруге рұқсат етіңіз; **to ~ a surprise** таңғалдыру; **that's ~ me an idea** бұл маған ой тудырды; (*dedicate*)(*one's life*) өмірін қию; (*allow*)(*time, attention*) бөлу; **you'll need to ~ me more time** сіз маған көбірек уақыт беруіңіз керек; (*organize*) ұйымдастыру; **to ~ a party** қонақ шақыру; **to ~ a dinner** түскі ас беру; (*stretch*) (*fabric*) созылу; ~ **away** (*money, object*) беру; (*betray*) (*secret, information*) айту; (*bride*) тұрмысқа беру; ~ **back** қайтадан беру; ~ **in** (*yield*) берілу; (*essay*) тапсыру; ~ **off** *fus* (*smoke*) түтіндету; ~ **out** (*distribute*) тарату; (*make known*) хабарлау; (*be exhausted*) біту; (*fail*) сыну; ~ **up** (*stop trying*) тастап кету; тырыспау; (*job, boyfriend, habit*) тастау; (*idea, hope*) қалдыру; **to ~ up smoking** темекі тартуды тастау; **to ~ oneself up** берілу; ~ **way** (*rope, ladder*) шыдамау; (*wall, roof*) құлау; (*chair, floor*) сыну; (*BRIT*)(*AUT*) жол беру; **his legs ~ way beneath him** оның аяғы бүгілді.

give-and-take ['gɪvənd'teɪk] *n* икемділік; бостандық.

give-away ['gɪvəweɪ] (*inf*) *n* әшкерлеу; **her expression was a ~** оның бет әлпетінен көңіл күйі белгілі болды; ♦ *adj* арзан; оңай; ~ **prices** су тегін бағалар; **the exam was a ~!** емтихан өте оңай болды!.

glacial ['gleɪsɪəl] *adj* (*also fig*) мұздай.

glacier ['glæɪsɪə] *n* мұз.

glad [glæd] *adj* қуанышты; **I am ~** мен қуаныштымын; ♦ *adv* ~**ly** ['glædli] (*willingly*) қуана; ♦ *v* ~**den** ['glædn] (*heart*) қуану; (*person*) қуанту; **it ~dened his heart to see her well again** оның жағдайының жақсарғанын көріп ол қатты қуанды.

glade [gleɪd] *n* алаң.

- gladioli** [glædiˈəʊlaɪ] *n* гладиолус.
- glamour** ['glæmə] *n* сүйкімділік; ♦ *adj* ~ous ['glæməərəs] сүйкімді.
- glance** [glɑːns] *n* (look) көзқарас; ♦ *v* бірдеңеге көз салу; ~ off *fus* жанап тию; ♦ *adj* ~(e)ing ['glɑːnsɪŋ] (blow) қиғаш.
- gland** [glænd] *n* (ANAT) без.
- glare** [gleə] *n* (angry) ашулы көзқарас; (hostile) өшігіп қарау; (of light) жарқырау; ♦ *v* (light) жарқырау; to ~ at ашулы/тесіле қарау; ♦ *adj* ~(e)ing ['gleəriŋ] (mistake) көзге түсетін.
- glasnost** ['glæznɒst] *n* жариялық.
- glass** [glɑːs] *n* (substance) әйнек; (container, contents) стакан; ~es (spectacles) көзілдірік; ~ fibre әйнек; ~house ['glɑːshaʊs] жылыжай; ~ware ['glɑːswɛə] шыны ыдыс.
- glass-blowing** ['glɑːsbləʊɪŋ] *n* әйнек ісі.
- glassy** ['glɑːsi] *adj* (eyes, stare) өлімсіреген; айналы.
- Glaswegian** [glæs wiːdʒən] *adj* глазголық; ♦ *n* Глазго тұрғыны.
- glaze** [gleɪz] *v* (window) әйнектеу; (pottery) глазурь жағу; ♦ *n* (on pottery) глазурь; ~(e)ier ['gleɪziə] әйнекші; ♦ *adj* ~d [gleɪzd] (eyes) түссіз жансыз; (pottery) глазурмен қапталған.
- gleam** [gliːm] *v* жылт-жылт ету; ♦ *n* жылтыл; a ~ of hope үміт сәулесі; ♦ *adj* ~ing ['gliːmɪŋ] тамаша.
- glean** [gliːn] *v* (information) табу; жинау.
- glee** [gliː] *n* (joy) көңілділік; ♦ *adj* ~ful ['gliːfʊl] көңілді.
- glen** [glɛn] *n* (Scottish, Irish) өзен алабы.
- glib** [glɪb] *adj* (person) сөзшен; (promise, response) батыл; ♦ *adv* ~ly ['glɪbli] (talk, answer) батыл.
- glide** [glɑɪd] *v* тайғанау; (AVIAT) жоспарлау; (bird) самғау; ♦ *n* тайғанау; ~r ['glɑɪdə] (AVIAT) планёр; ~(e)ing ['glɑɪdɪŋ] (AVIAT) жоспарлау.
- glimmer** ['glɪmə] *n* (of light) жылтылдау; (of interest, hope) үміт оты; ♦ *v* (light) жарқырау.
- glimpse** [glɪmps] *n* елес; қиял; ♦ *v* тез қарау; to catch a ~ of шала шарпы қарау.
- glint** [glɪnt] *v* жарқ ету; ♦ *n* (of metal, light) жарқ ету; (in eyes) көзінің оты.
- glisten** ['glɪsn] *v* (with sweat, rain) жалтырау.
- glitter** ['glɪtə] *v* жарқырау; ♦ *n* жалтыр; ♦ *adj* ~ing ['glɪtərɪŋ] (eyes, career) керемет; (stars) жарқыраған; (diamonds) жалтылдаған.
- glitz** [glɪts] *n* (inf) жылтыр.
- gloat** [gləʊt] *v* табалап қуану; to ~ (over) ішінен көре алмай қуану.
- global** ['gləʊbl] *adj* (interest, attention) жалпы; (overall) (picture) ортақ; ~warming әлемдік/ғаламдық жылылану.
- globe** [gləʊb] *n* (world) әлем; (model of world) глобус; (shape) дөңгелек.
- globetrotter** ['gləʊbrɒtə] *n* саяхатшы.
- globule** ['glɒbjʊːl] *n* тамшы.
- gloom** [gluːm] *n* (dark) қараңғылық; (sadness) көңілсіздік; ♦ *adv* ~ily ['gluːmɪli] көңілсіз; ♦ *adj* ~y ['gluːmi] қараңғы.
- glory** ['glɔːri] *n* (prestige) атақ; (splendour) артықшылық; ♦ *v* мереке-леу; ~ hole (inf) қойма; ♦ *adj* ~(y)ious ['glɔːriəs] (sunshine, weather) тамаша; (victory) атақты; (future) кемел; ♦ *v* ~(y)ify ['glɔːrɪfaɪ] (praise) мадақтау; ♦ *n* ~(y)ification [glɔːrɪfɪ'keɪʃən] дәріптеушілік; the ~(y)ification of war соғыстың даңқын шығару; ♦ *adj* ~(y)ified ['glɔːrɪfaɪd]; she is merely a ~(y)ified secretary ол жай ғана хатшы.

gloss [glɒs] *n* жылтыр; ~ *over fus* жағу;
 ♦ *adj* ~*y* ['glɒsi] (*photograph, magazine*) жылтыр; (*hair*) жарқыраған;
 ♦ *n* жылтыр қаптамалы журнал.
glossary ['glɒsəri] *n* глоссарий.
glove [glɒv] *n* қолғап.
glow [gləʊ] *v* (*embers, stars*) жарқырау (*face, eyes*) жану; ♦ *n* (*of eyes, stars*) жарық; (*of face*) алқызыл; ♦ *adj* ~*ing* ['gləʊɪŋ] (*fire*) алаулаған; (*complexion*) алқызыл; (*fig*) жарқыраған.
glower ['gləʊə] *v* біреуге ашулана қарау.
glow-worm ['gləʊwɜ:m] *n* жарық қоңыз.
glucose ['glu:kəʊs] *n* глюкоза.
glue [glu:] *n* желім; ♦ *v* жабыстыру.
glue-sniffing ['glu:snɪfɪŋ] *n* токсикомания.
glum [glʌm] *adj* түнерген.
glut [glʌt] *n* жетіп артылу; ♦ *v* (*market, economy*) толтырылып тастау.
glutinous ['glu:tɪnəs] *adj* жабысқақ.
glutton ['glʌtn] *n* ашқарақ; *he is a ~ for work* ол еңбекқор; ~*y* ['glʌtəni] тойымсыздық; ♦ *adj* ~*ous* ['glʌtənəs] (*person, habits*) тойымсыз.
glycerine ['glɪsəri:n] *n* глицерин.
gnarled [nɑ:ld] *adj* (*tree*) қисық; (*hand*) дөрекі.
gnash [næʃ] *v* қайрау; шықырлау; *to ~ one's teeth* тісін қайрау.
gnat [næt] *n* шіркей.
gnaw [nɔ:] *v* кеміру; (*doubts, suspicions*) уайымдау; *to ~ at ой* мазалау.
gnome [nəʊm] *n* гном.
go [gəʊ] *v* (*move*) (*on foot*) бару; (*travel*) (*by transport*) саяхаттау; (*depart*) (*on foot*) кету; (*by plane*) ұшу; (*by train, car*) кету; *the plane ~es at 6 am* ұшақ таңғы 6-да ұшады; (*attend*) бару; қатысу; (*take part in an activity*) атсалысу; (*work*) жұмыс істеу; *is your*

watch ~ing? сағатыңыз жүре ме?;
to ~ pale сұрлану; *to ~ mouldy* көгеру; (*be sold*) сатылу; *to ~ with* келу; (*be about to, intend to*) жинақталу; (*time*) (*slowly*) созылу; (*quickly*) өту; (*event, activity*) болу; *how did it ~?* қалай өтті?; (*break*) сыну; (*be placed*) қою; *the milk ~ in the fridge* сүтті тоңазытқышқа қою керек; ♦ *n* (*try*) тырысу; *to have a ~ (at sth/at doing sth)* көру; (*turn*) кезек; *whose ~ is it? (in board games)* кім жүреді?; (*move*) жүру; ~ *about (rumour)* тапай; ~ *after fus (person)* артынан қуу; *to ~ after a job* жұмысқа тұруға тырысу; ~ *against (decision, verdict)* қарсы келу; ~ *ahead (proceed)* жылжу; (*event*) кірісу; ~ *along* бару; *to ~ along with (accompany)* біреумен бару; ~ *away (leave) (on foot)* кету; (*by transport*) бару; ~ *away and think about it for a while* осы жайлы бар да, аздап ойлан; ~ *back (return)* қайту; (*go again*) (*on foot*) тағы бару; ~ *back on fus (promise, word)* сөзінде тұрмау; ~ *by (years, time)* өту; *as time ~ by* уақыт өткенде; ~ *down (descend)* төмен түсу; (*ship*) бату; (*sun*) отыру; (*prices, temperature*) түсу (*swelling*) құлау *fus(stairs, ladder)* бірденеден түсу; ~ *for fus (fetch)(paper, doctor)* жіберу; (*choose, like*) жақсы көру; (*attack*) бас салу; *that ~es for me too* мен де; ~ *in (enter)* кіру; *it's time to ~ in* кіретін уақыт болды; ~ *in for fus* қатысу; (*take up*) айналысу; ~ *into fus(enter)* ену; (*investigate*) қарау; (*take up*) айналысу; *to ~ into detail* бәрін айту; ~ *off (leave) (on foot)* кету; (*by transport*) бару; (*food*) бұзылу; (*bomb*) жарылу; (*gun*) ату; (*alarm*) қоңырау шалу; (*event*) болу; (*lights*) сөніп қалу; *fus* ұнатпай қалу;

- to ~ off to sleep** ұйықтау; **~ on** (*continue*) жалғастыру; (*happen*) (*discussion, argument*) болу; **life ~es on** өмір жалғасады; **~ on at fus** мазалау; **~ on with fus** жалғастыру; **~ out** (*fire, light*) өшу; **~ over** бару; *fus* (*check*) тексеру; **to ~ over sth in one's mind** ойша қайталау; **~ round** (*circulate*) айналып жүру; (*revolve*) айналу; (*suffice*) бәріне жету; (*visit*) біреуге бару; (*by transport*) айналма жолмен жүру; **~ through fus** (*town*) (*on foot*) арқылы өту; (*by transport*) арқылы бару; (*files, papers*) қарау; (*aloud*) (*list*) дауыстап оқу; (*practice*) жасау; **~ through with fus** (*plan, crime*) жүзеге асыру; **~ under** (*also fig*) біреудің айтқанымен кету; **~ up** (*ascend*) көтерілу; (*price, level*) өсу; (*buildings*) бой көтеру; **to ~ up in flames** жану; **~ with fus** (*match*) жарасу; **~ without fus** (*treats*) бірденесіз қалу.
- goad** [gəʊd] *v* (*person*) азғыру; **~ on** (*person*) асықтыру.
- go-ahead** ['gəʊəhed] *adj* бастамашыл; ♦ *n* (*for project*) рұқсат; **to give sb the ~** біреуге рұқсат беру.
- goal** [gəʊl] *n* (*sport*) гол; (*goal posts*) қақпа; (*aim*) нысана; **to score a ~** гол енгізу; **~ post** қақпаның бағанасы.
- goalkeeper** ['gəʊlki:pə] *n* қақпашы; голкипер.
- goat** [gəʊt] *n* ешкі.
- gobble** ['gɒbl] *v* қомағайланып жеу.
- go-between** ['gəʊbitwi:n] *n* делдал.
- goblet** ['gɒblɪt] *n* кубок.
- goblin** ['gɒblɪn] *n* гоблин.
- gobsmacked** ['gɒbsmækt] *adj* таңғалған; қатты толқыған; **I was ~** (*inf*) мен қатты таңғалдым.
- God** [gɒd] *n* Құдай; *excl* Құдайым!
- god-awful** [gɒd'ɔ:fəl] *adj* (*inf!*) қорқынышты.
- godchild** ['gɒdtʃaɪld] *n* кіндік бала.
- goddam** ['gɒddæm] *adj* (*inf!*) қарғыс атқан.
- goddaughter** ['gɒddɔ:tə] *n* кіндік бала (*қыз*).
- godfather** ['gɒdfa:ðə] *n* кіндік әке.
- God-fearing** ['gɒdfiəriŋ] *adj* құдайға бойұсынған.
- godforsaken** ['gɒdfəseɪkən] *adj* құдайдың назарынан тыс қалған.
- godmother** ['gɒdmɪðə] *n* кіндік шеше.
- godparent** ['gɒdpeərənt] *n* кіндік ата-ана.
- godsend** ['gɒdsend] *n* сәттілік; бақ.
- godson** ['gɒdson] *n* кіндік бала (*ұл*).
- gofer** ['gəʊfə] *n* (*inf*) екі ортада жүретін бала.
- go-getter** ['gəʊgetə] *n* бастамашыл.
- goggle** ['gɒgl] *v* (*inf*) көзін бадырайтып қарау.
- going-over** [gəʊɪŋ əʊvə] *n* (*inf*) (*examination*) тексеру; (*physical attack*) ұру.
- goings-on** ['gəʊɪŋz'ɒn] *n* (*inf*) іс.
- gold** [gəʊld] *n* (*metal*) алтын; (*sport*) алтын медаль; ♦ *adj* алтын; **~ reserves** алтын қор; **~ leaf** фольга; **~ mine** алтын шығаратын жер; (*fig*) алтын қазына; **~ standard** алтын стандарт; **~en** ['gəʊldən] (*made of gold*) алтын; (*gold in colour*) алтын жалатылған; (*opportunity, future*) керемет; **~en age** алтын ғасыр; **~en handshake** (*BRIT*) зейнетақыға шыққан кездегі ақшалай сыйлық; **~en rule** алтын ереже.
- goldfish** ['gəʊldfɪʃ] *n* алтын балық.
- gold-plated** ['gəʊld'pleɪtɪd] *adj* алтын жалатылған.
- goldsmith** ['gəʊldsmɪθ] *n* шебер.
- golf** [gɒlf] *n* гольф; **~ ball** (*sport*) гольф ойынына арналған доп; (*on typewriter*) электр баспа машинасындағы әріпері бар металл шар; **~ club** (*organization*) гольф әуесқойлары-

- ның клубы; ~ **course** гольф ойынына арналған алаң; ~**er** ['gɔlfə] гольф ойыншысы; ♦ *adj* ~**ing** ['gɔlfɪŋ] гольф ойынына арналған.
- gondola** ['gɒndələ] *n* гондола; ~**(a)ier** [gɒndə'liə] гондольер.
- gong** [gɒŋ] *n* гонг.
- good** [gud] *adj* жақсы; (*pleasant*) жағымды; (*kind*) мейірімді; (*morally correct*) дұрыс; ♦ *n* (*virtue*) пайда; (*benefit*) табыс; ~**s** (*COMM*) тауар; ~**s train** тауар пойызы; **to be ~ at** қабілеттілігі болу; **to be ~ for** (*useful*) пайдалы болу; **to feel ~** өзін жақсы сезіну; **a ~ deal (of)** үлкен көлем; **a ~ many** көп; **to take a ~ look** жақсылап қарау; **a ~ while ago** өте ертеде; **to make ~** (*damage*) жөндеу; (*loss*) орнын толтыру; ~ **afternoon/ evening!** қайырлы күн/кеш!; ~ **morning!** қайырлы таң!; ~ **night!** (*on leaving*) сау болыңыз!; (*on going to bed*) қайырлы түн!; **he's up to no ~** оның ойы жақсы емес; **for the common ~** ортақ пайда үшін; **for ~ мәңгі**; ~**s and chatters** артық заттар; *excl* ~ **bye** сау болыңыз; **to say ~ bye (to)** қоштасу.
- good-for-nothing** ['gudfənθɪŋ] *adj* жарамсыз.
- good-humoured** ['gud'hju:məd] *adj* (*person*) қайырымды; (*remark, joke*) мейірімді.
- good-looking** ['gud'lukɪŋ] *adj* әдемі.
- good-natured** ['gud'neɪtʃəd] *adj* (*person*) қайырымды; (*pet*) тыңдайтын; (*discussion*) тыныш.
- goodness** ['gudnis] *n* қайырымдылық.
- goodwill** [gud'wil] *n* (*of person*) қайырымдылық; (*COMM*) фирманың атағы.
- goody-goody** ['gudɪgudɪ] *n* момын.
- goosey** ['gu:ɪ] *adj* (*inf*) жабысқақ.
- goose** [gu:s] (*pl* geese) *n* қаз; ~ **pimples** қаз терісі; ~ **step** қазқадам.
- gooseberry** ['guzbəri] *n* қарлыған.
- gore** [gɔ:] *v* сүзу; ♦ *n* қатқан қан.
- gorge** [gɔ:dʒ] *n* аңғар; ♦ *v* тоя тамақ жеу.
- gorgeous** ['gɔ:dʒəs] *adj* тамаша.
- gorilla** [gə'ri:lə] *n* горилла.
- gormless** ['gɔ:mlɪs] *adj* (*BRIT*) (*inf*) ақымақ.
- gorse** [gɔ:s] *n* (*BOT*) тас шөп.
- gory** ['gɔ:ri] *adj* (*details*) қанды (*situation*) қан төгілген.
- go-slow** ['gəʊ'sləʊ] *n* (*BRIT*) жұмыс қарқыны азаю.
- gospel** ['gɒspl] *n* (*REL*) евангелие; (*doctrine*) діни уағыз.
- gossamer** ['gɒsəmə] *n* (*cobweb*) өрмекшінің торы; (*light fabric*) газ.
- gossip** ['gɒsɪp] *n* (*rumours*) өсек; (*chat*) әңгіме; (*person*) өсекші; ~ **column** зиялылар туралы хроника; ♦ *v* өсек айту.
- gouge** [gaudʒ] *v* (*hole*) қазу; (*initials*) қию; **to ~ sb's eyes out** біреудің көзін шығару.
- gourd** [guəd] *n* асқабақ.
- gourmet** ['guəmeɪ] *n* тамақ талғағыш.
- gout** [gaut] *n* (*MED*) құян.
- govern** ['glvən] *v* (*country, also LING*) басқару; (*event, conduct*) басшылық ету; ♦ *n* ~**ess** ['glvənɪs] гувернантка; ~**or** ['glvənə] (*of state, colony*) губернатор; (*of bank, school, hospital*) директор; (*BRIT*) (*of prison*) басшы; ♦ *adj* ~**ing** ['glvənɪŋ] (*POL*) басқаратын; ~**ing body** (*of party*) басқарма органы (*of university*) басқарма; ♦ *n* ~**ment** ['glvnmənt] (*act of governing*) басқарма; (*governing body*) мемлекет; мемлекеттік; **local ~ment** жергілікті өзін-өзі басқару; ~**ment housing** (*US*) мемлекеттік қаржыға салынған тұрғын үй кешені; ~**ment stock** мемлекеттік құнды қағаздар мен акциялар; ♦ *adj* ~**mental** [glvn'mentl] мемлекеттік.

- gown** [gaʊn] *n* (dress) көйлек; (*of teacher*) (BRIT) (*of judge*) мантия.
- grab** [græb] *v* (*seize, also fig*) ұстап алу; (*food*) талап әкету (*sleep*) бұзу; **to ~ at** жармасу.
- grace** [greɪs] *n* грация (REL) сиыну; ♦ *v* (*honour*) ұсыну; (*adorn*) әшекейлеу; **5 days' ~** 5 күн ұзартылған; **with (a) good ~** сыпайы түрде; **with (a) bad ~** тұрпайы түрде; ♦ *adj* **~ful** ['greɪsful] (*animal, person*) сымбатты; (*style, shape*) керемет; (*refusal, behaviour*) тұрарлық; **~(e)ious** ['greɪʃəs] (*person, smile*) сыпайы; (*house*) әдемі; (*living*) тамаша.
- gradation** [grə deɪʃən] *n* градация.
- grade** [greɪd] *n* (COMM) (*quality*) сорт; (*in hierarchy*) ранг; (SCOL) (*mark*) баға; (US) (*school year*) сынып; ♦ *v* (*rank, class*) бөлу; (*products*) сортау; **to make the ~** (*fig*) сәттілікке жету; **~ crossing** (US) теміржол қиылысы; **~ school** (US) бастауыш сынып; ♦ *adj* **~(e)ual** ['grædjuəl] бірізді; ♦ *adv* **~(e)ually** ['grædjuəli] біртіндеп.
- gradient** ['greɪdɪənt] *n* (GEOM) градиент.
- graduate** ['grædjuɪt] *n* түлек; ♦ *v* ['grædjuɪt] бітіру; **I ~d last year** университетті өткен жылы бітірдім; **~d pension** жұмыс өтіліне байланысты өсіп отыратын зейнетақы; ♦ *n* **~(e)ion** [grædju eɪʃən] (*ceremony*) (*at university*) диплом беру салтанаты; (US) аттестат беру салтанаты.
- graffiti** [grə 'fi:tɪ] *n* граффити.
- graft** [grɑ:ft] *n* (AGR) екпе; (MED) ауыстыру (*тері мен сүйекті ауыстыру*); (BRIT) (*inf*) (*hard work*) ауыр жұмыс; (*bribery*) парақорлық; ♦ *v*: **to ~ (onto)** (AGR) егу (MED) ауыстыру.
- grain** [greɪn] *n* (*seed*) астық; (*no pl*) (*cereals*) нанның дәні; (US) (*corn*) дән; (*of sand*) құм (*of salt*) түйіршек; (*of wood*) қабық.
- gram** [græm] *n* грамм.
- grammar** ['græmə] *n* грамматика; (*book*) грамматика оқулығы; **~ school** (BRIT) орта мектеп (*дарынды балаларға арналған*).
- grammatical** [grə 'mætɪkl] *adj* грамматикалық.
- gramophone** ['græməfəʊn] *n* (BRIT) граммофон.
- granary** ['grænəri] *n* қойма.
- grand** [grænd] *adj* орасан; (*gesture*) сәнді; (*inf*) (*wonderful*) тамаша; ♦ *n* (*inf*) мың; **~ jury** (US) ісмі сотқа беруді шешетін алқалылар тобы; **~ piano** рояль.
- grandchild** ['græntʃaɪld] (*pl* grandchildren) *n* немере.
- granddad** ['grændæd] *n* (*inf*) ата.
- granddaughter** ['grændɔ:tə] *n* немере.
- grandeur** ['grændjə] *n* сәнділік.
- grandfather** ['grændfɑ:ðə] *n* ата.
- grandiose** ['grændiəʊs] *adj* орасан.
- grandma** ['grænma:] *n* (*inf*) әже.
- grandmother** ['grænmlðə] *n* әже.
- grandparents** ['grændpreərənts] *n* ата мен әже.
- grandson** ['grænsən] *n* немере.
- grandstand** ['grændstænd] *n* (sport) орталық трибуна.
- granite** ['grænɪt] *n* гранит.
- grant** [grɑ:nt] *v* (*money, visa*) рұқсат ету; (*pension*) тағайындау; (*request*) қанағаттандыру; (*admit*) мойындау; ♦ *n* (SCOL) шәкіртақы; (ADMIN) қосымша; **to take sb for ~ed** біреуді әдеттегідей қабылдау; **to ~ that** келісу.
- granule** ['grænju:l] *n* (*of coffee*) дән (*of salt*) түйіршік; **~(e)ated sugar** ұсак қант.
- grape** [greɪp] *n* жүзім; **a bunch of ~s** үйме жүзім.

grapefruit ['greɪfrʊ:t] *n* грейпфрут.

graph [grɑ:f] *n* (*diagram*) график; ~ **paper** миллиметрлік; ♦ *adj* ~**ic** ['græfɪk] (*account, description*) ашық; (*design*) бейнелеуші; ~**ic art** графика; ~**ic designer** суретші-бейнелеуші; ~**ic equalizer** графикалық түзетуші; ♦ *n* ~**ics** ['græfɪks] графика; сурет.

graphite ['græfɪt] *n* графит.

grapple ['græpl] *v*: **to ~ with sb** біреумен ұстасып қалу; **to ~ with a problem** мәселені түбегейлі қарау.

grasp [grɑ:sp] *v* мықтап ұстай; ~ **at fus** (*rope*) жабысу; (*fig*) (*opportunity*) ие болу; ♦ *n* (*grip*) ұстай; (*understanding*) түсіністік; **success was now within his ~** сәттілік оның жағында болды; **to have a good ~ of sth** (*fig*) ұғу; түсіну; ♦ *adj* ~**ing** ['grɑ:spɪŋ] (*greedy*) сараң.

grass [grɑ:s] *n* шөп; (*lawn*) гүлзар; (*BRIT*) (*inf*) (*informer*) өсекші; (*ex-terrorist*) жеткізуші; ~ **snake** жылан; ♦ *adj* ~**y** ['grɑ:si] (*bank, slope*) шөпті.

grasshopper ['grɑ:ʃɒpə] *n* шегіртке.

grass-roots ['grɑ:srʊ:ts] *adj* (*support*) төменгі (*member*) қатардағы.

grate [greɪt] *n* алауошақ торы; ♦ *v* (*CULIN*) үйкелу; (*metal, chalk*) **to ~ (on)** сықырлау.

grateful ['greɪtful] *adj* (*person*) жағымды; ~ **thanks** шын жүректен алғыс; ♦ *adv* ~**ly** ['greɪtfuli] ризалықпен.

grater ['greɪtə] *n* үккіш.

gratify ['grætɪfaɪ] *v* (*person*) қуанту; (*whim, desire*) қанағаттандыру; ♦ *n* ~**(y)ication** [grætɪfɪ'keɪʃən] қанағат; ♦ *adj* ~**ing** ['grætɪfaɪɪŋ] (*pleasing*) сүйкімді.

gratitude ['grætɪtju:d] *n* алғыс.

gratuity [grə'tju:ɪti] *n* (*tip*) сыйақы; ♦ *adj* ~**(y)ous** [grə'tju:ɪtəs] тегін;

сыйға келген; (*violence, cruelty*) мағынасыз.

grave [greɪv] *n* зират; ♦ *adj* байсалды; (*mistake*) қашып құтыла алмайтын; ~ **digger** қабірші; ♦ *adv* ~**ly** ['greɪvli] байсалды; ~**ly ill** ауыр сырқат.

gravel ['grævl] *n* ірі құм.

gravestone ['greɪvstəʊn] *n* мола.

graveyard ['greɪvjɑ:d] *n* бейіт.

gravitas ['grævɪtəs] *n* көп мағыналылық.

gravitate ['grævɪteɪt] *v* тырысу.

gravity ['grævɪti] *n* (*PHYS*) салмақтылық; (*seriousness*) байсалдылық.

gravy ['greɪvi] *n* (*meat juices*) тұздық; (*sauce*) соус; ~ **boat** тұздық ыдысы; **to ride the ~ train** жеңіл ақша табу.

graze [greɪz] *v* жайылу; (*touch lightly*) тиіп кету; (*scrape*) сыдыру; ♦ *n* сызат; ~**(e)ing** ['greɪzɪŋ] (*pasture*) өріс.

grease [grɪ:s] *n* (*lubricant*) майлау; (*fat*) май; ♦ *v* май жағу; **to ~ sb's palm** (*fig*) біреуге пара беру; ~ **gun** майланатын шприц; ♦ *adj* ~**(e)y** ['grɪ:si] майлы; (*BRIT*) (*road, surface*) тайғанақ.

greasepaint ['grɪ:speɪnt] *n* (театрдағы) грим.

greaseproof ['grɪ:spɹu:f] *adj* (*BRIT*) май өтпейтін; ~ **paper** май өтпейтін қағаз.

great [greɪt] *adj* (*large*) үлкен; (*heat, pain*) мықты; (*city, man*) ұлы; (*inf*) (*terrific*) керемет; **they're ~ friends** олар өте жақсы достар; ♦ *adv* ~**ly** ['greɪtli] айтулы мөлшерде; ♦ *n* ~**ness** ['greɪtnɪs] (*importance*) айбындылық.

great-grandchild [greɪt'græntʃaɪld] (*pl* **great-grandchildren**) *n* шөбере.

great-grandfather [greɪt'grænfa:ðə] *n* үлкен ата.

great-grandmother [greɪt'grænmlðə] *n* әже.

Grecian ['grɪ:ʃən] *adj* гректік.

GREECE

Greece [gri:s] *n* Греция.

greed [gri:d] *n* (*greediness*) сарандық; (*for power, wealth*) ашкөздік; ♦ *adv* ~ily ['gri:dli] саран; ♦ *adj* ~y ['gri:di] саран.

Greek [gri:k] *adj* грек; ♦ *n* (*person*) грек; (*LING*) грек тілі; **ancient/modern** ~ көне грек /қазіргі грек тілі.

green [gri:n] *adj* жасыл; ~ **pepper** жасыл бұрыш; ♦ *n* (*colour*) жасыл түс; (*stretch of grass*) көлшік; (*on golf course*) жасыл шөппен жабылған алаң; ауылдың ортасындағы гүлзар; ~s (*vegetables*) көкөністер; **he has ~ fingers/a ~thumb** (*fig*) ол не отырғызса да шығады; **to give sb the ~ light** біреуге барлығына рұхсат беру; ~ **belt** (*round town*) жасыл аймақ; ~ **card** (*BRIT*) (*AUT*) жасыл карточка (*шетелде көлікті сақтандыру үшін*); (*US*) (*ADMIN*) жасыл карточка (*жұмысқа орналасу үшін*); ~ish ['gri:nɪʃ] жасыл.

greenery ['gri:nəri] *n* жасыл.

greenfly ['gri:nflai] *n* (*BRIT*) құрт.

greengage ['gri:ngedʒ] *n* өрік.

greengrocer ['gri:ngrəʊsə] *n* (*BRIT*) көкөніспен жеміс сатушы.

greenhouse ['gri:nhaʊs] *n* жылыжай; ~ **effect** жылыжай эффектісі; ~ **gas** жылыжай газдары.

Greenland ['gri:nlənd] *n* Гренландия.

greet [gri:t] *v* (*person*) сәлемдесу; (*receive*) (*news*) алу; ♦ *n* ~ing ['gri:tɪŋ] (*welcome*) сәлемдесу; **birthday ~ings** туған күніңмен құттықтаймын; ~ing(s) **card** құттықтау открыткасы.

gregarious [grə'geəriəs] *adj* әңгімешіл.

Grenada [grə'neɪdə] *n* Гренада.

grenade [grə'neɪd] *n* граната.

grey [greɪ] *adj* сұр; (*hair*) ақ шашты; (*dismal*) көңілсіз; **to go ~** шаштың ағаруы.

grey-haired [greɪ'hæəd] *adj* ақ шашты.

greyhound ['greɪhaʊnd] *n* тазы.

grid [grɪd] *n* (*pattern*) тор; шілтер; (*grating*) тор; (*ELEC*) энерго жүйе; (*US*) (*AUT*) радиатор торы.

griddle [grɪdl] *n* (*on cooker*) таба ретінде қолданылатын жалпақметаллды диск.

gridiron ['grɪdaɪən] *n* гриль торы.

gridlock ['grɪdlɒk] *n* (*US*) (*of traffic*) жол кідірісі.

grief [gri:f] *n* қайғы; қасірет; уайым; **to come to ~** (*plan*) опырылу; (*person*) сәтсіздікке ұшырау.

grieve [gri:v] *v* уайымдау; ренжіту; **to ~ for** қайғыру; ♦ *adj* ~(e)ous ['gri:vəs] (*mistake, injury*) қайғылы; уайымды (*shock*) қорқынышты; ~(e)ous **bodily harm** (*LAW*) ауыр дене жарақаты; ♦ *n* ~(e)ance ['gri:vəns] (*complaint*) реніш; наразылық.

grill [grɪl] *n* (*on cooker*) гриль; ♦ *v* (*BRIT*) қуыру (гриль үстінде); ~ed **food** грильде қуырылған азық-түлік; (*inf*) (*question*) әуестеніп сұрау.

grille [grɪl] *n* тор; (*AUT*) радиатор торы.

grillroom ['grɪlru:m] *n* гриль-бар.

grim [grɪm] *adj* (*place, person*) қараңғы; (*situation*) қиын; ауыр.

grimace [grɪ meɪs] *n* бет-аузын тыжырайту; ♦ *v* бетін тыжырайту.

grime [graɪm] *n* (*from soot, smoke*) күйе; (*from mud*) кір; ♦ *adj* ~(e)y ['graɪmɪ] (*dirty*) кір.

grin [grɪn] *n* мысқыл; сықақ; ♦ *v* мысқылдап күлу.

grind [graɪnd] (*pt, pp ground*) *v* (*coffee, pepper*) ұнтақтау; (*US*) (*meat*) ет тартқыштан өткізу; (*make sharp*) (*knife*) қайрау; (*polish*) (*gem, lens*) тегістеу; (*car gears*) қайрау; ♦ *n* (*work*) ауыр жұмыс; бейнет; **to ~ one's teeth** тіс қайрау; **to ~ one's heel into the ground** өкшені жерге кіргізу; **to ~ to**

- a halt** (*vehicle*) шақ-шұқ етіп тоқтау; (*fig*) тоқтап қалу; **the daily ~** (*inf*) күнделікті іс-шара; **~er** ['graɪndə] (*for coffee*) кофе ұнтақтағыш; (*for waste disposal*) қайрақ.
- grindstone** ['graɪndstəʊn] *n* қайрақ.
- grip** [grɪp] *n* (*of person*) ұстау; (*control, grasp*) түсіну қабілеті; еп; (*handle*) тұтқа; (*holdall*) жолға арналған дорба; ♦ *v* (*object*) шап беріп ұстау; (*audience, attention*) біреудің ықыласына бөлену; **to come to ~s with** (*problem, difficulty*) бір шешімді қолға алу; **to ~ the road** (*car*) жолды білу; **to lose one's ~** (*tyres*) қажалу; (*shoes*) тозу; (*fig*) сасқалақтау; ♦ *adj* **~ping** баурап әкететін.
- gripe** [graɪp] *n* (*inf*) (*complaint*) арыз; наразылық; ♦ *v* (*inf*) қысым көрсету; **the ~s** (*MED*) шаншу.
- grisly** ['grɪzli] *adj* қорқынышты.
- grist** [grɪst] *n* дән.
- gristle** ['grɪsl] *n* (*on meat*) шеміршек.
- grit** [grɪt] *n* (*sand*) құм (*stone*) гравий; (*determination, courage*) ұстамдылық; төзім; **~s** (*US*) майдаланған жүгері; ♦ *v* (*road*) майда құм төсеу; **to ~ one's teeth** тістерін қайрау; **I've got a piece of ~ in my eye** менің көзіме қоқым түсіп кетті.
- grizzle** ['grɪzl] *v* (*BRIT*) қыңқылдау; жыламсырау.
- grizzly** ['grɪzli] *n* гризли аю.
- groan** [grəʊn] *n* (*of person*) күрсініс; ♦ *v* (*person*) (*in pain*) күрсіну; (*in disapproval*) қатты күрсіну; (*tree, floorboard*) сықырлау.
- grocer** ['grəʊsə] *n* бакалея дүкенінің сатушысы; **~s** (*shop*) бакалея дүкені.
- grog** [grɒg] *n* (*drink*) пунш (*snipmti ішімдік*); ♦ *adj* **~gy** ['grɒgi] шайқалақтаған; аяғын нық баса алмайтын; **I feel ~** менің аяқтарым қисандап тұр.
- groom** [gru:m] *n* (*for horse*) ат бағушы; **bride~** күйеу жігіт; ♦ *v* (*horse*) бағу; қарай; (*fig*) **to ~ sb for** (*job*) біреуді дайындау; **well~ed** (*person*) мәпеленген.
- groove** [gru:v] *n* (*habit*) ойма.
- grope** [grəʊp] *v* сипап іздеу; (*fig*) қармалау; **to ~ one's way to** қармалап жолын қарай.
- gross** [grəʊs] *adj* (*vulgar*) өрескел; ұят; дөрекі; (*flagrant*) (*neglect, injustice*) жан төзбестік; (*COMM*) (*income*) кіріс; **~ national product** жалпы ұлттық өнім; **~ profit** жалпы табыс; **~ sales** сатылымның жалпы көлемі; ♦ *adv* **~ly** ['grəʊsli] (*greatly*) аса; орасан; шамадан тыс.
- grotesque** [grə'tesk] *adj* күлкілі; кейіпсіз.
- grotto** ['grɒtəʊ] *n* үңгір.
- grotty** ['grɒti] *adj* (*inf*) (*dreadful*) қорқынышты.
- grouch** [graʊtʃ] *v* (*inf*) күндеу; ♦ *n* (*person*) наразылық білдіру.
- ground** [graʊnd] *n* (*earth, land*) жер; (*floor*) еден; (*sport*) алаң; (*US*) **~ wire** жерге қону; түсу; (*reason*) негіз; ♦ *v* (*US*) (*ELEC*) жерге қондыру; түсіру; ♦ *adj* (*coffee*) ұнтақталған; (*ship*) теңіздің түбіне отыру; **~s** (*of coffee*) тұнба; **school ~s** мектеп алаңы; **sports ~** спорт алаңы; **on the ~** жер үстінде; **to the ~** (*burnt*) шоғына дейін жанып кету; **below ~** жерастында; **to gain ~** алға жылжу; **to lose ~** шегіну; **common ~** ортақ ой-нікір; **on the ~s that** осы негізде; **~ control** (*AVIAT, space*) жерді бақылау/басқару қызметі; **~ floor** төменгі қабат; **~ rent** (*BRIT*) жерді жалға алу; **~ rule** басты, негізгі ереже; **~ swell of opinion** (*against*) бір нәрсеге көтерілген ой; ♦ *n* **~ing** ['graʊndɪŋ] (*in education*) негіздеме; ♦ *adj* **~less** ['graʊndlɪs] дәлелсіз.

GROUNDNUT

- groundnut** ['graʊndnʌt] *n* жер жаңғағы.
- groundsheet** ['graʊndʃi:t] *n* (BRIT) су өтпейтін мата.
- groundsman** ['graʊndzmən] *n* (sport) тәртіпті қадағалап жүретін стадион немесе саябақ қызметкері.
- ground-to-air** ['graʊndtə'eə] *adj* әуеге қарсы.
- groundwork** ['graʊndwə:k] *n* (preparation) іргетас; негіз.
- group** [gru:p] *n* топ; ♦ *v* (people, things) топтау; топталу; ~ **therapy** топтық терапия.
- groupie** ['gru:pi] *n* жанкүйер қыз (non-группа, әнші).
- grouse** [graʊs] *n* (bird) шотландық кекілік; ♦ *v* (complain) наразылық білдіру.
- grove** [grəʊv] *n* шоқ тоғай.
- grovel** ['grɒvl] *v* (crawl) еңбектеу; жорғалау; (fig) жағымпаздану.
- grow** [grəʊ] *v* өсу; (increase) үлкею; (become) болу; **to ~ rich/weak** бай/әлсіз болу; (roses, vegetables) өсіру; **to ~ (out offrom)** (city, society) өсу; (idea, plan) пайда болу; **to ~ tired of waiting** күтуден шаршау; ~ **apart** (fig) бір-бірінен алыстау; ~ **away from** (fig) бір нәрседен алыстау; ~ **on** ұнай бастау; **that painting is ~ing on me** бұл сурет маған ұнап келе жатыр; ~ **out of** (clothes) бір нәрседен өсіп шығу; (habit) күшею; **he'll ~ out of it** ол одан өсіп кетеді; ~ **up** (child) өсу; жас қосу; (develop) (idea, friendship) пайда болу; ♦ *n* ~**er** ['grəʊə] (BOT) бақшашы; **lily/rose ~er** лалагүл/раушан гүл өсіретін бақшашы; ♦ *adj* ~**ing** ['grəʊɪŋ] (increasing) өсу; ~**ing pains** (MED) балалық шағындағы невралгиялық немесе ревматикалық науқас.
- growl** [graʊl] *v* (dog) ырылдау; (person) мыңқылдау.
- grown-up** [grəʊn ʌp] *n* (adult) үлкен; ♦ *adj* (son, daughter) үлкен.
- growth** [grəʊθ] *n* (development) даму (increase) көбею; өсу; арту; (of weeds) ұрық; бұтақ; (of beard) қыл; қылшық; (MED) ісік; ~ **rate** өсу қарқыны.
- grub** [grʌb] *n* (larva) балапан құрт; (inf) (food) жем; тамақ; ♦ *v*: **to ~ about/around (for)** (ізденіске) түсу.
- grubby** ['grʌbi] *adj* (also fig) кір; саалақ.
- grudge** [grʌdʒ] *n* (grievance) наразылық; ♦ *v* сараңдану; **to ~ sb sth** біреуден аяу; **to bear sb a ~** біреуге өкпелеу; ♦ *adj* ~**(e)ing** ['grʌdʒɪŋ] (respect, silence) мәжбүр болған; амалсыз; (praise) сараң; ♦ *adv* ~**(e)ingly** ['grʌdʒɪŋli] ұнатпай; көңілсіз.
- gruelling** ['gruəlɪŋ] (US) *adj* шаршата-тын; ауыр.
- gruesome** ['gru:səm] *adj* (tale, scene) сұмдық; қорқынышты.
- gruff** [grʌf] *adj* (voice) өрескел (manner) дөрекі.
- grumble** ['grʌmbəl] *v* күнкілдеу.
- grumpy** ['grʌmpri] *adj* ашушаң; тұнжыраған; ренжігіш.
- grunge** [grʌndʒ] *n* грюндж стилі.
- grunt** [grʌnt] *v* (pig) қорсылдау; (person) күнкілдеп ұрса беру.
- G-string** ['dʒɪ:striŋ] *n* (garment) ашық іш киім түрі.
- guarantee** [gæ'rən'ti:] *n* (assurance) кепіл; (COMM) (warranty) кепіл; ♦ *v* кепіл болу; **he can't ~ (that) he'll come** ол келетініне кепілдік бере алмайды.
- guarantor** [gæ'rən'tɔ:] *n* (COMM) кепілдік беруші.
- guard** [gɑ:d] *n* (one person) күзетші; (squad) қорғаушы (MIL) қарауыл; (boxing) (fencing) қорғанушылық

- тұрыс; (BRIT) (rail) кондуктор; (on machine) сақтау құрылысы; fire ~ каминнің қорғау торы; ~ dog күзетші ит; ~s van (BRIT) (rail) жүк вагоны; ♦ *v* (prisoner) күзету; (secret) ұстау; сақтау (ұстау; сақтау); to ~ (against) күзету; to be on one's ~ абай болу; ~ against (prevent) (disease, damage) алдын алу; ♦ *adj* ~ed ['gɑ:dɪd] (statement, reply) сақ.
- guardian** ['gɑ:diən] *n* (LAW) (of minor) қамқоршы; (defender) қорғаушы.
- guardrail** ['gɑ:dreɪl] *n* сүйеніш.
- Guatemala** [gwɑ:ti'mɑ:lə] *n* Гватемала; ♦ *adj* ~n [gwɑ:ti'mɑ:lən] гватемалдық.
- guerrilla** [gə'ri:lə] *n* партизан; ~ warfare партизан соғысы.
- guess** [ges] *v* (estimate) (number) болжау; (distance) жорамалдау; (correct answer) табу; аңғару; ♦ *n* (attempt at correct answer) ой; to take/have a ~ табу; my ~ is that менің ойымша; to keep sb ~ing біреуге ешнәрсе айтпау.
- guesstimate** ['gestɪmɪt] *n* (inf) болжам.
- guesswork** ['geswə:k] *n* (speculation) жорамал болжам; I got the answer by ~ мен жауабын аңғардым.
- guest** [gest] *n* (visitor) қонақ; (in hotel) тұрақты қонақ; ~ room қонаққа арналған бөлме.
- guesthouse** ['gesthaʊs] *n* пансион.
- guff** [gʌf] *n* (inf) сандырақ; бос сөз.
- guffaw** [gʌ'fɔ:] *v* қарқылдау; қарқылдап күлу; ♦ *n* қарқыл.
- guidance** ['gɑɪdəns] *n* (advice) нұсқау; under the ~ of бір нәрсенің көмегімен; басшылығымен; vocational ~ кәсіптік бағдар кеңесі; marriage ~ отбасы мен неке сұрақтары бойынша кеңес.
- guide** [gaɪd] *n* (in museum, on tour) жетекші экскурсовод; (mountain guide) нұсқаушы; жол көрсеткіш; (handbook) басқару; (BRIT) скаут-қыз; ~ dog жол көрсеткіш ит; ♦ *v* (direct) жол көрсету; нұсқау; (show around) басын айналдыру; to be ~ by sb/sth (fig) біреудің ақылын қолдану; ~d missile басқарылатын зымыран.
- guidebook** ['gaɪdbʊk] *n* жол нұсқаулығы.
- guidelines** ['gaɪdlaɪnz] *n* директива.
- guild** [gɪld] *n* ассоциация (history) гильдия.
- guile** [gaɪl] *n* арамдық; ♦ *adj* ~less ['gaɪllɪs] арамдықсыз; қулықсыз.
- guillotine** ['gɪləti:n] *n* гильотина; (for paper) кесу құрылғысы.
- guilt** [gɪlt] *n* (remorse, culpability) кінә; ♦ *adj* ~y ['gɪltɪ] (person, expression) кінәлі; (secret) масқаралық; to plead ~y өз-өзін кінәлау; to feel ~y about sth бірнәрсеге кінәлі сезіну.
- Guinea** ['gɪni] *n* Гвинея; ♦ *n* ['gɪni] (BRIT) гиней; ~ pig (animal) теңіз шошқасы; (fig) тәжірибе жүргізілетін жануар.
- guise** [gaɪz] *n* бет перде: in/under the ~ of бет перде жамылған.
- guitar** [gi'tɑ:] *n* гитара; ~ist [gi'tɑ:rɪst] гитара ойнаушы.
- gulch** [gʌltʃ] *n* (US) жіңішке шатқал.
- gulf** [gʌlf] *n* (GEO) шығанақ; (fig) тұңғыық; the Persian ~ Парсы шығанағы.
- Gulf States** *n* Парсы шығанағының мемлекеттері.
- Gulf Stream** *n* Гольфстрим.
- gull** [gʌl] *n* шағала.
- gullet** ['gʌlɪt] *n* ас қорыту жүйесі.
- gullible** ['gʌlɪbl] *adj* (naive, trusting) иланғыш; ♦ *n* ~(e)ity [gʌlɪ'bɪlɪtɪ] иланғыштық.
- gully** ['gʌli] *n* (ravine) терең сай.

- gulp** [gʌlp] *v* (*swallow*) (*from nerves, excitement*) жұту; ~ **down** (*food, drink*) жұту; ♦ *n* жұтым; **to drink at one ~** бір жұтып тауысу.
- gum** [gʌm] *n* (*ANAT*) қызыл иек; (*glue*) желім; (*sweet*) ~**drop** желе мармеладды; **chewing-~** сағыз; ♦ *v* (*stick*) жабыстыру; ~ **up** бітеп тастау; **to ~ up the works** (*inf*) жұмысты тоқтату.
- gumboots** [ˈgʌmbuːts] *n* (*BRIT*) резеңке етік.
- gumption** [ˈgʌmpʃən] *n* (*sense, wit*) тапқыр.
- gumtree** [ˈgʌmtriː] *n* эвкалипт; **to be up a ~** (*fig*) (*inf*) ыңғайсыз жағдайға түсу.
- gun** [gʌn] *n* (*revolver, pistol*) қару; (*rifle, airgun*) мылтық; (*cannon*) зеңбірек; ♦ *v* ~ **down** ату; **to stick to one's ~s** (*fig*) қаруды жинамау; ~ **dog** аңшы ит; ♦ *n* ~**ner** [ˈgʌnə] (*MIL*) артиллерист.
- gunboat** [ˈgʌnbəʊt] *n* (*military*) канонер қайық.
- gunfire** [ˈgʌnfaiə] *n* қарудан атылған оқ.
- gunk** [gʌŋk] *n* (*inf*) түкке алғысыз нәрсе.
- gunman** [ˈgʌnmən] *n* қаруланған қылмыскер.
- gunpoint** [ˈgʌnpɔɪnt] *n* мылтықтың аузы; **at ~** оқ астында.
- gunpowder** [ˈgʌnpaʊdə] *n* оқ-дәрі.
- gunrunner** [ˈgʌŋrʌnə] *n* контрабандашы; заңсыз қару сатушы.
- gunrunning** [ˈgʌŋrʌniŋ] *n* заңсыз қару тасымалы.
- gunshot** [ˈgʌnʃɒt] *n* атыс.
- gunsmith** [ˈgʌnsmiθ] *n* қару шебері.
- gurgle** [ˈgɜːgl] *v* (*baby*) гуілдеу; (*water*) сарқырау.
- guru** [ˈguruː] *n* (*REL*) гуру; (*fig*) рухани қамқоршы; ұстаз.
- gush** [gʌʃ] *v* атқылау; (*enthuse*) қуаныштан мас болу; ♦ *n* (*of water*) ағын; ♦ *adj* ~**ing** [ˈgʌʃɪŋ] (*female*) қуану; (*admiration, reverence*) арынды.
- gusset** [ˈgʌsɪt] *n* сына; танап.
- gust** [gʌst] *n* (*of wind*) леп.
- gusto** [ˈgʌstəʊ] *n* рақат; **with ~** (*eat*) рахаттана; (*work*) терлеп-тепшігіп.
- gusty** [ˈgʌsti] *adj* (*wind*) ұйытқы; (*day*) самалды.
- gut** [gʌt] *n* ішек; (*MUS, sport*) перне (*жануар ішектерінен*); ~**s** (*ANAT*) ішектер ішек-қарын; (*inf*) (*courage*) ерлік; ♦ *v* (*poultry, fish*) ақтару (ақтару); (*building*) үй ішіндегі бөліктерді алу; **to hate sb's ~s** (*inf*) біреуді мүлдем жақтырмау (жақтыру); ~ **reaction** түйсікті реакция.
- gutsy** [ˈgʌtsi] (*inf*) *adj* өктем.
- gutter** [ˈgʌtə] *n* (*in street*) су өтетін арық; (*of roof*) су ағатын құбыр; ~ **press** (*inf*) бульварлық пресса.
- guttural** [ˈgʌtərəl] *adj* көмейлік.
- guy** [gaɪ] *n* (*inf*) (*man*) жігіт; ~**rope** шатырды тартуға арналған арқан.
- guzzle** [ˈgʌzl] *v* (*drink*) ішу; (*food*) тамақтану.
- gym** [dʒɪm] *n* (*gymnasium*) гимнастика залы; гимнастика; ~ **shoes** спорттық аяқ-киім.
- gymkhana** [dʒɪmˈkɑːnə] *n* спорттық жарыс.
- gymnast** [ˈdʒɪmnæst] *n* гимнаст.
- gymnastics** [dʒɪm næstɪks] *n* гимнастика.
- gymslip** [ˈdʒɪmslɪp] *n* (*BRIT*) (*tunic*) мектепке арналған жеңсіз көйлек.
- gynaecology** [gaɪniˈkɒlədʒi] (*US*) *n* гинекология; ~(**y**)**ist** [gaɪniˈkɒlədʒɪst] гинеколог.
- gyrate** [dʒaɪˈreɪt] *v* (*revolve*) айналу.
- gyroscope** [ˈdʒaɪərəskəʊp] *n* гироскоп.

H, h

- H, h** [eɪtʃ] *n* (letter) ағылшын әліпбиінің сегізінші әрпі.
- haberdashery** [hæbə dæʃəri] *n* (BRIT) галантерея тауарлары.
- habit** [ˈhæbɪt] *n* (custom) әдет-ғұрып; (addiction) құмарлық; (REL) (costume) намаз киімі; to get out of the ~ of doing тастау; to get into the ~ of doing үйрену; to be in the ~ of doing үнемі қайталау; ♦ *adj* ~able [ˈhæbɪtəbl̩] (house) тұруға жарамды; ~ual [həˈbɪtʃuəl] (action) әдетке айналған; ♦ *n* ~at [ˈhæbɪtæt] (BOT, ZOO) табиғи мекендеу ортасы; ~ation [hæbɪˈteɪʃən] (house) тұрғын үй; fit for human ~ation тұруға жарамды; ♦ *adv* ~ually [həˈbɪtʃuəlɪ] (late, untidy) әдетте.
- hack** [hæk] *v* (cut, slice) кесу; заңсыз кіру/ену; ♦ *n* (writer) жазғыш; (horse) жалға берілетін ат; ~er [ˈhækə] (COMPUT) хакер.
- hackles** [ˈhæklz] *n* жақ; сақал; to make sb's ~ rise (fig) біреудің ашуын келтіру.
- hackney** [ˈhæknɪ] *n* ат; ♦ *adj* жалға алынған; ~ cab жалға алынатын экипаж; ♦ *v* жалға беру; ♦ *adj* ~ed [ˈhæknɪd] ескірген.
- hacksaw** [ˈhæksɔː] *n* бәкі.
- haddock** [ˈhædək] *n* (pl haddock /haddock) нәлім; smoked ~ кептірілген нәлім.
- haematology** [ˈhi:məˈtɒlədʒɪ] *n* гематология.
- haemoglobin** [ˈhi:məˈgləʊbɪn] *n* гемоглобин.
- haemophilia** [ˈhi:məˈfɪliə] *n* гемофилия.
- haemorrhage** [ˈhɛmərɪdʒ] *n* қан кету; brain ~ миға қан құйылу.
- haemorrhoids** [ˈhɛmərɪdʒz] *n* геморрой.
- hag** [hæg] *n* (woman) жалмауыз; мыстан.
- haggard** [ˈhægəd] *adj* (face, look) қалжыраған.
- haggis** [ˈhæɡɪs] *n* (Scottish) хаггис (дәмдеуіштермен дайындалған қой немесе бұзау етінен пісірілген шотланд тағамы).
- haggle** [ˈhæɡl] *v* (bargain) саудаласу; to ~ over жанжалдасу; ♦ *n* ~(e)ing [ˈhæɡlɪŋ] сауда.
- Hague** [heɪɡ] *n* (GEO) Гаага.
- hail** [heɪl] *n* (also fig) жауын; ♦ *v* (call) амандасу; (flag down) шақыру; (acclaim) құлақтандыру; it's ~ing бұршақ жауып тұр; he ~s from Scotland ол Шотландиядан.
- hailstone** [ˈheɪlstəʊn] *n* бұршақ.
- hailstorm** [ˈheɪlstɔːm] *n* бұршақ жауын.
- hair** [heə] *n* шаш; (of animal) жүн; to do one's ~ тарану; (fig) нысанаға тимеу; ~ dryer фен; ~ oil шашқа арналған май; ~ remover (cream) шаш алуға арналған крем; ~ slide шаш түйреуіші; ~ spray шашқа арналған лак; ♦ *adj* ~ed [heəd] шашты fair/long~ сары/ұзын шашты.
- hairbrush** [ˈheəbrʌʃ] *n* шаш щёткасы.
- haircut** [ˈheəkʌt] *n* шаш алу.
- hairdo** [ˈheəduː] *n* сәндел алынған шаш.
- hairdresser** [ˈheədresə] *n* шаштараз.
- hairgrip** [ˈheəgrɪp] *n* шаш қыстырғыш.
- hairline** [ˈheəlɪn] *n* өте жіңішке сызық; ~ fracture сызат.
- hairnet** [ˈheənɛt] шашқа арналған тор.

HAIRPIECE

- hairpiece** ['hɛəri:s] *n* жапсырма шаш.
- hairpin** ['hɛərɪn] *n* шаш түйреуіш; ~ **bend** (*way*) жолдың кілт бұрылысы.
- hair-raising** ['hɛəreɪzɪŋ] *adj* (*experience, tale*) жағымсыз.
- hairstyle** ['hɛəstɑɪl] *n* шаш қою үлгісі.
- hairy** ['hɛəri] *adj* (*person*) шашы бар; (*animal*) жүнді; (*inf*) (*situation*) қатерлі.
- Haiti** ['heɪti] *n* Гаити.
- hake** [heɪk] (*pl hake/hakes*) *n* күміс хек.
- halcyon** ['hælsjən] *adj* алаңсыз; ~ **days** жайбаракат күндер.
- hale** [heɪl] *adj* берік; денсаулығы күшті; ~ **and hearty** сау және күшті.
- half** [hɑ:f] (*pl halves*) *n* жартысы; ~ **pint** (*of beer*) жарты пинт; (*rail, bus*) жарты құнды билет; ♦ *adv* (*empty, closed, open, asleep*) жартылай; **first/second** ~(*sport*) бірінші/екінші тайм; **one and a** ~ (*with *m* nouns*) жарты; (*with *f* nouns*) жарым; **three and a** ~ үш жарым; ~**an-hour** жарты сағат ~ **a dozen** (*of*) жарты дюжина ~ **a pound** (*of*) жарты фунт; **a week and a** ~ бір жарым апта; ~ (*of*) жарты; ~ **the amount of** жартысы; **to cut sth in** ~ ортасынан қаж кесу ~ **past three** үш жарым; **to go** ~(*f*)**ves** (*with sb*) біреумен тең бөлісу; ~ **board** таңғы және кешкі ас беретін пансион; ~ **term** (*BRIT*) (*SCOL*) *триместр* кезіндегі мектептегі демалыс.
- half-baked** ['hɑ:f beɪkt] *adj* (*idea, scheme*) жоспарланбаған.
- half-brother** ['hɑ:fbɹɪdə] *n* (*with same mother*) бір шешеден туған іні; (*with same father*) қандас бауыр.
- half-caste** ['hɑ:fkɑ:st] *n* аралас нәсілді адам.
- half-day** [hɑ:f deɪ] *n* қысқартылған күн.
- half-hearted** ['hɑ:f hɑ:tɪd] *adj* жалқау.
- half-hour** [hɑ:f aʊə] *n* жарты сағат.
- half-life** ['hɑ:flaɪf] *n* (*TECH*) жартылай ыдырау кезеңі.
- half-mast** ['hɑ:f mɑ:st] *adv* (*flag*) түсірілген.
- halfpenny** ['heɪpnɪ] *n* (*BRIT*) жарты пенс.
- half-price** ['hɑ:f praɪs] *adj* жарты бағасына.
- half-sister** ['hɑ:fsɪstə] *n* (*with same mother*) бір шешеден туған сіңлі; (*with same father*) қандас сіңлі.
- half-timbered** [hɑ:f'tɪmbəd] *adj* ағаш-кірпіш.
- half-time** [hɑ:f'taɪm] *n* (*sport*) тайм арасындағы үзіліс.
- halfway** ['hɑ:f weɪ] *adv* жарты жолда; **I am prepared to meet you** ~ (*fig*) мен сіздің жағдайыңызды түсінуге дайынмын; ~ **house** (*fig*) келісім.
- halfwit** ['hɑ:fwɪt] *n* ақымақ.
- half-yearly** [hɑ:f'jɪəli] *adv* жарты жылда бір; ♦ *adj* жарты жылдық.
- halitosis** [hæli'təʊsɪs] *n* ауыздан шығатын жағымсыз иіс.
- hall** [hɔ:l] *n* (*entrance way*) кіре беріс; (*corridor*) дәліз; (*mansion*) усадьба; (*for concerts, meetings*) зал; **to live in** ~**s** (*BRIT*) (*students*) жатақханада тұру; ~ **of residence** (*BRIT*) жатақхана.
- hallmark** ['hɔ:lma:k] *n* үлгі; (*fig*) ерекше белгі.
- hallowed** ['hæləʊd] *adj* (*REL*) қасиетті; (*fig*) (*respected, revered*) сыйлы.
- Halloween** ['hæləʊ'i:n] *n* Хэллоуин.
- hallucination** [həlu:'sɪ neɪʃən] *n* галлюцинация.
- hallucinogenic** [həlu:'sɪnəʊ dʒenɪk] *adj* жалған елес.
- hallway** ['hɔ:lweɪ] *n* (*entrance hall*) кіре беріс.
- halo** ['heɪləʊ] *n* (*REL*) нұр; (*circle of light*) сәуле жиек.
- halt** [hɔ:lt] *n* тоқтау; тоқтату; тоқтау; **to call a** ~ **to sth** (*fig*) бірденеге тойтарыс беру.

halter ['hɔ:lteɪ] *n* (for horse) ер-тұрман.
halterneck ['hɔ:lteɪnek] *adj*: ~ **dress** арқасы ашық мойыннан байланатын көйлек.
halve [hɑ:v] *v* (*reduce*) жартылай қысқарту; (*divide*) ортасынан бөлу.
ham [hæm] *n* (*meat*) ветчина; (*actor*) өнерсіз әртіс; (*inf*) **radio** ~ радиокұмар; ♦ *v*: **to** ~ **it up** жалған ойнау.
Hamburg ['hæmbə:g] *n* Гамбург.
hamburger ['hæmbə:gə] *n* гамбургер.
ham-fisted ['hæm'fistɪd] *adj* епсіз.
hamlet ['hæmlɪt] *n* ауыл.
hammer ['hæmə] *n* балға; ♦ *v* (*on door*) қағу; (*criticize severely*) қатты сынау; (*nail*) **to** ~ **in** қағып кіргізу; (*fig*) (*force*) **to** ~ **sth into sb** біреуге бірдеңені ұқтыру; ~ **out** (*metal*) жаншу; (*fig*) (*solution, agreement*) жөндеу.
hammock ['hæmək] *n* (*on ship*) жатын орын; (*in garden*) гамак.
hamper ['hæmpə] *v* кедергі болу; ♦ *n* (*basket*) себет.
hamster ['hæmstə] *n* атжалман.
hamstring ['hæmstriŋ] *n* (*ANAT*) тізе сіңірі; ♦ *v* (*restrict*) шектеу.
hand [hænd] *n* (*ANAT*) қол; (*of clock*) сағат тілі; (*handwriting*) қолтаңба; (*worker*) жұмысшы; (*of cards*) карта (*ойыншының қолындағы*); ♦ *v* (*pass*) алып беру; (*give*) қолына беру; **to give/lend sb a** ~ біреуге көмек көрсету; **at** ~ қол астында; **by** ~ қолмен істелетін; **in** ~ (*time*) иелігінде; (*situation*) бақылауында; **on** ~ (*person, services*) қарамағында; **to get out of** ~ (*child*) тіл алмау; (*situation*) бақылаудан шығу; **to dismiss out of** ~ итеріп тастау; **on the one** ~, **on the other** ~; бір жағынан, екінші жағынан; **to force sb's** ~ өз ойындағысын айтуға мәжбүрлеу; **he has a free** ~ оның қолы байлаулы емес;

to change ~s (*be sold*) қолдан қолға өту; ~s **off!** қолыңды тарт!; ~ **down** (*knowledge, possessions*) білім беру; (*LAW*) (*judgement, sentence*) шешім шығару; ~ **in** (*essay, work*) тапсыру; ~ **out** тарату; ~ **over** әперу; ~ **round** (*BRIT*) тарату; ~ **baggage** қол сумкасы; ~ **basin** қол жуатын ыдыс; ~ **cream** қолға арналған крем; ~ **luggage** қол жүгі.
handbag ['hændbæg] *n* әйелдер сумкасы.
handball ['hændbɔ:l] *n* гандбол.
handbook ['hændbuk] *n* нұсқаулық.
handbrake ['hændbreɪk] *n* тежегіш.
handcuff ['hændkʌf] *v* кісен салу; ♦ *n* ~s ['hændkʌfs] кісен.
handful ['hændfʊl] *n* бір уыс; (*fig*) (*of people*) бір топ.
hand-held ['hænd'held] *adj* қолдан.
handicap ['hændɪkæp] *n* (*disability*) мүгедек; (*disadvantage*) кедергі; (*sport*) гандикап; ♦ *v* кедергі жасау; **mentally** ~ ақылы кеміс.
handicraft ['hændɪkra:ft] *n* қолөнер; (*objects*) қол өнер заттары.
handiwork ['hændɪwə:k] *n* қолөнер; **this looks like his** ~ (*pej*) бұл оның ісі сияқты.
handkerchief ['hæŋkətʃɪf] *n* қол ормал.
handle ['hændl] *n* тұтқа; (*radio*) (*name*) лауазым; ♦ *v* (*touch*) қолда ұстау; (*deal with*) шамасы жету; (*treat*) (*people*) қарым-қатынас жасау; **to fly off the** ~ (*inf*) ашулану; **to get a** ~ **on a problem** (*inf*) мәселені шешуге бел байлау; ~ **with care** абайлап қарау; ♦ *n* ~(**e**)**ing** ['hændlɪŋ] (*of situation, problem*) амал; (*of luggage*) күту; ~(**e**)**ing charges** (*COMM*) қызметтақысы.
handlebar(s) ['hændlbɑ:(z)] *n* рөл (*velocipedтің немесе мотоциклдің*).

- handmade** ['hænd'meɪd] *adj* қолдан жасалған; **it's ~** бұл – қол өнері.
- handout** ['hændaʊt] *n* (*money, clothing, food*) қайырымдылық; (*publicity leaflet*) жарнама парағы; (*summary of lecture*) түйіндеме.
- hand-picked** ['hænd'pɪkt] *adj* (*produce*) қолдан терілген; (*staff*) арнайы жинақталған.
- handrail** ['hændreɪl] *n* қанат; таяныш.
- handset** ['hændset] *n* телефон тұтқасы.
- handshake** ['hændʃeɪk] *n* қол алысу.
- handsome** ['hænsəm] *adj* (*man*) әдемі; (*woman*) көрнекі; (*building*) сәулетті; (*gift*) жомарт; (*fig*) (*profit, return*) недәуір.
- hands-on** ['hændz'ɒn] *adj* тиімді.
- handstand** ['hændstænd] *n*: **to do a ~** қолға тіреніп тұру.
- hand-to-mouth** ['hændtə maʊθ] *adj* кедей; **they live a ~ existence** олар күндерін әрең көріп отыр.
- handwriting** ['hændraɪtɪŋ] *n* қолтаңба.
- handwritten** ['hændrɪtn] *adj* қолмен жазылған.
- handy** ['hændɪ] *adj* (*useful*) пайдалы; (*skilful*) икемді; (*close at hand*) жанында; **to come in ~** керек болу.
- handyman** ['hændɪmæn] *n* (*at home*) шебер; (*in hotel*) көмекші.
- hang** [hæŋ] (*pt, pp hung*) *v* ілу; (*pt, pp hanged*) (*execute*) ілініп тұру; ♦ *n* баурай; бөктер; **to get the ~ of sth** (*inf*) анық-қанығына жету; **to ~ one's head** дарға асу; **~ about** айналсоқтап жүру; **~ back** (*hesitate*) тайсалу; шегіну; **~ on** (*wait*) күту; *fus* (*depend on*) тәуелді болу; **to ~ to** (*keep hold of*) қолдау; **~ out** (*washing*) ілу; **~ together** (*argument*) қисынды болу; **~ up** (*TEL*) тұтқаны ілу; **~ing** ['hæŋɪŋ] (*execution*) дарға асу (*for wall*) гардина; тұтас перде; ♦ *n* **~er** ['hæŋə] (*for clothes*) ілгіш.
- hangar** ['hæŋə] *n* ангар.
- hangdog** ['hæŋdɒg] *adj* (*look, expression*) кінәлі.
- hanger-on** [hæŋəg'ɒn] *n* арамтамақ.
- hang-glider** ['hæŋglɑɪdə] *n* (*craft*) дельтаплан; (*pilot*) дельтапланшы; **~ing** ['hæŋglɑɪdɪŋ] дельтапланеризм.
- hangman** ['hæŋmən] *n* баскесер; даршы.
- hang-up** ['hæŋɹp] *n* (*inhibition*) жабырқау күйі.
- hank** [hæŋk] *n* орам.
- hanker** ['hæŋkə] *v* аңсау; **to ~ after** (*desire, long for*) армандау; ♦ *n* **~ing** ['hæŋkərɪŋ] қатты құмарту; **I have a ~ung for a beer** қазір сыра болса ғой.
- Hanoi** [hæ'nɔɪ] *n* Ханой.
- haphazard** [hæp'hæzəd] *adj* жүйесіз.
- hapless** ['hæplɪs] *adj* бақытсыз.
- happen** ['hæpən] *v* болу; (*chance*) кездейсоқ әрекет ету; **I ~ed to meet him in the park** мен оны паркте кездейсоқ кездестіріп қалдым; **as it ~s** айтпақшы; **what's ~ing?** не болып жатыр?; **~ (up) on fus** тірелу; ♦ *n* **~ing** ['hæpənɪŋ] жағдай; оқиға.
- happy** ['hæpɪ] *adj* (*pleased*) бақытты; (*cheerful*) көңілді; (*apt*) сәтті; **I am ~ (with it)** (*content*) менің көңілімнен шығады; **he is always ~ to help** (*willing*) ол әрқашан қуана көмектеседі; **~ hour** барларда ішімдіктер арзандатылған бағамен сатылатын уақыт; ♦ *adv* **~(y)ily** ['hæpɪli] (*luckily*) ойдағыдай; сәтті; (*cheerfully*) қуанышты; ♦ *n* **~(y)iness** ['hæpɪnɪs] бақыт.
- happy-go-lucky** ['hæpɪgəʊ'lʌki] *adj* қамсыз.
- harangue** [hə'ræŋ] *v* (*audience, class*) сөз сөйлеу.
- harass** ['hærəs] *v* мазалау; ♦ *adj* **~ed** ['hærəst] (*person*) мазасыз.

- harbour** ['hɑ:bə] *n* айлақ; ~ **dues** айлақта жиналатын ақша; ~ **master** айлақ басшысы; ♦ *v* (*hope, fear*) жасырып қалу; **to ~ a grudge against sb** өкпелеу.
- hard** [hɑ:d] *adj* (*surface, object*) қатты; (*question, problem*) күрделі; (*work, life*) ауыр; (*person*) қатал; (*facts, evidence*) нақты; негізделген; (*drink*) күшті; ~ **up** (*inf*) түгі қалмау; ♦ *adv*: **to work ~** көп және тиянақты жұмыс істеу; ~ **luck!** сәті түспей тұр!; **no ~ feelings!** ойыңызға алмаңыз!; **he is ~ of hearing** ол керек; **to look ~ at** тесіле қарау; **I find it ~ to believe that** бұған сену қиын; ~-**boiled egg** бітеу піскен жұмыртқа; ~ **cash** қолма-қол ақша; ~ **copy** (*COMPUT*) баспа көшірме; ~ **core** (*of group*) адал жақтастар тобы; ~ **court** (*tennis*) қатты корт; ~ **disk** (*COMPUT*) қатқыл диск; **by sheer ~ graft** тиянақты жұмыстың арқасында; ~ **labour** (*punishment*) азапты жұмыс; ~ **sell** (*COMM*) тауар жарнама-сы; ~ **shoulder** (*BRIT*) (*AUT*) жолдың жиегі; ~-**ly** ['hɑ:dli] (*scarcely*) әрең; (*no sooner*) жақында емес; (*harshly*) қатал; ~-**ly ever** ешқашан; **it's ~ly the case** бұл ондай жағдай емес; **i can ~ly believe it** мен бұған сенбеймін; ♦ *n* ~-**ship** ['hɑ:dʃɪp] (*difficulty*) қиындықтар.
- hard-and-fast** ['hɑ:dən'fɑ:st] *adj* бұлжымайтын.
- hardback** ['hɑ:dbæk] *n* (*book*) қатты қаптамамен қапталған кітап.
- hardboard** ['hɑ:dbɔ:d] *n* ағаш үгіндісінен жасалған пеш.
- hard-core** ['hɑ:d'kɔ:] *adj* шектен тыс; (*supporters*) адал.
- harden** ['hɑ:dn] *v* (*substance*) қатаю; (*attitude, person*) шынығу; қаталдану; ♦ *adj* ~-**ed** ['hɑ:dnd] (*criminal*) әккі; **to be ~ ed to sth** қатал, мейірімсіз болу; ♦ *n* ~-**ing** ['hɑ:dniŋ] шынығу; (*of opposition*) нығайту.
- hard-headed** ['hɑ:d'hedɪd] *adj* (*businessman*) әккі.
- hardhearted** ['hɑ:d'hɑ:tɪd] *adj* қатыгез.
- hard-hitting** ['hɑ:d'hɪtɪŋ] *adj* (*report, speech, article*) төтесінен тиетін.
- hardliner** [hɑ:d'lainə] *n* қатаң бағытты жақтаушы (*саясатта*).
- hard-luck** ['hɑ:dlʌk stɔ:ɪ] *n* сәтсіздік.
- hard-nosed** [hɑ:d'nəʊzd] *adj* ұқыпты; парасатты.
- hard-pressed** [hɑ:d'prest] *adj* қиын жағдайда; **I am ~ for time/money** уақытым/ақшам жоқ.
- hardware** ['hɑ:dweə] *n* өнім; (*COMPUT*) құрылғы; (*MIL*) қарулану; ~ **shop** құрал-жабдықтар дүкені.
- hard-wearing** [hɑ:d'weəriŋ] *adj* (*clothes, shoes*) мықты.
- hard-won** [hɑ:d'wɒn] *adj* (*victory*) қиындықпен келген.
- hard-working** [hɑ:d'wɜ:kɪŋ] *adj* (*employee, student*) тиянақты.
- hardy** ['hɑ:di] *adj* батыл; қайратты; (*animals, people*) шыдамды; (*plant*) аязға шыдамды.
- hare** [hɛə] *n* қоян.
- harebrained** ['hɛəbreɪnd] *adj* алаңғасар; (*scheme, idea*) ағат.
- harelip** ['hɛəlɪp] *n* қоянжырық.
- harem** [hɑ: ri:m] *n* гарем.
- hark** [hɑ:k] *v* тыңдау; **to ~ back to** (*be reminiscent of*) есіне салу; (*remember*) еске түсіру.
- harm** [hɑ:m] *n* (*injury*) дене жарақаты; (*damage*) зиян; ♦ *v* (*thing*) зақым келтіру; (*person*) зиян келтіру; **to mean no ~** ренжіткісі келмеу; **to come to no ~** сәтті аяқталу; **out of ~'s way** күнәдан аулақ; **there's no ~ in trying** болса болар; ♦ *adj* ~-**ful** ['hɑ:m-fʊl] (*toxin, influence*) зиянды; ~-**less**

- [ˈhɑ:mli:s] (*animal, person*) зиянсыз (*joke, activity*) қауіпсіз.
- harmony** [ˈhɑ:məni] *n* (*accord*) гармония; (*MUS*) үндестік; ♦ *adj* ~(**y**)ic [hɑ:mənik] үйлесімді; ♦ *n* ~(**y**)ics [hɑ:məniks] үйлесімділік; ~(**y**)ica [hɑ:mənikə] гармоника; ♦ *v* ~(**y**)ize [ˈhɑ:mənaɪz] (*MUS*) үйлестіру; (*colours, ideas*): **to** ~ (**with**) келісу; ♦ *n* ~(**y**)ium [hɑ:məniəm] физгармония; ♦ *adj* ~(**y**)ious [hɑ:məniəs] үйлесімді.
- harness** [ˈhɑ:nɪs] *n* (*for horse*) ат сайманы; (*safety harness*) қауіпсіздік белдігі; ♦ *v* (*horse, dog*) жегу; (*resources, energy*) меңгеру.
- harp** [hɑ:p] *n* арфа; ♦ *v* арфада ойнау; ♦ *n* ~**ist** [ˈhɑ:pɪst] арфа ойнаушы.
- harpoon** [hɑ:ˈpu:n] *n* гарпун.
- harpsichord** [ˈhɑ:psɪkɔ:d] *n* клавесин.
- harrow** [ˈhærəʊ] *n* (*AGR*) тырма; ♦ *adj* ~**ing** [ˈhærəʊɪŋ] жан түршіктіретін.
- harry** [ˈhæri] *v* күйрету.
- harsh** [hɑ:ʃ] *adj* (*light, criticism*) өткір; (*sound*) ащы; (*person, life*) қатал; (*remark, winter*) қатаң; ~**ed** [ˈhærid] қалжыраған; ♦ *adv* ~**ly** [ˈhɑ:ʃli] (*criticize*) қатты; ♦ *n* ~**ness** [ˈhɑ:ʃnɪs] өткірлік; ащылық; қаталдық; қатаңдық.
- harvest** [ˈhɑ:vɪst] *n* (*harvest time*) орақ; (*of barley, fruit*) түсім; ♦ *v* жинау; **combine** ~**er** комбайн.
no [nəʊ] (*pl* noes) *adv* (*opposite of yes*) жоқ; **are you coming?** – ~, I'm not сіз келесіз бе? – жоқ, келмеймін; ~, **thank you** жоқ, рахмет; ♦ *adj* (*not any*) ешқандай; **I have ~ money/time** менің ақшам/уақытым жоқ; **there is ~ bread left** нан таусылып қалды; **there is ~ one here** мұнда ешкім жоқ; **it is of ~ importance at all** бұл мүлдем маңызды емес; ~ **system is totally fair** ешбір жүйе толығымен әділ болмайды; ~ **entry** кіруге рұқсат жоқ; ~ **smoking** темекі тартуға тыйым салынады; **there were twenty ~es** жиырма адам қарсы болды.

noble [nəbl] *v* (*BRIT*) (*inf*) (*bribe*) пара беріп сатып алу; (*to speak to*) ұстап алу; (*racing*) бүлдіру.

Nobel Prize [nəʊ'bel praɪz] *n* Нобель сыйлығы.

nobility [nəʊ'bilɪti] *n* (*social class*) ақсүйектер; дворяндар; (*quality*) бекзаттық.

noble ['nəubl] *adj* (*aristocratic*) ақсүйектік; (*high-minded*) бекзаттық; (*impressive*) айбынды; ♦ *adv* ~(**e**)y ['nəʊbli] (*behave, act*) мейірбан.

nobleman ['nəʊblmən] *n* ақсүйек.

nobody ['nəʊbədɪ] *pron* ешкім.

no-claim(s) [nəʊ'kleɪm(z)] *adv* наразылық жоқ; ~ **bonus** (*insurance*) келесі сақтандыру премиясына дейін жеңілдік (*сақтандырушыға, өткен жылы сақтандыру қарыздары болмаған жағдайда, беріледі*).

nocturnal [nɒk'tə:nl] *adj* түнгі.

nod [nɒd] *v* (*gesture*) бас изеу; (*doze*) қалғу; ♦ *n* бас изеу; **they ~ded their agreement** олар келіскендігін білдіріп, бастарын изеді; ~ **off** қалғып кету.

no-fly [nəʊ'flaɪ] *adj* ұшуға тыйым салынған; ~ **zone** жабық әуе аймағы.

noise [nɔɪz] *n* шу; ♦ *adj* ~less ['nɔɪzlis] дыбыссыз; шусыз; ♦ *adv* ~(**e**)ily ['nɔɪzɪli] шулап; ♦ *adj* ~(**e**)y ['nɔɪzi] шулы.

nomad ['nəʊmæd] *n* көшпенді; ♦ *adj* ~ic [nəʊ mædɪk] көшпелі.

no-man's-land ['nəʊmænzlænd] *n* (*MIL*) иесіз жер; (*fig*) көмескілік.

nominal ['nɒmɪnl] *adj* номинал; (*value*) номинал;

nominate ['nɒmɪneɪt] *v* тағайындау; ұсыну (лауазымға, сайлауға) (*propose*); **to ~ sb (for)** біреудің кандидатурасын шығару; (*appoint*) **to ~ sb (to/as)** ретінде біреуді тағайындау; ♦ *v* ~(**e**)tion [nɒmɪ'neɪʃən] тағайындаушылық.

nominee [nɒmɪ'ni:] *n* үміткер.

non- [nɒn] *prefix* емес.

nonalcoholic [nɒnælkə'hɒlɪk] *adj* (*drink*) алкогольсыз.

nonaligned [nɒnə'laɪnd] *adj* қосылмаған.

nonbreakable [nɒn'breɪkəbl] *adj* сынбайтын.

nonce ['nɒns] *n* дәл осы оқиға; ~**word**okkaзионализм.

nonchalant ['nɒnʃələnt] *adj* бейқам.

noncommissioned [nɒnkə'mɪʃənd] *adj* унтер; ~ **officer** унтер-офицер.

noncommittal [nɒnkə'mɪtl] *adj* жалтақ.

nonconformist [nɒnkən'fɔ:mɪst] *n* нонконформист; ♦ *adj* (*BRIT*) (*REL*) нонконформистік.

noncooperation ['nɒnkəʊəpə'reɪʃən] *n* ынтымақтастықтан бастарту.

nondescript ['nɒndɪskrɪpt] *adj* (*person, clothing*) ажарсыз; ұсқынсыз; (*colour*) көзге түспейтін.

none [nan] *pron* (*person*) ешкім; ешқайсысы; (*thing*) ештеңе; ешқайсы; ~ **of you** ешкім/ешқайсыларыңыз; **I've ~ left** менде ештеңе қалған жоқ; ~ **at**

- all** мүлдем ештеңе; **he's ~ the worse for it** оған қайғырып жүрген ол жоқ.
- nonentity** [nɒ'neɪtɪ] *n* мүсәпір.
- nonessential** [nɒnɪ'senʃl] *adj* (items) маңызды емес; ♦ *n* ~s маңызды емес заттар; ұсақ-түйек.
- nonetheless** [ˈnɒnðə'les] *adv* дегенмен, әйтсе де.
- non-event** [nɒnɪ'vent] *n* мәнсіз іс-шара.
- nonexecutive** [nɒnɪg'zekjʊtɪv] *adj* орындалмайтын; ~ **director** реттеу өкілеттілігі жоқ.
- nonexistent** [nɒnɪg'zɪstənt] *adj* тіршілікте жоқ.
- nonfiction** [nɒn'fɪkʃən] *n* деректі әдебиет.
- nonflammable** [nɒn'flæməbl] *adj* тұтанбайтын.
- nonintervention** [ˈnɒnɪntə'veɪʃən] *n* қол сұқпау.
- no-no** [ˈnəʊnəʊ] *n* (*inf*) жабық; жол берілмейтін.
- no-nonsense** [nəʊ'nɒnsəns] *adj* іскер.
- nonpayment** [nɒn'peɪmənt] *n* төлемей.
- nonplussed** [nɒn'plʌst] *adj* сасып қалған.
- non-profit-making** [ˈnɒn prə'fɪtmeɪkɪŋ] *adj* пайда әкелмейтін; ~ **organization** коммерциялық емес ұйым.
- nonsense** [ˈnɒnsəns] *n* (*rubbish*) сандырақ; **it is ~ to say that** олай айту сандырақ.
- nonsensical** [nɒn'sensɪkl] *adj* мағынасыз.
- nonshrink** [nɒn'srɪŋk] *adj* отырмайтын; кішіреймейтін; (*BRIT*) **nylon is (a) ~ (fabric)** нейлон отырмайды.
- nonskid** [nɒn'skɪd] *adj* сырғанамайтын.
- nonsmoker** [ˈnɒn'sməʊkə] *n* темекі тартпайтын адам.
- nonstarter** [nɒn'stɑ:tə] *n* болмайтын нәрсе.
- nonstick** [ˈnɒn'stɪk] *adj* жанбайтын; тұтанбайтын.
- nonstop** [ˈnɒn'stɒp] *adj* (*conversation*) үзіліссіз; (*flight*) қонбайтын; (*train, bus*) тоқтамай жүретін; ♦ *adv* үзіліссіз; отырғызбай; тоқтамай.
- nontaxable** [nɒn'tæksəbl] *adj* салық салынбайтын.
- nonvolatile** [nɒn'vɒlətaɪl] энергияға тәуелді емес; ~ **memory** (*COMPUT*) энергиядан тәуелсіз жад.
- nonvoting** [nɒn'vəʊtɪŋ] *adj* дауыс бере алмайтын; ~ **shares/member** дауыс беру құқығынсыз акция/мүше.
- non-white** [ˈnɒn'waɪt] *adj* (*person*) қара; ♦ *n* қара нәсіл.
- noodles** [ˈnu:dlz] *n* кеспе.
- nook** [nʊk] *n* баспана (қорғанатын, паналайтын, жан сақтайтын жер); **in every ~ and cranny** әрбір түкпір-түкпірде.
- noon** [nu:n] *n* түс.
- noose** [nu:s] *n* ау.
- norm** [nɔ:m] *n* қалып; ♦ *adj* ~al [ˈnɔ:məl] кәдімгі; қалыпты; ♦ *n* ~ality [nɔ: mæli'ti] дұрыстық; қалыптылық; **to return to ~ality** қалыпты жағдайға оралу; ♦ *adv* ~ally [ˈnɔ:məli] (*usually*) әдетте; (*properly*) кәдімгі.
- Normandy** [ˈnɔ:mændi] *n* Нормандия.
- north** [nɔ:θ] *n* солтүстік; ♦ *adj* солтүстік; ♦ *adv* (*go*) солтүстікке; (*be*) солтүстікте; ~ **Africa** Солтүстік Африка; ~ **America**; ~ **Korea** Солтүстік Корея; ~ **Pole** Солтүстік полюс; ~ **Sea** Солтүстік теңіз; ♦ *adj* ~ly [ˈnɔ:ðəli] солтүстікке қарай; ~ern [ˈnɔ:ðən] солтүстіктің; ~ern **Ireland** [ˈnɔ:θ əɪlənd] Солтүстік Ирландия; ♦ *n* ~erner [ˈnɔ:ðənə] солтүстік тұрғыны.
- northbound** [ˈnɔ:θbaʊnd] *adj* (*traffic, carriageway, platform*) солтүстік бағыттағы.

NORTHEAST

- northeast** [nɔ:θ'i:st] *n* солтүстік-шығыс.
- northward(s)** ['nɔ:θwəd(z)] *adv* солтүстікке қарай.
- northwest** [nɔ:θ'west] *n* солтүстік-батыс.
- Norway** ['nɔ:weɪ] *n* Норвегия; ♦ *adj* ~**(y)egian** [nɔ:'wi:dʒən] норвегиялық.
- nose** [nəʊz] *n* мұрын; (*sense of smell*) иіс сезу; **to ~ forward** сақтықпен алдыға жылжу; **he has a ~ for danger/scandal** қатерді/жан жалды иіскеп сезеді; **to pay through the ~ (for sth)** (*inf*) үш есе қымбат төлеу; ~ **about** тіміскілену.
- nosebleed** ['nəʊzbli:d] *n* мұрыннан қан кету; ~ **dive** шүйілу; ~ **drops** мұрынға тамызатын сұйықтық.
- nostalgia** [nɒs'tældʒiə] *n* ностальгия; ♦ *adj* ~**(a)ic** [nɒs'tældʒɪk] (*film, memory*) естелік; (*person*) **to be ~ (for)** еске түсіру.
- nostril** ['nɒstrɪl] *n* танау.
- nosy** ['nəʊzi] *adj* әуес; қызық құмар; **to be ~** біреудің ісіне қол сұғу.
- not** [nɒt] *adv* жоқ; (*after verbs*) емес, жоқ; **he is ~ at home** ол үйде жоқ; **he asked me ~ to do it** ол менен оны істемеуімді сұрады; **you must ~ do that (forbidden)** оны істеуге болмайды; (*should not*) сіз мұны істемеуіңіз керек; ~ **that** олай емес; ~ **yet** әлі жоқ; ~ **now** қазір емес.
- notary** ['nəʊtəri] *n* нотариус; ~ **public** нотариус.
- notation** [nəʊ'teɪʃən] *n* (*MUS*) нотация.
- notch** [nɒtʃ] *n* (*on the edge*) қуыс; (*on the surface*) аңғар; ~ **up (victory)** жету; (*score*) жинау.
- note** [nəʊt] *n* (*record*) жазу; (*letter*) хат; нота; ♦ *v* белгілеу; байқау; ~ **down** жазып алу; ♦ *adj* ~**d** ['nəʊtɪd] белгілі; ~**(e)able** ['nəʊtəbl] атақты; ♦ *adv* ~**(e)ably** ['nəʊtəblɪ] (*particularly*) әсіресе; (*markedly*) белгілі.
- notebook** ['nəʊtbʊk] *n* жазу кітапшасы; (*exercise book*) дәптер.
- notecase** ['nəʊtkeɪs] *n* (*BRIT*) әмиян.
- notepad** ['nəʊtpeɪd] *n* блокнот.
- notepaper** ['nəʊtreɪpə] *n* жазу қағазы.
- noteworthy** ['nəʊtwɜ:ði] *adj* назарға тұрарлық; **it is ~ that** назарға тұрарлық.
- nothing** ['nʌθɪŋ] *n* ештеңе; (*zero*) нөл; **he does ~** ол еш нәрсе жасамайды; **there is ~ to do/be said** жасар/айтар еш нәрсе жоқ; ~ **of the sort** ештеңе де олай емес; **for ~** тегін; **think ~ of it!**, **it was ~!** ешқашан!; **it has ~ to do with you** сізге қатысы жоқ.
- notice** ['nəʊtɪs] *n* (*announcement*) хабарландыру; (*official letter, circular*) ресми ескертпе; (*warning*) ескертпе; (*BRIT*) (*review*) пікір; ♦ *v* байқау; **to take ~ of** назар аудару; **to bring sth to sb's ~ (attention)** бірдеңені біреудің назарына ұсыну; **to escape/avoid ~** көрінбеу; **it has come to my ~** маған белгілі болды; **to hand in one's ~** жұмыстан кету жөнінде арыз беру; **he was given 2 weeks ~** 2 аптадан кейін жұмыстан кететіні жөнінде оған ескертілді; **advance ~** алдын ала ескерту; **without ~** ескертусіз; **at short ~** ескертусіз; **until further ~** алдағы уақытта ескерту үшін; ~ **board** (*BRIT*) хабарландыру тақтасы; ♦ *adj* ~**able** ['nəʊtɪsəbl] байқалатын.
- notify** ['nəʊtɪfaɪ] *v* хабардар ету; ♦ *n* ~**(y)ication** [nəʊtɪfɪ'keɪʃən] хабарлама.
- notion** ['nəʊʃən] *n* (*idea*) түсінік; (*opinion*) ой; ~**s** (*US*) (*haberdashery*) галантерея.
- notoriety** [nəʊtə'raɪəti] *n* жаман атақ.
- notorious** [nəʊ'tɔ:riəs] *adj* (*criminal, liar*) атакты; (*place*) белгілі; ♦ *adv*

- ~ly** [nəʊ'tɔ:ɪəslɪ] жалпыға танымал; мәлім; **she is ~ly unreliable** ол сенімсіз адам екені барлығына мәлім; **this word is ~ly difficult to translate** бұл сөзді аудару қиын екені көпшілікке мәлім.
- notwithstanding** [nɒtwɪð'stændɪŋ] *adv* сонда да; қарамастан.
- nougat** ['nu:gɑ:] *n* нуга.
- nought** [nɔ:t] *n* нөл.
- noun** [naʊn] *n* зат есім.
- nourish** ['nʌrɪʃ] *v* (*feed*) тамақтандыру; (*fig*) (*foster*) өсіру; ♦ *adj* ~**ing** ['nʌrɪʃɪŋ] нәрлі; ♦ *n* ~**ment** ['nʌrɪʃmənt] (*food*) азық.
- novel** ['nɒvl] *n* роман; ♦ *adj* түпнұсқа; ♦ *n* ~**ist** ['nɒvəlɪst] роман жазушысы; ♦ *n* ~**ty** ['nɒvəltɪ] (*newness*) жаңалық; (*object*) жаңа.
- November** [nəʊ vembə] *n* қараша.
- novice** ['nɒvɪs] *n* жаңа адам; (*REL*) тыңдаушы.
- now** [naʊ] *adv* енді; қазір; **right ~ дәл қазір**; **by ~** осы уақытқа қарай; **~ and then/again** уақыт өте келе; **from ~ on** осы уақыттан бастап; енді; **until ~** осы уақытқа дейін; **that's the fashion just ~** қазір бұл сәнді; **I saw her just ~** мен оны жаңа ғана көрдім; **in 3 days from ~** 3 күннен кейін; **between ~ and Monday** қазіргі уақытпен дүйсенбінің аралығында; **that's all for ~** әзірге осы.
- nowadays** ['naʊədəɪz] *adv* қазіргі кезде.
- nowhere** ['nəʊwɛə] *adv* (*be*) еш жерде; (*go*) ешқайда; **~ else** (*be*) басқа еш жерде; (*go*) енді ешқайда; **I have ~ else to go** менің еш барар жерім жоқ.
- no-win** [nəʊ'wɪn] *adj* үмітсіз; **~ situation** үмітсіз жағдай.
- noxious** ['nɒksɪəs] *adj* зиянды; (*smell*) жағымсыз.
- nozzle** ['nɒzl] *n* (*TECH*) канал; (*of hose, vacuum cleaner*) саптау; (*of fire extinguisher*) өрт сөндіргіш сорғы.
- nuance** ['nju:ə:ns] *n* нюанс.
- nubile** ['nju:baɪl] *adj* (*woman*) бойжеткен; (*attractive*) тартымды.
- nuclear** ['nju:klɪə] *adj* ядролық; **~ disarmament** ядролық қарусыздандыру; **~ reactor** ядролық реактор.
- nuclear-free** ['nju:klɪə'fri:] *adj* ядросыз; **~ zone** ядросыз аймақ.
- nucleus** ['nju:klɪəs] (*pl nuclei*) *n* ядро.
- nudge** [nʌdʒ] *v* итеру.
- nudist** ['nju:dɪst] *n* нудист; **~ colony** нудистер колониясы.
- nudity** ['nju:dɪtɪ] *n* жаланааштық.
- nugget** ['nʌgɪt] *n* (*of gold*) таза алтын; **~ of information** құнды ақпарат.
- nuisance** ['nju:sns] *n* (*state of affairs, thing*) өкініш; (*person*) мылжың; **what a ~!** қандай өкінішті!.
- nuke** [nju:k] *n* (*inf*) ядролық қару.
- null** [nʌl] *adj* нөлдік; бос; **to be ~ and void** заңды күшін жоғалту.
- nullify** ['nʌlɪfaɪ] *v* (*efforts*) (*LAW*) жоққа шығару.
- numb** [nʌm] *adj* қатқан; жансызданған; ♦ *v* жаны кетіп қалу; қатып қалу; **the cold ~ed his fingers** оның саусақтары суықтан қатып жансызданып қалды; **to go ~** қату; жансыздану; ♦ *n* ~**ness** ['nʌmɪs] (*due to cold*) қату; жансыздану; (*due to fear, shock*) есеңгіреу.
- number** ['nʌmbə] *n* нөмір; (*MATH, written figure, quantity*) сан; ♦ *v* (*pages*) нөмірлеу; (*amount to*) есептеу; **a ~ of** бірнеше; қатар; **in a ~ of cases** бірнеше жағдайларда; **they were ten in ~** олар он болды; **you've got the wrong ~** (*TEL*) сіз нөмірді дұрыс терген жоқсыз; **he is ~ed among ...** оны солардың қатарына қосады ...;

- ~ **ten** (BRIT) 10 нөмір; ~ **ten Downing Street** 10 нөмір Даунинг Стрит бойында (*премьер-министрдің сарайы*); ~**ed (bank) account** банктағы нөмірленген шот.
- numberplate** ['nʌmbəpleɪt] *n* (BRIT) (AUT) нөмір белгісі.
- numbskull** ['nʌmskʌl] *n* (inf) топас.
- numeral** ['nju:mərəl] *n* сан есім.
- numerical** [nju: mətɪkl] *adj* (value) сандық; **in ~ order** нөмір реті бойынша.
- numerate** ['nju:mərit] *v* есептеу; санау; ♦ *adj* санай алатын; арифметиканы білетін; (BRIT) **to be ~** арифметиканы білу.
- nun** [nʌn] *n* монахиня; ~**ery** ['nʌnəri] әйелдер монастыры.
- nuptial** ['nʌpfəl] *adj* некелік.
- nurse** [nɜ:s] *n* медбике; **male ~** медаға; ~ **maid** бала күтушісі; ♦ *v* (patient) күту; (*desire, also BRIT*) (*cuddle*) мәпелеу; (*grudge*) жасыру; (US) (*suckle*) емізу; **to ~ a cold** суықтап үйде отыру; ♦ *n* ~**ry** ['nɜ:səri] (*institution*) бөбекхана; (*room*) балалар бөлмесі; ~**ry rhyme** балаларға арналған тақпақ; ~**ry school** балабақша; ~**ry slope** (BRIT) жаңа шаңғы тебушілерге арналған орын; ♦ *n* ~**(e) ing** ['nɜ:siŋ] (*profession*) медбике маманы; (*care*) күтім; ~**(e)ing home** жеке үй (*қарттарға арналған*); ~**(e) ing mother** сүт ана.
- nurture** ['nɜ:tʃə] *v* (*child, plant*) өсіру.
- nut** [nʌt] *n* (BOT) жаңғақ; (TECH) гайка; ♦ *adj* ~**ty** ['nʌti] (*flavour*) дәмі жаңғаққа келетін; (*inf*) (*person*) жынды; (*idea*) сандырақ.
- nutcase** ['nʌtkeɪs] *n* (inf) жүйкесі ауыратын адам.
- nutcrackers** ['nʌtkrækəz] *n* жаңғаққа арналған қысқаш.
- nutmeg** ['nʌtmeg] *n* мускат жаңғағы.
- nutrient** ['nju:triənt] *n* азық.
- nutrition** [nju:'triʃən] *n* (*diet*) қорек; (*nourishment*) қоректілік; ~**ist** [nju:'triʃənɪst] диетолог.
- nutritionus** [nju:'triʃəs] *adj* нәрлі.
- nuts** [nʌts] (*inf*) *adj*: **he's ~** оның есі ауысқан; **to be ~ about sb** біреуді есі кете жақсы көру.
- nutshell** ['nʌtʃel] *n* жаңғақ қабығы; **in a ~ (fig)** қысқаша.
- nuzzle** ['nʌzl] *v* килігу.
- nylon** ['naɪlɒn] *n* нейлон; ♦ *adj* нейлон; ~**s** нейлон шұлық.
- nymph** [nɪmf] *n* (*mythology*) нимфа; (ZOO) балаң құрт; дер нәсіл.
- nymphomaniac** ['nɪmfəʊ meɪniæk] *n* нимфоман.

O, o

- O o** [əʊ] *n* (*letter*) ағылшын әліпбиінің 15-ші әрпі.
- oaf** [əʊf] *n* дүлей; ақымақ.
- oak** [əʊk] *n* емен; ♦ *adj* еменнен жасалған.
- oar** [ɔ:] *n* ескек; **to put/shove one's ~ in (fig) (inf)** қыстырылу.
- oarsman** ['ɔ:zmən] *n* ескекші.
- oasis** [əʊ'eɪsɪs] (*pl oases*) *n* жазира.
- oath** [əʊθ] *n* (*promise*) серт; (LAW) ант; (*swear word*) қарғыс; **on ~, (BRIT)** **under ~** ант берген кезде; **to take the ~** ант қабылдау.
- oatmeal** ['əʊtmil] *n* сұлы ұны.
- oats** [əʊts] *n* сұлы.
- obdurate** ['ɒbdjʊrət] *adj* қайтпас.
- obedience** [ə'bi:diəns] *n* ырқына көну; бойұсыну; **in ~ to** көніп.
- obedient** [ə'bi:diənt] *adj* тіл алғыш; көнбіс; **to be ~ to sb/sth** біреудің тілін алу/бірдеңеге көну.

- obelisk** ['ɒbɪlɪsk] *n* обелиск; ескерткіш
(*жоғары жағы сүйір төрт қырлы бағана тәрізді тас*).
- obese** [əʊ'bi:s] *adj* жуан; ♦ *n* ~(e)ity [əʊ'bi:sɪti] семіздік; жуандау.
- obey** [ə'bei] *v* бағыну; көну.
- obituary** [ə'bitjuəri] *n* некролог.
- object** ['ɒbdʒɪkt] *n* (*thing*) зат; (*aim, purpose*) мақсат; (*of affection, desires*) нысана; (*LING*) толықтауыш; ♦ *v* [əb'dʒekt] қарсы болу; қарсылық білдіру; **expense is no ~ of doing that?** мұны не үшін істеу керек?; **he ~ed** қарсылық білдірді; **I ~!** мен қарсымын!; **do you ~ to my smoking?** мен темекі тартсам, қарсы емессіз бе?; ♦ *n* ~ion [əb'dʒekʃən] қарсылық; **I have no ~ion to** еш қарсылығым жоқ; **if you have no ~ion** егер қарсы болмасаңыз; **to make/raise an ~ion** қарсылық білдіру; ♦ *adj* ~ionable [əb'dʒekʃənəbl] (*language, conduct*) ашу келтіретін; (*person*) жағымсыз; ♦ *adj* ~ive [əb'dʒektɪv] турашыл; ♦ *n* ~ive (*aim, purpose*) мақсат; ♦ *adv* ~ively [əb'dʒektɪvli] турашыл; ♦ *n* ~ivity [ɒbdʒɪk'tɪvɪti] турашылдық; ~or [əb'dʒektə] наразылық білдіруші.
- obligate** [ɒblɪ'geɪt] *v* міндеттеу; жүк арту; жүктеу; ♦ *adj* міндетті; ♦ *n* ~(e)ion [ɒblɪ'geɪʃən] міндеттеме; **we are under no ~(e)ion to them** біз оларға ештеңе істеуге міндетті емеспіз; **we are under (an) ~(e)ion to give him what he needs** біз оған қажет нәрсесінің барлығын беруге міндеттіміз; **without ~(e)ion (COMM)** міндеттіміз; ♦ *adj* ~(e)ory [ə'bligətəri] міндеттейтін.
- oblige** [ə'blaɪdʒ] *v* (*do a favour for*) қарыздар болу; (*force*) **to ~ sb to do** біреуге міндеттеу; **I'm much ~d to you for your help (grateful)** мен сізге көмектескеніңіз үшін қарыздармын; **anything to ~!** (*inf*) сіз үшін не істеуге даярмын!; ♦ *adj* ~(e)ing [ə'blaɪdʒɪŋ] (*helpful*) сыпайы.
- oblique** [ə'bli:k] *adj* (*line*) көлбеу; (*comment, reference*) жанама; (*BRIT TYP*) ~ **stroke** көлбеу сызық.
- obliterate** [ə'blɪtəreɪt] *v* (*destroy*) құрту; (*from mind*) өшіру.
- oblivion** [ə'blɪvɪən] *n* ұмыту; **these events have sunk into ~** бұл оқиғалар әлдеқашан ұмыт болған.
- oblivious** [ə'blɪvɪəs] *adj* ұмытшақ; **to be ~ of/to** түсінбеу.
- oblong** ['ɒblɒŋ] *adj* ұзынша; ♦ *n* ұзынша зат.
- obnoxious** [əb'nɒksjəs] *adj* жексұрын.
- obscene** [əb'si:n] *adj* ұятсыз; әдепсіз; ♦ *n* ~(e)ity [əb'senɪti] ұятсыздық; әдепсіздік.
- obscure** [əb'skjuə] *adj* (*little known*) белгісіз; (*difficult to understand*) анық емес; күңгірт; ♦ *v* (*view, sun*) қалқалау; (*truth, meaning*) көмескілеу; ♦ *n* ~(e)ity [əb'skjuəri:ti] белгісіздік; күңгірттік.
- obsequious** [əb'si:kwiəs] *adj* жарамсақ.
- observe** [əb'zə:v] *v* (*watch*) бақылау; (*comment*) ескерту; (*abide by*) сақтау; ♦ *adj* ~(e)able [əb'zə:vəbl] бақыланатын; (*appreciable*) байқалатын; ♦ *n* ~(e)ance [əb'zə:vəns] (*of law, custom*) сақтау; **religious ~(e)ances** діни жоралар; ♦ *adj* ~(e)ant [əb'zə:vənt] байқағыш; ♦ *n* ~(e)ation [ɒbzə'veɪʃən] (*remark*) ескертпе; (*surveillance, MED*) бақылау; ~**(e)ation post** бақылау орны, пункті; ~**(e)atory** [əb'zə:vətəri] обсерватория; ~**r** [əb'zə:və] бақылаушы.
- obsess** [əb'ses] *v* билеп алу; **you are ~ed by the idea** бұл ой сізді әбден билеп алған; **he is totally ~ed with this woman** ол осы әйел үшін әбден есі-

- нен адасты; ♦ *n* ~ion [əb'seʃən] жабысқақ ой; **she has an ~ion for cats** ол мысықты жанындай жақсы көреді; ♦ *adj* ~ive [əb'sesiv] сезім кернеген.
- obsolescence** [əbsə'lesns] *n* ескіргендік.
- obsolete** ['əbsəli:t] *adj* (*words*) ескірген; (*technology*) ескірген.
- obstacle** ['əbstəkl] *n* (*also fig*) кедергі; ~ *race* кедергілермен жүгіру.
- obstetrics** [əb'stɛtriks] *n* акушерлік; ~(*s*)ian [əbstə'triʃən] дәрігер-акушер.
- obstinacy** ['əbstinəsi] *n* (*of person*) қыңырлық.
- obstinate** ['əbstɪnɪt] *adj* (*person, behaviour*) қыңыр; (*cold, pain*) тоқтаусыз.
- obstruct** [əb'strʌkt] *v* (*road, path*) бөгет қою; (*traffic, progress*) кедергі жасау; ♦ *n* ~ion [əb'strʌkʃən] (*action*) кедергі келтіру; (*of law*) даурықпа кедергі (бір нәрсені болдырмау үшін қарсылық жасау); (*object*) бөгет; ♦ *adj* ~ive [əb'strʌktiv] (*behaviour*) обструкциялық; **he is ~ive** ол кедергі келтіреді.
- obtain** [əb'teɪn] *v* (*get hold of*) қолы жету; (*gain*) алу; (*formal*) (*exist*) өмір сүру; **to ~ sth (for oneself)** өзіне бір нәрсе алу; ♦ *adj* ~able [əb'teɪnəbl] қолжетерлік.
- obtrusive** [əb'tru:stɪv] *adj* жабысқақ.
- obtuse** [əb'tju:s] *adj* (*person, remark*) ақымақ; (*MATH*) доғал.
- obverse** ['ɒbvɜ:s] *n* керісінше.
- obviate** ['ɒbvɪeɪt] *v* жоғалту.
- obvious** ['ɒbvɪəs] *adj* анық; ♦ *adv* ~ly ['ɒbvɪəsli] анық; (*of course*) әрине; **he was ~ly not drunk** оның мас емес екендігі анық еді; **he was not ~ly drunk** ол соншалықты қатты мас емес еді; ~ly not әрине, жоқ.
- occasion** [ə'keɪzən] *n* (*time*) рет; (*case*) жағдай; (*event*) оқиға; (*opportunity*) мүмкіндік; ♦ *v* (*cause*) тудыру; **on this ~** осы жолы; **on that ~** сол жолы; **to rise to the ~** талапқа сай болу; ♦ *adj* ~al [ə'keɪzən] сирек; жиі емес; ~al *table* қосымша үстел; ♦ *adv* ~ally [ə'keɪzənəli] оқтын-оқтын; андасанда; **very ~ally** өте сирек.
- occult** [ɒ'kʌlt] *n* оккультизм; **the ~** оккультті ғылымдар.
- occupy** ['ɒkjupaɪ] *v* алу; (*country, attention*) басып алу; **to ~ oneself with sth** бірдеңемен айналысу; **all of the rooms are ~(y)ied** барлық бөлмелер бос емес; **he was ~(y)ied with his work** ол жұмысымен айналысты; ♦ *n* ~(y)ier ['ɒkjupaɪə] тұрушы; **to the ~(y)ier** тұрушыға (*хаттағы қаратпа сөз*); ~(y)ancy ['ɒkjupənsɪ] тұру; ♦ *adj* ~(y)ant ['ɒkjupənt] (*long-term*) мекендеуші; (*temporary*) **the ~(y)ants of the car/room** машинадағылар/бөлмедегілер; ♦ *n* ~(y)ation [ɒkju'reɪən] іс; (*occupancy*) тұру; (*MIL*) оккупация; **unfit for ~(y)ation (house)** тұруға жарамсыз; ♦ *adj* ~(y)ational [ɒkju'reɪənəl] кәсіби; оккупациялық; басып алумен байланысты; ~(*y*)ational *accident* өндірістік сәтсіз оқиға; ~(*y*)ational *guidance* жұмыс орнын іздеуде кеңес беру; ~(*y*)ational *hazard* өндірістік қауіп; ~(*y*)ational *pension scheme* зейнетақы қорының жұмысшы мен жұмысқа алушының жарналары есебінен қалыптасатын зейнетақы бағдарламасы; ~(*y*)ational *therapy* еңбек терапиясы.
- occur** [ə'kɜ:] *v* (*take place*) болу; орын алу; (*exist*) кездесіп қалу; **to ~ to sb** біреудің ойына келу; ♦ *n* ~ence [ə'klɜəns] (*event*) оқиға; (*existence*) жағдай.
- ocean** ['əʊʃən] *n* мұхит; ~s of (*fig*) (*inf*) сансыз көп; ~ *bed* мұхит түбі.
- oceangoing** ['əʊʃən ɡəʊɪŋ] *adj* (*ship*) мұхиттық.

ochre [ˈəʊkə] *adj* (colour) сарғыш қоңыр.

o'clock [əˈklɒk] *n* сағат; it is five ~ қазір сағат бес.

octagonal [ɒkˈtæɡənəl] *adj* сегіз бұрышты.

octane [ˈɒkteɪn] *n* октан; high~petrol/gas октан мөлшері жоғары бензин.

octave [ˈɒktɪv] *n* октава.

October [ɒkˈtəʊbə] *n* қазан.

octogenarian [ˈɒktəʊdʒɪˈneəriən] *n* сексен жастағы; he is an ~ оның жасы сексеннен асқан.

octopus [ˈɒktəpəs] *n* сегізаяқ.

odd [ɒd] *adj* (strange) оғаш; өзгеше; (uneven) тақ; (not paired) жұпсыз; (rare) сирек кездесетін; 60~ алпыстан асқан; at ~ times оқтын-оқтын; I was the ~ one out менің қажетім болмады; ~ jobs уақытша жұмыстар; (characteristic) өзгешелік; ♦ *adv* ~ly [ˈɒdli] (strangely) (behave, dress) оғаш; ♦ *n* ~ity [ˈɒdɪti] (thing) таңғажайып; (person) сиректік.

oddball [ˈɒdbɔːl] *n* (inf) дарақы.

odd-job [ɒdˈdʒɒb] *n* қара жұмыс; әртүрлі жұмыс; ~ man қара жұмысшы.

oddments [ˈɒdmənts] *n* қалдықтар.

odds [ɒdz] *n* (in betting) бәс; the ~ are against him барлық жағдай оған қарсы болып тұр; to succeed against all the ~ ештеңеге қарамастан табысқа жету; it makes no ~ бәрібір; to be at ~ (with) келіспеу; ~ and ends ұсақ-түйек.

odds-on [ɒdz ɒn] *adj* (favourite) абсолютті; he is ~ to win the election ол сайлауда сөзсіз жеңеді.

ode [əʊd] *n* мадақ өлең.

Odessa [əʊ desə] *n* Одесса.

odious [ˈəʊdiəs] *adj* жексұрын.

odometer [ɒˈdɒmɪtə] *n* одометр.

odour [ˈəʊdə] *n* иіс; ♦ *adj* ~less [ˈəʊdələs] иіссіз.

oesophagus [iː səʊfəɡəs] *n* өңеш.

oestrogen [ˈiːstrəʊdʒən] *n* эстроген.

of [ɒv, əv] *prep* the history ~ Kazakhstan Қазақстан тарихы; a friend ~ ours біздің досымыз; a boy ~ 10 он жасар ұл; that was kind ~ you сізге үлкен рахмет; a man ~ great ability аса қабілетті адам; the city ~ New York Нью-Йорк қаласы; south ~ London Лондонның оңтүстігінде; (expressing quantity, amount, dates) a kilo ~ flour бір килограмм ұн; how much ~ this material do you need? сізге қанша мата қажет?; there were three ~ them олар үшеу болды; three ~ us stayed біздің үшеуіміз қалдық; on the 5th ~ July 5-ші шілдеде; (from, out of); the house is made ~ wood үй ағаштан жасалған.

off [ɒf] *adv* (referring to distance, time) -дан; -ден; -нан; -нен; -тан; -тен; it's a long way ~ бұл осы жерден алыс; the city is five miles ~ қалаға дейін бес миль; the game was 3 days ~ ойынға дейін 3 күн қалды; (departure) to go ~ to Paris/Italy Парижге/Италияға кету; I must be ~ менің кететін уақытым болды; (removal) to take ~ one's hat/coat/ шляпаны/пальтоны шешу; the button came ~ түймесі үзіліп қалыпты; 10% ~ (COMM) 10 пайыздық жеңілдік; to be ~ (on holiday) демалыста болу; I'm ~ on Fridays мен жұма күндері демаламын; he was ~ on Friday жұма күні ол жұмыста болған жоқ; I have a day ~ менде демалыс күні; to be ~ sick ауырғандықтан жұмысқа шықпау; ♦ *adj* (not turned on) сөндірілген; (tap) жабылған; (disconnected) ажыратылған; (cancelled) (meeting, match) уақыты өзгертілген; (agreement) бұзылған; (BRIT) to go ~ (milk) ашып кету; (cheese, meat) бұзылып кету; the milk has gone ~ сүт ашып

- кетіпті; **on the ~ chance** жаман айтпай жақсы жоқ дегендей; **to have an ~ day** күнді сәтсіз өткізу; *prep (indicating motion, removal)*; **to fall ~ a cliff** жартастан құлау; (*distant from*); **it's just ~ the M1** ол M1 автострадасына жақын; **it's five km ~ the main road** ол тас жолдан бес км жерде; **to be ~ meat** (*no longer eat it*) ет жемеу; (*no longer like it*) еттен жалығу; ~ **colour** өңсіз; науқас; (*BRIT*) (*inf*) **I feel ~ colour** мен ауырыңқырап тұрмын.
- offal** ['ɔfl] *n* ішек-қарын.
- offbeat** ['ɔfbɪ:t] *adj* өзгеше.
- off-centre** [ɔf'sentə] *adj* жылжытылған; ♦ *adv* ортасында емес.
- offence** [ə'fens] *n* (*crime*) құқық бұзушылық; (*insult*) қорлау; **to commit an ~** құқық бұзушылық жасау; **to take ~ at** ренжу; **to give ~ to** ренжіту; қорлау; **no ~, but** өкпе болмасын, алайда.
- offend** [ə'fend] *v* (*person*) ренжіту; (*feelings*) қорлау; **to ~ against** (*law, rule*) бұзу; ♦ *n* ~er [ə'fendə] құқық бұзушы; ♦ *adj* ~ing [ə'fendɪŋ] сәйкес.
- offensive** [ə'fensɪv] *adj* (*remark, behaviour*) қорлайтын; (*smell*) адам төзгісіз; ♦ *n* (*MIL*) шабуыл; ~ **weapon** шабуыл жасау қаруы.
- offer** ['ɔfə] *n* ұсыныс; ♦ *v* ұсыныс жасау; **to make an ~ for sth** бірдеңені сатып алуға ұсыныс жасау; **to ~ sth to sb** біреуге бірдеңені ұсыну; **to ~ to do** ұсыну; **on ~** (*COMM*) төмендетілген бағамен сатылады; ~ **price** сатушы бағасы; ♦ *n* ~ing ['ɔfəɪŋ] сый.
- offhand** [ɔf'hænd] *adj* (*unfriendly*) немқұрайлы; (*easy-going*) еркін; ♦ *adv* бірден; ойланбастан; **I can't tell you ~** мен сізге бірден айта алмаймын.
- office** ['ɔfɪs] *n* кеңсе; (*room*) кабинет; (*position*) қызмет; **doctor's ~** (*US*) дәрігер кабинеті; **to take ~** (*person*) қызметіне кірісу; (*political party*) билікке келу; **through his good ~s** (*fig*) оның көмек көрсеткендігінен; **the ~ of Fair Trading** (*BRIT*) Адал Бәсекелестік Басқармасы; ~ **bearer** қызмет иесі; ~ **block** (*US office building*) әкімшілік ғимарат; ~ **boy** шабарман; ~ **hours** жұмыс уақыты; (*US*) (*MED*) қабылдау уақыты; ~ **manager** кеңсе бастығы; ~ **work** кеңселік жұмыс; ~ **worker** кеңсе қызметшісі; ♦ *n* ~r ['ɔfɪsə] (*MIL*) офицер; **police ~r** полиция; (*of organization*) меңгеруші.
- official** [ə'fɪʃl] *adj* ресми; ♦ *n* қызмет иесі; **government ~** ресми өкіл; ~ **receiver** (*COMM*) төлеуге жарамсыз компанияны жоюды жүргізу үшін тағайындалған ресми адам; ~ **strike** ресми ереуіл; ♦ *adv* ~ly [ə'fɪʃəli] ресми түрде.
- officialdom** [ə'fɪʃldəm] *n* кеңсешілдік; кеңсешіл топ.
- officiate** [ə'fɪʃiət] *v* басқарып ұйымдастыру; (*REL*) Құдайға құлшылық ету; **to ~ as Mayor** мэр міндетін атқару; **to ~ at a marriage** неке қию.
- officious** [ə'fɪʃəs] *adj* міншіл.
- offing** ['ɔfɪŋ] *n* жағалаудан көкжиекке дейін көрінетін теңіз кемері; **war is in the ~** соғыс келе жатыр.
- off-key** [ɔf'ki:] *adj* (*MUS*) әуенге сай емес.
- off-licence** ['ɔflaɪns] *n* (*BRIT*) шарап дүкені.
- off-limits** [ɔf'lɪmɪts] *adj* (*esp US*) жабық.
- off-line** [ɔf'lain] *adj* (*COMPUT*) автономиялық; дербес; ♦ *adv* (*COMPUT*) автономиялы түрде; дербес; (*switched off*) сөндірілген.
- off-load** ['ɔfləʊd] *v* үю.
- off-peak** ['ɔf'pi:k] *adj* (*heating, electricity*) жоғары деңгейде емес; (*train, ticket*) төмендетілген бағамен.

- off-putting** ['ɔfputɪŋ] *adj* (BRIT) жағымсыз.
- off-season** ['ɔf'si:zn] *adj* (booking) мезгілсіз; ♦ *adv* мезгілінде емес.
- offset** ['ɔfset] *v* теңгеру.
- offshoot** ['ɔfʃu:t] *n* (fig) тармақ; (of discussion) салдар.
- offshore** [ɔf'ʃɔ:] *adj* (oil rig, fishing) теңіздік; there was a gentle ~ breeze теңізде салқын самал жел соғып тұрды.
- offside** ['ɔf'saɪd] *n* офсайд (футболшының ойыннан тыс қалуы); (AUT) (in Britain) оң жақ; (sport) to be ~ офсайдта болу; тыс қалу.
- offspring** ['ɔfsprɪŋ] *n* ұрпақ.
- offstage** [ɔf'steɪdʒ] *adv* (sounds) сахна артында.
- off-the-cuff** [ɔfðə'kʌf] *adj* дайындықсыз; жанынан шығарған.
- off-the-job** ['ɔfðə dʒɔb] *adj* жұмыстан тыс уақытта өтетін; ~ training жұмыстан тыс уақыттағы дайындық/оқу.
- off-the-peg** ['ɔfðə'peg] *adj* дайын; ~ clothing дайын киім.
- off-the-record** ['ɔfðə'rekɔ:d] *adj* бейресми; ♦ *adv* бейресми түрде.
- off-white** ['ɔfwaɪt] *adj* ақшыл.
- often** ['ɔfn] *adv* жиі; how ~? қанша рет; more ~ than not көбінесе; as ~ as not едәуір жиі; every so ~ оқтын-оқтын.
- ogle** ['ɔʊgl] *v* көз алмай қарау.
- ogre** ['ɔʊgə] *n* алып жалмауыз.
- oh** [əʊ] *excl* ой; ай; ~ really! иә солай!; ~ no! жо-жоқ!.
- oil** [ɔɪl] *n* (CULIN) май; (petroleum) мұнай; (for heating) жанар-жағар май; ♦ *v* (engine, gun) майлау; ~s (art) майлы бояу; ~ can май сауыт; ~ change (AUT) майды ауыстыру (моторда) ~ filter (AUT) май сүзгісі; ~ gauge (AUT) май деңгейінің көрсеткіші; ~ industry мұнай өнеркәсібі; ~ painting майлы бояумен салынған сурет; ~ refinery мұнай өңдеу зауыты; ~ rig мұнай платформасы; ~ slick мұнай қабаты; ~ tanker (ship) танкер; (truck) мұнай тасушы; ~ well мұнай ұңғымасы; ♦ *adj* ~y ['ɔɪli] (rag) майланған; (substance) майлы; (food) майлы.
- oilcloth** ['ɔɪlkloθ] *n* клеёнка.
- oilfield** ['ɔɪfli:ld] *n* мұнай кеніші.
- oilfired** ['ɔɪfaiəd] *adj* майлы.
- oilseed** ['ɔɪlsi:d reɪp] *n* зәйтүн дәні/ұрығы; ~ rape рапс (май және жем алынатын өсімдік).
- oilskins** ['ɔɪlskinz] *n* су өткізбейгін киім.
- ointment** ['ɔɪntmənt] *n* жақпа май.
- ok** ['əʊ'keɪ] *excl* (inf) жарайды; жақсы; *adj* (film, meal) орташа; ♦ *v* (approve) мақұлдау; to give sth the ~ бірденені құптау; is it ~? (мынау) жарай ма?; is everything ~? барлығы дұрыс па?; are you (feeling) ~? сіздің жағдайыңыз жақсы ма?; are you ~ for money? ақша жетпей жүрген жоқ па?; it's ~ with/by me мен қарсы емеспін.
- old** [əʊld] *adj* (aged) кәрі; (former) ескі; how ~ are you? жасыңыз нешеде?; he's 10 years ~ ол 10 жаста; ~ man қарт; шал; ~ woman кемпір; ~er brother аға; any ~ rag will do бір ескі шүберек жарай береді; ~ age кәрілік; ~ age pension жас бойынша зейнетқы; ~ age pensioner (BRIT) зейнеткер; ~ hand көпті көрген адам; this is very ~ бұл жаңалық емес; ~ maid кәрі қыз; ~ people's home қарттар үйі; ~ wives' tale қырық өтірік.
- old-fashioned** ['əʊld'fæʃnd] *adj* ескі үлгідегі.
- old-style** ['əʊldstɑɪl] *adj* ескілікті стильде.
- old-time** ['əʊldtaɪm] *adj* (dancing) ескі заманғы.
- old-timer** [əʊld'taɪmə] *n* ескінің көзі.

oleander [əʊlɪ'ændə] *n* олеандр.

olive ['ɒlɪv] *n* (fruit) зәйтүн; ♦ *adj* ~-green зәйтүн; сарғыш жасыл; ~ tree зәйтүн ағашы; to offer an ~ branch (fig) ымыраға келуді ұсыну; ~ oil зәйтүн майы.

olympic [əʊ'lɪmpɪk] *adj* олимпиадалық; ~ games олимпиада ойындары.

ombudsman ['ɒmbudzsmən] *n* жеке адамдардың мемлекеттік мекемелерге арыздарын қарастыратын ресми өкіл.

omelet(te) ['ɒmlɪt] *n* омлет; cheese ~ ірімшік қосылған омлет.

omen ['əʊmən] *n* нышан; аян.

ominous ['ɒmɪnəs] *adj* қатерлі.

omission [əʊ mɪʃən] *n* өткізу.

omit [əʊ mɪt] *v* өткізу; he ~ted to inform me of this ол маған бұл жөнінде хабарлаған жоқ.

omnipotent [ɒm nɪpətnt] *adj* құдіретті.

omnivorous [ɒm nɪvrəs] *adj* талғаусыз қоректі.

on [ɒn] *prep* (position) үстінде; (motion); the book is ~ the table кітап үстел үстінде; to put the book ~ the table кітапты үстел үстіне қою; ~ the left сол жақта; the house is ~ the main road үй тас жолдың жанында тұр; (indicating means, method, condition): ~ foot жаяу; ~ the train (go) пойызбен; (be) пойызда; ~ the radio радиода; she's ~ the telephone ол телефонмен сөйлесіп жатыр; to be ~ drugs дәрі қабылдау; to be ~ holiday/business демалыста/иссапарда болу; (referring to time) ~ Friday жұма күні; ~ Fridays жұма күндері; ~ June 20th 20-шы маусым күні; a week ~ Friday жұма күнінен бастағанда, бір аптадан кейін; ~ arrival келген кезде; ~ seeing this мұны көргенде; (about, concerning) жөнінде; бойын-

ша; information ~ train services пойыздар кестесі жөніндегі ақпарат; a book ~ physics физика бойынша кітап; ♦ *adv* (referring to dress); to have one's coat ~ пальто кию; what's she got ~? ол не киген еді?; she put her boots/gloves/hat ~ ол етігін/қолғабын/шляпасын киді; (further, continuously) әрі қарай; to walk ~ әрі қарай жүру; ♦ *adj* (functioning, in operation) қосылған; (tap) ашық; is the meeting still ~? (in progress) жиналыс әлі болып жатыр ма?; (not cancelled) жиналыс кейінге қалдырылған жоқ па?; there's a good film ~ at the cinema кинотеатрда жақсы фильм болып жатыр; that's not ~! (inf) (of behaviour) олай болмайды!; жарамайды!.

once [wʌns] *adv* (on one occasion) бір рет; (formerly) бір кезде; бір күні; *conj* (immediately afterwards) сәтте; ~ he had left ол кете салысымен; at ~ (immediately) бірден; (simultaneously) бірге; come here at ~! дәл қазір кел мұнда!; (all) at ~ барлығы бірге; ~ a week аптасына бір рет; ~ more тағы бір рет; ~ and for all біржола; I knew him ~ мен бір кезде онымен таныс едім; ~ upon a time баяғы заманда.

oncoming ['ɒnklmɪŋ] *adj* (traffic) қарсы.

one [wʌn] *num* бір; ~ hundred and fifty жүз елу; ~ day there was a sudden knock at the door бір күні, күтпеген жерде есік қағылды; ~ by ~ бір-бірден; бірінен кейін бірі; ♦ *adj* (sole) жалғыз; the ~ book which жалғыз кітап; (same) бір; they all belong to the ~ family олар барлығы бір жанұядан; ♦ *pron* мынау; this ~ осы; ~'s біреудің; to dry ~ hands қолын сүрту; I'm the ~ who did it оны істеген

- мен; **that** ~ ана; сол; **I've already got** ~ е менде ол бар; ~ **another** бірін бірі; **do you two ever see ~ another?** сіздер екеулеріңіз бір-біріңізді көріп тұрасыздар ма?; **the boys didn't dare look at ~ another** ұлдар бір-біріне қарауға дәті жетпеді; (*impersonal*) ~ **never knows** ешқашан білмейсің; **to cut ~'s finger** саусағын кесіп алу; ~ **needs to eat** тамақтану қажет; ~ **hundred share index** жүз акция индексі (*күнделікті жарияланатын және қор биржасының күйін көрсететін*).
- one-day** ['wʌn deɪ] *n* бір күндік; ~ **excursion (US)** бір күндік билет (*бір күн бойы күйші бар*).
- one-man** ['wʌnmæn] *adj* (*business*) дара; (*canoe*) бір орындық; ~ **band** оркестр-адам.
- one-off** [wʌn ɔf] *n* (*BRIT*) (*inf*) ілуде бір болатын оқиға; бірлі-жарым.
- one-parent** ['wʌnpɪərənt] *adj* әкесі немесе шешесі ғана бар; ~ **family** толық емес отбасы.
- one-piece** ['wʌnpri:s] *adj* тұтас; ~ **bathing suit** суға түсетін тұтас костюм.
- onerous** ['ɒnərəs] *adj* ауыр; қиын.
- oneself** [wʌn self] *pron* (*reflexive*) өзін; (*emphatic*) өзі; (*after prep*) өзін-өзі; өз-өзіне; өз-өзімен; өзі; **to hurt** ~ ауыртып алу; **to keep sth for** ~ бірдеңені өзінде сақтау; **to talk to** ~ өзімен-өзі сөйлесу.
- one-sided** [wʌn saɪdɪd] *adj* бір жақты; (*contest*) тең емес.
- one-time** ['wʌntaɪm] *adj* бұрынғы.
- one-to-one** ['wʌntəwʌn] *adj* (*tuition*) дара; ♦ *adv* бірге-бір.
- one-upmanship** [wʌn ʌpˌmənʃɪp] *n*: **the art of** ~ ерекшелену және өзінің басымдығын көрсету қабілеті.
- one-way** ['wʌnweɪ] *adj* (*traffic*) бір жақты; ~ **street** бір жақты көлік қозғалысы бар көше.
- ongoing** ['ɒŋɡəʊɪŋ] *adj* жалғасып жатқан.
- onion** ['ʌnjən] *n* пияз.
- on-line** ['ɒnlain] (*COMPUT*) *adj* автономиялық емес; онлайн; (*switched on*) қосылған; ♦ *adv* автономиялық емес түрде.
- onlooker** ['ɒnlʊkə] *n* көрермен.
- only** ['əʊnli] *adv* тек; ♦ *adj* жалғыз; *conj* (*but*) тек; **an ~ child** жалғыз бала; **I ~ bought one bottle** мен тек бір шөлмек қана сатып алдым; **I saw her ~ yesterday** мен тек кеше ғана оны көрдім; **I'd be ~ too pleased to help** мен қуана-қуана көмек көрсетер едім; **I would come, ~ I'm too busy** мен келер едім, тек қолым бос емес; **not ~ but also** тек емес, сонымен қатар.
- onset** ['ɒnsɛt] *n* шабуыл.
- onshore** ['ɒnʃɔ:] *adj* жағаға, құрлыққа беттеуші; ~ **wind** теңізден соққан жел; (*oil rig, drilling*) жер бетіндегі.
- onslaught** ['ɒnslɔ:t] *n* шабуыл.
- on-the-job** ['ɒndə'dʒɔb] *adj* жұмыстан қол үзбей; ~ **training** өндірістен қол үзбей оқу.
- onus** ['əʊnəs] *n* ауыртпалық; жауапкершілік; парыз; міндет; **the ~ is on him to prove it** мұны дәлелдеу – оның міндеті.
- onwards** ['ɒnwəd(z)] *adv* алға; әрі қарай; **from that time** ~ сол кезден бері.
- onyx** ['ɒnɪks] *n* оникс.
- oops** [ʊps] *excl* (*inf*) ой!.
- ooze** [u:z] *v* шығару; **to ~ confidence** сенімділік таныту.
- opacity** [əʊ'pæsɪti] *n* көмескілік.
- opal** ['əʊpəl] *n* жылтыр тас (*шыны тәріздес*).
- opaque** [əʊ'peɪk] *adj* көмескі.
- open** ['əʊpən] *adj* (*also fig*) ашық; (*enmity, hostility*) ашық; (*vacancy*) бос; ♦ *v* ашу; ашылу; (*flower*) ашылу; (*book,*

debate (*commence*) басталу; **in the ~ (air)** таза ауада; **the ~ sea** ашық теңіз; **~ ground** (*among trees*) алаң; (*waste ground*) иен дала; **to have an ~ mind on sth** бірдеңеге турашыл көзқараспен қарау; **~ on to fus** (*subj*) (*room, door*) шығу; **~ out/up** ашу; ашылу; **~ night** (*THEAT*) қойылым; **~ learning** (*дайындалған оқу құралдары бойынша*) өз бетімен оқу; **~ day** ашық есік күні; **~ prison** еркін тәртіп түрмесі; **~ sandwich** бутерброд; **~ shop** (*trade unions*) кәсіподақта мүше болуына қатыссыз жұмысшыларды жұмысқа алатын кәсіпорын; **~ University** (*BRIT*) сырттай немесе қашықтықтан оқытатын оқитын университет; **~ verdict** ашық қаулы; (*LAW*) **an ~ verdict was passed** өлім себебі анықталған жоқ деп жарияланды; ♦ *n* **~er** ['əʊpnə] ашқыш; **tin/can ~er** ашқыш; ♦ *adj* **~ing** ['əʊpnɪŋ] ашылу; (*speech, remarks*) кіріспе; ♦ *n* **~ing** (*gap, hole*) саңылау; (*start*) басы; (*opportunity*) мүмкіндік; (*job*) бос қызмет; ♦ *adv* **~ly** ['əʊpnlɪ] ашық; ♦ *n* **~ness** ['əʊpnɪs] (*frankness*) ашықтық.

open-air [əʊpn'ɛə] *adj* (*concert*) далада; (*swimming pool*) ашық.

open-and-shut ['əʊpn ənd'ʃʌt] *adj* қарапайым; айқын; анық; **~ case** айқын іс.

open-ended [əʊpn'ɛndɪd] *adj* (*fig*) (*question*) ашық; (*discussion*) аяқталмаған.

open-heart [əʊpn'hɑ:t] *adj* ашық; **~ surgery** жүрекке ашық ота.

open-minded [əʊpn'maɪndɪd] *adj* (*person*) ашық; (*approach*) турашыл.

open-necked ['əʊpnnekt] *adj* мойыны ашық.

open-plan ['əʊpn'plæn] *adj* ашық жоспарлы; **~ office** бөлмелерге бөлетін қабырғалары жоқ кеңсе.

opera ['ɒpərə] *n* опера; **~ glasses** театр дүрбісі; **~ house** опера театры; **~ singer** опера әншісі; ♦ *adj* **~tic** [ɒpə'gætɪk] опералық.

operate ['ɒpəreɪt] *v* басқару; жұмыс істеу; (*drug*) әсер ету; (*MED*) **to ~ (on sb)** (біреуге) ота жасау; ♦ *adj* **~(e)ing** ['ɒpəreɪtɪŋ] операциялық; **~(e)ing costs** эксплуатациялық шығындар; **~(e)ing profit** өндірістік әрекеттен келетін кіріс; **~(e)ing room** (*US*) операция бөлмесі; **~(e)ing statement** кіріс және шығыс есебі; (*esp US*) ағымдағы баланс; **~(e)ing system** (*COMPUT*) операциялық жүйе; **~(e)ing table** ота үстелі; **~(e)ing theatre** ота бөлмесі; ♦ *n* **~(e)ion** [ɒpə'reɪʃən] (*of machine*) (*functioning*) жұмыс; (*controlling*) басқару; (*MED, MIL, COMM*) операция; **to be in ~(e)ion** жұмыс істеу; **he had an ~(e)ion** (*MED*) оған операция жасалды; **to perform an ~(e)ion** (*MED*) ота жасау; ♦ *adj* **~(e)ional** [ɒpə'reɪʃənl] (*working*) жұмыс істейтін; **the machine was ~(e)ional** машина жұмыс істеді; **~(e)ive** ['ɒpəreɪtɪv] (*law*) күшіндегі; (*position*) оперативті; ♦ *n* **~(e)ive** (*in factory*) оператор; **the ~(e)ive word** негізгі сөз; **~(e)or** ['ɒpəreɪtə] (*TEL*) телефонист; (*of machine*) оператор.

operetta [ɒpə'retə] *n* оперетта.

ophthalmic [ɒf'θælmɪk] *adj* офтальмологиялық; **~ optician** көз дәрігері; окулист.

ophthalmologist [ɒf'θælmələdʒɪst] *n* офтальмолог.

opinion [ə'pɪnjən] *n* пікір; **in my ~** меніңше; **менің ойымша**; **to seek a second ~** қосымша пікір сұрау; **~ poll** қоғамдық пікірге сұрау салу; ♦ *adj* **~ated** [ə'pɪnjəneɪtɪd] өз-өзіне сенімді.

opium ['əʊpɪəm] *n* апиын.

- opponent** [ə pəʊnənt] *n* оппонент; (*MIL, sport*) қарсылас.
- opportune** [ˈɔpətju:n] *adj* лайық; ♦ *n* ~**(e)ism** [ɔpəˈtju:nɪsəm] оппортунизм (кең мағынасында ымырашылдықты, келісушілікті, үйлесушілікті білдіреді); ~**(e)ist** [ɔpəˈtju:nɪst] оппортунист; ~**(e)ity** [ɔpəˈtju:nɪti] мүмкіндік; **to take the ~(e)ity of doing** үшін мүмкіндікті пайдалану.
- oppose** [ə pəʊz] *v* қарсы тұру; **to be ~d to sth** бірдеңеге қарсы болу; **as ~d to** керісінше; ♦ *adj* ~**(e)ing** [əˈpəʊzɪŋ] (*ideas, forces*) қарама-қарсы; **the ~(e)ing team** қарсылас командасы; ~**(e)ite** [ˈɔpəzɪt] қарама-қарсы; ♦ *adv* ~**(e)ite** қарама-қарсы; *prep* ~**(e)ite** қарсы; **the ~(e)ite (say, think, do)** керісінше; **the ~(e)ite sex** қарама-қарсы жыныс; **see ~(e)ite page** қарама-қарсы бетті қараңыз; ~**(e)ite number (person)** басқа ұйымда сәйкес қызметті атқаратын адам; ♦ *adj* ~**(e)ition** [ɔpəˈzɪʃən] *n* оппозиция; **the ~(e)ition (POL)** оппозициялық партия.
- oppress** [ə pres] *v* езу; қанау; ♦ *n* ~**ion** [ə pɹeʃən] езгі; қанау; ♦ *adj* ~**ive** [ə pɹesɪv] (*regime*) қанаушылық; (*weather, heat*) ауыр тиетін.
- opprobrium** [əˈpɹɔʊbrɪəm] *n* (*formal*) айыптау.
- opt** [ɔpt] *v* таңдау; **to ~ to do** шешу; ~ **out (school, hospital)** мемлекет бақылауынан шығу; **to ~ of sth** бірденеден шығу.
- optic** [ˈɔptɪk] *adj* оптикалық; ♦ *n* (*PHYS*) ~**s** оптика; ♦ *adj* ~**al** [ˈɔptɪkl] оптикалық; ~**al character reader (COMPUT)** символдарды айырып танытын оптикалық құрылғы; ~**al character recognition (COMPUT)** символдарды оптикалық айырып тану; ~**al fibre** оптикалық талшық; ~**al illusion** оптикалық алдамшы көрініс; ♦ *n* ~**ian** [ɔpˈtɪʃən] окулист.
- optimism** [ˈɔptɪmɪzəm] *n* ОПТИМИЗМ.
- optimist** [ˈɔptɪmɪst] *n* ОПТИМИСТ; ♦ *adj* ~**ic** [ɔptɪˈmɪstɪk] ОПТИМИСТИК.
- optimum** [ˈɔptɪmət] *adj* оңтайлы.
- option** [ˈɔpʃən] *n* (*choice*) нұсқа; (*SCOL*) таңдалатын пән; (*COMM*) опцион (*белгілі бір төлемді таңдай құқығы*); **to keep one's ~s open** өзіне таңдау құқығын қалдыру; **I have no ~** менде басқа шара жоқ; ♦ *adj* ~**al** [ˈɔpʃənl] (*COMM*) міндетті емес; ~**al extras** қосымша, бірақ міндетті емес тауарлар немесе қызметтер.
- opulence** [ˈɔpjuləns] *n* байлық.
- opulent** [ˈɔpjulənt] *adj* (*person, society*) бай.
- or** [ɔ:] *conj* немесе; (*otherwise*) ~ (**else**) әйтпесе; өйтпегенде; (*with negative*) **he hasn't seen ~ heard anything** ол ештеңені көрген де, естіген де жоқ.
- oracle** [ˈɔrəkl] *n* (*prophet*) сәуегей; (*prophecy*) сәуегейлік.
- oral** [ˈɔ:rəl] *adj* (*test, report*) ауызша; (*vaccine, medicine*) ауыз; ♦ *n* (*exam*) ауызша емтихан.
- orange** [ˈɔrɪndʒ] *n* апельсин; ♦ *adj* (*colour*) қызғылт сары; ♦ *n* ~**ade** [ɔrɪndʒˈeɪd] апельсин сусыны.
- oration** [ɔ: reɪʃən] *n* салтанатты сөз.
- orator** [ˈɔrətə] *n* шешен.
- oratorio** [ɔrəˈtɔ:piə] *n* оратория.
- orb** [ɔ:b] *n* шар.
- orbit** [ˈɔ:bit] *n* орбита; ♦ *v* айналу.
- orchard** [ˈɔ:tʃəd] *n* бақ (*жеміс*); **apple** ~ алма бағы.
- orchestra** [ˈɔ:kɪstrə] *n* оркестр; (*US*) (*seating*) партер; ♦ *adj* ~**l** [ɔ:kɪstrəl] оркестрлік; ~**l musician** оркестрде ойнаушы; ♦ *v* ~**te** [ˈɔ:kɪstreɪt] (*stage-manage*) ұйымдастыру; (*MUS*) оркестрге түсіру.
- orchid** [ˈɔ:kɪd] *n* орхидея.
- ordain** [ɔ: deɪn] *v* (*REL*) діни дәрежеге көтеру; (*decide*) бұйрық беру.

ordeal [ɔ: dr:l] *n* сынау.

order [ˈɔ:də] *n* (*command*) бұйрық; (*from shop, company, in restaurant*) тапсырыс; (*sequence, discipline*) тәртіп; ♦ *v* (*command*) бұйрық беру; (*from shop, company, in restaurant*) тапсырыс беру; **put in ~** ретімен орналастыру; **in ~** ретімен; **in (working) ~** дұрыс; ақаусыз; **in ~ to do** үшін; **in ~ of size** өлшемі бойынша; **it is already on ~** (*COMM*) бұған тапсырыс беріліп қойған; **out of ~** (*not in sequence*) ретпен емес; (*not working*) бұзылған; **to place an ~ for sth with sb** біреуге бірдеңеге тапсырыс беру; **made to ~** тапсырыспен жасалған; **she is under ~s to remain silent** оған үндемеу керек деп бұйрық берілген; **a point of ~** уақыт тәртібін бұзу мәселесі; **to the ~ of** белгілі бір тәртіппен; (*banking*) вексель бойынша төленетін; **to ~ sb to do** біреуге бұйрық беру; **~ book** тапсырыс кітабы; **~ form** тапсырыс бланкісі; **~ number** тапсырыс нөмірі; ♦ *n* **~ly** [ˈɔ:dəli] (*MIL*) ординарец; (*MED*) санитар; ♦ *adj* **~ly** (*room*) таза; (*person*) жинақы; (*system*) реттелген.

ordinal [ˈɔ:dɪnl] *adj* реттік; **~ number** реттік сан есім; ♦ *adv* **~y** [ˈɔ:dnrɪli] әдетте.

ordinary [ˈɔ:dnrɪ] *adj* (*everyday, usual*) күнделікті; әдеттегі; (*mediocre*) қатардағы; **out of the ~** (*exceptional*) таңғаларлық; **~ seaman** (*BRIT*) кіші матрос; **~ shares** кәдімгі акциялар.

ordination [ɔ:di neɪʃən] *n* (*REL*) діни дәрежеге көтеру.

ordnance [ˈɔ:dnəns] *n* (*MIL*) қару; ♦ *adj* (*factory, supplies*) қару-жарак.

ore [ɔ:] *n* кен.

organ [ˈɔ:gən] *n* (*ANAT*) орган; (*MUS*) орган; ♦ *adj* **~ic** [ɔ: gænik] (*fertilizer*) органикалық; (*food*) химиялық зат-

тарды қолданбай өсірілген; ♦ *n* **~ism** [ˈɔ:gənɪzəm] ағза; **~ist** [ˈɔ:gənɪst] органшы.

organize [ˈɔ:gənaɪz] *v* ұйымдастыру; жасау; **to get ~d** ұйымдасу; **~d crime** ұйымдасқан қылмыскерлік; **~d labour** кәсіподақтар мүшелері; ♦ *n* **~(e)ation** [ɔ:gənaɪˈzeɪʃən] ұйым; **~(e)ation chart** ұйымдық құрылым; **~r** [ˈɔ:gənaɪzə] ұйымдастырушы; жасаушы.

orgy [ˈɔ:dʒɪ] *n* жын-ойнақ; дырду.

orient [ˈɔ:riənt] *n* шығыс; ♦ *adj* **~al** [ɔ:riˈentl] шығыстық; ♦ *v* бағыт-бағдар беру; ♦ *v* **~ate** [ˈɔ:riənteɪt] хабардар болу; жөн табу.

orifice [ˈɔ:ɪfɪs] *n* тесік.

origin [ˈɔ:ɪdʒɪn] *n* шығу тегі; **country of ~** туылған жер; ♦ *adj* **~al** [əˈɪdʒɪnl] (*new*) өзіндік; (*genuine*) төлтума; (*imaginative*) (*writer, artist*) ерекше; ♦ *n* **~al** түпнұсқа; ♦ *adv* **~ally** [əˈɪdʒɪnəli] алғашында; ♦ *n* **~ality** [əɪdʒɪˈnælɪti] (*of artist*) өзіндік ерекшелік; сонылық; ♦ *v* **~ate** [əˈɪdʒɪneɪt] шығу; **to ~ate in** пайда болу; ♦ *n* **~ator** [əˈɪdʒɪneɪtə] жасаушы.

Orkneys [ˈɔ:knɪz] *n* Оркней; **the ~ Islands** Оркней аралдары.

ornament [ˈɔ:nəmənt] *n* *decorative object* әшекей; (*on building, dress*) өрнек; ою; ♦ *adj* **~al** [ɔ:nəˈmentl] (*decorative*) (*garden, pond*) сәндік; ♦ *n* **~ation** [ɔ:nəməntˈteɪʃən] әшекей.

ornate [ɔ:ˈneɪt] *adj* сәндік.

ornithology [ɔ:nɪˈθɔlədʒɪ] *n* орнитология; **~(y)ist** [ɔ:nɪˈθɔlədʒɪst] орнитолог (*құстарды зерттейтін ғалым*).

orphan [ˈɔ:fn] *n* жетім; **to be ~ed** жетім қалу; **~age** [ˈɔ:fəpɪdʒ] жетім балалар үйі.

orthodox [ˈɔ:θədɔks] *adj* (*also fig*) ортодоксальдық; **the Russian ~ Church**

- Орыс Православиелік шіркеу; ♦ *n* ~у ['ɔ:θədɒksɪ] ортодоксальдық көзқарастар.
- orthopaedic** [ɔ:θə'pi:dɪk] *adj* ортопедиялық.
- Oscar** ['ɔskə] *n* Оскар (жүлде).
- oscillate** ['ɔsɪleɪt] *v* (ELEC, PHYS) тербелу; (*fig*) абыржу.
- Oslo** ['ɔzləʊ] *n* Осло.
- ostensible** [ɔs'tensɪbl] *adj* жалған; ♦ *adv* ~(**e**)y [ɔs'tensɪbli] тәрізді; мыс.
- ostentation** [ɔsten'teɪʃən] *n* көзбояушылық.
- ostentatious** *adj* [ɔsten'teɪʃəs] (*building, car*) көрнекі; (*behaviour*) мақтаншақ; **he is very ~** ол өте мақтаншақ.
- osteopath** ['ɔstɪəpəθ] *n* остеопат.
- ostracize** ['ɔstrəsaɪz] *v* қуғын-сүргінге ұшырату.
- ostrich** ['ɔstrɪtʃ] *n* түйеқұс.
- other** ['ʌðə] *adj* басқа; **the ~ (one)** басқа; анау; ~ **than** басқа; ~s (*other people*) басқалар; **the ~s** қалғандары; **the ~ day** жуықта; **some ~ people have still to arrive** тағы бірнеше адам келеді; **some actor or ~** актёрлардың бірі; **somebody or ~** біреу болмаса біреу; **it was none ~ than the prime minister** бұл премьер-министрдің дәл өзі болып шықты.
- otherwise** ['ʌðəwaɪz] *adv* (*differently*) басқаша; өзгеше; (*apart from that*) қалғаны; *conj* әйтпесе; өйтпегенде; **it is an ~ good piece of work** қалай болғанда да, бұл өте жақсы жұмыс.
- Ottawa** ['ɔtəwə] *n* Оттава.
- otter** ['ɔtə] *n* кәмшат.
- ouch** [aʊt] *excl* ай; ой.
- ought** [ɔ:t] (*pt ought*) *aux v* міндетті; керек; **I ~ to do it** маған бұны істеу керек; **this ~ to have been corrected** бұны жөндеу керек еді; **he ~ to win** ол жеңу керек; **you ~ to go and see this film** сіз міндетті түрде ол фильмді көру керексіз.
- ounce** [aʊns] *n* унция.
- our** ['aʊə] *adj* біздің.
- ours** [aʊəz] *pron* біздікі; біздің; (*referring to subject of sentence*) өзіміздікі; өзіміздің.
- ourselves** [aʊə'selvz] *pron* (*reflexive*) өзіміз; өзімізді; өзімізді; өзімізге; өзімізбен; өзімізден; (*emphatic*) өзіміз; (*alone*): **(all) by ~** өзіміздің күшімізбен; **let's keep it between ~** бұл өз арамызда қалсын.
- oust** [aʊst] *v* ығыстыру.
- out** [aʊt] *adv* (*not in*) **they're ~ in the garden** олар бақшада; ~ **in the rain/snow** жаңбырдың/қардың астында; ~ **here** осында; ~ **there** сонда; **to go ~** шығу; ~ **loud** қатты; (*not at home, absent*) **he is ~ at the moment** ол қазір үйде жоқ; **let's have a night ~ on Friday!** жұма күні кешке бір жерге барайық!; (*indicating distance*); **the boat was 10 km ~ (from the shore)** кеме жағадан 10 км қашықтықта болды; **three days ~ from Plymouth** Плимуттан үш күндік жерде; (*sport*) **the ball is ~** доп алаңның сыртында; ~! (*tennis*) аут!; **to be ~ (unconscious)** естен тану; (*out of game*) алаңнан шығарылу; (*have appeared*) (*flowers*) шешек ату; (*news, secret*) белгілі болу; (*extinguished*) (*fire, light, gas*) сөну; өшу; (*fashion*) **to go ~** сәннен шығу; (*finished*) **before the week was ~** аптаның аяғына дейін; **to be ~ to do (intend)** ниеттену; **to be ~ in one's calculations (wrong)** есептен жаңылысу; *prep* (*outside, beyond*); **to go ~ of the house** үйден шығу; **to be ~ of danger (safe)** қауіпсіз жерде болу; (*cause, motive*) ~ **of curiosity** білгісі келгендіктен; ~ **of fear** қорыққаннан; ~ **of**

- suave** [swɑ:v] *adj* (*person, manners*) әдепті; сыпайы.
- sub** [sʌb] *n* орынбасар; абонент; (*NAUT*) ~marine сүңгуір қайық; *prefix* басқа біреудің немесе бірдененің қарауында.
- subcommittee** ['sʌbkəmiti] *n* шағын комитет.
- subconscious** [sʌb'kɒnʃəs] *adj* (*desire*) аңдаусыз.
- subcontinent** [sʌb'kɒntɪnənt] *n* субконтинент.
- subcontract** [sʌbkən'trækt] *n* субмердигерлік; ♦ *v* субмердигерлікке отыру; ♦ *n* ~or ['sʌbkən'træktə] субмердигер.
- subdivide** [sʌbdɪ'vaɪd] *v* бөлу.
- subdivision** ['sʌbdɪvɪzən] *n* бөлім.
- subdue** [səb'dju:] *v* бағындыру; көндіру; ♦ *adj* ~d [səb'dju:d] (*light*) азайтылған; (*person*) басылған.
- sub-editor** ['sʌb'edɪtə] *n* (*BRIT*) (*press*) редактор көмекшісі/орынбасары.
- subject** ['sʌbdʒɪkt] *n* (*topic*) тақырып; (*SCOL*) пән; сабақ; (*of kingdom*) қарайтын; қол астындағы адамы; (*LING*) бастауыш; ♦ *v* [səb'dʒekt] біреуді бір нәрсеге душар ету; **to be ~ to (tax)** жату; (*law*) бағыну; **he is ~ to heart attacks** ол жүрек дертіне бейім; **this is ~ to confirmation in writing** бұл жазбаша растауды қажет етеді; **to change the ~** тақырыпты өзгерту; ~ **matter (content)** тақырып; ♦ *adj* ~ive [səb'dʒektɪv] субъективті; ♦ *n* ~ion [səb'dʒekʃən] (*of women, enemy*) бағындыру.
- subjugate** ['sʌbdʒuʒeɪt] *v* (*people*) бағындырып алу.
- subjunctive** [sʌb'dʒʌŋktɪv] *n* шартты; ~ **mood** шартты рай.
- sublet** [sʌb'let] *v* (*property*) жалға беру.
- sublime** [sə'blaɪm] *adj* айбынды; маңғаз; **from the ~ to the ridiculous** даһышпаннан күлкіліге дейін.
- subliminal** [sʌb'limɪnəl] *adj* (*memory*) астар саналық; (*advertising*) астар санаға әсер ететін.
- submachine** ['sʌbmə'ʃi:n] *adj* автоматты; ~ **gun** автомат.
- submerge** [səb'mə:dʒ] *v* батыру (*суда*); (*submarine, sea creature*) бату; сүңгу.
- submersion** [səb'mə:ʃən] *n* бату.

- submission** [səb'mɪʃən] *n* (state) бағыну; (of plan) беру; (to committee) бағыну; көну.
- submissive** [səb'mɪsɪv] *adj* көнгіш.
- submit** [səb'mɪt] *v* (proposal, application) қарауға беру; ұсыну; to ~ to sth бірдеңеге бағыну.
- subnormal** [sʌb'nɔ:ml] *adj* (backward) (child) мешеу; артта қалған; ~ temperatures қалыпты температурадан төмен.
- subordinate** [sə'bɔ:dɪnət] *adj* бағынатын; (position, rank) to be ~ to sb біреуге бағыну; (LING) (clause) бағыныңқы; қол астындағы адам.
- subpoena** [səb'pɪ:nə] *n* (LAW) шақыру қағаз; ♦ *v* (LAW) (witness) сотқа шақыру.
- subscribe** [səb'skraɪb] *v* жазылу; to ~ to (opinion, fund) қолдау; қосылу; (magazine) жазылу; ~d capital жазылатын акционерлік капитал; ♦ *n* ~r [səb'skraɪbə] (to periodical) жазылушы; (to telephone) абонент.
- subscriber** ['sʌbskrɪpt] *n* (TYP) жолма-жол белгі; ~ion [səb'skrɪpʃən] (to magazine) жазылу; (membership dues) (жарналық) төлем; to take out a ~ion to жазылу.
- subsequent** ['sʌbsɪkwənt] *adj* кейінгі; ~ to артынша; ♦ *adv* ~ly ['sʌbsɪkwəntli] аяғында; сонан соң.
- subservient** [səb'sə:vɪənt] *adj* (person, behaviour) мәймөңке; жағымпаз; (less important) (policy) бағынышты; he is ~ to ол бағынышты.
- subside** [səb'saɪd] *v* (feeling, wind) басылу; (flood) саябырлау; ♦ *n* ~nce [səb'saɪdnz] (in road) төмендеу; түсу.
- subsidiary** [səb'sɪdɪəri] *adj* (question, details) қосымша; (BRIT) (SCOL) (subject) факультативті; ~ company еншілес компания; ♦ *n* ~(y)ity [səbsɪdɪ'ærtɪ] (POL) тәуелділік дәрежесі.
- subsidy** ['sʌbsɪdɪ] *n* жәрдем ақша; ♦ *v* ~(y)ize ['sʌbsɪdaɪz] (education, industry) қаржыландыру.
- subsist** [səb'sɪst] *v* күнелту; бір нәрсенің арқасында өмір сүру; ♦ *n* ~ence [səb'sɪstəns] (food) күнкөріс; ~ence allowance аванс (бірінші жалқы алдында берілетін); ~ence level күнкөріс деңгейі.
- substance** ['sʌbstəns] *n* (product, material) зат; нәрсе; (fig) (essence) мән; a man of ~ ауқатты ер адам; the essay lacks ~ шығарманың өзектілігі жоқ; ~ abuse токсикомания.
- substandard** [sʌb'stændəd] *adj* (goods) сапасы төмен; (housing) тұруға жарамсыз.
- substantial** [səb'stænʃl] *adj* (solid) берік; негізді; (fig) (meal) нәрлі; тойымды; (reward) бірталай; ♦ *adv* ~ly [səb'stænʃəli] (by a large amount) көп көлемде; (in essence) негізінде; ~ly bigger біршама көп.
- substantiate** [səb'stænʃeɪt] *v* (claim, story, statement) негіздеу.
- substitute** ['sʌbstɪtju:t] *n* (person) орынбасар; (football) қосымша (ойыншы); (thing) алмастырушы; ♦ *v* ауыстыру; ~ teacher (US) уақытша мұғалім; ♦ *n* ~(e)ion [sʌbstɪ'tju:ʃən] (act of substituting) ауыстыру.
- subterfuge** ['sʌbtəfju:dʒ] *n* бұлтарыс; қалтарыс.
- subterranean** [sʌbtə'reɪniən] *adj* (passage) жер асты.
- subtitle** ['sʌbtaɪtl] *n* (cinema) субтитр.
- subtle** ['sʌtl] *adj* (change) шебер; (person) озат; ♦ *n* ~ty ['sʌtlɪ] (small detail) нәзіктік; (of person) шеберлік; ♦ *adv* ~(e)y ['sʌtli] (change, vary) білінбейтін; (different) аздап; (criticize, persuade) шеберлікпен.
- subtotal** [sʌb'təʊtl] *n* жалпы сан.

- subtract** [səb'trækt] *v* (*MATH*) шегеру; кеміту; ♦ *n* ~ion [səb'trækʃən] алу; азайту.
- subtropical** [sʌb'trɒpɪkl] *adj* субтропикалық.
- suburb** ['sʌbə:b] *n* қаланың шеті; **the ~s** (*area*) шет аймақ; ♦ *adj* ~an [sə'bə:bən] қала маңындағы; ♦ *n* ~ia [sə'bə:biə] қала шеті.
- subvention** [səb venʃən] *n* (*subsidy*) дотация; субсидия.
- subversion** [səb və:ʃən] *n* зиянкестік әрекет.
- subversive** [səb və:sɪv] *adj* (*activities, literature*) бүлдіргіш.
- subway** ['sʌbweɪ] *n* (*US*) (*underground railway*) метро; (*BRIT*) (*underpass*) жер асты жолы.
- sub-zero** [sʌb zɪərəʊ] *adj* нөлден төмен; ~ **temperatures** нөлден төмен температура.
- succeed** [sək'sɪ:d] *v* (*plan*) жүзеге асу; сәтті болу; (*person*) (*in career*) жетістікке жету; ♦ *v* (*in job, order*) алмастыру; **he ~ed in finishing the article** ол мақаланы жазып бітіре алды; ♦ *adj* ~ing [sək'sɪ:dɪŋ] (*following*) келесі; ~ing **generations** өскелең ұрпақ.
- success** [sək ses] *n* (*achievement*) сәттілік; табыс; **the book was a ~** кітап үлкен табысқа жетті; **he was a ~** ол табысқа жетті; ♦ *adj* ~ful [sək'sesful] (*venture*) табысты; **he was ~ful in convincing her** ол оны көндіре алды; ♦ *adv* ~fully [sək'sesfəli] (*complete, do*) сәтті; ойдағыдай.
- succession** [sək seʃən] *n* (*series*) жүйелілік; бірізділік; (*to throne*) келу; **in ~** бойы; қатарынан; **3 years in ~** 3 жыл қатарынан.
- successive** [sək sesɪv] *adj* (*governments*) кезектегі; келесі; **3 ~ days** үш күн қатарынан.
- successor** [sək'sesə] *n* мирасқор; (*to throne*) мұрагер.
- succinct** [sək sɪŋkt] *adj* (*explanation*) қысқа.
- succulent** ['sʌkjələnt] *adj* (*fruit, meat*) шырынды; нәрлі.
- succumb** [sə'kʌm] *v* (*to temptation*) берілу; бойсұну; **he ~ed to illness** ауру оны біржола жеңді.
- such** [sʌtʃ] *adj* осындай; (*emphasizing similarity*) сол сияқты; ~ **a long trip** сондай ұзақ сапар; ~ **a book** сондай кітап; ~ **books** сондай кітаптар; ~ **a lot of** сондай көп; **making ~ a noise** сондай шу шығару; ~ **as** (*like*) сияқты; ~ **books as I have** менің кітаптарым сияқты; **I said no ~ thing** мен ондай ештеңе айтқан жоқпын; **as such** сияқты.
- such-and-such** ['sʌtʃənsʌtʃ] *adj* пәлен; пәленше.
- suchlike** ['sʌtʃlaɪk] *pron* (*inf*) тәрізді; **and ~** және сол сияқты.
- suck** [sʌk] *v* (*subj*) (*pump, machine*) сору; ♦ *n* ~er ['sʌkə] телінген төл; емшек баласы; (*BOT*) тамыр тармағы; (*inf*) нақұрыс.
- suckle** ['sʌkl] *v* емізу; омырау беру.
- sucrose** ['su:kreʊz] *n* сахароза.
- suction** ['sʌkʃən] *n* сору; ~ **pump** сорғыш.
- Sudan** [su'dɑ:n] *n* Судан; ♦ *adj* ~ese [su:də'ni:z] судандық.
- sudden** ['sʌdn] *adj* кенет; **all of a ~** (*unexpectedly*) кенеттен; тұтқиылдан; аңдаусызда; ~ **death** (*in competition*) қосымша ойын (*тең мүскенде*); ♦ *adv* ~ly ['sʌdnli] (*unexpectedly*) кенеттен.
- suds** [sʌdz] *n* (сабын) көпіршігі; көбігі.
- sue** [su:] *v* сотқа беру; іс қозғау; **to ~** (*for*) соттасу; **to ~ for divorce** айырылысу туралы сотта іс қозғау; **to**

- ~ **sb for damages** біреуді келтірген зиянын өтеу үшін сотқа беру.
- suede** [sweɪd] *n* күдері.
- suet** ['suɪt] *n* бүйрек майы.
- Suez** ['su:ɪz] *n* Суэц; **the ~ Canal** Суэц каналы.
- suffer** ['sʌfə] *v* (*hardship*) ауыстыру; (*pain, rudeness*) зардап шегу; ♦ *v* (*person, results*) зиянын көру; **to ~ from** (*illness*) қасірет шегу; **to ~ the effects of alcohol** алкоголь әсерінен азап шегу; ♦ *n* ~**er** ['sʌfərə] (*MED*) азап шегуші; науқас.
- sufferance** ['sʌfərn̩s] *n* енжарлық; салғырттық.
- suffice** [sə'faɪs] *v* (*be enough*) жеткілікті болу; **this ~s** осының өзі жеткілікті; ♦ *adj* ~(**e**)**ient** [sə'fɪʃənt] жеткілікті; ~(**e**)**ient money** жеткілікті ақша мөлшері; ♦ *adv* ~(**e**)**iently** [sə'fɪʃəntli] (*recover, provide*) жеткілікті; (*powerful, enthusiastic*) жеткілікті дәрежеде.
- suffix** ['sʌfɪks] *n* (*LING*) жұрнақ.
- suffocate** ['sʌfəkeɪt] *v* тұншығу; (*have difficulty breathing*) булығы; (*die*) тұншығып өлу; ♦ *n* ~(**e**)**ion** [sʌfə'keɪʃən] булығы; тұншығу; тынысы біту.
- suffrage** ['sʌfrɪdʒ] *n* (*right to vote*) сайлау құқығы.
- suffragette** [sʌfrə'dʒet] *n* суфражист.
- suffused** [sə'fju:zd] *adj* қаныққан; (*tears*) төгілген.
- sugar** ['ʃʊgə] *n* қант; ♦ *v* (*tea*) тәтті салу; ~ **beet** қант қызылшасы; ~ **bowl** қант салғыш; ~ **cane** қант қамысы; ~**coated** (*sweet*) қантталған; тәттілендірілген; ~ **lump** бір бөлік қант; ~ **refinery** шақпақ қант зауыты; ♦ *adj* ~**y** ['ʃʊgəri] тәтті; қанты көп; (*fig*) тым тәтті.
- suggest** [sə'dʒest] *v* (*propose*) ұсыну; (*indicate*) пайымдау; **what do you ~ l**
- do?** сіз маған не істеуді ұсынасыз?; ♦ *n* ~**ion** [sə'dʒestʃən] (*proposal*) ұсыныс; (*indication*) пайым; ♦ *adj* ~**ive** [sə'dʒestɪv] жетекші; ойлануға жетелейтін; (*remarks, looks*) жөнсіз.
- suicide** ['suɪsaɪd] *n* (*death*) өз-өзіне қол жұмсау; (*person*) өз-өзіне қол жұмсаған адам; ~ **attempt** өз-өзіне қол жұмсамақ болу әрекеті; ~ **bid** өз-өзіне қол жұмсамақ болу әрекеті; ♦ *adj* ~(**e**)**al** [suɪsaɪdl] (*person*) өз-өзіне қол жұмсауға жақын; (*act*) өз-өзіне қол жұмсайтын.
- suit** [su:t] *n* костюм; (*law*) дау; талап; айып; (*cards*) картаның түсі; ♦ *v* (*be convenient, appropriate*) сай келу; (*colour, clothes*) жарасу; (*adapt*) **to ~ sth to** бір нәрсені бейімдеу; **he was ~ed to lead the party** ол партия басшысы роліне жақсы келетін; **to bring a ~ against sb** біреуге айып тағу; **to follow ~** (*fig*) үлгіні басшылыққа алу; **they are well ~ed** (*couple*) олар бір-біріне сай; ♦ *adj* ~**able** ['su:təbl̩] қолайлы; **would tomorrow be ~able?** ертең сізге қалай?; **we found somebody ~able** біз керекті адамды таптық; ♦ *adv* ~**ably** ['su:təbli] тиісті жолмен.
- suitcase** ['su:tkeɪs] *n* шабадан.
- suite** [swɪ:t] *n* (*of rooms*) апартаменттер; (*MUS*) сюита; (*furniture*) **bedroom room ~** жатын бөлмесі жиһазы; **a three-piece ~** үш заттан тұратын жұмсақ жиһаз жиынтығы.
- suitor** ['su:tə] *n* бас июші; табынушы; **he is her ~** ол оған үйлену туралы ұсыныс жасаушы.
- sulk** [sʌlk] *v* салғырт көңіл күйде болу; ♦ *adj* ~**y** ['sʌlki] (*child, mood*) тұнжыраған.
- sullen** ['sʌlən] *adj* (*person, silence*) жабыраңқы.
- sulphate** ['sʌlfet] *n* сульфат.

- sulphur** ['sʌlfə] *n* күкірт; ~ **dioxide** күкірт қостотығы; күкіртті ангидрид; ♦ *adj* ~**ic** [sʌl'fjuəgik] күкіртті; ~**ic acid** күкірт қышқылы.
- sultan** ['sʌltən] *n* сұлтан.
- sultana** [sʌl'tɑ:nə] *n* (CULIN) мейіз.
- sultry** ['sʌltri] *adj* (weather) қапырық.
- sum** [sʌm] *n* (calculation) арифметикалық санау; (amount) сома; ♦ *v* есептеу; санау; ~ **up** (describe) сомасын шығару; (evaluate rapidly) (summarize) қорытындысын шығару.
- summary** ['sʌməri] *n* (of essay) қысқаша мазмұн; ♦ *adj* (justice) асығыс; **weather** ~ ауа райы мәліметтері; ♦ *v* ~**(y)ize** ['sʌməraɪz] қорытындылау.
- summer** ['sʌmə] *n* (season) жаз; ♦ *adj* (dress, school) жазғы; **in** ~ жазда; ~ **camp** (US) жазғы лагерь; ~ **holidays** жазғы демалыс; ~ **time** жаз кезі; ♦ *adj* ~**y** ['sʌməri] (day, dress) жазғы.
- summerhouse** ['sʌməhaʊs] *n* (in garden) бастырма.
- summertime** ['sʌmətaɪm] *n* (season) жаз; жаз уақыты.
- summing-up** [sʌmɪŋ'ʌp] *n* (LAW) істің қысқаша мазмұны.
- summit** ['sʌmɪt] *n* (of mountain) төбе; шың; ~ **conference** жоғары дәрежедегі конференция; саммит; ~ **meeting** жоғары дәрежедегі кездесу.
- summon** ['sʌmən] *v* шақыру; (help) шақыру; ~ **up** жинау; ♦ *n* ~**s** ['sʌmənz] (LAW) шақыру қағазы; (fig) бұйрық; **to serve a ~s on sb** біреуге шақыру қағазын жіберу.
- sumo** ['su:məʊ] *n* сумо (жапон күресі).
- sump** [sʌmp] *n* (BRIT) (AUT) май шайқайтын ыдыс.
- sumptuous** ['sʌmptjuəs] *adj* (meal, costume) мол; керемет.
- sun** [sʌn] *n* күн; **in the** ~ күн астында; **to catch the** ~ күнге аздап күйю; **everything under the** ~ әлемдегі барлық нәрсе; ~ **roof** (AUT) жылжымалы панель (автомобиль төбесіндегі); ♦ *adj* ~**ny** ['sʌni] (weather, day, place) ашық; (fig) жарық; **it is** ~ **ny** күн шығып тұр.
- sunbathe** ['sʌnbeɪð] *v* күнге күйю.
- sunbeam** ['sʌnbɪ:m] *n* күн сәулесі.
- sunbed** ['sʌnbed] *n* шезлонг; (with sun lamp) қолдан жасалған күнге күйген сияқты әсер алуға арналған кварцты шамы бар құрылғы.
- sunburn** ['sʌnbə:n] *n* (painful) күннің күйдіруі; ♦ *adj* ~**t** ['sʌnbə:nt] (tanned) күнге күйген; (painfully) күн өткен.
- sun-cream** ['sʌnkrɪ:m] *n* күнге күйюден қорғайтын май.
- sundae** ['sʌndeɪ] *n* жеміс қосылған балмұздақ.
- Sunday** ['sʌndɪ] *n* жексенбі; ~ **paper** жексенбілік газет; ~ **school** жексенбі күндері ғана оқитын мектеп.
- sundial** ['sʌndaɪəl] *n* күн сағат.
- sundown** ['sʌndaʊn] *n* күннің батуы.
- sundry** ['sʌndri] *adj* (various) әртекті; **all and** ~ жаппай бәрі.
- sunflower** ['sʌnflaʊə] *n* (BOT) күнбағыс; ~ **oil** (CULIN) күнбағыс майы.
- sunglasses** ['sʌŋglɑ:sɪz] *n* күнге қарсы киетін көзілдірік.
- sunken** ['sʌŋkn] *adj* (rock, ship) батып кеткен; (cheeks) ішіне кіріп кеткен; (eyes) шүңірек.
- sunlamp** ['sʌnlæmp] *n* ультракүлгін/кварцті шам.
- sunlight** ['sʌnlaɪt] *n* күннің жарығы.
- sunlit** ['sʌnlɪt] *adj* күннің сәулесінен жарықтанған.
- sunrise** ['sʌnraɪz] *n* күннің шығуы; таңның атуы.
- sunscreen** ['sʌnskri:n] *n* күннің өтуінен қорғайтын май.
- sunset** ['sʌnsɛt] *n* күннің ұясына кіруі; кеш бату.
- sunshade** ['sʌnʃeɪd] *n* шатыр.

- sunshine** ['sʌnʃaɪn] *n* күннің жарығы; **we sat in the ~** біз күн астында отырдық.
- sunspot** ['sʌnspɒt] *n* (*astronomy*) күнді орын.
- sunstroke** ['sʌnstrəʊk] *n* күннің өтіп кетуі.
- suntan** ['sʌntæn] *n* күнге күй; ~ **lotion** күнге күйге арналған лосьон; ~ **oil** күнге күйге арналған май; ♦ *adj* ~**ned** ['sʌntænd] (*body, person*) күнге күйген.
- suntrap** ['sʌntræp] *n* күн аралы.
- super** ['su:pə] *adj* (*inf*) ерекше әсерлендіретін; супер.
- superannuation** [su:pəʔænju eɪʃən] *n* жылдық зейнетақы үлесі.
- superb** [su: 'pə:b] *adj* керемет; тамаша.
- supercilious** [su:pə 'sɪliəs] *adj* (*disdainful, haughty*) менмен.
- superconductor** [su:pəkən 'dʌktə] *n* аса өткізгіш.
- superficial** [su:pə 'fiʃəl] *adj* жалаң үстірт; (*wound*) жеңіл; ♦ *adv* ~**ly** [su:pə 'fiʃəli] үстірт.
- superfluous** [su 'pə:fluəs] *adj* артық; қажет емес.
- superglue** ['su:pəglu:] *n* супержелім.
- superhuman** [su:pə'hju:mən] *adj* (*effort, strength*) адамға тән емес.
- superimpose** ['su:pəɪm pəʊz] *v* салу.
- superintend** [su:pəɪn'tend] *v* бақылау; **to be ~ed by** бақылауында болу; ♦ *n* ~**ent** [su:pəɪn'tendənt] (*of place*) меңгеруші; (*of activity*) басқарушы; (*police*) бастық бақылаушы.
- superior** [su 'piəriə] *adj* (*better*) асып түсетін; (*more senior*) үлкен; (*smug*) тәкаппар; ♦ *n* бастық; **Mother ~** (*REL*) әйелдер монастырінің бастығы; ~**ity** [su'piəri'əɪti] артықшылық.
- superlative** [su 'pə:lətɪv] *n* күшейтпелі шырайдағы сын есім немесе үстеу.
- superman** ['su:pəmæn] *n* супермен; ерекше қабілетті адам.
- supermarket** ['su:pəma:kɪt] *n* әмбебап дүкен; (*Europe, US*) супермаркет.
- supernatural** [su:pə nætʃərəl] *adj* (*creature, force*) ғажайып; тылсым; **the ~** тылсым күштер.
- superpower** ['su:pəpaʊə] *n* (*POL*) ұлы держава.
- superscript** ['su:pəskɪpt] *n* (*TYP*) жолүсті белгілері.
- supersede** [su:pə'si:d] *v* ауыстыру.
- supersonic** ['su:pə sənɪk] *adj* (*flight, aircraft*) дыбыстан жылдам.
- superstar** ['su:pəstɑ:] *n* (*cinema, sport*) супержұлдыз.
- superstition** [su:pə'stɪʃən] *n* ырым; ырымшылдық.
- superstitious** [su:pə'stɪʃəs] *adj* ырымшыл.
- superstore** ['su:pəstɔ:] *n* (*BRIT*) (*COMM*) әмбебап дүкен; супермаркет.
- supertax** ['su:pətæks] *n* қосымша кіріс салығы.
- supervise** ['su:pəvaɪz] *v* (*person, activity*) аңду; бақылау; ♦ *n* ~(**e**)**ion** [su:pə 'vɪzən] басшылық; бақылау; **under medical ~(**e**)ion** дәрігердің қарауында; ~(**e**)**or** ['su:pəvaɪzə] (*of workers*) басшы; (*of students*) ғылыми жетекші; ♦ *adj* ~(**e**)**ory** ['su:pəvaɪzəri] (*role*) басшылық етуші; (*staff*) бақылаушы; қадағалаушы.
- supine** ['su:pain] *adj* шалқасынан жататын; ♦ *adv* шалқасынан жатып.
- supper** ['sʌpə] *n* кешкі ас; **to have ~** кешкі асты ішу.
- supplant** [sə plɑ:nt] *v* (*person, thing*) ауысымға келу.
- supple** ['sʌpl] *adj* (*person, body*) икемді; (*leather*) жұмсақ.
- supplement** ['sʌplɪmənt] *n* (*vitamins*) қосымша; (*of book, newspaper*) қосымша; ♦ *v* [sʌplɪ'ment] қосу; (*in-*

- come*) қосымша ақша табу; ♦ *adj* ~*ary* [sɒplɪ məntəri] (*question*) қосымша; ~*ary benefit* (BRIT) (*formerly*) Ұлы-британиядағы кедей адамдарға арналған жәрдемақы.
- supply** [sə plai] *n* (*stock*) қор; қорлар; (*supplying*) жеткізу; (*TECH*) қамтамасыз ету; ♦ *v* (*need*) қанағаттандыру; (*provide*) **to ~ sth (to sb)** біреуге бір нәрсені жеткізу; **water is in short** ~ бұл ауданда су тапшы; **the electricity** ~ электр қуатымен қамтамасыз ету; **the water** ~ сумен жабдықтау; **the gas** ~ газбен қамтамасыз ету; ~ **and demand** сұраныс пен ұсыныс; **to ~ sb with sth** біреуді бір нәрсемен қамтамасыз ету; (*system, machine*) біреуді жарақтандыру; ~ **teacher** (BRIT) басқа мұғалімді ауыстыруға келетін мұғалім; ~(*y*)**ies** (MIL) оқ-дәрі және азық-түліктер; **office ~(кеңсе жабдықтары; ♦ *n* ~(*y*)**ier** [sə plaiə] (COMM) (*person, firm*) жабдықтаушы.**
- support** [sə'pɔ:t] *n* (*moral, financial*) қолдау; (*TECH*) сүйеу; тіреу; ♦ *v* (*football team*) жанкүйер болу; (*financially*) (*family*) асырау; (*TECH*) (*hold up*) көтеріп тұру; (*sustain*) (*theory*) қолдау; **to ~ oneself** (*financially*) өзін асырау үшін ақша табу; ~ **buying** (COMM) бағаны төмендету мақсатында сатып алу; ♦ *n* ~*er* [sə'pɔ:tə] (POL) жақтаушы; (*sport*) жанкүйер; ♦ *adj* ~*ing* [sə'pɔ:tɪŋ] екінші дәрежелі; ~ **ing actor** қосымша әртіс; ~**ive** [sə'pɔ:tɪv] қолдайтын; **to be ~ive of sb** біреуді қолдау.
- suppose** [sə'pəʊz] *v* болжау; пайымдау; **he was ~d to do it** (*duty*) ол мұны істеуі керек болатын; **it was worse than she'd ~d** бұл ол ойлағанынан да жаман болып шықты; **I don't ~ she'll come** менің ойымша, ол келмейді;
- he's about sixty**, I ~ менің пайымдауымша, ол алпыстар шамасында; **he's ~ed to be an expert** ол бұл істің мән-жайын білуі керек; ♦ *adv* ~*dly* [sə'pəʊzɪdli] негізінде; ♦ *n* ~(*e*)**ition** [sə'pəʊzɪʃən] жорамал; тұспал; *conj* ~(*e*)**ing** [sə'pəʊzɪŋ] делік; мысалға.
- suppository** [sə'pɔzɪtɪ] *n* (MED) шырақ.
- suppress** [sə'pres] *v* жаншу; басып тастау; (*scandal*) басы; (*publication*) тыйым салу; ♦ *n* ~*ion* [sə'presən] басып тастау әрекеті; ~**or** [sə'presə] (ELEC) дыбыс шығартпайтын құрал.
- supreme** [su'pri:m] *adj* (*in titles*) (*court*) жоғарғы; (*effort, achievement*) ұлы; ~ **Court** (US) Жоғарғы Сот; ♦ *n* ~(*e*)**acy** [su'preməsi] (MIL, POL) үстемдік.
- supremo** [su'pri:məʊ] *n* (BRIT) (*inf*) жоғарғы басшы; бас басшы.
- surcharge** ['sə:tʃɑ:dʒ] *n* (*extra cost*) қосымша жинақ; қосымша төлем.
- sure** [ʃuə] *adj* (*definite, convinced*) табанды; (*aim, friend, remedy*) сенімді; (US) **that ~ is pretty, that's ~pretty** шындығында да жақсы; **to make ~ of sth/that** бір нәрсеге көз жеткізу; ~! (*of course*) әрине!; ~ **enough** шындығында; **I'm not ~ when** мен қашан екеніне сенімді емеспін; **to be ~ of oneself** өз-өзіне сенімді болу; ♦ *adv* ~*ly* ['ʃuəli] (*certainly*) сөзсіз; ~**ly you don't mean that!** әрине сіз мұны шындығымен айтып тұрған жоқ шығарсыз!.
- sure-fire** ['ʃuəfaɪə] *adj* (*inf*) сенімді.
- sure-footed** [ʃuə'fʊtɪd] *adj* (*animal, person*) аяғында нық тұратын.
- surety** ['ʃuərəti] *n* (*money*) кепіл; **to stand ~ for sb** біреуді кепілдікке алу.
- surf** [sə:f] *n* (*waves*) соқпа толқын; (*foam*) толқын; ~**er** ['sə:fə] серфинг-

- пен айналысатын адам; серфер; ~ing ['sə:fiŋ] сёрфинг.
- surface** ['sə:fis] *n* үсті; беті; үстіңгі қабат; (*road*) төсеу; ♦ *v* (*fish, person in water*) бетінде көріну; (*fig*) (*news, feeling*) бетіне шығу; (*person in bed*) пайда болу **on the ~** (*fig*) көзге көріну; ~ **area** үстіңгі бетінің ауданы; ~ **mail** қалыпты пошта.
- surfboard** ['sə:fbɔ:d] *n* серфинг тақтайы.
- surfeit** ['sə:fit] *n* тым артық болу.
- surge** [sə:dʒ] *v* (*increase*) көтерілу; (*fig*) (*of emotion*) арту; (*ELEC*) импульс; (*water*) көтерілу; лап беру; (*people, vehicles*) бас салу; (*ELEC*) (*power*) бірден көбею; **to ~ forward** алға қарай ұмтылу/лап беру; **relief ~d through her** ол бір жеңілдеп қалғанын сезінді.
- surgeon** ['sə:dʒən] *n* (*MED*) хирург; ~ **General (US)** (*MED, MIL*) медициналық басқарманың басшысы.
- surgery** ['sə:dʒəri] *n* (*treatment*) хирургиялық көмек; (*BRIT*) (*room*) дәрігер бөлмесі; (*MP, doctor*) қабылдау бөлмесі; **to undergo ~** операция; ота жасату.
- surgical** ['sə:dʒɪkl] *adj* хирургиялық; ~ **spirit** (*BRIT*) медициналық спирт.
- surly** ['sə:li] *adj* (*person, behaviour*) қонақжай емес.
- surmise** [sə: maɪz] *n* пайым; болжам; ♦ *v* пайымдау.
- surmount** [sə: 'maʊnt] *v* (*fig*) (*problem, difficulty*) жеңу.
- surname** ['sə:neɪm] *n* тегі.
- surpass** [sə: pɑ:s] *v* (*person, thing*) асып түсу.
- surplus** ['sə:pləs] *n* артық; артылған зат; қалдық; (*of trade, payments*) белсенді сальдо; ♦ *adj* (*stock, grain*) артық; артылған.
- surprise** [sə 'praɪz] *n* таңданыс; ♦ *v* (*astonish*) таңғалдыру; (*catch unawares*) күтпеген жерден әрекет жасау; **to take by ~** ойламаған жерден келу; ♦ *adj* ~(**e**)ing [sə 'praɪzɪŋ] (*situation, announcement*) таңғалдырарлық; **it is ~(**e**)ing how** қалай болғаны таңғалдырады; ♦ *adv* ~(**e**)ingly [sə 'praɪzɪŋli] күтпеген жерден; (**somewhat**) ~(**e**)ingly, **he agreed** ең таңғаларлығы, ол келісті.
- surrealism** [sə 'rɛlɪzəm] *n* сюрреализм.
- surrealist** [sə 'rɛlɪst] *adj* сюрреалистік.
- surrender** [sə'rendə] *n* капитуляция; ♦ *v* (*army, hijackers*) берілу; (*claim, right*) бас тарту; ~ **value** (*insurance*) сақтандыру қозғамына қайтару барысындағы сақтандыру полисінің бағасы.
- surreptitious** [sʌrəp'tɪʃəs] *adj* жасырын.
- surrogate** ['sʌrəɡɪt] *n* (*substitute*) ауыстырушы; ♦ *adj* орнын басатын; ~ **mother** суррогат ана.
- surround** [sə'reaʊnd] *v* (*subj*) (*walls, hedge*) қоршау; (*MIL, police*) қоршап алу; ♦ *adj* ~ing [sə'reaʊndɪŋ] (*countryside*) жақын аралықтағы; ♦ *n* ~ings [sə'reaʊndɪŋz] төңірек.
- surtax** ['sə:tæks] *n* қосымша кіріс салығы.
- surveillance** [sə: veɪləns] *n* бақылау; қарауылдау.
- survey** [sə: veɪ] *v* (*land*) топографиялық суреттерін жасау; (*house*) қарап шығу; ♦ *n* ['sə:veɪ] (*of land*) топографиялық сурет; (*of house*) тексеріс; (*of habits*) зерттеу; (*of situation*) бағалау; ♦ *n* ~ing [sə'veɪɪŋ] (*of land*) геодезия; топографиялық суреттер; ~or [sə'veɪə] (*of land*) топограф; (*of house*) инспектор.
- survive** [sə'veaɪv] *v* (*person, thing*) жазылу; тірі қалу; (*custom*) аман қалу;

- ◆ *n* **~(e)or** [sə'vaivə] (*of illness, accident*) аман қалған адам; **~(e)ors of an accident** апаттан аман қалғандар; **~(e)al** [sə vaivl] (*continuation of life*) аман қалушылық; тірі қалу; (*relic*) өткеннің қалдығы; **~(e)al kit** ұсталмайтын қор; **~(e)al course** төтенше жағдайлардан құтылып шығуды үйрету курстары.
- suspect** [səs pekt] *v* (*person*) күдіктену сезіктену; (*think*) күдіктену; (*doubt*) сенбеу; ◆ *n* ['slspekt] күдікті адам; ◆ *adj* **~ed** [səs pektɪd] күдікті; **~ible** [sə'septəbl] сезімтал; (*injury*) шалдыққыш; (*flattery, pressure*) икемді.
- suspend** [səs pend] *v* (*hang*) ілу; (*delay, stop*) кідірту; (*from employment*) жұмысынан шеттету; **~ed animation** (*mipi aғзаны*) уақытша тоқтатылған өмір сүру функциясы; **~ed sentence** шартты үкім; **~er belt** әйелдердің байланатын белбеуі; ◆ *n* **~s** [səs pendəz] (*BRIT*) резеңкелер; (*US*) тартпа.
- suspense** [səs pens] *n* (*uncertainty*) белгісіздік; (*in film*) шарықтау; саспенс; **to keep sb in ~** біреуді белгісіз жағдайда ұстау; ◆ *n* **~(e)ion** [səs penʃən] (*from job, team*) лауазымынан шеттету; (*AUT*) амортизатор; (*of driving licence*) айыру; (*of payment*) тоқтату; **~(e)ion bridge** аспалы көпір.
- suspicion** [səs pɪʃən] *n* (*distrust*) күмән; (*bad feeling*) сезік; (*trace*) ишара із; **to be under ~** күмәнді болу; **arrested on ~ of murder** адам өлтірді деген күдікпен айыпталды.
- suspicious** [səs pɪʃəs] *adj* күмәнді; **to be ~ of/about sb** біреуге күмәндана/күдіктеніп қарау.
- suss** [səs] (*BRIT*) (*inf*) *v* (*discover*) анық-қанығына жету; (*understand*) түсініп қою; **I've ~ed him out** мен оның ойын түсініп қойдым.
- sustain** [səs'teɪn] *v* қолдау; (*injury*) төтеп беру; ◆ *adj* **~ed** [səs'teɪnd] (*effort, attack*) тұрақты; төзімді; **~able** [səs'teɪnəbl] (*economy, development*) өміршең.
- sustenance** ['sʌstɪnəns] *n* күнкөріс; азық-түлік.
- suture** ['su:tʃə] *n* (*MED*) тігіс.
- swab** [swɒb] *n* (*MED*) тампон; ◆ *v* **~ down** швабрамен жуу.
- swagger** ['swægə] *v* маңғазданып жүру.
- swallow** ['swɒləʊ] *n* (*ZOOL*) қарлығаш; (*of food*) бөлік (*of drink*) жұттым; ◆ *v* (*food, pills, insult*) жұту; қылғыту; шыдау; (*one's pride, one's words*) басып тастау; **~ up** (*savings*) жеп қою; жұтып қою.
- swamp** [swɒmp] *n* батпақ; ◆ *v* (*with water*) құю; (*fig*) (*person*) малындыру; ◆ *adj* **~y** ['swɒmpɪ] (*ground*) батпақты.
- swan** [swɒn] *n* аққу; **~ song** (*fig*) аққу әні.
- swank** [swæŋk] *v* (*inf*) (*talk boastfully*) мақтау; (*show off*) көріну.
- swap** [swɒp] *n* айырбас; ◆ *v* (*exchange*) ауыстыру; (*replace with*) алмастыру.
- swarm** [swɔ:m] *n* (*of bees*) ара үйірі; (*of people*) қараңғылық; ◆ *v* (*bees*) құжынау; (*people*) топырлау; (*place*): **to be ~ing with** құжынап жату.
- swarthy** ['swɔ:ðɪ] *adj* (*person, complexion, face*) қара торы; қаралау.
- swashbuckling** ['swɒʃbʌklɪŋ] *adj* (*film*) асқақтаған; (*role, hero*) ер жүрек.
- swastika** ['swɒstɪkə] *n* свастика.
- swat** [swɒt] *v* (*insect*) тарс еткізу; (*BRIT*) **fly ~** шыбын ұрғыш.
- swathe** [sweɪð] *v* (*blankets*) бүркеу; (*bandages*) орау.
- swatter** ['swɒtə] *n* (*fly*) шыбын ұрғыш.

sway [swei] *v* (*person, tree*) тербелу; (*influence*) әсер ету; **to hold ~ (over sb)** біреудің алдында шексіз беделді болу.

swear [sweə] (*pt swore*) (*pp sworn*) *v* (*curse*) ұрысу; (*promise*) серт беру; **to ~ an oath** ант беру; **~ in (person)** антқа шақыру.

swearword ['sweəwə:d] *n* балағат сөз.

sweat [swet] *n* тер; ♦ *v* терлеу; тершіп кету; **in a ~ су** тер болу; ♦ *adj* **~y** ['swetɪ] (*clothes*) терлеп кеткен; (*hands*) тершең.

sweatband ['swetbænd] *n* таңғыш.

sweater ['swetə] *n* свитер.

sweatshirt ['swetʃə:t] *n* мақтадан жасалған спорттық свитер.

sweatshop ['swetʃɒp] *n* адамдар төмен жалақыға ауыр жағдайда еңбек етін, тер төгетін өнеркәсіп орны.

Swede [swi:d] *n* швед; **~n** ['swi:dn] Швеция; ♦ *adj* **~(e)ish** ['swi:diʃ] шведтік.

sweep [swi:p] (*pt, pp swept*) *n* (*act of sweeping*) сыпыру; (*curve*) иілу; (*range*) құлаш; **chimney** ~ құбыр тазалағыш; ♦ *v* (*brush*) сыпыру; тазалау; (*with arm*) сілтеу; (*subj*) (*current*) жуу; (*hand, arm*) қимылдау; (*wind*) өршелену; **~ away** сыпырып тастау; алып кету; **~ past** зырлап өте шығу; **~ up** сыпыру; ♦ *n* **~er** ['swi:pə] сыпырғыш; **carpet ~er** кілемге арналған щетка; (*football*) бос қорғаушы; ♦ *adj* **~ing** ['swi:pɪŋ] (*gesture*) кең; (*changes, reforms*) барлығын тегіс қамтитын.

sweepstake ['swi:psteɪk] *n* бәйгедегі бәс.

sweet [swi:t] *n* (*candy*) кәмпит; (*BRIT*) (*CULIN*) тәтті; сүйкімді; **to smell ~** иісі тәтті болу; **to taste ~** дәмі тәтті болу; **~ and sour** қышқылтым тәт-

ті; **~ corn** жүгері; **~ pea** хош иісті бұршақ; **~ shop** (*BRIT*) кондитерлік өнімдер дүкені; **~ tooth** тәттіқұмар; ♦ *v* **~en** ['swi:tn] тәттілеу; қант салу; (*temper*) ашуын басы; ♦ *n* **~ener** ['swi:tnə] қанттың орнына қолданылатын тәтті.

sweetbread ['swi:tbred] *n* (*CULIN*) ұйқы безі.

sweetheart ['swi:tha:t] *n* сүйікті; (*term of affection*) қымбатты.

sweetness ['swi:tnis] *n* (*amount of sugar*) тәттілік; (*kindness*) жағымдылық.

swell [swel] (*pt swelled*) (*pp swollen / swelled*) *n* (*of sea*) толқын; ♦ *adj* (*US*) (*inf*) (*excellent*) керемет; ♦ *v* (*numbers*) өсу; (*sound, feeling*) күшею; **~ up** (*face, ankle*) ісу; ♦ *n* **~ing** ['sweliŋ] (*MED*) ісік.

sweltering ['sweltəriŋ] *adj* қапырық.

swerve [swə:v] *v* бірден жалт беру.

swift [swift] *n* (*bird*) сұр қарлығаш; ♦ *adj* қарқынды; ♦ *adv* **~ly** ['swiftli] қарқынмен; ♦ *n* **~ness** ['swiftnis] шапшаңдылық; қарқындылық.

swig [swɪg] *n* (*inf*) (*drink*) жұтым.

swill [swɪl] *v* шаю; ♦ *n* (*for pigs*) наяа.

swim [swɪm] (*pt swam*) (*pp swum*) *v* жүзу; (*head*) айналу; (*room*) қалқу; (*the Channel*) жүзіп өту; **to go ~ing/ go for a ~** жүзумен айналысу; ♦ *n* **~mer** ['swimə] жүзуші; **~ming** ['swɪmɪŋ] жүзу; **~ming baths** (*BRIT*) жүзу бассейні; **~ming cap** резеңке бас киім (*жүзуге арналған*); **~ming costume** (*BRIT*) жүзуге арналған киім; **~ming pool** жүзу бассейні; **~ming trunks** плавки; суға түскенде киетін ерлер іш киімі; ♦ *adv* **~mingly** ['swɪmɪŋli] еш кедергісіз; **everything's going ~mingly** бәрі де ойдағыдай.

swimsuit ['swɪmsu:t] *n* суға түскенде киетін киім.

- swindle** ['swɪndl] *n* алаяқтық; ♦ *v* алдау; ♦ *n* ~*r* ['swɪndlə] алаяқ.
- swine** [swaɪn] *n* (*inf!*) шошқа.
- swing** [swɪŋ] (*pt, pp swung*) *n* (*in playground*) әткеншек; (*movement*) тербеліс; (*change*) (*in opinions*) қобалжу; (*MUS, rhythm*) свинг; ♦ *v* (*arms*) қайта-қайта қол бұлғау; (*legs*) тербеу; ~ **round** (*vehicle*) бұру; теңселу; (*vehicle*) жылжыту; **a ~ to the left** (*POL*) солға қарай иілу; **to get into the ~ of things** іске шынайы кірісу; **to be in full ~** (*party*) ең қызған кезінде болу; **the road ~s south** жол оңтүстікке қарай бұрылып кетеді; ~ **bridge** ажыратқыш көпір; ~ **door** екі жаққа да ашылатын есік; ♦ *adj* ~**ing** ['swɪŋɪŋ] тербелмелі; (*fig*) қуанышты.
- swingeing** ['swɪndzɪŋ] *adj* (*BRIT*) (*blow, attack*) ойсырататын; (*cuts*) аяусыз.
- swipe** [swaɪp] *v* (*hit*) екпінмен ұру; (*inf*) (*steal*) сүйрету.
- swirl** [swɜːl] *v* (*water, smoke, leaves*) үйірілу; (*of water*) айналу; (*of leaves*) ұшып жүру.
- swish** [swɪʃ] *v* (*tail*) бұлғандату; (*clothes*) сусылдау; сыбдырлау; ♦ *n* ысқырық; ♦ *adj* (*inf*) сәулетті.
- Swiss** [swɪs] *adj* швейцариялық.
- switch** [swɪtʃ] *n* (*for light, radio*) ажыратқыш; (*change*) ауыстырып-қосқыш; ♦ *v* (*change*) ауыстыру; (*exchange*) алмастыру; **to ~** (**round/over**) орын ауыстыру; ~ **off** өшіру; ~ **on** қосу.
- switchback** ['swɪtʃbæk] *n* (*BRIT*) *жозгары-төмен созылған жол.*
- switchblade** ['swɪtʃbleɪd] *n* серіппелі пышақ; ~ **knife** ауыстырмалы ұстарасы бар пышақ.
- switchboard** ['swɪtʃbɔːd] *n* (*TEL*) коммутатор; ~ **operator** (*TEL*) телефонист.
- Switzerland** ['swɪtsələnd] *n* Швейцария.
- swivel** ['swɪvl] *v* айналу.
- swollen** ['swɒlənd] (*pp of swell*) *adj* (*ankle*) ісіп кеткен; (*lake*) аса толған.
- swoon** [swuːn] *v* тыну.
- swoop** [swuːp] *n* (*by police*) шабуыл; ♦ *v* (*of bird*) жаппай лап беру; (*bird, plane*) қарқынмен құлау.
- sword** [sɔːd] *n* семсер.
- swordfish** ['sɔːdfɪʃ] *n* семсер-балық.
- sworn** [swɔːn] (*pp of swear*) *adj* (*statement, evidence*) ант беру алдында; (*enemy*) қас.
- swot** [swɒt] *v* жаттау; ♦ *n* (*of person*) жаттампаз; ~ **up** жаттап алу.
- sycamore** ['sɪkəməː] *n* ақүйеңкі ағашы.
- sycophant** ['sɪkəfənt] *n* жағымпаз адам; ♦ *adj* ~**ic** [sɪkə'fæntɪk] жағымпаздық.
- Sydney** ['sɪdni] *n* Сидней.
- syllable** ['sɪləbl] *n* буын.
- syllabus** ['sɪləbəs] *n* оқу бағдарламасы; силлабус; **on the ~** бағдарламаға кіретін.
- symbol** ['sɪmbl] *n* (*sign, also MATH*) белгі; (*representation*) символ; ♦ *adj* ~**ic** [sɪm'bɒlɪk] символикалық; **to be ~ic of sth** бір нәрсені символмен көрсету; ♦ *n* ~**ism** ['sɪmbəlaɪzəm] символизм; ♦ *v* ~**ize** ['sɪmbəlaɪz] символ етіп көрсету.
- symmetry** ['sɪmɪtri] *n* симметрия; ♦ *adj* ~(**y**)**ical** [sɪ'metrɪkəl] симметриялық.
- sympathy** ['sɪmpəθɪ] *n* (*pity*) жаны ашу; **with our deepest ~** қайғыра отырып көңіл айтамыз; **to come out in ~** (*workers*) қолдау көрсету мақсатында жұмыстарын тастау; ♦ *v* ~(**y**)**ize** ['sɪmpəθaɪz] (*person*) жаны ашу; жанашырлық білдіру; (*feelings, cause*) жаны аши қарау; ♦ *n* ~(**y**)**izer** ['sɪmpəθaɪzə] (*POL*) жақтаушы; ♦ *adj* ~(**y**)**etic** [sɪmpə'θetɪk] (*person*)

- жаны ашитын; (*remark*) есіркеген; (*likeable*) (*character*) көңіл сүйсіндіретін; (*showing support*) **~(y)etic to (wards)** игі ниетте болу; **to be ~(y)etic to sth** (*well-disposed*) жаны аши қарау; ♦ *adv* **~(y)etically** [sɪmpɹə'θetɪklɪ] жаны аши; есіркей.
- symphony** ['sɪmfəni] *n* симфония; ~ *orchestra* симфониялық оркестр; ♦ *adj* **~(y)ic** [sɪm'fɒnɪk] симфониялық.
- symposium** [sɪm'pəʊziəm] (*pl* **symposia**) *n* симпозиум.
- symptom** ['sɪmptəm] *n* (*MED*) симптом; (*indicator*) белгі; ♦ *adj* **~atic** [sɪmptə'mætɪk] симптомдық; **~atic of** симптомдық белгі.
- sync** [sɪŋk] *v* синхрондау; үйлестіру.
- synagogue** ['sɪnəgɒg] *n* синагога.
- synchromesh** [sɪŋkrəʊ'meʃ] *n* синхронизатор; үйлестіргіш.
- synchronize** ['sɪŋkrənaɪz] *v* (*watches*) түзеу; (*sound, movements*) үйлестіру; **to ~ with** (уақыт бойынша) дәл келу; ♦ *adj* **~d** ['sɪŋkrənaɪzd-] синхронды; **~d swimming** синхронды жүзу.
- syncopated** ['sɪŋkəpeɪtɪd] *adj* (*rhythm, beat*) синкоптық.
- syndicate** ['sɪndɪkət] *n* (*of people, businesses*) синдикат; (*of newspapers*) басылым агенттігі.
- syndrome** ['sɪndrəʊm] *n* (*MED*) синдром.
- synonym** ['sɪnənɪm] *n* синоним; ♦ *adj* **~ous** [sɪ'nɒnɪməs] мағыналас.
- synopsis** [sɪ'nɒpsɪs] (*pl* **synopses**) *n* қысқаша мазмұны.
- syntactic** [sɪn'tæktɪk] *adj* синтаксистік.
- syntax** ['sɪntæks] *n* синтаксис.
- synthesis** ['sɪnθəsɪs] (*pl* **syntheses**) *n* (*of ideas, styles*) жинақтау; синтез.
- synthesizer** ['sɪnθəsaɪzə] *n* синтезатор.
- synthetic** [sɪn'θetɪk] *adj* (*materials*) синтетикалық; жасанды; жасанды материал; (*textiles*) синтетика; **~s** (*man-made fabrics*) синтетикасы.
- Syria** ['sɪrɪə] *n* Сирия; ♦ *adj* **~n** ['sɪrɪən] сириялық.
- syringe** [sɪ'rɪndʒ] *n* піскек; шприц.
- syrup** ['sɪrəp] *n* (*juice*) шәрбат; сірне; ♦ *adj* **~y** ['sɪrəpɪ] (*liquid*) қою; (*pej*) (*quality*) тәтті.
- system** ['sɪstəm] *n* жүйе; **it was a shock to his ~** бұл ол үшін ойламаған құбылыс болды; **~s analyst** (*COMPUT*) жүйелік сарапшы; жүйелік техник; **~s disk** (*COMPUT*) жүйелік диск; ♦ *adj* **~atic** [sɪstə'mætɪk] (*methodical*) жүйелі.

T, t

- T, t** [ti:] *n* (*letter*) ағылшын әліпбиінің 20-ші әрпі.
- ta** [ta:] *excl* (*BRIT*) (*inf*) рахмет.
- tabby** ['tæbɪ] *n* тарғыл; ~ *cat* тарғыл мысық.
- tabernacle** ['tæbənækl] *n* ғибадатхана; шатыр; (*REL*) скиния.
- table** ['teɪbl] *n* (*piece of furniture*) үстел; (*MATH, CHEM*) кесте; ♦ *v* (*BRIT*) (*motion*) талқыға салу; **to lay/set the ~** үстел жасау; дастархан жаю; **to clear the ~** үстел жинау; **league ~** (*BRIT*) (*football, rugby*) лига кестесі; **~ of contents** мазмұны; ~ *lamp* үстел шамы; ~ *salt* ас тұзы; ~ *tennis* үстел теннисі; ~ *wine* асхана шарабы.
- tablecloth** ['teɪblkloth] *n* дастарқан.
- tablemat** ['teɪblmæt] *n* төсеніш.

- tablespoon** ['teɪblspu:n] *n* ас қасығы.
- tablet** ['tæblɪt] *n* (*MED*) таблетка; (*for writing*) блокнот; (*of stone*) тақта; ~ **of soap** (*BRIT*) кесек сабын.
- tabloid** ['tæblɔɪd] *n* (*newspaper*) кіші форматты газет; таблоид; **the ~s** сары баспасөз (*сенсациялық, көбіне тексерілмеген фактілерге құмар антипатриоттық, суайт баспасөз*).
- taboo** [tə'bu:] *n* табу; ♦ *adj* тыйым салынған.
- tabulate** ['tæbjuleɪt] *v* (*data, figures*) кестеге салу; ♦ *n* ~(**e**)**or** ['tæbjuleɪtə] табулятор (*есептегіш машинаның бір түрі*).
- tachograph** ['tækəgrɑ:f] *n* (*AUT*) тахограф (*автокөлік жүру режимін тіркеу үшін*).
- tachometer** [tæ'tʃmɪtə] *n* (*AUT*) тахометр айналым санының есептеуіші.
- tacit** ['tæsɪt] *adj* (*agreement, approval*) ойдағы.
- taciturn** ['tæsɪtə:n] *adj* (*person*) сөзге саран; тұйық.
- tack** [tæk] *n* (*nail*) бүркеншікті шеге; жапсырма шеге; (*fig*) бағыт; беталыс; ♦ *v* (*nail*) қағу; шегелеу; (*stitch*) көктеу; (*NAUT*) кемеңі желге қарсы бағыттау; **on the wrong ~** (*fig*) теріс жолда; **to ~ sth on to (the end of) sth** шегелеу; жапсыру; ♦ *adj* ~**y** ['tæki] (*sticky*) жабысқақ; (*pej*) (*of poor quality*) арзан.
- tackle** ['tækl] *n* (*for fishing*) құрал-сайман; (*football, rugby*) тойтарыс; ♦ *v* (*difficulty*) төзу; (*grapple with, challenge*) айқасу; (*football, rugby*) соққыны тойтару.
- tact** [tækt] *n* әдеп; әдептілік; ♦ *adj* ~**ful** ['tæktfʊl] әдепті; **she is very ~ful** ол өте әдепті; ~**less** ['tæktlɪs] әдепсіз; ♦ *adv* ~**fully** ['tæktfəli] әдеппен; ~**lessly** ['tæktlɪslɪ] әдепсіз түрде.
- tactic** ['tæktɪks] *n* (**tactics**) тактика; ♦ *adj* ~**al** ['tæktɪkl] (*also MIL*) тактикалық; ~**al error** тактикалық қате; ♦ *n* ~**ian** [tæk'tɪʃən] тактик.
- tadpole** ['tædpəʊl] *n* ит балық.
- taffy** ['tæfi] *n* (*US*) (*toffee*) ирис; жұмсақ кәмпит.
- tag** [tæg] *n* (*label*) этикетка; **price ~** бағасы жазылған заттаңба; **name ~** бирка; ~ **along** артынан еру.
- Tahiti** [ta:'hi:ti] *n* Таити.
- tail** [teɪl] *n* (*of animal, plane*) құйрық; (*of shirt*) етек; ♦ *v* (*follow*) артынан аңду; **to turn ~** тұра қашу; ~ **away** (*voice, wind*) бәсеңдеу; ~ **coat** фрак; ~ **end** соңы; ~**s** (*formal suit*) фрак.
- tailback** ['teɪlbæk] *n* (*BRIT*) (*AUT*) машиналардың кептеліп жүруі немесе өте баяу жылжуы.
- tailgate** ['teɪlgeɪt] *n* (*AUT*) артқы есік.
- taillight** ['teɪllaɪt] *n* (*US*) (*AUT*) артқы фара.
- tailor** ['teɪlə] *n* тігінші; ♦ *v* бейімдеу; ~**s shop** тігінші шеберханасы; ♦ *n* ~**ing** ['teɪləɪŋ] (*cut*) пішім; (*craft*) тігіншілік.
- tailor-made** ['teɪləmeɪd] *adj* (*suit*) тапсырыспен тігілген; (*fig*) **she is ~ for the job** бұл жұмыс дәл соған арналғандай.
- tailwind** ['teɪlwɪnd] *n* арттан соққан жел; ыңғайлас соққан жел.
- taint** [teɪnt] *v* (*meat, food*) бұзу; (*fig*) былғау; дақ түсіру; ♦ *adj* ~**ed** ['teɪntɪd] (*food*) бұзылған; (*air, water*) лас-танған.
- Taiwan** ['tai'wa:n] *n* Тайвань.
- Tajik** ['ta:dʒɪk] *n* тәжік; ♦ *adj* ~**i** [ta:'dʒɪki] тәжікстандық; ♦ *n* ~**istan** [ta:'dʒɪki'sta:n] Тәжікстан.
- take** [teɪk] (*pt took*) (*pp taken*) *v* алу; (*photo*) түсіру; (*measures, shower, decision, drug*) қабылдау; (*notes*) жасау; (*grab*) (*sb's arm*) ұстап алу;

(*require*) (*courage, time*) қажет ету; (*pain*) шыдау; (*hold*) (*passengers*) сыйғызу; (*person, thing*) (*on foot, by transport*) апару; (*exam*) тапсыру; (*conduct*) (*meeting*) жүргізу; (*fire*) лаулап жану; (*dye*) сіну; (*plant, injection*) тамырлану; ♦ *n* (*cinema*) дубль; **to ~ sth from** (*drawer*) бір жерден алып шығу; (*steal from*) (*person*) біреуден ұрлап алу; **I ~ it that** менің түсінуімше; **to ~ sb's hand** біреудің қолынан алу; **to ~ for a walk** (*child, dog*) серуенге алып шығу; **to be ~n ill** ауырып қалу; **to ~ it upon oneself to do** кірісу; **~ the first (street) on the left** бірінші бұрылыс солға; **to ~ Russian at university** университетте орыс тілін оқу; **it won't ~ long** бұл көп уақыт алмайды; **I was quite ~n with her** (*attracted*) ол маған қатты ұнады; **~ after** (*resemble*) ұқсау, тарту; **~ apart** бөлшектеу; **~ away** (*remove*) алып тастау; (*carry off*) алып кету; (*MATH*) алу; **to ~ from** тартып алу; **~ back** (*return*) (*thing*) кері қайтару; (*person*) кері апарып тастау; (*one's words*) қайтарып алу; **~ down** (*building*) бұзу; (*scaffolding*) бөлшектеу; (*picture*) түсіру; (*write down*) (*letter*) жазып алу; **~ in** (*deceive*) алдау; (*understand*) қабылдау; (*include*) енгізу; (*lodger, orphan*) алу; (*dress, waistband*) тарылтып тігу; **~ off** (*AVIAT*) самғау; (*go away*) ұшып кету; (*remove*) шешу; (*imitate*) еліктеу; **~ on** (*work, employee*) жұмысқа алу; (*opponent*) күш сынасу; **~ out** (*invite*) шақыру; шақырып алу; (*remove*) алып шығу; (*licence*) жөндеу; жасау; **don't t ~ it out on me!** өшіңді менен алмасаңшы!; **~ over** (*business, country*) басшылықты қабылдау; **to ~ over from sb** біреудің орнына келу; **~ to fus** (*activity*) әуестену; ай-

налысу; (*form habit of*): **to ~ to doing** әуестену; **she ~ to him at once** ол оған бірден ұнады; **~ up** (*hobby, sport, job*) айналысу; (*idea, suggestion, story*) іліп әкету; (*time, space*) алу; (*garment*) көмкеріп тігу; **to ~ up with sb** біреумен қосылу; **to ~ up sb on sth** (*offer, suggestion*) пайдалану; **I'll ~ up you on that!** айтқан сөзіңізде тұратын болыңыз!; ♦ *n* **~(e)ings** ['teikɪŋz] (*COMM*) түсім.

takeaway ['teikəwei] *n* (*BRIT*) өзімен бірге алып кететін ыстық тамақ сатылатын дүкен немесе мейрамхана; (*food*) өзімен бірге алып кететін тағам.

take-home ['teik həʊm] *n* үйге әкелетін; **~ pay** таза табыс.

takeoff ['teikɔf] *n* (*AVIAT*) ұшу.

takeover ['teikəʊvə] *n* (*COMM*) құрамына кіргізу; (*of country*) билікті тартып алу; **~ bid** (*COMM*) құрамына кіргізу талпынысы.

talc [tælk] *n* тальк (*медицинада және техникада қолданылатын ақ минерал ұлпасы*).

tale [teɪl] *n* (*story, account*) әңгіме; аңыз; **to tell ~s** (*fig*) (*to teacher, parents*) өсектеу; шағымдану.

talent ['tælnt] *n* дарын; **~ scout** (*THE-AT, sport*) жас дарындарды іздеумен айналысатын адам; ♦ *adj* **~ed** ['tæləntɪd] (*person, actor*) дарынды.

talisman ['tælɪzmən] *n* тұмар.

talk [tɔ:k] *n* (*a prepared speech*) баяндама; (*conversation, interview*) әңгіме; (*gossip*) өсек; **to give a ~** баяндама жасау; ♦ *v* (*speak*) сөйлеу; **to ~ about** туралы сөйлеу; **~ing of films, have you seen?** фильмдер демекші, сіз көрдіңіз бе?; **~ing point** сөйлесу тақырыбы; **to give sb a good ~ing-to** біреуге қатты ұрсу; **~ show** (*TV, radio*) ток-шоу; **to ~ sb into doing** біреу-

- ді көндіру; **to ~ sb out of sth** біреуді бір істен айныту; **to ~ shop** іс жайында сөз қозғау; **~ over (problem)** барлығын анықтап алу; **~s (POL)** келіссөздер; ♦ *n* **~er** ['tɔ:kə] шешен; (*pej*) мылжың; **he is a fast ~er** оның тілі шебер; ♦ *adj* **~ative** ['tɔ:kətɪv] (*person*) сөзуар.
- tall** [tɔ:l] *adj* ұзын; **he is 6 feet ~** оның бойы - 6 фут; **how ~ are you?** сіздің бойыңыз қанша?; **~ story** өтірік әңгіме; ♦ *n* **~ness** [tɔ:lɪnɪs] биіктік.
- tallboy** [tɔ:lboɪ] *n* (*BRIT*) биік комод.
- Tallin(n)** [tælm] *n* Таллин.
- tally** [tæli] *n* (*of marks, amounts of money*) есеп; **to keep a ~ of sth** бірдененің есебін жүргізу; ♦ *v* (*figures, stories*) үйлесу.
- talon** ['tælən] *n* (*of eagle, owl*) тырнақ.
- tambourine** [tæmbə'ri:n] *n* (*MUS*) тамбурин (*барабанның бір түрі*); дабыл.
- tame** [teɪm] *adj* (*animal, bird*) қолға үйретілген; (*fig*) (*story, style*) баяу.
- tamper** ['tæmpə] *v*: **to ~ with sth** бірденені өзгертуге тырысу.
- tampon** ['tæmpən] *n* тығын.
- tan** [tæn] *n* күнге күйу; күнқактылық; ♦ *v* (*person, skin*) күнге күйу; **to get a ~** денесін күнге күйдіру; ♦ *adj* (*colour*) күрең; **~ned** [tænd] күнге күйген.
- tandem** ['tændəm] *n* (*cycle*) тандем; **in ~ (together)** бірігіп; бірге.
- tandoori** [tæn'duəri] *n* *et pen шелпекті саз пеште дайындаудың үнділік тәсілі.*
- tang** [tæŋ] *n* қатты иіс.
- tangent** ['tændʒənt] *n* (*MATH*) жанама; **to go off at a ~ (fig)** ауытқып кету.
- tangerine** [tændʒə'ri:n] *n* (*fruit*) мандарин; (*colour*) қызғылт сары.
- tangible** ['tændʒəbl] *adj* (*proof, benefits*) елеулі; **~ assets** материалдық активтер.
- tangle** ['tæŋgl] *n* былық; **to get in/to a ~** шырмалып қалу; (*fig*) шатысып қалу.
- tango** ['tæŋgəu] *n* танго.
- tank** [tæŋk] *n* (*water tank*) бак; (*large*) цистерна; (*PHOT*) ванна; (*for fish*) аквариум; (*MIL*) танк; **~er** ['tæŋkə] (*ship*) танкер; (*truck, rail*) цистерна.
- tankard** ['tæŋkəd] *n* (*for beer*) сапты-аяк.
- tannin** ['tænin] *n* (*MED*) танин.
- tanning** ['tæniŋ] *n* (*of leather*) илеу.
- tantalizing** ['tæntəlaɪzɪŋ] *adj* (*smell, possibility*) еліктіргіш.
- tantamount** ['tæntəmaʊnt] *adj* тең, күшті.
- tantrum** ['tæntɾəm] *n* ашу; **to throw a ~** ашуы ұстау.
- Tanzania** [tænzə'niə] *n* Танзания; ♦ *adj* **~n** [tænzə'niən] танзаниялық.
- tap** [tæp] *n* кран; (*gentle blow*) тарсыл; ♦ *v* (*hit gently*) қағу; (*resources*) пайдалану; (*telephone, conversation*) жасырын тыңдау; **to be on ~ (fig)** (*resources*) қолында болу; (*beer*) бөліп құю.
- tap-dancing** ['tæpda:nsɪŋ] *n* чечётка биі.
- tape** [teɪp] *n* таспа; **magnetic ~** магнит таспасы; (*cassette*) кассета; (*sticky tape*) жабысқақ таспа; (*for tying*) лента; ♦ *v* (*record*) жазып алу; (*stick with tape*) жабысқақ таспамен жабыстыру; **on ~ (song)** кассетада; **~ deck** кассеталық магнитофон; **~ measure** сантиметр; **~ recorder** магнитофон; **~ recording** магнитофонға жазу.
- taper** ['teɪpə] *n* (*candle*) жіңішке балауыз шам; ♦ *v* (*narrow*) тарылу; ♦ *adj* **~ed** ['teɪpəd] (*skirt*) тарылған; **~ing** ['teɪpərɪŋ] (*fingers*) жіңішке.
- tapestry** ['tæpɪstri] *n* (*object*) түскілем; (*art*) түскілем тоқу өнері.

- tapeworm** ['teɪpwə:m] *n* таспа құрт.
- tapioca** [tæpɪ'əukə] *n* (*CULIN*) тапиока.
- tappet** ['tæpɪt] *n* (*AUT*) клапанды итергіш.
- tar** [ta:] *n* қарамай; **low/middle ~ cigarettes** құрамында никотин деңгейі орташа/төмен темекі.
- tarantula** [tə ræntjələ] *n* бүйі.
- tardy** ['ta:di] *adj* (*reply*) кешіккен; артта қалған; кейін қалған (*development*).
- target** ['ta:ɡɪt] *n* мақсат; **to be on ~ (project)** жоспарға сәйкес жүру; ~ **audience** әліуетті клиенттер; ~ **market** мақсатты нарық; ~ **practice** жаттықпа ату.
- tariff** ['tærɪf] *n* (*tax on goods*) тариф; (*BRIT*) (*in hotels, restaurants*) преискурант (*сатылатын нәрселердің аты, бағасы көрсетілген тізім*); ~ **barrier** (*COMM*) тарифтік тосқауыл.
- tarmac** ['ta:mæk] *n* (*BRIT*) (*on road*) асфальт; (*AVIAT*) ұшу алаңы; (*runway*) ұшып көтерілу жолы; ♦ *v* (*BRIT*) (*road, drive*) асфальттау.
- tarn** [ta:n] *n* таулар арасындағы шағын көл.
- tarnish** ['ta:nɪʃ] *v* (*silver, brass*) күңгіртқылу; (*fig*) (*reputation*) кір келтіру.
- tarot** ['tærəu] *adj* балгерлік; ~ **cards** балгерлік карта.
- tarpaulin** [ta: pə:lɪn] *n* кенеп.
- tarragon** ['tærəɡən] *n* (*herb*) эстрагон.
- tart** [ta:t] *n* (*CULIN*) (*large*) бәліш; (*small*) тәтті; ♦ *adj* (*flavour*) ащы; ~ **up** (*BRIT*) (*inf*) (*object*) әдемілеу; **to ~ oneself** сәндену; (*pej*) баттастырып бояну; сәнденіп алу.
- tartan** ['ta:tn] *n* шотландка (*mata*); ♦ *adj* (*rug, scarf*) торлы.
- tartar** ['ta:tə] *n* (*on teeth*) тістегі тастар; (*pej*) (*person*) мінезі жаман әйел; ~ **sauce** пияз және каперс қосылған тұздық.
- Tashkent** [tæʃ'kent] *n* Ташкент.
- task** [ta:sk] *n* тапсырма; **to take sb to ~** біреуді сөгү; ~ **force** (*MIL, police*) оперативті топ.
- taskmaster** ['ta:skma:stə] *n* бақылаушы; қадағалаушы; **he's a hard ~** ол жұмыстың орындалуын қатаң қадағалайды.
- Tasmania** [tæz'meɪniə] *n* Тасмания.
- tassel** ['tæsl] *n* шашак; ~**s** шок шашак.
- taste** [teɪst] *n* дәм; (*sample*) сынама; (*fig*) (*glimpse, idea*) түсінік; ұғым; ♦ *v* дәмін тату **what does the fish ~ like?** балықтың дәмі қандай?; **you can ~ the garlic (in the dish)** (тағамда) сарымсақ дәмі сезіледі; **to have a ~ of sth** дәмін тату; **to have a ~ for sth** талғамы жоғары болу; **in good/bad taste** жақсы/нашар талғаммен; ~ **bud** (*ANAT*) дәм сезу төбешігі; ♦ *adj* ~**ful** ['teɪstfʊl] (*furnishings*) әдемі; ~**less** ['teɪstlɪs] дәмсіз; ~(**e**)**y** ['teɪsti] (*food*) дәмді; ♦ *adv* ~**fully** ['teɪstfəli] (*decorated, furnished*) талғаммен.
- tatter** ['tætəz] *n* (*clothes*) ескі-құсқы; ♦ *adj* ~**ed** ['tætəd] (*clothes, paper*) жыртылған; (*fig*) (*hopes*) үзілген.
- tattoo** [tə'tu:] *n* (*on skin*) татуировка; (*spectacle*) әскери көрме; ♦ *v* (*name, design*) татуировка жасау.
- tatty** ['tæti] *adj* (*BRIT*) (*inf*) тозығы жеткен.
- taunt** [tə:nt] *n* келемеж; мазақ; ♦ *v* (*person*) келемеждеу.
- Taurus** ['tɔ:rəs] *n* (*zodiac*) Торпақ (жұлдызнама); **he is ~** ол - Торпақ.
- taut** [tə:t] *adj* (*thread*) серіппелі; (*skin*) шымыр.
- tavern** ['tævən] *n* (*old*) таверна.
- tawdry** ['tɔ:drɪ] *adj* (*jewellery*) бояма; жасанды.
- tawny** ['tɔ:nɪ] *adj* сарғыш қоңыр; ~ **owl** жапалақ түрі.

tax [tæks] *n* салық; ♦ *v* (*earnings, goods*) салық салу; (*fig*) (*memory, patience*) сынау; **before** ~ салықты есептегенде; **after** ~ салықты есептегенде; **free of** ~ салық салынбайтын; ~ **avoidance** салық саясатын оңтайландыру; ~ **collector** салық жинаушы; ~ **disc** (*BRIT*) (*AUT*) *машинаның әйнегіне жабыстырылып қоятын жол салығын төлеу жөніндегі куәлік*; ~ **evasion** салықтан жалтару; ~ **exemption** салықтан босату; ~ **exile** *төлейтін салық көлемін барынша азайту мақсатында шетелде тұратын табысы жоғары адам*; ~ **haven** салықтық баспана (*салығы төмен ел*); ~ **inspector** (*BRIT*) салық инспекторы; ~ **rebate** салық қайтарымы; ~ **relief** салықтық жеңілдік; ~ **return** салықтан келетін түсім; (*form*) салықтық декларация; ~ **shelter** салық қорғанышы (*құнды қағаздарға салымдар жасау арқылы*); ~ **year** салық жылы; ♦ *adj* ~**able** ['tæksəbl] (*income*) салық салынатын; ~**able allowance** салық шегерімі; ♦ *n* ~**ation** [tæk seɪʃən] (*system*) салық салу; (*money paid*) салық көлемі.

tax-free ['tæksfri:] *adj* (*goods, services*) салық салынбайтын.

